

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЖЕТЫСУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. И.ЖАНСУГУРОВА

«ІЛИЯС МҰРАСЫ ЖӘНЕ АЛАШТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

2 наурыз

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
«НАСЛЕДИЕ ИЛЬЯСА И ВОПРОСЫ АЛАШОВЕДЕНИЯ»

2 марта

Талдықорған, 2018



УДК 821.512.122.0

ББК 833 (5 каз)

Ч47

Редакция алқасы: Қ.Баймырзаев (бас редактор), Л.Еркінбаева (бас редактордың орынбасары) А.Бахтаулова, А.Толамисов, М.Имангазинов, С.Қожағұлов, Г.Сырлыбаева.

Ч47 **Ілияс мұрасы және алаштану мәселелері:** республикалық ғылыми-тәжірибелік студент жастар конференциясының материалдары. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2018. – 167 б.

ISBN 978-601-216-434-3

Жинақ материалдары білім беру мен ғылым саласында инновациялық зерттеу жұмыстарымен айналысатын ғалымдарға, докторанттарға және магистранттарға арналған.

ISBN 978-601-216-434-3

УДК 821.512.122.0

ББК 833 (5 каз)

**І. Жансүгіров атындағы Жетісу
мемлекеттік университетінің ректоры,
география ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық
ғылым академиясының құрметті академигі
Қ.М. Баймырзаевтың**

АЛҒЫ СӨЗІ

**Құрметті қонақтар, ұстаздар мен студент жастар, Ілияс атамыздың атындағы
Жетісу мемлекеттік университетінде дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан
республикалық «Ілияс әлемі» фестиваліне қош келдіңіздер!
Қадамдарыңызға гүл бітсін!**

Биылғы жылғы фестиваль І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлиндердің өмірден өткеніне 80 жыл толуына орай еске алу, қазақтың дүлдүл қаламгерлерінің мол мұраларын зерттеу мен зерделеудің жаңа бағыт-бағдарын айқындау, талантқа тағзым ету мақсатында өткізіліп отыр.

Мәңгілік елдің мұратына айналар ұлттық мәдени құндылықтарымызды, Егеменді еліміздің ертеңі үшін маңызды бабалар мұрасын, көздің қарашығындай сақтау, бағалау, зерттеу – ортақ мүддеміз, перзенттік парызымыз. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің алтын қорына қосылған құнды мұраның бірі - Ілияс Жансүгіров мұрасы. Ілияс ақынның ұрпағына аманат еткен рухани мұрасы - замана шындығын өнер көрігінде шыңдаған шымыр поэзиясы, кең ауқымды эпикалық поэма - дастандары мен проза және драматургия жанрындағы туындылары.

Ақын поэзиясының идеялық өзегінен тарих қойнауларында тұнған тәуелсіз ел тағдыры, ұлт мұраты, бодандық кезеңнің бет-бейнесі де айқын көрінеді. Ілиястың қазақ елінің көмескі сүрлеуінен, нақты тарихынан сыр шертетін, халықтың басынан өткен толып жатқан әлеуметтік теңсіздікті, қоғамдық қайшылықтарды көрсететін шығармалары - қазақ халқының рухани мәдениетінің бір саласы, өткен өмір шежіресі, ХХ ғасырдың басындағы аласапыран жылдар хикаясының деректі белгісі.

Халық поэзиясының, ұлттық өнердің аса мәнді өміршең саласы, көркем ойымыз бен әдеби дәстүріміздің ғасырлық даму жолдарын айқындайтын көне өрнегі, туған тіліміздің сөздік қорының бай қазынасы да, әлемдік әдебиетке қазақ халқының қосқан мол үлесі де – суреткерлік өнерде. Төл поэзиямыздың сапалық жағынан өсуінде өзіндік ізін қалдырған Абай, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Сәкен тәрізді санлақ жүйріктердің шоғырында Ілияс есімінің шоқтығы биік тұруы заңды.

Ілияс Жансүгіров – қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. Әсіресе ол өзінің аса қуатты суреткерлік талантын поэзия жанрында көрсетіп, күллі қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар берді.

Қазақтың Абайдан кейінгі замандағы аса дарынды да арынды ақыны Ілияс Жансүгіровті, әдетте, өзі шалқар шабыт, керемет құштарлықпен көсіле жырлаған Ақан серінің Құлагеріне ұқсастырады. Айтты-айтпады, екеуінің дүлдүлдігінде ғана емес, тағдыр-талайында, қайғылы өлімдерінде де ұқсастық бар. Кемеліне келіп, ақындық бәйгесінде арындап алға шыққан шағында Ілияс та тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Әйтсе де, әмбебап дарын айналасы 10 жылда проза мен драматургияда, әсіресе поэзияда әдебиетіміздің алтын қорына жататын айтулы туындылар беріп, артына аса мол көркем мұра қалдырды.

Ақынның терең идеялы, көркем мүсінді, эпикалық кең тынысты шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні зор. Олар қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді, эстетикалық ләззат беріп, гуманистік адамгершілік идеяларды толғайды.

Халқымыздың құт-береке дарыған, ежелден ақындық, батырлық, даналық мекені Жетісу өлкесінің перзенті Ілияс көкірегіне жас күнінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір асыл нұсқалары ұялаған.

Жастық қиял, арман толқулары, ауыл көріністері, табиғат суреттері оның жүрегін қозғап, тіліне ұйқасты сөздер оралып, өлең шығара бастайды.

Дауылды жылдардың тартысты тіршілігі Ілиясты өз толқынына тартады. Қазақ ағарту институтында, Жетісу облысының Қосшы комитетінде губерниялық оқу бөлімінде, «Тілші» газеті редакциясында қызмет істеу, экспедицияға шығып фольклор үгілерін жинау кешегі ауыл жігітін ширатып шыңдайды. Жас азаматтың қызметтен өзге уақыты түгелдей кітап, газет-журнал оқуға, өз көкірегіндегі сырларды қағазға түсіруге жұмсалады. Поэзия, проза, драматургия, сын, аударма салаларында жиырмадан астам кітап шығарып, артына аса бай әдеби мұра қалдырды. Оның эпикалық шығармалары, «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмалары, «Жолдастар» романы, «Кек», «Турксиб», «Исатай-Махамбет» пьесалары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған жауһар туындылар. Он жылдың ішінде осынша шығарма берген қалам қайраты, талант табандылығы ғажап.

Ілияс Жансүгіров қазақ сөз өнерінің поэтикасын кемелдендірген, көріктендірген қайталанбас дарын иесі. Оның шығармалары қазақ әдебиетін ұдайы көркемдіктің шырқау шыңына бастай беретін мәңгілік үлгі-өнеге.

Бүгінде Жансүгіровтің еліміздегі аса көрнекті жазушыларының қатарына қосылатынына, қазақ көркем сөз өнерінің асқан шеберлерінің бірі екеніне ешкім де шүбә келтіре алмайды. Ақын жырларын халық қастерлеп, жастайынан жаттап өсуде.

Ілияс Жансүгірұлының ұлтымыз өміріндегі орны орасан, қазақ әдебиетіндегі әлемі айрықша. Ол – қазақ жырының Құлагері. Ол – туған әдебиетіміздің Гималайы, Жетісудың табиғатын сөзбен суреттеп берген жыр бұлбұлы. Иә, ол қазақ әдебиетіндегі қайталанбас, қала берді әлем әдебиетіндегі сирек, дара құбылыс.

Елбасы мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасы, отаншылдық пен патриотизмге тәрбиелеудің ең басты темірқазығы. Себебі, «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі». «Айналайын Ата мекен, Бақ мекен – кең байтақ Қазақ жері қазыналы байлықпен қатар, рухани құндылықтар мен киелі жерлерге де шүлен мекен. Атыраудан - Алтайға Арқадан - Алатауға дейінгі байтақ даламыздың бір ғана бөлшегі «...Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып...» туған өлкеміздің тәу етер жерлері мен батыр бабаларымызбен, абыз, билеріміздің ақын-жазушыларымыздың, әнші сазгерлеріміздің рухын жаңғыртып, ізгілікті істі қолға алсақ «нұр үстіне нұр» болары кәміл.

УДК 35.2428

THE EFFECTIVENESS OF THE PUBLIC SECTOR ORGANIZATION AND PUBLIC SERVICE QUALITY THROUGH THE COMPETITIVENESS OF CIVIL SERVANTS

A. Baubekova, A. Boranbay, Zh. Tastanova

second-year Master's students at the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan

Currently many public sector organizations rely on competitiveness of their employees as a way of increasing their effectiveness in the provision of public services. As a result, the topic of competitiveness has been addressed with some regularity in the public management literature for the last years.

This article introduces a simple conceptual framework, which has been designed in the context of the human competitiveness. One-way of improving administration and consequently of developing a more favorable image of the civil services is promoting competitiveness among servants. We argue that the civil service system are open and the development of public servants competitiveness in the civil service could be the means for strengthening professional standards, public service quality, and effectiveness of public sector organizations.

To begin, we explain the aspects of competitiveness, with a particular focus on the professional competences of public servants. The following part of this article include discussing of the public service quality as a major factor for achieving long-term goals and effectiveness of public sector organizations. Finally, we conclude in-depth consideration of our conceptual framework.

Бұл мақалада адамның бәсекеге қабілеттілігі жөнінде қарапайым тұжырымдамалық негіз ұсынылған. Басқаруды жетілдірудің, сонымен қатар, мемлекеттік қызметтің беделді имиджін дамытудың бір жолы-мемлекеттік қызметшілер арасында бәсекеге қабілеттілікті арттыру болып табылады. Біз мемлекеттік қызмет жүйесі ашық, ал мемлекеттік қызметтегі қызметшілердің бәсекеге қабілеттілігі кәсіби стандарттарды бекіту, мемлекеттік қызметтердің сапасын және мемлекеттік сектордың ұйымдарының тиімділігін арттыру құралы бола алады деп тұжырымдаймыз.

В этой статье представлена простая концептуальная структура, разработанная в контексте конкурентоспособности человека. Одним из способов улучшения управления и, следовательно, развития более благоприятного имиджа государственной службы является повышение конкурентоспособности среди государственных служащих. Мы утверждаем, что система государственной службы открыта, а конкурентоспособность государственных служащих на государственной службе может быть средством укрепления профессиональных стандартов, качества государственных услуг и эффективности организаций государственного сектора.

Key words: *competitiveness, public sector organizations, civil servants, effectiveness, public service quality.*

Competition is the basis for the dynamic development of society. Initially it has the form of free competition of private producers in open markets and mainly the price mechanism for its implementation in domestic and foreign markets. At the same time, the concept of competition, which has been developing for three centuries, is changing dynamically.

The development of innovative processes in Kazakhstan is associated with the realization that human competitiveness is the main factor in the movement of processes and innovations. It is generally recognized that the only one factor in the effectiveness of a public sector organization is the competitiveness of public servants and the head of a state body. The reliance on the competitiveness of civil servants is the way to the success and effectiveness of the state body.

The competitiveness of the state body is made up of the competitiveness of individuals – heads of state bodies and subordinates, which is reflected in the President Nursultan Nazarbayev's

article “The Course towards Future: Modernization of Public Conscience” (17th of April, 2017) [1].

The era of “smart economy”, era of knowledge and high technologies has come. Time demands new standards, a new culture and a change in mentality. That is why in the Message of President, special attention is given to the issues of education, the training of qualified employees for the most promising sectors, and the support of scientific personnel.

Civil servants must be competitive, educated, committed to success and self-improvement. They must be active, healthy, proficient in languages, in order to effectively integrate into the international environment and there, successfully competing, to take the first positions.

An analysis of literary sources on the organization of human behavior has shown that the use of the term “competitiveness” in relation to a person as a subject of state activity is quite common. However, in most cases, the authors, using this term, do not disclose his vision of the essence, content, structure of the type of competitiveness in question. It means that authors who analyze the definition of competitiveness in the labor market are far from unambiguous in their understanding. Often, the term “competitiveness of a manager” is used as a synonym for “competitiveness of an employee”, “competitiveness of staff”, “competitive labor potential”, “labor competitiveness”, “competitiveness of managerial and personnel capacities”, and “Competitiveness of the employee, specialist and manager”. Thus, the authors differently interpret the object of competitiveness in the labor market.

Analysis, used in the literature of the interpretations of human competitiveness, makes it possible to single out two schemes reflecting different points of view on the object of competitiveness in the civil service. Representatives of the first scheme consider labor force, labor potential, managerial potential, human capital [2, p. 22]. They consider competitiveness in the civil service as a specific type of commodity competitiveness, which is specified by the use value of the goods sold, its qualitative certainty. Thus, the representatives of the first scheme identify the competitiveness of the manager with the quality of the workforce (qualification, training profile, age, gender, etc.) and to determine the measure of competitive advantages in the civil service compare some integral characteristics for different competing labor forces.

However, the level of development of qualitative characteristics of civil servants, which allows them to “compete”, pretend to “quality”, “prestigious”, “good”, etc. jobs – is not competitiveness, but one of the indicators characterizing the functional quality of civil servants.

Secondly, the qualitative characteristics of civil servants are largely due to the needs and requirements of its carrier, and not formed to the extent that it is necessary for the functioning of the public authority. In connection with this, it is more legitimate to talk about the quality of labor, that is, the degree to which the characteristics of the labor activity of civil servants correspond to the requirements imposed on the quality of the work.

Thirdly, competitiveness in the civil service is conditioned not only by the qualitative characteristics of civil servants, but also by the conditions of hiring and labor. Factors determining the position of the commodity “labor force” in the civil service include: forms and types of employment, conditions of employment and labor conditions, labor quality, employee image, work discipline, corporate governance, labor behavior, training costs, transaction costs.

As the fundamental principle that determines the specifics and concrete-specific content of competitiveness in the civil service, representatives of the second scheme consider the mechanism of bringing the competitive advantages of labor (ability to work) into a functioning state.

Representatives of the second scheme believe that competitiveness in the civil service is result of the following:

- productive abilities of a person that most fully meet the requirements for the quality of work of a particular workplace;
- socio-economic and production-technical conditions, in which the most effective use of the abilities of a civil servant to this work;
- dynamic coordination of civil servants and employer needs, taking place not at the expense of the individual interests to the civil servant, and organizational goals;
- Minimization of total costs during the period of labor activity of a civil servant.

Thus, competitiveness in the civil service is tightly linked:

- with the labor force and largely reduces to its qualitative characteristics;
- with the participation of a person as its multifaceted subject and largely reduces to the characteristics of the functional quality of labor;
- with economic opportunities and limitations of the state body [3, p. 49].

Based on the second conceptual scheme, the competitiveness in the civil service is determined by the organizational and economic form of the labor. It makes the competitiveness obtain its specific name: “labor competitiveness”, “competitiveness of personnel”, “competitiveness of a civil servant”.

In our point of view, it is perfectly legitimate to single out these three concepts: the competitiveness of labor resources, the competitiveness of civil servants, the competitiveness of the head of a state body, since competitiveness is formed at different levels:

- the ego level (individual, at the level of an individual civil servant);
- the micro level (corporate, at the level of the public sector organization);
- the macro level (state, regional).

Competitiveness of the head of the public sector organization is the ability to individual achievements in labor, representing the contribution to the achievement of organizational goals. The competitiveness of the head of the public sector organization is determined by the quality of the labor force, corresponding to the needs of the public sector organization in the functional quality of labor.

The competitiveness of the head of the public sector organization is determined by the competitiveness of individual civil servants and their groups, and depends largely on the mechanism of the functioning of the human resource in the work process. In the process of formation and development of competitiveness of civil servants, the unity of economic and social processes manifests itself: the head of the state body is guided by the achievement of the goals, by increasing the competitiveness and efficiency of the state body, using the competitive advantages of civil servants. In response, civil servants are interested in increasing organizational competitiveness to the extent that they find it an opportunity to increase their individual competitiveness.

The consumer choice of civil servants is influenced by the wishes and preferences of state bodies, which are determined by the peculiarities of the personnel strategy, the objectives of the personnel policy. Their change entails a change or adjustment of individual criteria for assessing the satisfaction of the state body of their labor needs and requires timely changes in the structure and number of personnel, its skills and qualifications, style and management methods. Depending on the nature of the personnel strategy and the objectives of personnel policy, the following types of competitiveness can be distinguished:

- competitiveness in hiring;
- competitiveness in moving to a higher position;
- competitiveness in the enrollment of personnel in the reserve;
- competitiveness in stimulating labor;
- competitiveness in training;
- competitiveness on release.

Striving for labor success, a civil servant in conditions of competition must know the interests and behavior (taking into account the requests) of concrete public sector organizations, the motivating factors that guide the conclusion of an employment contract. In addition, since every state body has its own individual criterion for assessing the satisfaction of its demand for labor, competitiveness also acquires a pronounced individual shade, depending on the time of hiring and employment.

The central core of government’s challenge is a human resource issue. Civil servants must have strong substantive backgrounds, so they can understand the issues that bubble up from of the professional competence [4, p. 250], they must understand the direction that governmental policy requires. They must be adept negotiators. They must be good financial managers, for control of the money flow is typically the strongest control of programmatic result. They must be good auditors, to ensure that money ends up going where they intend. They must be able to evaluate the outcomes of these complex relationships among government.

These competencies, of course, are a long distance from the arguments, often ideological, that promote the spread of service quality. Public service quality is delivered within the public service by drawing on front-line employees and customer perceptions of service quality. Today government system captures customers' expectations of an excellent public service. In consequences, there are necessary to add to these expectations the knowledge relating to public service quality management.

Services unlike tangible products are produced and consumed at the same time in the presence of the customer and the service producer. The presence of the human element during the service delivery process greatly increases the probability of error on the part of employees and customers. This error is due to intangible behavioral processes that cannot be easily monitored or controlled [5, p. 73]. However, although a substantial amount of service quality research has focused on service customers' perceived service quality, relatively little attention has been paid to exploring the factors that impact on service employees' behavior with regard to delivering service quality.

Public sector services are responsible and accountable to citizens and communities as well as to its customers. Service provision is more complex in the public sector because it is not simply a matter of meeting expressed needs, but of finding out unexpressed needs, setting priorities, allocating resources and publicly justifying and accounting for what has been done. In addition, public sector employees are currently confronted with new professional challenges arising from the introduction of new principles and tools inspired by the shift to new public management.

In fact, the service quality shortfalls in the public service might be related to a number of constraints, such as inadequate internal systems to support and insufficient capacity for quality service delivery. Because of these constraints, current management systems are unable to perform the service at the level required by customers. Nevertheless, public management needs substantial improvement. In order to do so, there is a broad scope for possible positive changes. One of these, improvement of professional competencies in order to be competitive public servant who responsible to deliver qualitative service.

Public servants development has become one of the key aspects in improving employee performance in organizations [5, p. 99], thus leading to improved organizational performance and growth. There is a need for effective employee training and development systems and processes to achieve improved employee performance thus improved provision of basic services to the communities.

There has been enough said about the role of competitiveness in public sector organizations, moreover that it serves as a key to achieve long-term goals and effectiveness of these organizations. Prospective competitiveness of civil servants is associated with the growing demand for the quality of the workforce, due to strategic changes in economic, technical, organizational, socio-demographic and other conditions.

Therefore, civil servants in the conditions of modernization become the central figure of the social and economic life of society. These are civil servants whose activities are aimed at achieving organizational goals by fully realizing their advantages as a subject of economic and political life. The growth of competitiveness of civil servants entails contributing to the achievement of the main strategic goal of the state – prosperity and welfare of the people. The concluding part identifies that the competitiveness of public sector organizations should be systemic and cover all levels of state power. The success of the country's development and establishment in the new world depends on every person, and on every civil servant.

LITERATURE:

1. Nazarbayev, N. (2017) "The Course towards Future: Modernization of Public Conscience", article;
2. Sithnikova, S. (2001) "Career Management", book, Moscow: INFRA-M;
3. Kibanova, A. (2003) "Personnel management of the organization", book, Moscow: INFRA-M;
4. Osborne, Stephen P. (2010) "The new public governance: emerging perspectives on the theory and practice of public governance", book, University of Edinburgh, UK.
5. Brown, S., Gummesson, E., Edvardsson, B. (2005) "Service quality: Multidisciplinary and multinational perspectives", book, University of Karlstad, Sweden.

UDC 001.

ILIJAS ZHANSUGUROV'S CONTRIBUTION TO LITERATURE AND LINGUISTICS AND ITS INFLUENCE

R. Pak

*Master's degree student majored in Applied linguistics, Tianjin Normal University,
Tianjin, People's Republic of China.
parker-93@mail.ru*

Life and oeuvre of Ilijas Zhansugurov undoubtedly is a great example to young Kazakhs. His remarkable talent, hard work and love for the Motherland helped him to become one of the outstanding writers in history and, despite the difficulties and repressions, stay in the hearts of readers.

Жизнь и творчество Ильяса Жансугурова, несомненно, является ярким примером упорного труда, немеркнущего таланта и любви к Родине для современной молодежи, что и делает его одним из выдающихся писателей и поэтов в истории Казахстана, глубоко повлиявших сознание современников.

For 43 years of his life, Ilijas Zhansugurov managed to write dozens of literature works that became the classics of Kazakh literature. He worked in different genres, describing the life of Kazakhs in dramas and poems, even tried writing satiric novels and poetry, ridiculing individual Soviet figures that did not even have the slightest idea of the nomadic life of Kazakhs. But to understand more about the life of Ilijas, let us go back to his biography.

He was born on May 1, 1894 in the village number 4 of the Aksuiskaya volost of the Kapal district of the Semirechenskiy region. By the age of fifteen, the future poet graduated from Karaganda seven-year school. It was in those years in the adolescent that a love for literature wakes up, he tries to write lyric poems. Until 1920 he lived and grew up in the aul, grazing cattle and farming. At that time, he could not receive appropriate training, as schools were absent in their district. Due to his thirst for knowledge, he persevered in self-education and therefore could read and write in Kazakh. Loving the folk literature, he tried to master it and became a good narrator of some Kazakh epics and folk poems. And in 1916 he got acquainted with the works of Abai, Shangirai, Baytursunov, Bulatov, Karashev, Khudaiberdiev and read all the publications of "Olen Kitab" of Kazakh literature.

By the adult age Ilijas perfectly mastered Russian and advocated the translation of classical literature into the Kazakh language, he himself worked in this field and thanks to Zhansugurov, many works by legendary Russian poets and writers like Gorky, Mayakovsky and Lermontov became available in Kazakh, which gave a great chance to all the Kazakh people to be in touch with the Russian culture. Also Ilijas Zhansugurov translated Pushkin's "Eugene Onegin" into Kazakh world-famous novel.

In the works of Ilijas raised complicated topics and problems: the industrial revolution in Kazakhstan, which had its hard times and the infringement of the local people, the relations of the Russian and Kazakh people, the way of life and freedom of the Kazakhs, as well as relations in the family (which is very important for Kazakh people) and the pain of loss. His works harmoniously combine the old traditions of ancestors and the trends of a new era.

The most famous works of Ilijas are the poems "Kui" («Күй») and "Dala" («Дала»). Those works tell about the life of the Kazakhs and the special soul of the nomadic people. They include the poem "The Steppe", in the center of the plot of which is a complicated history of Kazakhstan. It is written in a lyrical style, combining the poetic form of "tolgau" and features of the new literature of that time. The story "Badyrak" tells the story of a farm laborer whose fate has changed just like the government in the country.

The poem "Kulager" («Құлагер») is the strongest work of Ilijas Zhansugurov where Ilijas told a lyrical story about the composer of the 19th century Akhan seri. "Kulager" is a story about the great

Kazakh singer Akhan-seri, a sad story about the death of his beloved horse Kulager, the poem is presented in verse form. Kulager was killed during the baiga(the horse competition) at the behest of an evil envious person, who understood that his trotter named Gray Hawk would never bypass the well-known throughout the steppe of the fiery steed Kulager.

The poem is opened by the heads of “Tolganu” and “Tugan zher”, where the author describes with great love the full splendor of Kokshetau's nature. Elegant, granite mountains, reminiscent of their sculptures fossilized people, animals, birds, the healing lake Burabai, the famous Okzhetspes, dense mysterious forests, vast steppes and green carpet meadows - all this presents the readers with a lively and vivid picture. The poem is also valuable in that it draws everyday sketches from the life of the nomadic Kazakhs. Masterfully conveyed the description of the competitions of wrestlers and horses. The depth of thought and rich imagination of the poet are combined with surprisingly beautiful literary Kazakh language, involuntarily you get aesthetic pleasure.

The cornerstone theme of the work is the theme of serving art, the fate of a creative person, an artist. The poet shows the defenselessness of art in a society where everyone decides wealth, money, mercantile interests, intrigues, self-interest. He talks about his main hero Akhan seri with great warmth and, using the power of an artistic word, paints his charming and harmonious image. Detecting the vices of feudal society, Ilyas Zhansugurov shows the struggle between Good and Evil. With his creation, he brings to the reader such an idea: a person is subject to everything, - to create and, unfortunately, to destroy. They destroy everything, as you know, human envy, cruelty, ignorance. In the poem, the hymn to Beauty, the beauty of the spiritual, sounds distinctly. Although the negative hero of the work Batyrash escaped punishment, the universal experience says: a man reaps what he sowed. Crossed the moral law of criminals doomed to oblivion and age-old shame, they branded Akhan-seri in the immortal song "Kulager."

This poem is one of the outstanding works of Kazakh literature, where the fate of the poet and singer Akhan echoes the fate of Ilyas Zhansugurov himself, as well as of a whole generation of Kazakh intellectuals who were subjected to repressions of the 1930s. This poem is also considered his “swan song”, the death cry of his soul, a warning for all future times. The poet used a strong literary language, so "Kulager" is a classic of the literature of Kazakhstan.

"Kulager" is an absolutely amazing creation, deeply national and at the same time universal. The poem still excites the reader, because every line is missed by the poet through the heart and soul. It is this that gives the product its significance and unfading value.

Ilyas Zhansugurov is also known as the author of the legendary works "Baishubar" and "Saganak", one of the pillars of Kazakhstan literature. Writing in different genres, Ilyas became a cultural architect of the first Soviet generation of Kazakhs which made a great deal for the whole nation. Biography of Ilyas Zhansugurov is an example for imitation for modern youth. From difficult childhood to tragic death, Ilyas always remained faithful to his people, Kazakh nation and faithful to the desire to improve their lives.

LITERATURE:

1. Ilyas Zhansugurov's biography history.edu.kz/zhansugurov/2018-02-12
2. Fatima Gabitova “Zhizn - legenda”, Nomad 26.10.2010
3. Zaituna Kdralina “Syn poeta - Kultura”, Literaturnyi prostor 2011

ӘОЖ 001.

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ – ПРОЗАИК

Ағзамбеков Ә., Оразалиева Т.Н.

«Білім» гуманитарлы-техникалық колледжі, Талдықорған қ,
tolganay_orazalieva@mail.ru

Бұл мақалада Ілияс Жансүгіровтің «Күң өлімі» қазақ әйелдерінің аянышты, жалшылық, күңдік өмірі туралы жазылғаны, сюжеттік және композициялық тұтастықты сақтағаны, тілі шұрайлы образдары дараланған шығармасының бірі десек, жаңсақ кетпеген болары айтылған.

Кілттік сөздер: кеңес үкіметі, әлемдік әдебиет, коммунизм кезі, ойлы авторлар.

В этой статье «Рабское убийство» Ильяса Жансугурова - это трагедия казахских женщин, рассказ об извращенце, оживленности, жизни горничной, сюжетной линии и композиционной целостности, а также один из самых замечательных произведений языка.

Ключевые слова: советское правительство, мировая литература, коммунизм, продуманные авторы.

Ілияс Жансүгіровтің алғашқы әңгімелері - «Күң өлімі», «Шешілмеген жұмбақ», Саудагердің тамашасы», «Мерген бөкен», «Ташкенттікке тарт»-1920 жыл мен 1928 жылдардың ортасында жазылды. Бұл еңбектерінің ішінде соғыс коммунизмі кезі, сол дәуірдегі қазақ елінің басынан кешкен жағдайлардың өзгешелігі бейнеленген. Солардың бір сыпырасы өзі көрген-білген белгілі дәрежеде өзі сүйетін, өзі ардақтайтын мазмұндар. Сонда да болса болашақ жазушы бірден жазушылық жолға түспейді. Әлі де байқап көрейінші дегендей өмірден де кітаптан да көп қазынаны ойға түйе береді.

«Білім мөлшерім, өмір соқпағым, шет жұрттың әдеби қазынасымен танысуға әлі де мүмкіндік бермей келеді.» деуіне қарағанда, әлі де болса өзіне қанағаттанбағандығын байқаймыз.

Дегенмен, Ілиястың сол тұста өзінің хал-қадірінше әлемдік әдебиеттен хабардар болған төмендегі деректер жокқа шығармайды.

Мәрзия Ильдарава –кеңес өкіметі тұсында түрлі қызметте болған, көз қарақты, білімді адам. Өз естелігінде Ілиясты 1918 жылы Ақсудың батысындағы Қайнар дейтін елдің мешітінде орыстың және батыстың атақты классиктерін оқып отырғанын көреді. Кейін сол кітаптардың бірқатарын аударып қазақша сөйлетеді.

Ол кітаптар XIX ғасырда жарық көрген озық ойлы авторлары Л.Н.Толстойдың «Семья», «Бақыт неде?», Салтыков–Щедринның он екі томдық жинағы, сол сияқты И.А. Гончаровтың, А.П. Чеховтың, И.С. Тургеневтің, К.С. Григоровичтың, М.А. Лесковтың, В.А. Жуковскийдің, А.К. Шиллер-Михайловтың, Ф.М. Достоевскийдің, В.Г.Белинскийдің т.б.ақын –жазушы, сыншылардың шығармалары болған. Сонымен қатар XIX ғасырдың аяғына дейін және XX ғасырдың алғашқы он жылы ішінде орыс тіліне аударылып үлгерген әлемдік әдебиет өкілдерінің де шығармалары көп кездескен. Мысалы, Г.Гейнениң алты томдық жинағы, сол сияқты Вальтер Скоттың он төрт томдық жинағы, М.Сервантестың «Дон-Кихоты», Фердаусидың «Сохрабтың тарихы», А.Доденнің повестері мен әңгімелері, бір ғана Жюль Вернның шығармаларынан жиырма төрт кітап болған.

Сөйтіп, мұсылман дінін уағыздауға арналған Қайнар құмындағы мешіт әлемдік әдебиеттің асыл қоймасы болып шыққан. Мұны судан сүзіп ішкен тума талант Ілияс әлемдік әдебиеттің түрлі әсем үлгілерін өз қолына ұстап, өнегесінен үйренген, еркінше оқып, еміне сусындаған.

Жетісудың жергілікті халықтарының ішінде ертеректе оқып, білім алған ұлт өкілдерінің бірі-Барлыбек Сыртанов. Ол өткен XIX ғасырдың соңғы жылдарында орысша оқуға шақырылап, Верный гимназиясын алтын медальмен, Санк-Петербург

университетінің араб тілі факультетінің күміс медальмен бітіріп, XX ғасырдың алғашқы онжылдығы ішінде Жетісу облыстық басқармасында тілмаш болып қызмет атқарған. 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының ықпалымен патша өкіметінің саясатына қарсы болып, жергілікті қазақ-қырғыз арасында саяси-ағартушылық жұмыстар жүргізгені үшін 1908-09 жылдары қызметінен қуылған. Сөйтіп, Ақсу ауданындағы Сүттіген ауылына көшіп келген Барлыбек Санк - Петербургте сатып алған әлемдік әдебиеттің алтын қорына 2000 кітапты елге артып ала келеді. 1909 жылдан өзі қайтыс болған 1914 жылдың аяғына дейін «Қарағаш» мектебінде оқып жүрген қазақ балаларына орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берсе керек. Өйткені, Барлыбектің баласы Сыртанов Кәке өзінің жазба естеліктерінде «мұғалім болып жүргенде Ілияс Жансүгіров Барлыбектің кітаптарын алып, сақтап жүретін» [5,65 б.] дейді. Ал сол жылдары Ілиястың «Қарағаш» мектебінен оқығаны белгілі.

Проза саласына дендеп кету, өндіріп жазуға жоғарыда айтылған жайлар мүмкіншіліктер берсе де, Ілияс поэзия «құшағынан» шыға алмай, қара сөзге біраз жыл жақындай қоймады. Әрине, бұдан да басқа түрлі себептер болған шығар, бірақ сол себептер ішінде академик Зейнолла Кабдоловтың «Сөз өнері» атты кітабында «Проза – қазақ әдебиетінде кешендеу туған, бірақ орасан шапшаң дамыған сала» [6,125 б.] десе, осы ойды қуаттайтын Әмен Әзиевтің «Қазақ повесі және осы жанрдың совет дәуірінде туу және қалыптасу кезеңдері атты» еңбегінде «Рас, қазақ прозасы 20 - жылдардың алғашқы жартысында бірден дамып кете алмады. Бұрынғысынша поэзия алғы шепте тұрды. Ұсақ новелла, әңгіме жанрларындағы шығармалар болмаса, повесть, роман сияқты көлемді туындылар әлі жазыла қойған жоқ еді» [7,65 б.] деген пікірінде ойланарлық жай жоқ емес.

Солай десек те, поэзия Ілиястың прозалық шығармаларына жаңа түр, форма, бейнелеу, суреттеу компоненттерін беріп, өмір фактілерін жай ғана әсерсіз, ажарсыз жазудан аулақ етуге жол салды.

Тағы бір себеп, сол тұста кәнігі әдебиетші дәрежесіне жете қоймаған, жазушылық қазынасының сыры түгел ашылмаған жас жазушы поэтикалық творчествосының әр түрлі барып барлау жасады, яғни іздену жолын басынан кешірді.

Жоғарыда аталған алғашқы әңгіме, повестерін және кейінгі жазылған ірілі-уақты прозалық шығармаларын Ілияс 1920 жылдары газет-журналдар бетіне шығара бастайды. Бұл әңгімелері көбіне-көп кедейліктің тауқыметін тартқан жалшылар. Сол қоғамда өмір сүрген әйелдердің басындағы ауыр хал, қазақ ауылындағы ескіліктің етек алған түрлі көріністерін бейнелеу, сынау, әшкерелеу тенденциясы шағын көлемді прозасының арқалы болып отырады.

Оның көрінісі алғашқы туындыларының бірі - «Күң өлімінен» айқын байқалады. Ол 1922 жылы жазылған. Бұл әңгімені қазақ әйелдерінің тұңғыш басылымы - «Жетісу әйелі» журналында жарияланған. Онда төңкеріске дейін күндікте жүрген Алқа атты әйелдің ауыр тұрмысы, қайғылы халі бейнеленген. Бұл әңгіменің шынайы, боямасыз болатын себебі, Ілияс Алқаны өз көзімен көріп, әңгімелескендігі туралы дерек бар /1965 жылғы «Жұлдыз» журналының №5 саны/

Алқа жайында былай деп жазады: «Алқа егде тартқан кісі еді, өңі сіріңке қара. Мінез орнында ерекше қуаныш минуты болмаса, қабағын ашып, ыржиып күлгін емес. Бөтен қатындардай не болса соны сөйлеп, өсек- аяңға үйір болмай, тиісті кезекте ғана сөйлейтін. /Бұл қасиеті жөнінде әңгімеде де талай айтып өтеді/ Егер бір сөйлесе тізбегін әдемілеп, ұзақ-ұзақ сөйлеп кетуші еді. Сөзінің көбі өз басының мұңы болатын. Мұның атының Алқа екенін үйі аралас кісі білмесе, сырт кісі «Сандыбайдың күңі» дейтін.

Алқа Сандыбайдың ауылы күзгі күзекке қонса, қора күзететін. Балаларын от басына орап алып, күзгі ұзақ сары таңда қара қиды қалап қойып, түйенің жабуын, қошқардың күйегін, қойшылардың шарығын сырып отырушы еді. Міне, бұл уақытта Алқа апайдың қасына отырып «әңгіме айт» деп жалынғанда, аузымыздың суын құртып, әдемілеп, тәтті - тәтті әңгімелерін ұзақ сөйлеп беретін» [5,32 б.] дейді.

Жазушының өмірінде кездескен әңгіменің майын тамызып, нақышына келтіріп айтатын адамдар аз болмаған. Ілияс сондай адамдардың талайының тындап та, сөйлетіп те көріп, әңгімелерінің желісінің қызықтысын, шұрайлысын өзінің көркем шығармасына айналдырып отыратын әдеті осы туындыда жақсы көрінген.

Ілияс бұл әңгімесін «ең алғашқы туындыларымның бірі» десе де, шығарма желісі ширақ, оқиға тартымды жазылған. Әдетте, жас қаламгердің алғашқы шығармаларының ішінде көптеген шикіліктері әр жерде көрініп тұрса, бұл әңгіменің бір ерекшелігі- бір бірімен астасып кететін ұтымды тартымды оқиғаларды сәтті пайдаланып оқырманды бірден баулап алады.

Әңгіме кейіпкері Алқаның бет-бейнесі, мінез ерекшелігін суреттей келе, оның «Сандыбайдың күні» екендігін бадырайта көрсетеді. Алқаның кейпін ағарту үшін күйеуі Қырықбайдың құл болып зорығып өлгенін, балалары Маржан мен Қасеннің әйтеуір өлмеген пенденің күйін кешіп жүргендігін сөз арасында баяндап қойып отырады. Сонда күң мен құлдың аянышты тағдыры көз алдына келіп, оның балаларының болашағы алаңдата бастайды. Өмір шындығының шынайы суреттері әрі қарайынтықтыра, шығарма шырайын әрлендіре түседі.

Әңгіме фабуласының түсінікті, әр қысқа-нұсқа болуына жазушы айрықша назар аударған. Мұнда А.П.Чеховтың әңгімені қысқа қайыру әсері де байқалынады. Әр оқиғамен суреттеуді аяқтай келе, бұл осымен бітті, келесі айтарымыз мынау еді деп, бөліп-бөліп бергенінен әрі қарай созбауым қажет, жалықтырып алуым мүмкін деген ой жазушының әр уақыт мазалай бергені сезіледі.

Соншалықты ұзақ уақыт аралығында орасан зор кеңістікті ала отырып, жазушыны ең алдымен ықшамдылық, мейлінше тұжырымды болу талаптарын көркемдік келісім,лаконизм заңдылықтарын ескерген. Талант күшін, дарын қуатын бейнелі образ, нақты сурет, картина арқылы көркем ой айтуға жұмсалған. «Сандыбайдың күні» Алқаның бүкіл ғұмырын жиып-теріп шағын көлемге сыйғызу қанша күрделі болса, штрихты суреттеумен бейне жасауға күш салғанын жазу машығынан аңғарылады.

Әңгіменің алғашқы бөлігінің Алқаның өмірін, күнделікті тіршілігін, бүлдіршін балаларын бейнелесе, екінші бөлігінде «Айлар өтті, жылдар өтті. Дүние дөңгелегі тоқтаусыз өзінің зырлауында. Жас өсіп, жарлы байып, кедей бай болып, бай кедей болып, тұрмыс жаңадан жаңаға айналып кетті...» [7,32 б.] деп, талай уақыт өтіп, Алқаның қартайып, балаларының бойжетіп, ер жетіп қалғанынан хабардар етеді.

Өмір логикасы өзгермейді. Күң күң болып қалуы керек. Оның ел қатарлы тіршілік жасауы, өзімен-өзі өмір сүріп кетуі күндікке жанаспайды. Ол сол Сандыбайдың есік алдында отымен кіріп, күлімен шығуы керек. Оның санасы соған әбден үйренген. Балалары да сол. Байдың айтқанынна шықпай орындау-олардың әке - шешесінен қалған әдет. Тіпті, Маржан - он үш жасында Сандыбайдың кіші тоқалының төркінінің жақыны

Жапар тазға Жоңқабайдың ұйғарымымен ұзатылып кете бара жатып «мен бармаймын» деген бір ауыз сөз айту қаперіне кірмейді. Күң Алқа да үнсіз, ер жетіп қалған Қасен де үнсіз. Сандыбайға қарсы сөз айтуға «сүйектеріне таңба» түсердей қорқады. Қызынан түскен қалың мал да Сандыбайдың көп малының арасына қосылып жұтылып кетеді.

Талай уақыт өтіп Алқа Маржанның сағынады, барғысы келсе де, қызының кеткен жағын, барған елін білмейтін, сұрап ал алмайтын сорлы маңдай күң. Анда-санда көзінің жасын сорғалатып от басында ғана сағынып жылайды. Кеткеннен кейін Маржанын көрген жоқ. Ешкімге де зияны жоқ, «...бөтен қатындардай не болса соны сөйлеп, өсек-аянға үйір болмай, тиісті кезекте ғана сөйлейтін», [7,32 б.] құдай алдында күнәсі болмасада, Алқаның өзінің көкірегінен шыққан баладан тірідей айырылғанын жазушы көңілге қонар детальдар арқылы өте шебер бейнелеп берген.

Көз шырағындай болған жалғыз ұлы Қасен қасында ғой дегеніңізбен, оған да кездейсоқтық тап болады.

«...Жасы азырақ кемірек болса да Жоңқабайдың нұсқауымен жазушының қаламы бір түртіп, жасын жеткізіп кеткен...Сандыбай да Жоңқабай да Алқа мен Қасенді алдап-сулап, бар

жақсылықты орнатып «бір айда» қайтып келесің», - деп, жыпылдап «көнбесеңде жазылдың, оны өшірмейді»[7,32 б.],-деп күң мен оның баласы қорқытып, алдап жасы толмаған жасты әскерге жөнелтеді.

Күң жылайды, күңіреніп зарын айтады, Қасеннің қарасы үзілгенше арттарынан қарап тұрып, қара жерді құшақтап «мен енді айырылдым» деп жылайды. Одан басқа не шара, қолынан не келмек? Міне, содан бері Қасенді көрген жоқ деп жазушы осы әңгіменің бөлігін аяқтайды.

Ия, Алқаның маңдайындағы соры екі елі. Қызынан айрылғаны аздай, енді жалғыз қуанышы Қасен азулы екі аяқты арландардың кесірінен көзден таса болмақ?

Жазушы оны әңгіменің келесі бөлімінде баяндамақшы, өміріндегі көрген қорлығы қожайындарының тегеурінді тізесі басына түскен ауыртпалығы жасы жетіп, сүйегі жасып, қайраты қайтып бұрынғыдай қызметке жарай алмай сүйретіліп жүруі жаныма батады. «Жасынан жылы төсек үй көрмеген Алқаның қайратты денесі ауруға шалдығып денсаулықтан айрылған ... нашарлаған ... сыңқылмен осы жылдың қысына қарсы дағдылы жер төсегіне ауыру халінде мұз денесін төсеген...» [7,32 б.] Жазушы Алқаның аянышты қалыңдаған үстіне қалыңдата түседі. Бұған өмірдегі реалистік жайды шынайы, көркем бейнелей отырып, Алқаның сүренсіз, күңгірт өмірін кей тұста натуралдық деңгейде көрсетеді.

Басына түскен ауыр түнектен арылуы мүмкін емес. Өйткені қасында жанашыры жоқ. Енді Сандыбайдың өзі де, қатын-баласы да Алқадан жиіркеніп, жақтырмайтын болған. Күн суық, аяз, аңырайған шошалада жалғыз өзі. Бұнда от жағылмайды. Бұған ешкім келмейді. Жиіркенеді. Шейін десе сусын жоқ. Жылынайын десе от жоқ. Боран үсті – үстіне уілдеп жанды үздіктіруде... Үстіне жамылғаны – Сандыбайдың үйінің тозған торлығы. Ыңырсып, ыңқылдап балаларын шақырғысы келеді. Бірақ оның дауысы боранның гу-гуіне араласып естілмейді. «Қасен!» деп қояды. Үн жоқ. Күрсінеді. «Жаным... Қасенім... Келдің бе?»-дейді. Көзі алайды. Еріндері тырысты. Күннің үлгісі келмейді. Қасеннің, Маржанын көріп бірақ жер жастанғысы келеді. Олар қайда, Алқа қайда? Сүйектеріне сіңген әдет халықтан шыға алмайды. Шешелері өлім аузында өздері белгісіз қайда жүргендері? Олардың да күні осылай бітер ме екен? Белгісіз? А-а-а-һ деді... Соңғы дем бітті алайған көзі ажарсыз тартып, жарықтың жіңішке жабығына қарап нұры үзілді»[7,32 б.] Міне, шығармада күң өлімі күндікіндей болуы керек деген шығар деген идея қаламгерде о баста болғанын жорамалдасақ, оны шегіне жеткізіп шынайы нанымды, көкем жаза білу қаншама күрделі /жас жазушыға/ болса да, жазушының бұл ойы іске асты деуімізге әбден болады.

Ілияс Жансүгіровтің «Күң өлімі» қазақ әйелдерінің аянышты, жалшылық, күндік өмірі туралы жазылған, сюжеттік және композициялық тұтастықты сақтаған, тілі шұрайлы образдары дараланған шығармасының бірі десек, жаңсақ кетпеген болар едік.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жансүгіров І. Мен қалай жаздым // Жаңа әдебиет 1931.№6.
2. Қожакеев Т. Көк сеңгірлер А.,1994.
3. Шөкенов К. Біздің Ілияс.А.,1969.
4. Әділбекова Л. Қазақ әдебиетінде І.Жансүгіров творчествосының зерттелуі. А.,1993.
5. Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары.А.,1959.
6. Дүйсенов М.І. І.Жансүгіров өмірі мен творчествосы.А.,1965.

ӘОЖ 001.

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ – ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ «ҚҰЛАГЕРІ»

Аманбаева А.С., Батырбекова І.Н., Сейсембай Г.А.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.
mira_2831@mail.ru

Ілияс Жансүгіров ақындығының арнасы кең ашылуына ықпал жасаған екінші бір күш – Абай поэзиясының дәстүрі. Сөйтіп, Ілияс Жансүгіров ақындық өнерін осы үлкен екі арнадан бастайды. Халық өмірін реалистікпен бейнелеген дарынды қалам иесінің әр жанрдағы туындыларының ішінде ерекше жарқырап тұрған оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады.

Кілттік сөздер: жаңа әдебиет, халық өмірі, идеялық шығармашылық, гуманистік-адамгершілік идея.

Другой силой, которая способствовала широкому открытию поэзии поэта Ильяса Жансугурова, была традиция поэзии Абая. Таким образом, Ильяс Жансугуров начинает свое поэтическое искусство этими двумя великими каналами. Его поэзия является одним из классических богатств национальной литературы, что особенно поражает среди всех жанров талантливого человека, изображающего жизнь людей.

Ключевые слова: новая литература, народная жизнь, идеологическое творчество, гуманистически – нравственная идея.

Қазақ жаңа әдебиетінің бастау қайнарында тұрған құдіретті талант иелерінің бәріне тән ортақ асыл қасиет – көп қырлылық, поэтикалық шеберлік. Бұл ерекшелікті ақын, драматург, прозаик Ілияс Жансүгіров шығармашылығынан да көруге болады. Халық өмірін реалистікпен бейнелеген дарынды қалам иесінің әр жанрдағы туындыларының ішінде ерекше жарқырап тұрған оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады. Қазақ публицистикасының қалыптасуына зор үлес қосқан, Қазақстан Жазушылар Одағын басқарып белсене қатысуы да қаламгердің азаматтық келбетін көрсетеді. Ақынның терең идеялық шығармаларының танымдық-тәрбиелік мәні зор, олар қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді, эстетикалық ләззат беріп, гуманистік-адамгершілік идеяларды толғайды. Ілиясты ақындық өнер жолында алғаш қанаттандырған құдіретті күш – халық әдебиетінің бай дәстүрі. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін халық поэзиясының мөлдірінен мол сусындап, творчестволық жолмен қажетіне жарата білген ақындардың бірі.

Ілияс Жансүгіров ақындығының арнасы кең ашылуына ықпал жасаған екінші бір күш – Абай поэзиясының дәстүрі. Сөйтіп, Ілияс Жансүгіров ақындық өнерін осы үлкен екі арнадан бастайды.

Ілияс Жансүгіров – лирик ақын. Туған табиғатқа, арқырай аққан Ақсуға, сайраған бұлбұлға, аспандағы құсқа әнін қосқан әншіге, халық тіршілігі, арнасына сыймай, сыртқа бұлқына лықсыған әлеуметтік оқиғаларға арналған жырлары ақынның шеберлігіне дәлел бола алды. Әйтсе де оның бойындағы ақындық қуаттың бұрқырап көрінуі 1916 жылы Абай поэзиясын оқып, дәстүрінен үлгі алғаннан кейін, ұлы ақынға еліктеуі, сол кезде туған өлең өрнектерінде екпін – ырғақ, ұйқастарын былай қойғанда, өзін қоршаған өмір мінін "Абайша көріп", "Абайша сынауға" талпынысынан аңғарылады.

Ұлттар достығын өлеңге арқау етуде Жансүгіров та көш соңында қалмаған. Достық пен ынтымақ – бейбітшілік елшісі, берекенің бастауы. Сондай тақырыпқа арналған "Жанартау", "Саясат қошқарлары", "Гималай" өлеңдері – халықаралық тақырыпты тербеген саяси, әлеуметтік астары терең жырлар. "Гималай" толғауы (1929) көркемдік қуаты көтерген идеялық жүгі жағынан Ілиястың ғана емес, күллі қазақ поэзиясының кезеңдік зор табысы, халықаралық тақырыпқа жазған шығармаларының шыңы. Ол көтерген тақырыбы жөнінен

саяси лирикаға жатқанымен, онда Илияс секілді тау перзенті, ұлы дарын иесі ғана сала алатын табиғат суреті мен лирикалық сезімдер тоғысып кеткен. Өлеңнің атынан кейін жақшада "Жаһангер жайлаған Шығыс" деген түсінік берілген. Гималай, әне, сол жаһангер, яғни империалистердің отары болып, аяғы астында тапталған бүкіл шығыстың жиынтық, символдық бейнесі ретінде алынған. Алдымен ерекше көзге түсетіні - өлеңнің құрылымдық жаңалығы мен асқан ақындық қуатпен көркем өрілгені. Әсіресе, осылардың ішінде "Гималайы" - диалог түрінде жазылған, үлкен ақындық күштің қуатынан туған дүние.

Гималай – көктің кіндігі,
Гималай – жердің түндігі.
Мұз туырлық, қар үзік,
Түрілмеген бір күні.
Ол құлаған құландай
Күшіген, қорқау, құмайдай
Жемтігіне жабысқан.

Ақынның "көктің кіндігіне", біресе "жердің түндігіне" балап, атын қолма – қол заттандырып, тауға көл – көсір мағына бергенінен метафораны көре аламыз. Ал, тәуелсіздік, бостандық ауасын аңсап, "күшіген, қорқау, құмайдай" деген теңеуден өзіне енді тап берген, алып күштің қозғалуынан образ жасап бейнелеп, Азия елдерінің отаршылдық езгісінен азат болатынына меңзеген [2, 221 б.].

Илияс Жансүгіровтың ендігі мына шумақ өлеңінде де:

Түлкі қыз қызыл алтай, кер марал қыз,
Ақ қоян, бозша байтал, ақша нар қыз.
Қымыздай балға ашытқан тәтті қызға,
Жігіттер, бәріңіз де сұқтанарсыз.

Мұндағы саңлақ ақынның шабыты тау өзеніндей тасыған тұста ауыстырулардағы алшақтық түгіл қарама – қарсылықтар да сымға тартқан күмістей сылдырап, керемет келісім табатын секілді: сұлу қыз алтын түлкіге не кер маралға балана ма, ақ қоянға не ақша нарға балана ма, әсіресе, тіпті, бозша байталға балана ма, бәрібір, біздің көз алдымызда жан тебіренер сұлу суреттер ғана тұтаса жайылып, Қыз Жібектің аңызға айналған көшіндей тізбектеліп өте береді. Бұл да- өлеңдегі ұлғайған метафораның әсері, құбылтудың күші.

Илияс Жансүгіровтың "Күйші" поэмасындағы:

Ұшырып жер бетінен жазыққа айдап,
Бұрқылдап бірде әлсіреп, бірде қайнап,
Құмайдай түлкі қуған құлдыраңдап,
Қырандай түлкі алатын көзі жайға
Бурадай кейде аузын қарш – қарш шайнап,
Ойнақтап, оқ жыландай андығайлап.

Тұлпардай жер тарпыған пысқырынып,
Жорғадай майда дауыс, кейде маймақ, — деген жолдардағы

«құмайдай», «қырандай», «бурадай», «оқ жыландай», «тұлпардай», «жорғадай» деген сөздер теңеу үлгісінде пайдаланылып, поэманың көркемдік шеберлігін көркем, айшық, орамды тілмен жеткізе білген [2, 223 б.].

Үй іші сап-сары ала, жапқан зері,
Ақкүміс, ауыр тұрман қын зергері. — деген жолдардағы,
және:

Көздері көрген көптің еткенде жалт,

Қан басты жерді – көкті қып-қызыл нарт, - деген «Күйші» поэмасынан алынған жолдарда «сап-сары», «қып-қызыл» сөздерінде эпитет өте жақсы қолданылған. Ақын жанының нәзік сезімталдығы, жанарының қырағылығы, құлағының дыбыс талдағыштығы, - соның бәрін айнытпай түсіріп, бейнелеп берген суреткерлігі таңдандырады.

Илиястың туған жері туралы айтыла қалса, алдымен "Ағынды менің Ақсуым" еске сап ете қалады.

Лиястың табиғатты суреттейтін туындыларының ішіндегі қазақ тілінің байлығы мен ғажайып бейнелеу қуатын, сұлу оралымдылығын шебер пайдаланған, ұлттық бояуы қанық та жарасымды ерекше шығармасы "Жетісу" суреттері". Ол жайында ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: "Мен Лиясты бұрында білуші ем, өлеңдерін де оқып жүретінмін. Бірақ оның шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным сол "Жетісу суреттері" өлеңін оқығаннан кейін", - дейді. Туған жердің ерекше көркем табиғатын ақын керемет шабытпен, ерекше сүйіспеншілікпен жырға қосады. Өзіне ғана тән ерекше белгі, көрінісімен кім көрінген байқай алмайтын немесе ойына кіріп-шықпайтын әлденеге ұқсастығымен сипатталады.

Осқырып теріс айналған Түптің суы
Сырт беріп, қос аяқтап тебетіндей,
Жыландай ирең аққан Иірсу да "
Білдірмей тау етегін сөгетіндей.
Лабасы төрде жатыр төс табандап,
Шоңқиып малды ауылдың төбетіндей...
Жайлаудың ортасында Түзкөл жатыр,
Жарқырап төбелтаздың төбесіндей,-
Немесе:

Баладай былдырлаған сақау самал
Қойнына әжесінің сенетіндей -[2, 216-217 б.]

"Жалпы сын", "Тау суреті", "Жетісуда су суреті", "Жетісу жәндігі", "Жер түгі" деп аталатын тараулардан тұратын бұл шығарма асқан шебердің қолынан шыққан, ғажайып картиналар сериясынан тұратын полотнодай әсер етеді. Қазақ халқының мыңдаған жылдар мекен еткен алтын ұя, құт мекені - Жетісудың асқар тау, ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмдары тұнып тұрған сурет қалпында көз алдымызға елестеп, жүректі тербейді. Тарбағатай, Алтай, Жоңғар, Алатау сілеміндегі белгілі-белгілі таулардан сөз суретіне түспеген бірде-бірі жоқ десе де болады. Тау кескінінен ақын бірде адам мінезін таныса, бірде тұрмыс суретін көреді. Кейде сұсты, қаһарлы, кейде күлкілі, сәулелі бейнелер туады. Дәл эпитет, оқыс теңеу, келісті метафора көз тұндырады.

Әйгілі Қарқара жайлауының суреті:
Қарқара қалың қазақ көбесіндей,
Албанның албырт, ерке енесіндей.
Қарағай қапталдағы, жыныс арша,
Қыдырлы малдың құтты енесіндей.
Текестің көкке өрлеген тік қиясы,
Сымпиып сол маңайдың төресіндей.
Мыңжылқы мыжырая жантайысқан
Өзгесі жүгініскен төрешідей.
Былжықай, Бесжырғалаң, Түптің төрі
Қатықтың жаланбаған тегешіндей.
Қарқара жарасымды жазық жайлау.
Үй-күлше, құрттың жайған өресіндей.

Ақынның ел тұрмысында ежелден пайдаланылып келе жатқан әр түрлі бұйымдардың түр-түсін асқан ақындық шеберлікпен айнытпай келтірген әрі көненің көзіндей жүрекке жылы етіп бейнелеген өлеңдерінің де қазақ поэзиясынан алатын орны бөлек. Монолог түрінде жазылған "Сабын", "Ұршық", "Саптыаяқ" сияқты өлеңдері - сондай туындылар. Төрт-ақ шумақтан тұратын "Саптыаяқ" өлеңі ұлы суретшінің натурадан салған картинасы тәрізді. Алдымен Саптыаяқтың сыртқы кескіні салынып, одан кейін түсін беретін бояуы жағылады. Сырт кескіні былайша сипатталады:

Қарынсау, кара тегештей,
Қара қоңыр саптыаяқ.
Дөңгелек қарын, кемештеу,
Ақжем ернеу, ақ қабақ. [1,384 б.]

Бұдан кейін саптыаяқтың тұрмыста қолданылуы, өмірдегі қажеттігін образды сурет арқылы көзге елестетіп, соңында ақын қарапайым ғана ыдысты – қазақ бағзыдан тұтынып келе жатқан саптыаяқты — бірнеше метафора арқылы жәдігерге, символға айналдырады:

Құс ұясын түзеді.

Тайымды ағам күзеді.

...Ел ешкісін қырқыпты

Егіндерін жыртыпты. [3,126 б.]

Осындағы жүрек шымырлататын сезім қандай ізгі десеңізші. Су диірмен, қақпан, домбыра, экскаватор, элеватор, трактор туралы өлеңдері аталған бұйымдардың тапқыр бейнеленуімен қызық.

I. Жансүгіров шығармашылығының жаңалығы – тың образдарды, ұлттық тілдің көркемдік қазынасын молайтатын, ұлттық бояуға табиғи, терең қанықтырылған, қапысыз суарылған образдылықты дүниеге әкелуінде, қазақ тілінің қазынасын еркін, табиғи пайдаланып, осы тілдің көркемдік көкжиегін кеңейтуінде, сөз жасау, образ жасау мүмкіндіктерін күштеусіз еркін, табиғи толықтыруында, молықтыруында [4, 33 б.].

Қорытындылайтын болсақ, Ілиястың кейінгі мол арналы, терең ағысты поэзиясындағы туырылып жатқан көркемдік кестелер, таудан түскен селдей жөңкілген ырғақтар, бедері тозып, бояуы кетпеген, алтын-күмістей сылдыраған сөз айшықтары, інжу-маржан, лағыл-ғауһарша жарқыраған теңеуі, метафора, эпитет байлығы, асыққа құйылған қорғасындай дәлдік, шапқан аттың, соққан желдің екпініндей жігерлі жыр, терме, толғаулар ғасырлар бойы халық таланттарының небір өрен жүйріктері жасаған асыл байлықтар қазынасынан, фольклордың мұхиттай мол да құнарлы қазынасынан келген болатын. Оның қаламынан туған классикалық поэзия үлгілері - әдебиет көшін белгілі бір белеске көтеріп тастаған кезеңді шығармалары, қазақ поэзиясының төрінен ойып тұрып орын алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы "Санат", 1997.
2. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. Астана, "Күлтегін" баспасы, 2002 -528 бет.
3. Қазақ әдебиеті. II бөлім: Оқулық –Астана: Фолиант, 2007. -284 бет.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 7 том Алматы. Қазақпарат., 2004 -426 б.

ӘОЖ 82.015:39

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАНЫҢ КЕЙІПКЕРГЕ ҚАТЫСЫ

Арсалан А.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
arsalan.aidana@mail.ru*

Мақалада шығармашылық тұлға және оның кейіпкерге қатысы мәселесі Асқар Алтай прозасы арқылы қарастырылады.

Кілттік сөздер: *Шығармашылық тұлға, проза, жазушы, кейіпкер.*

В данной статье рассматриваются особенности отображения творческий личности писателя Аскара Алтая и изображения героев его прозы.

Ключевые слова: *Творческая личность, проза, писатель, герой.*

Шығармашылық тұлға мәселесі әдебиет теориясы мен шығармашылық психологиясы пәндерінің және одан әлдеқайда ауқымды пәнаралық зерттеу аясының ортақ нысаны болып табылады. Суреткерге тән психология, жазушы лабораториясы сияқты қызғылықты мәселелердің маңыздылығы олардың көркем әдебиетке өзек болуынан байқалады. Осылайша, әдеби көркем өнер де өз тарапынан шығармашылық тұлғаның тылсым-құпия

қырларын ашуға үлес қосып, оны адамтану, дүниетану дәрежесінде зерделеуге ден қояды. Ал әдебиеттанушылық тұрғыда бұл мәселе туынды мәтінде шығармашылық тұлға көркем бейнесінің сомдалу ерекшелігін барлауға бағытталады. Осы ретте өзінің күрделі де бай мазмұнымен айрықша келетін өнер иесінің нанымды көркем мүсінін сөзбен сомдау қаламгерден мол шығармашылық тәжірибе, көркем шеберлікті қажет етеді.

Шығармашылық тұлға мен автордың ара қатысы, тұтас әдеби тұлғаның көрініс табуы қоғамдық-әлеуметтік қатынастар мен жазушы болмысының, оның дүниеге көзқарасымен, көркемдік шеберлігімен ұштасып жатады.

Шығармашылық тұлға туралы туындыларға талдау жасағанда әдетте негізге алынатын тұлғаның таланты өз ата-анасынан немесе нағашы жұртынан гендік тұрғыдан келген дүние екендігіне, сондайақ онан әрі өскен ортасы, тәрбиесінің ықпалына баса назар аударылып жатады. Осы тұрғыдан келгенде қазіргі кезеңдегі қазақ проза жанрының салмақты өкілі Асқар Алтайдың ата-тегінде тектіліктің бар екендігін мойындауымыз қажет.

Марқакөл өңірінде бес мыңнан, жеті мыңға дейін алалы жылқы біткен Шонжырбай бай – Асқар Алтайдың арғы атасы. Одан – Жылқышы, Жылқышыдан – Алпысбай, Алпысбайдан – Құмар – Құмардан – Асқар. Алпысбай атақты Шәкәрімнің ұлы Зиятпен дос болған. Шығыс Түркістан Республикасы басшыларының бірі Сәліспен Семейде бірге оқыған. Арғы бетте генерал Мажунин дүнген көтерілісіне басшылық еткенде, оған қазақтар да қатысқан. Алпысбай ел басына күн туғанда әкесі Жылқышыдан қалған бес жүзден астам қыл-құйрықтан көтеріліске қатысқан қазақ жігіттеріне қосарлап ат та мінгізген.

Алпысбайдың ұлы Құмар Мәскеу төңірегіндегі атақты Диверсиялық барлау мектебінің Шығыс барлау бөлімде (1936-1942) оқыған. Сонда жүріп Кейес өкіметінің қатал барлаушылық тәжірибесінен өткен. Қытай, моңғол, тибет, ұйғыр, орыс тілдерінде еркін сөйлеп, еркін жазған. 1942 жылы генерал Дәлелхан Сүгірбаевтың кеңесшісі ретінде Зайсан шекарасы арқылы Шығыс Түркістанға өткен. Ол тәуелсіз Шығыс Түркістан Республикасын құрысып, Алтай аймақтық Сақшы бастығы қызметіне тағайындалады. 1951 жылы Оспан батыр ұсталғаннан кейін Құмарды қызметінен алып, Кеңес одағының ұйғаруымен Пекин Заң университетіне білімін көтеруге жібереді. Ол сол кездегі қазақтар арасында жоғары білімді заңгер азаматтардың санаулыларының бірі еді. Асқар Алтайдың текті тұқымнан тарауы оның өмірінің құнарлы болуына негіз болды деп айта аламыз.

Қазір шығармаларын Асқар Алтай атымен жариялап жүр. Жақсы таңдап алған, әдебиетшілерде бола беретін нәрсе. Асқар Алтай деген ат әдеби тұлғасын көрсететін атау болып қалды», – дейді замандастары.

Асқар Алтайдың шығармашылығын үш бағытта қарастыруға болады: біріншісі, тарихи тақырып, екіншіден, шығармалары мифтік сюжетке негізделеді, үшіншісі, қазіргі қоғамға арнап жазып жүр. Бірақ бұлар жеке-жеке емес, бір-бірімен байланысып, бір-бірімен кірігіп кеткен.

«Қыр мен қала хикаялары» атты повестер мен әңгімелер жинағы (1998), «Алтай новелласы» атты прозалық жинағы (2001), «Нарық нақыштары» (2003) және «Қызыл бөлтірік» (2006) атты ұжымдық жинақтарда прозалық шығармалар, «Казино» әңгімелер жинағы (2008) жарық көрген. Екі-үш романы бар. Қырыққа жуық бір кітапқа сыйған әңгімелері бар. «Казино», «Түсік», «Кентавр», «Киллер сауысқан», «Стақан», «Шаһид», «Мәйіт», «Тұл», «Лайбаран», «Дық», «Салбурын», «Қабірші», «Прописка», «Мар», «Мең-зең» және т.б. [1].

«Қызыл бөлтірік» (повестер мен әңгімелер, 1997) Халықаралық Сорос қорының бас жүлдесі грантын жеңіп алған. Қазақстан Жазушылар одағының Жастар арасындағы прозашылар форумының (1989, 1990), Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

Асқар Алтайдың «Прописка» әңгімесінің тақырыбы да желтоқсан. Урбанизация – қалаға қуған қазақ ұлтының наласы мен шері. Пропискаға отырудың соры. Қала қазақты қабылдағысы жоқ.

А.Алтайдың «Түсік» әңгімесінің көтерер жүгі салмақты. Қазақ халқының ежелден бергі ұрпақ қамын ойлаған қасиетті қағидаларының аяққа тапталуы ұлтқа төнген қасірет екенін меңзеп отыр. Сол үшін де келе жатқан «Ана – тіршілік бастауы», «Жатыр – адам мен

жаратушының байланыс нүктесі» дейтін мифологиялық ойларды бүгінгі заман мәселесін көтерудің көркемдік амалына айналдырған. Әңгіме сюжетіндегі адам мен мифтік бейне кездесуінің ертегілік диалог (Ертөстіктің әкесі Ерназардың өкпемен кездесуі) арқылы берілуі автордың асқан шеберлік дарынын айқындайтын белгі. Шығармадағы оқиғаның өң мен түс арасында өтуі де оңтайынын табылған олжалы көркемдік тәсіл. Қоғам дертін, бүгінгі қазақ ұрпағының санасын сілкітіп, сезімін оятар форма таба білген туынды қаламгер шығармашылығының кең тынысын айғақтайды.

Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесі - мифтік шығарма. Кентавр – көне грек мифтеріндегі адам мен жылқы біріге біткен бейнедегі мифологиялық образ. Ұғым атауының аудармасы «бұқаөлтiрушi» деген мәнге саяды. Көне гректер әлі жылқыны қолға үйретпеген шақтарында салт атты көшпенділерді (сақ, скиф т.б.) көргеннен соңғы таңғалыс әсерінен туындаған образ. Асқар Алтай «Кентавр» әңгімесінде құлын сәбидің дүниеге келуін шығармасына арқау еткен. Фантастикалық антропологияға жататын шағын әңгіменің ауқымына автор экологиялық, ата-аналық жауапкершілік, өмірге құштарлық т.б. бірнеше проблеманы сыйдыра білген. Жартылай адам, жартылай құлын пішінді адам турасында әлемдік әдеби процесте шығармалар аз емес.

Жүсіпбек Қорғасбек: «...«Казино», «Туажат» секілді туындыларына қарап бұл Асқар Алтайдың қолтаңбасы екенін жазбай танытын кезге жетіп қалдық. Асқар Алтайдың бір ерекшелігі, тәмсілдік, мифтік оқиғаларды, сюжеттерді бүгінгі өмірмен шебер шендестіре алады. Сосын оның қаламында өн бойынды дір еткізетін бір қатал реализм бар. Шығармаларында қаталдық бар. Кейіпкерлерін онша аяй қоймайды. Мысалы, «Көзжендет» деген әңгімесіне құсқа аңның көзін шоқытатын тосындау бір құбылысты арқау етіп алған. «Туажат» хикаясында да қақаған қыста қасқырды тірідей сойғызатын эпизод бар» [2,89 б.], – деп автор шығармасындағы ерекшелікті атап өтеді.

Қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиетінде Асқар Алтай – өз бағытын айқындап, стилін танытқан жазушы. Оның шығармаларынан кезінде З.Қабдолов жазушыдан талап ететін сегіз қасиетті толық көруге болады. Оның «Қара бура» повесі, «Қараштың қарасы» әңгімесі қазақ басынан өткерген небір тарихи оқиғалардан сыр шертеді. Асқар Алтай шығармаларындағы бір ерекшелік – шығарма ішіне тағы бар шығармаға сюжет боларлық бір оқиғаны сыйғызып жіберуі. Мұндай тәсіл көбіне О.Бөкей шығармаларына тән болатын. «Қара бурадағы» ботасын іздеген ақ түйе туралы аңыз, «Қараштың қарасындағы» Қараш батыр туралы әңгіме мен «Ереуілтөбе» жайындағы тарихи оқиғалар негізгі оқиғамен жымын білдірмей кірігіп кеткен. Асқар Алтай көбіне қазақ елінің өткенін безбендеп, елдігін танытатындай тақырыпта жазады. Оның «Көзжендет» әңгімесінің өзі жазушылық шеберлік туралы көп мәлімет береді. Біреуге істеген қастандығың, тіпті аңға жасаған қатыгездігің өз алдыңнан шығады деген философиялық түйін жасайды. Талай аң-жануарды көзсіз қалдырған «көзжендет» сауысқанның иесінің немересі көзсіз туады. Әңгіме соңы адамға ой салады. Жазушы шығармаларының көркемдік сапасы, идеялық мазмұны қоғамдық мәні бар өзекті мәселелерді көтеріп, соған байланысты тың ойлар түйіндеумен таразыланады. Түрлі кейіпкерлер тағдыры арқылы адам және қоғам мәселесі бейнеленіп, тағдырлар тартысының күнгейі мен көлеңкесіне талдау жасалынады.

Жазушы әңгімелерінде кейіпкерлер қақтығысынан гөрі, кейіпкердің рухани әлеміндегі ой мен сезім қайшылықтары басым беріледі. Суреткер дәрежесіне көтерілген жазушы ешқашан персонаждарына тікелей авторлық мінездеме беріп, сырттай тон пішіп жатпай, оларды іс-қимылдары, ойлары, әсіресе өздерінің іштерінен жарып шыққан лебіздері арқылы танытады. Өйткені, адам баласы, жалпы, құлағымен естігеннен гөрі көзімен көргенге көбірек сенеді, шын суреткер бұл жайды ескермей тұра алмайды, сондықтан да ол баяндаудан гөрі суреттеуге көп күш салуға тырысады.

Кейіпкердің диалектикалық күрделі де қайшылықты біртұтас құрамын жасауда Асқар Алтай шешуші қадам жасады. Адам табиғатының күрделілігін, кейіпкердің санқырлылығын түсінгенінің арқасында, ол ғасырымыздың басындағы қазақ шындығын көрсетудің сыртында кейіпкердің ішкі әлемін де көрсете білді. Бұл екі сала-кейіпкер психологиясына терең бойлаумен қатар шығармадағы драмалық элементтің күшеюі, оқиғалардың тез өрбуі - Асқар Алтай прозасында ажырамас бірлікте көрінеді. «Оқиғалардың экспрессивті дамуы, бір-біріне кимелеп,

бірін-бірі бастырмалап жатуы, үдемелі сипат романның өн бойынан кездесетін үлкен ерекшелік» [3,132 б.]. Өмірде адамның ішкі әлемі сыртқы әлеммен тікелей байланысты. Оның жан-дүниесінің күрделілігі мен қайшылығы, түптеп келгенде, сыртқы өмірдің күрделілігі мен қайшылығынан туындайды. Сондықтан, Асқар Алтай прозасында кейіпкерлер психологиясы белгілі бір тарихи оқиғаның баяндалуымен астасып жатады. Олардың уайым-қайғысы, ой толғамдары сол оқиғалардың салдары есебінде беріледі.

Шығармашылық тұлғаны көрсетудің тағы бір тәсілі жекелеген диалогтарды пайдалану. Әдетте жазушы атқарған қызметін, іс-әрекеттерін, басқалармен қарым-қатынасын, тұрмыс-тіршілігін, шығармашылық жолын, жалпы айтқанда өмір өткелдерін, көңіл-күйін, көбіне, өз атынан бірінші жақта баяндаса, қайсыбір жағдайда айналадағы араласқан адамдардың ара-қатынастары арқылы да суреттеп, образдар жүйесін құрады.

Диалог арқылы бас кейіпкер немесе оның айналасындағы шығармашыл тұлғалардың мінез-құлқы, дүниетанымы ашып көрсетіледі. Әсіресе, бас кейіпкердің мінез даралығы осы диалог арқылы көрініс тауып отырады. Және де, диалог арқылы берілетін кейіпкердің сезімі, көңіл-күйі, эмоционалдық-психологиялық нюанстар, интонациялық өзгерістер мен түр-әлметіндегі өзгерістер, ым, ишаралар кейіпкер мінезін ашуға көп көмектеседі. Соңында авторлық түйіндеулермен көмкеріледі. Көркем шығармада, әсіресе, көлемді туындыларда кейіпкердің түсінік-танымын суреттеуде өте ұтымды тәсіл екенін ғалым Б. Майтанов: «Сюжеттік-композициялық құрылымы күрделі, оқиғалық желілер кең тартылған шығармада қаламгер тарапынан уақыттың шапшаң ырғағын сақтай отырып, баяндау жүйесіндегі біркелкілікті бұзу талабы басым. Бұл орайда диалог романның тартыстық сфераларын, фабулалық материалды жедел де толымды қамту үшін әрі ең бастысы адамдардың түсінік-таным, мінез-құлқын, рефлексологиялық қасиеттерін ықшам да шынайы суреттеу үшін таптырмас құрал болған» [4, 262 б.].

Жазушының табиғат пен адамның көңіл-күйін қатар алып суреттеуі, кеңістік, ырғақтың ойнауы арқылы санаға тікелей ықпал етеді. Жазушының басқа да туындыларындағыдай кейіпкер психологиясының ашылуы олардың сөйлеген сөздері арқылы, іс-әрекеттері, ішкі монолог, психологиялық диалогтар, ым-ишарат, жест, бет құбылысы, дене қозғалысы, психологиялық пейзаж, параллелизм, деталь, портрет, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау, өзіндік таным және т.б. арқылы жүзеге асып жатады.

Әдебиеттің негізгі нысаны – адам болмысының сан қырлы құпиясын ашуда қарымды қаламгер психологизм үрдісінің өзіне тән айшықтарын қалыптастырған. Шығармашылық жолы көркемөнерге қасаң талаптар қойылған тұста дамып, өркендегенмен, өз заманынан оқ бойы озық тұрудың әдісін тапқан суреткер кейіпкер жан дүниесіне үңілуде жалпы адамзаттың өркениет қалыптастырған ізгі дәстүрлерін ұстанған. Әрі оны өзіндік өрнегімен байытқан, жоғарыда талдап көрсеткеніміздей, адам жаратылысындағы ішкі-сыртқы қасиеттердің көркемдік мәнін түрлендіре, құбылта көрсету жолымен өз кейіпкерлерінің жан әлемін жарқырата көрсетіп, оқырман жүрегіне бойлай білген. Автор табиғат пен әрекетті салыстыра отырып, биік талғаммен бейнелейді. Бұл – жазушының оқырманды баурап алу үшін қолданып отырған эстетикалық бағыттағы ұстанымы.

Туындыда шығармашылық тұлға даралығының бір қырын оның характері арқылы ашып көрсетеді. «Характер – адамның ішкі ерекшеліктері» деген орыс ғалымының пікіріне сүйенетін болсақ, адамның болмыс-бітімі, мінез-құлқы, ішкі жан әлемі, дүниетанымы, дүниеге деген жеке көзқарасы оның характерін беретіні – шындық [5, 383 б.]. Жазушы кейіпкерлерінің мінез-құлқын, психологиясын олардың портретін суреттей отырып беру әдісін де қолдана білген. Роман болған оқиға, тарихи фактіге негізделгенімен көркемдік бояуын ешбір әлсіретпейді. Әрбір эпизодта көрініс беретін тарихи тұлғалардың, іс-әрекеттерін ғана әңгімелемей, олардың портретін, кескін-келбетін, психологиялық толғаныс тебіреністерін де суреттеп, толық тұлғасын танытады.

Осындай суреттеулермен өзінің айналасындағы тарихи тұлғалардың характерін ашып беруге шебер. Одан басқа замандастарының характерін олардың іс-әрекеттері, қимыл-қозғалыстарындағы кішкентай детальдармен ашып беруге тырысады.

Кейіпкердің шығармашыл тұлға етіп көрінетін тұсы – олардың шығармашылық зертханасы. Шығармашыл тұлғаның шығармашылық лабораториясына сыналай еніп, әр шығармасын жазу үстіндегі кейіпкердің (автордың) өмірлік материалды игеруі, шығармаларының жазылу тарихы, толғаныс сәттері, т.б. ашып, көрсете білсе шығармашыл тұлғаның тағы бір қыры айқындалады.

«Көркем шығарманың көркемдік-идеялық деңгейі жазушының творчестволық ойлау сипатымен, дүниетамы және суреткерлік шеберлігімен тығыз бірлікте анықталады. Сонымен қатар кейіпкер мен автор арасында, жалпы көркем шығарма мен автор арасында көзге көріне бермейтін нәзік, бірақ нақты сабақтастық бар» [6, 158 б.]. Зерттеуші Ж. Дәдебаевтың жоғарыдағы пікірі біз талдау жасап өткен қаламгер шығармалары арқылы дәлелдене түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алтай А. Алтай новелласы: роман-миф, повесть-притча, новелла. – Алматы: «Өлке», 2001. – 292 бет.
2. Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы: Әдебиет теориясы. Нұсқаулық. – Астана: «Фолиант», 2005. – 536 бет.
3. Белянин В.П. Психологические аспекты художественного текста. Монография. – Москва: Издательство МГУ, 1988.-124с.
4. Майтанов Б. Суреттеу мен мінездеу.- Алматы: Қаз. университеті, 1991.- 246 б.
5. Серікқалиұлы З. Алтын жамбы (Қазіргі көркемдік ой танымына көзқарас: талдау, толғаныстар).- Алматы: Өнер, 2001. - 160 б.
6. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. -Алматы: Ғылым,1991.- 208 б.

УДК 657.286

ДЕБИТОРЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ МӘНІ

Байдыбекова С.К., Нұрланқызы А.

*Талдықорған қ. І.Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университеті,
aigerim.nurlankz@gmail.com*

Мақаланың мақсаты дебиторлық және кредиторлық берешектің мәнін көрсету және оларды мысалдармен бекіту. Мақала 3 кестеден және 5 әдебиеттер тізімінен құралған.

Кілттік сөздер: *сыртқы қарыз, ішкі қарыз, ұзақ мерзімді қарыз, қысқа мерзімді қарыз, дебиторлық берешек, кредиторлық берешек.*

Целью статьи является раскрытие значение дебиторской и кредиторской задолженности и показать их на примере. Статья состоит из 3 таблиц и из 5 литератур.

The purpose of the article is to disclose the meaning of account receivable and accounts payable and to show examples. The article consists of 3 tables and 5 literatures.

Әрбір кәсіпорын, ұйым өзінің шаруашылық қызметінде сыртқы және ішкі контрагенттермен: төлеушілер мен алушылармен, тапсырыс берушілермен және мердігерлермен, салық органдарымен, құрылтайшыларымен (қатысушылары), банктермен және басқа да кредиттік ұйымдармен, оның қызметкерлерімен, басқа борышқорлармен және кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асырады.

Кәсіпорынның контрагентке берешегін жіктеу:

Сыртқы: төлеушілермен және мердігерлермен, сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысу бойынша берешек, бюджет және бюджеттен тыс қорлармен, банктермен және басқа кредиттік ұйымдармен және т.б.

Ішкі: есеп берушіліктермен кәсіпорынның құрылтайшылары, іскерлік және өзге де елді мекендер есебімен есеп айырысулар бойынша басқа да операциялар үшін қызметкерлермен еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысу бойынша берешек.

Дебиторлық берешек басқа ұйымдардың, ұйымның қызметкерлері мен жеке тұлғаларының қарыздары ретінде (клиенттердің сатып алынған тауарлар үшін берешегі, шотқа берілген ақшалай сомаларға есеп беруші тұлғалар, құрылтайшылардың жарғылық қорына берілетін қарыздары және т.б.) қарызы деп түсініледі. Тиісінше, осы ұйым талап ететін ұйымдар мен тұлғалар борышкерлер деп аталады.

Кредитордың алдында осы ұйымның қарызын басқа ұйымдарға, қызметкерлерге және тұлғаларға, яғни өз кезегінде, кредиторлар деп атайды. Егер кредиторлар алдындағы берешек олардың материалдық активтерін сатып алуға байланысты пайда болса, мұндай кредиторлар төлеушілер деп аталады.

Ұйым қызметкерлеріне, бюджетке, бюджеттен тыс қорларға есептелген төлемдер сомасына әлеуметтік қорларға есептелген жалақы бойынша берешек бөлу үшін міндетті деп аталады. Кредиторлар, басқа мәмілелерден туындаған берешек, басқа кредиторлар деп аталады[1,5676].

Кәсіпорынның активтерін және олардың айналымын талдау кезінде қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қарызды бөлу маңызды рөл атқарады.

Мерзімі бойынша берешекті жіктеу:

Қысқа мерзімді

Ұзақ мерзімді

Дебиторлық берешектің экономикалық маңызы мен жіктемесі.

Дебиторлық берешек ұйымның меншігі мен капиталы бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін. Ұжымдық экономикалық және құқықтық санат ретінде мүліктік тұжырымдама материалдық құндылықтар мен ақшаға қосымша, немесе, басқаша айтқанда, ол басқа адамдарда орналасқан.

Кредиторлық ұйымның мүліктік құрылымында, коммерциялық айналымға тартылған басқа тұлғалармен (орналастырылған, инвестицияланған, салынған, аударылған) дебиторлық берешек оның активтеріне сілтеме жасайды. Бірақ активтер - бұл ұйымның меншікті капиталы ғана емес, басқалардың тартылған қаражаты.

Борышқорлық ұйымдар шаруашылық айналымы барысында кредиторлық ұйымға қайтарылған кезде ғана олар өз капиталына қосылады немесе ұйымның кредиторлық қарызын кредиторларға қайтару үшін жіберіледі.

Осылайша, кредиторлық ұйымның активтерінің бөлігі ретінде дебиторлық берешек оның активтеріне жатады және білім беру көздеріне байланысты ұйымның меншікті капиталы немесе басқа тұлғалардың тартылған қаражаты болып табылады.

Оңайлатылған нұсқада дебиторлық берешек - осы ұйымға басқа тұлғалар.

Серіктестермен және контрагенттермен көлденең қарым-қатынастар саласында дебиторлық берешек осы ұйымның басқа тарапқа борышкерге (борышкерге) талап ету құқығына ие болып табылатын заңды тұлға ретінде әрекет ететін шарттық міндеттемелерді орындау шеңберінде құрылады[2,356 б.].

Осы ұйымның тауарларға, жұмыстарды орындауға, көрсетілетін қызметтерге ақы төлемеген контрагенттерге қойылатын меншік талаптары берілген кредиттерді қайтармады, дебиторлық берешектің әдеттегі және ең көп таралған мысалдары.

Тік теңдік саласында дебиторлық берешек мемлекеттік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қандай да бір негіздер бойынша осы ұйымға белгілі бір өтемдік төлемдерді төлеуі тиіс.

Осылайша, азаматтық құқық тұрғысынан алғанда дебиторлық берешек - ұйымның мүлкімен жасалған мүліктік талаптар, ол әртүрлі негізде туындайтын қатынастарда қарыздар болып табылатын басқа тұлғаларға. Дебиторлық берешек активтің балансында көрсетіледі, ал әрбір борышкер үшін жеке есепке алу жүргізіледі.

Кәсіпорынның қарыздары - бұл кәсіпорыннан немесе өнімдерді кейінге қалдырылған төлемдермен, болашақта өнімдерді жеткізумен аванстық төлемдерден тұратын коммерциялық несие алған тұлғалар, ағымдағы активтерге салынған капиталдың айналымына, демек, кәсіпорынның қаржылық жағдайына үлкен әсер ететін дебиторлық берешек қарыз.

Дебиторлық берешектің күрт ұлғаюы және ағымдағы активтердегі оның үлесі компанияға тұтынушыларға қатысты несие саясатын нашарлатады немесе сатылымның ұлғаюы немесе кейбір сатып алушылардың дәрменсіздігі мен банкроттығы болуы мүмкін.

Екінші жағынан, кәсіпорын өнімдерді жөнелтуді азайта алады, содан кейін борышкерлердің шоттары төмендейді. Демек, дебиторлық берешектің өсуі әрқашан теріс бағаланады.

Коммерциялық есепте жұмыс істейтін кәсіпорындар дебиторлық берешекті төмендетуге мүдделі, өйткені айналымдағы айналымдық активтердің айналымын жеделдетуге, тұтастай алғанда айналым капиталының тиімділігін арттыруға әкеледі.

Осылайша, әр фирманың міндеті айналыстағы айналымдағы активтер көлемінің барынша төмендеуінің барлық резервтерін пайдалану болып табылады.

Бланкілердің ерекшеліктері, қозғалыс жылдамдығы, пайда болудың регулярлығы, айналымдағы қаражаттың алдын-ала есептелуі мүмкін емес және қалыпты айналым капиталы сияқты есепке алынады, сондықтан дебиторлық берешек айналымдағы қаражаттың реттелмейтін бөлігі болып табылады.

Ағымдағы активтерді тиімді пайдалануда, кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартуда дебиторлық берешектің төмендеуі, айналымнан қаражат аудару және алдын-ала төленген салықтардың және басқа да төлемдердің артық төленуі, есепті тұлғалардың қаражатты уақтылы қайтармауы, шарттардың мерзімі аяқталғаннан кейін күмәнді дебиторлық берешектің пайда болуы нәтижесінде маңызды рөл атқарады. шарттық міндеттемелерді бұзған жағдайда даулы қарыздарды төлеу [3,221 б.].

Бұл элементті басқару басқа әдістермен және әдістермен жүзеге асырылады. Экономикалық субъектілер осы қорларды басқаруға және олардың несие беру мен реттеудің қазіргі жүйесімен ықпал ете алады. Қарбір кәсіпорын кешіктірілген дебиторлық берешекті есепке алуды жүргізеді және тоқсан сайын борышқорлық кәсіпорындар тізімін құрастырады және оларды салық органдарына балансқа қосымша ретінде ұсынады.

Баж салығын бұзғаны үшін өндірілген айыппұл және басқа да қаржылық санкциялар, дебитормен танылған немесе оларды қалпына келтіру туралы күшіне енген сот шешімі болған жағдайда, дебиторлық берешекті қамтиды.

Осылайша, белгілі бір борышкердің дебиторлық берешегі агрегаттарды қамтуы мүмкін: негізгі борыштың сомасы, осы сомаға есептелген сыйақы, айыппұл және кредитордың қарызды алу жөніндегі шығындары.

Кәсіпорынның дебиторлық берешегінің мөлшері келесі факторларға әсер етеді: сатудың жалпы көлемін және оны кейінгі төлем шарттары бойынша іске асырудағы үлесі; контрагенттермен жасалған шарттар; клиенттермен және клиенттермен есеп айырысу мерзімдері; қанықтыру дәрежесі, нарық сыйымдылығы және өнім түрі; дебиторлық берешекті жинақтау саясаты; сатып алушылардың төлемдер тәртібі және олар жататын салалардың жалпы экономикалық жағдайы; дебиторлық берешекті талдаудың сапасы және оның нәтижелерін пайдаланудағы дәйектілік; Кәсіпорынның есеп айырысу жүйесінде қабылданған [4, 93 б.].

Дебиторлық берешектің пайда болуының негізгі себептері.

- 1) Сатып алушы сатып алынатын өнім сапасына қанағаттанбайды.
 - 2) клиенттен қаражаттың болмауы немесе оның төлем қабілеттілігінің деңгейінің төмендеуі.
 - 3) төлем мен төлем тәртібін бұзу.
 - 4) кәсіпорынның дұрыс емес кредиттік саясаты.
- Кредиторлық берешектің экономикалық маңызы мен жіктелуі

Кредиторлық берешектің экономикалық мәні - бұл кәсіпорынның мүліктік бөлігі ғана емес, әдетте ақша, сонымен қатар тауарлық-материалдық активтер.

Заңды санат ретінде, кредиторлық берешек - ұйым мен оның кредиторлары арасындағы құқықтық қатынастардың субъектісі болып табылатын кәсіпорын мүлігінің ерекше бөлігі.

Ұйым кредиторлық берешекті иеленеді және пайдаланады, бірақ ол осы бөлігін қайтаруға немесе оны талап ету құқығына ие кредиторларға төлеуге міндетті.

Осылайша, кредиторлық берешек қос заңды сипатқа ие: меншік құқығында немесе тіпті белгілі бір сипаттамалармен анықталған кредиттерге қатысты меншік құқығында кәсіпорынға тиесілі мүліктің бір бөлігі ретінде; құқықтық қатынастар объектісі ретінде - бұл кредиторларға, яғни мүліктің осы бөлігін ұйымнан талап етуге немесе қалпына келтіруге құқылы тұлғаларға қарыздар болып табылады.

Оңайлатылған нұсқасында несие берешегі - бұл кәсіпорынның өзгелер алдындағы қарызы.

Жоғарыда айтылған ерекшеліктерді ескере отырып, кредиторлық берешек борышқорлық ұйымның қарызы ретінде бухгалтерлік есепте және баланста көрсетілуге жататын жағдайда, кредитордың алдында әр түрлі құқықтық негіздерден туындаған борышкердің қарызы болып табылатын кәсіпорын мүлігінің бөлігі ретінде анықталуы мүмкін[5,269б.].

Борышқордың ұйымы қарыздарды ерікті түрде қайтару бойынша ешқандай шара қолданбаған жағдайда, кредиторларға кредиторлық берешектің сипатына қарай сот немесе сот тәртібімен жүзеге асырылатын мәжбүрлеп жинау мүмкіндігі бар.

Борыштық несие туралы ұғым заңдық деңгейде келісілген тұжырымдамалық аппараттарды пайдаланудың практикалық қажеттілігін тудыратын, өзге де шығу тегіне және, тиісінше, өзге құқықтық сипаттағы және құқықтық режимге ие борышкер ұйымының борыштық міндеттемелерін қамтиды.

Кредиторлық берешек кәсіпорынның басқаруындағы қаражат көздерінің бірі болғандықтан, ол баланста көрсетіледі. Кредиторлық берешекті есепке алу әрбір кредитор үшін жеке жүргізіледі және жиынтық көрсеткіштерде кредиторлық берешектің жалпы сомасын көрсетеді және оны топтарға бөледі.

Кәсіпорынның айналымына қарыз қаражатын тарту қаржы жағдайы бойынша уақытша жақсартуға ықпал ететін құбылыс болып табылады, олар айналымда ұзақ уақыт бойы мұздатылмаған және уақытында қайтарылған жағдайда.

Әйтпесе, кешіктірілген несиелік берешек болуы мүмкін, бұл айыппұлдар мен қаржылық жағдайдың нашарлауына әкеледі. Сондықтан, басқару үдерісінде кредиторлық берешектің пайда болу жиілігін, пайда болуын, жиілігін және себептерін зерттеу керек.

Кредиторлық берешек негізінен тегін несие болып табылады және кәсіпорынның экономикалық айналымда тартқан қаражаттарының санына жатады. Тұрақты міндеттемелерден айырмашылығы, кредиторлық берешек айналым капиталын қалыптастырудың жоспарлы көзі болып табылмайды. Қарыздар бойынша берешек кәсіпорынның қысқа мерзімді міндеттемелеріне жатады [6,522 б].

Қарыздардың бір бөлігі табиғи болып табылады, өйткені ол есептеудің ерекшеліктеріне байланысты туындайды. Дегенмен, көбіне, кредиторлық берешек төлем мен төлем тәртібін бұзу нәтижесінде туындайды және компанияның өнімді және есеп айырысу құжаттарын төлеу мерзімін қанағаттандырудың салдары болып табылады.

Кредиторлық берешек кәсіпорынның ішкі көздерден қалыптастырылған қарыз қаражатының ең қысқа мерзімді түрін сипаттайды.

Осы шоттардың әртүрлі түрлеріне арналған шығындар кәсіпорын күнделікті негізде жүзеге асырылады және осы кредиторлық берешек бойынша міндеттемелерді өтеу - бір ай ішінде белгілі бір кезеңдерде. Есепке алу күнінен бастап, кредиторлық берешекке енгізілген қаражаттар кәсіпорынның меншігі болып табылмайды, бірақ олар өздерінің экономикалық мазмұны бойынша міндеттемелердің өтелуіне дейін ғана пайдаланылады, олар қарыз капиталының нысаны болып табылады [7,191 б].

Кәсіпорын өзінің шаруашылық қызметі барысында пайдаланатын қарыздық капиталдың нысаны ретінде кредиторлық берешек мынадай негізгі ерекшеліктермен сипатталады:

1. Компания үшін пайдаланылған қарыз қаражатының еркін көзі. Капиталды қалыптастырудың еркін көзі ретінде, ол тек қарыз алушы бөлігін ғана емес, сонымен бірге кәсіпорын капиталының толық құнын да азайтады.

2. Өлшем кәсіпорынның қаржылық циклінің ұзақтығына әсер етеді. Бұл ағымдағы активтерді қаржыландыруға қажетті қаражаттың белгілі бір мөлшеріне әсер етеді. Кредиторлық берешектің салыстырмалы мөлшері неғұрлым жоғары болса, кәсіпорын өзінің шаруашылық қызметін ағымдағы қаржыландыру үшін тарту қажет қаражат сомасын азайтады.

3. Кредиторлық берешек сомасы кәсіпорынның шаруашылық қызметінің көлеміне, ең алдымен, өнім өндіру мен сату көлеміне тікелей байланысты. Өнімдерді өндіру мен сату көлемінің артуы есебінен кәсіпорынның шығыстары кредиторлық берешектің ұлғаюымен есептеледі, және тиісінше, оның жалпы сомасы өседі және керісінше.

Көптеген түрлердің болжамды мөлшері тек бағаланады. Бұл несие берешегін құрайтын көптеген есептеулердің мөлшері алдағы экономикалық белсенділіктің көптеген параметрлерінің белгісіздігіне байланысты нақты сандық есептеуге келмейді

Оның жекелеген түрлерінің мөлшері және тұтастай алғанда кәсіпорын жинақталған ақшаны төлеу жиілігіне байланысты. Осы төлемдердің жиілігі мемлекеттік нормативтік актілермен, экономикалық серіктестермен жасалған келісімшарттардың және олардың кішкене бөлігі ғана - кәсіпорынның ішкі нормативтерімен реттеледі. Төлемдер жиілігінің сыртқы факторларға байланысты жеке шоттардағы төлемдер жиілігінің тәуелділігінің жоғары дәрежесі қаржы менеджменті процесінде қарыз қаражаттардың осы көзін реттеудің төмен деңгейін анықтайды.

Клиенттердің ірі дебиторлық берешегінің арқасында, айналымдағы айналым капиталының айтарлықтай бөлігі үлкен кідіріспен кәсіпорынға қайтарылады немесе мүлде қайтарылмайды.

Мерзімі кешіктірілген дебиторлық берешекті жабуға арналған қаржы көзі болды. Осылайша, меншікті айналымдағы активтердің жетіспеушілігі кредиторлық берешектің ұлғаюына әкеліп соқтырады, төлемсіз дағдарыс айналмалы активтерді қалыптастыру көздерінің құрылымын өзгертеді, және, сайып келгенде, бұл көбею үрдісіне теріс әсер етеді.

Кәсіпорынның кредиторлық берешегінің сомасы сатып алулардың жалпы көлемімен және сатып алудағы үлесі кейінгі төлем шарттары бойынша, контрагенттермен жасалған шарттардың талаптарына байланысты болады; жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу мерзімдері, осы өніммен нарықтың қанықтыру дәрежесі; кредиторлық берешекті өтеу саясаты, кредиторлық берешекті талдау сапасы және оның нәтижелерін пайдаланудағы келісімділігі кәсіпорынның есеп айырысу жүйесінде қабылданған[8,112 б].

Ақшалай емес елді мекендердің көбеюі есебінен кредиторлық берешектің айналымы мен сапасы артып, сома азаяды, демек, кәсіпорынның төлем қабілеттілігі мен тұрақтылығы артады.

Кредиторлық берешектің негізгі түрлерінің арасында борышқорлық әлеуметтік сақтандыру қорларына шегерімдер, медициналық сақтандыру және зейнетақы; кәсіпорын мүлкін сақтандыруға аударымдар; персоналды жеке сақтандыруға жарналарды аудару; жеткізушілер мен мердігерлер; төлеуге жататын вексельдер; еншілес немесе тәуелді ұйымдардың және ұйым қызметкерлері.

Әртүрлі деңгейдегі бюджеттерге салық аудару; табыстарды төлеу туралы құрылтайшыларға; алынған аванстар және басқа кредиторлар.

Кесте 1 - Кредиторлық берешектің негізгі түрлері. Бүгінгі күні қарыздарды бөліп беру әдеттегідей:

1	Мердігерлер мен жеткізушілер
2	Мүліктің сақтандыру құрылымына сәйкес салымдарды аудару
3	Қызметкерлердің жеке сақтандыруға сәйкес салымдарды аудару
4	Төлеуге болатын вексельдер
5	Құрылтайшыларға табыс төлеу бойынша және тағы басқалар

Заңды сипаттағы және құқықтық режимге байланысты кредиторлық берешек үш топқа төмендетілуі мүмкін:

1. Ұйым бюджетіне және әлеуметтік қорларға берешегі;
2. Ұйымның персоналының алдындағы берешегі: қызметкердің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу немесе жұмыс орнында қызметкердің қайтыс болуына байланысты жалақы, өтемақылар, төлемдер бойынша қызметкерлерге төлемдер бойынша берешек;

3. Келісімшарттық және кооперативтік міндеттемелер бойынша серіктестер мен мердігерлерге берілетін берешек: жеткізілген тауарлар үшін жеткізушілерге төлемдер бойынша қарыздар, мердігерлер алынған, бірақ өңделмеген аванстарды қайтару, шоттарды төлеу үшін жасалған жұмыстар үшін.

Төлем пайда болған кезде кредиторлық берешек: мерзімі өткен және мерзімі өткен емес болуы мүмкін.


Бірінші – бухгалтерлік баланс кезінде өтелетін міндеттемелер бойынша қарыздар. Құрамында кредиторлық берешектің екі түрі бар: кредиторлық берешек, өтеу мүмкіндігі қайтарылмағанына қарамастан, компания аман қалды; кез келген нақты себептер бойынша өтеу ақылы болып табылмайды. Мерзімі өткен берешектің өтелмеуі, мысалы, қарызды мәжбүрлеп өндіріп алу бойынша шектеулердің жарамдылық мерзімінің аяқталуына байланысты болуы мүмкін.

Қарыздардың нақты және нақты емес өтеуін нақты жағдайларды есепке ала отырып, қарыз алушы ұйым өзі бағалайды.

Мерзімі өтелмеген кредиторлық берешек - бұл міндеттемелер бойынша кәсіпорынның қарызы, баланстың жасалуы кезінде өтеу мерзімі өтелмеген шарттар.

Осылайша, кредиторлық берешек - субъектінің (кәсіпорынның, ұйымның, жеке тұлғаның) қарызы басқа тұлғаларға төлеуге міндетті. Бұл өтеу мерзімдері бойынша, контрагенттердің заңды сипатына және құқықтық режиміне байланысты төлеудің пайда болуы жағдайында ерекшеленеді.

Кесте 2 - Пайда болу жағынан берешектердің бөлінуі:



Кесте 3- Қарыз капиталының нысаны ретінде келесі негізгі сипаттамалармен анықталады:

1	Қолданылған қарыз қаражатының еркін көзі. Капиталды қалыптастырудың еркін көзі бола отырып, кредиторлық берешек оның қарыздық үлесін ғана емес, сондай-ақ капиталдың толық құнын төмендетеді.
2	Өлшем, бір жағынан немесе басқаша, құрылымның қаржы циклінің ұзақтығына әсер етеді. Бұл ағымдағы активтерді қаржыландыру үшін белгілі бір мөлшерде қажетті ақша сомасына әсер етеді. Осы санаттағы салыстырмалы мөлшері неғұрлым көбірек болса, онда құрылымның өз шаруашылық қызметін ағымдағы қаржыландыруға тартуы қажет ақша сомасы азаяды.
3	Берешектің жалпы көлемі тікелей құрылымның экономикалық белсенділігіне (ең алдымен, өнім шығару көлемі мен өнім сатылымы) байланысты. Тауар өнімдерін шығару мен сату көлемінің ұлғаюымен ұйымның қарыздың ұлғаюы ретінде есептелетін шығыстары бар екенін атап өткен жөн. Осылайша, кредиторлық берешектің жалпы сомасы өседі және керісінше.

Бұл санаттың құны барлық сатып алу көлемдеріне, сондай-ақ кейінгі төлем шарттарына сәйкес сатып алудың тиісті пайызына әсер етеді. Сонымен қатар, контрагенттермен келісімшарттардың орындалуымен бірге болатын факторлар айтарлықтай әсер етеді; мердігерлермен және жеткізушілермен есеп айырысу мерзімдері; осы өніммен нарықтың қанықтыру деңгейі; кредиторлық берешекті өтеуге қатысты саясат; аталған санаттағы талдау нәтижелерін қолданудағы дәйектілік, сондай-ақ оның сапасы; құрылымда қабылданған есеп айырысу жүйесі.

Кредиторлық берешек сияқты санаттар толық түсіну үшін, бұл тұтастай алғанда жүйенің (дебиторлық және кәсіпорынның кредиторлық берешек яғни, түсінігі, ерекшеліктері, түрлерін) тиісті қарастыру орынды. Бүгін дебиторлық кептелу басқа да ұйымдардың, қызметкерлер, және осы құрылымның азаматтардың қарызы ретінде анықталады. Басқаша айтқанда, сатып өнімге арналған клиенттерден қаражатында, орындалатын көрсетілген қызметтер немесе жұмыста берілетін ақшаның сомасына есеп беруші тұлғалардың берешегі. Ол ұйымның қаражаты белгілі бір саны бар жеке тұлғалар мен ұйымдар, дебиторлар деп аталатынын білу маңызды болып табылады[9,303 б].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Теория и практика бухгалтерского учета [Текст]: Учебное пособие / Р.С. Абдушукуров, Б.С. Мырзалиев.- Алматы: Нұр-Пресс, 2013.- 796с.
2. Бухгалтерлік және қаржылық есеп принциптері (Халықаралық стандарт) [Мәтін]: Оқулық / Ә. Әбдіманапов.- Алматы, 2014.- 535б.
3. Толпаков Ж.С. Бухгалтерский учет. – Караганда. 2013. - 458с
4. Бухгалтерский учет финансовых резервов и оценочных обязательств: Монография / Л.А. Мельникова, А.М. Петров. - М.: Вузовский учебник: НИЦ ИНФРА-М, 2015. - 196 с.
5. Кеулимжаев К. К. Финансовый учет на предприятии: Учебник / Под оед. Р. М. Рахимбековой / Кеулимжаев К. К., Айтхожина Л. Ж., Кинхузова К. К., Сальменова А. Т. – Алматы: Экономика, 2013. – 374с.
6. Назарова В.Л., Жапбарханова М.С. Бухгалтерлік есеп., 2012. – 624б.
7. Қабылова Н., Доспалинова Ш., Оразалинов Е. Бухгалтерлік есеп., 2012. – 208б.
8. Нықанбаева А., Қуанышова Л. Бухгалтерлік есеп негіздері., 2011. – 160б.
9. Қабылова Н.Қ. Бухгалтер: оқулық. Астана: Фолиант, 2012. – 364б.

ӘОЖ 001.894.

ЖЕТІМДЕРГЕ ПАНА БОЛҒАН МӘКЕЙ ЕДІ

Бекболатұлы Б.

Қарасу негізгі орта мектебі, Ақсу ауд., Еңбек ауылы

Мақала сөздің басын саралап, кейіпкерін даралап бастағалы отырған бұл еңбек Мәкей Еркінбеков жайында.

Кілттік сөздер: *рухани жаңғыру, тарих қойнауында, зерделе тарих, мектеп білімі.*

Статья посвящена одного из основателей просвещения Аксуского района Макею Еркінбекову.

Article is devoted one of osnovately education of the Aksusky Region of Makeyu Erkinbekovu.

Сөздің басын саралап, кейіпкерін даралап бастағалы отырған бұл мақалам Мәкей Еркінбеков жайында еді. Мен Бекболатұлы Біржан Ақсу ауданы, Қарасу негізгі орта мектебінің ұстазымын. Елбасымыздың Болашаққа бағдар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында зерттеп жазғалы отырғанымда өз ауылым Еңбектегі бір тарих еді. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Өз туған - өлкенді төңірегінді зертте, зерделе тарих деген сол емес пе» - деген еді. Осы бір сөз қамшы болғандай қолыма қалам алып, бірнеше ай осы жұмысты зерттеп, тарих қойнауынан жарыққа шығаруға тырыстым.

Ал Енді Мәкей Еркінбеков кім?- деген сауалға жауап іздеймін. Мәкей 1895 жылы туған. Ақсудағы Қарағаштағы «Мамания» мектебінен білім алған. 1918 жылы маусым айында «Капальский уездный комитет совета рабочих солдатский, крестьянских депутатов» болып құрылғанда Қапалдан мұғалімдік білім алған. 1922-1930 жылдары «Талдыкурғанский уездный совет рабочих крестьянский и Красноармейских депутатов и его исполнительный комитет» болған кездері осы Талдықорған уезінде білім бөлімінде істеген екен. Одан Қарағаштағы Мамания мектебінде ұстаздық қызмет атқарды. Халық «Ұстазы бардың ұлағаты бар» - демей ме. Мен осы зерттеуімді бастағанда Мәкей Еркінбековтың оқушысы, білім алған шәкірті болған Қазақ Ұлттық Академиясының академигі Жүрімбек Сыдықовты арнайы іздеп барып, Алматы қаласынан тапқан едім. Осы мақаланы жазуыма академик атамыздың көзбен көргені, Мәкейден білім алғаны туралы өз аузынан естіп, көп деректі бейне таспаға жазып алдым.

Ал енді академик атамызға келсек, ол кісі 96 жаста екен, жұбайы Маймуна апамыз 92 жаста екен. Әкем Бекболат Атамбаев Ақсудың айтыскер ақыны. Әкем көп ақыл қосып, зерттеуді жүргізуіме үлкен себепші болды. Академик атамыз Мәкей туралы сұрағанымызда терең ойланып, толғанып, ауыр күрсініп алды. Сол бір жылдары «Елбасына күн туған, ер етігімен су кешкен заман еді ғой»- деп бастады әңгімесін. Әкемнің ағасы менің өз әкем Сыдық ортаншысы кіші әкем Егіз үшеуі де қайтыс болып, шешемнен де ерте жетім қалыппын. 1928-1932 жылға дейін халқымызда, кеңес үкіметінің қолдан жасалған саясатымен аштық жайлағаны тарихтан белгілі, сол жылдары менде ата-анамнан айырылыппын. Мәкей сол кезде Қарасу ауылынан (қазіргі Еңбек) балалар үйін ашып, 150 ден артық баланы ауыл-ауылдан өз ат арбасымен жинап әкеп балалар үйіне баққан еді. «Иесіз қалған жетімдердің бірі мен едім»- деп, терең күрсінді академик Жүрімбек Сыдықов атамыз. Мен Мәкейді көргенде тура Абайды көргендей болушы едім. Мен Абайды көп оқыдым. Мәкей кіріп келгенде тура тып – тыныш болушы еді. Мен Мәкейді тура Абайдың қатарына қоя аламын. Ол ұстаздың бірі емес, бірегейі еді- деп екі қолым алға созды, сол қаншама жетімдердің панасы болған, қорғаны болған солардың жоқ заманда тамағын тауып, асырап оқытқаны әлі күнге дейін мені таңғалдырады деп күрсінді. Ол кезде Мәкей деп бір адам атын атай алмайтын. Ол кезде мен ол кісіге жақынырақ болғаным, менің жазуым жақсы болып, класта өте жақсы оқыдым. Сол кезде кіріп келіп, Сыдықов жүр деп апарып құжаттарын жазғызатын. Одан кейін де оның баласымен де жақсы дос болдым. Сондықтан да мен ол кісіге мен өте жақын болдым.

Академиктің осы сөзінен-ақ Мәкейдің Алатаудай атағы бар екені, теңіздей терең білімі бар, алтын-жүрегін жетімдерге арнай білгені мені де ерекше толғанды. Еліміздің Премьер-министр болған, қазір қауіпсіздік комитетінің бастығы Карим Масимовтың әкесі Қажымқанның әкесі Мәсімді оқытқаны, жетім қалған жерлерінен алып келіп, осы балалар үйінде тәрбиелеп баққаны туралы да осы академик атамыз әңгімелеп берді.

Мәсім ата Жүрімбек Сыдықов академикпен бірге бір класта оқыпты. Мәсім менен 2-3 жас үлкен деді. Ол кезде 3-4 жас үлкен 3-4 жас кіші балалар бір класта бірге оқи беретін деп толғанып отырды. Кәрім Масимов сол атасы Мәсім оқыған мектепке тік ұшақпен 2010 жылы қыста ұшып келіп, өз көзімен атасы оқыған мектебін көрген еді. Ол мектеп 1925 жылы ағаш бөренеден салынған. Сол кезде ауыл тұрғындарының алдында уәде берген. 2012 жылы заман талабына сай үлкен 2 қабатты мектеп салып берді. Мәкей 1952 жылы қайтыс болғанда атам Қапаш әжем Зияда өз қолдарымен жерлескені жөнінде өз әкем Бекболаттан талай естідім.

Тағыда осы зерттеуімді жалғастыра отырып, Сарқан қаласынан Мәкейді көзі көрген 91 жастағы Сара әжейді таптым. Сара әжей: Ол кезде жас келін едім, атам Зақанның үйіне талай рет келіп, әңгімелесіп отыратын, мен шәй тамағын беріп отырып, атам екеуінің әңгімесін естігенмін. Бұл Мәкей балалар үйінің директоры болды, Ілияс Жансүгіровтің жақсы үзетгелес жолдасы болған. Өте жұмысқа адал, қаншама жетімдерді жинап әкеп, тамағын тауып, оқытып бақты. 30 жылдары қандай қиыншылық заман еді. Ол нәубет қайта келмесін»-деп терең ойланды.

Ілиястың жақсы дос болғанын академик те растаған еді. 90 жастағы Төлеухан әжейде, Сарқан қаласында тұратын 90 жастағы Рамазан қария да осы көп дерекке дәлел сөздерменен растады. Осы кісілердің барлық айтқанын бейне таспаға түсіріп алдым және 1 айдан артық мұрағат құжаттарын ақтарып, Мәкей Еркінбековтың Ақсу ауданының білім бөлімінің басшысы болғанын таптым. Қарасу балалар үйінің директоры болғаны да осы мұрағат құжаттарынан табылды (негізгі қор 88 т. 8ж, іс 1, бет 29) ол жылдардағы құжаттардың барлығы латын әліпбиінде жазылыпты. Мұрағаттан құжаттарының толық көшірмелері алынды.

Бір ай шамасында мұрағат құжаттарын іздесуге қол ұшын созып, көмек көрсеткен, Ақсу ауданының мұрағат директоры Мейрамбекова Гүлшат әпкемізге алғысымыз шексіз, көп- көп рахмет.

Осы қилы заманда 30 – жылдар ішінде қаншама Қазақ зиялылары ит жеккенге айдалып кеткені, атылғаны тарихтан белгілі. Сол заманда –ақ өзінің адал қызметінің арқасында, жерде 1 жетімді басынан сипасаң, көкте 70 періште қуанады деген қағиданың дәлелі болғандай, ол кісінің еңбегін сол кезде-ақ үкімет бағалағаны да осы мұрағат құжаттарынан табылды.

1946 жылы 24 Июльде «пред. исполкома Аксуского райсовета депутатов трудящихся» Кусаиынов Максутхан өзі осы атақты қолымен табыстаған екен. Сол қиын заманның өзінде жоғарыдан мынандай атақ келген «От имени Президиума Верховного совета союза СССР вручены медали за доблестный труд в Великой Отечественной война 1941-1945 год по аппарату, коллективу исполкома, Райсовета и райкома (КП/бк) Хозяйственный организаций и аулсоветов».

Тағыда Ақсу ауданы бойынша бірінші болып «Республикаға еңбегі сіңген мұғалімі» деген атағы да сол 40 шы жылдардың ішінде алуы, және де бірнеше Қазақ ССР- нан грамоталарын алуы осы кісінің сол кездегі адал еңбегінің дәлелі. Тарих беттерін ашып, жер қойнауынан жарыққа шықса екен деген ниетпен мақаланы жазуыма тура келді «Ұстанның істеген заты қалады, жақсының жазған хаты қалады» деген еді дана халқымыз. Әкем Бекболатты қаншама жылдар бойы қынжылтып, өзегін өртегендей болып жүретін түйнекті шешетіндей сәт жақындағандай сияқты. Бұл Мәкей Еркінбековтың алтын сүйегі Еңбек ауылында, біздің үйден 300 метрдей жерде мал астында тапталып, қабірі қоршаусыз жатыр. Қанша қиын да, қилы заманда жетімдерді бағып, балалар үйінің директор қызметін атқарып, Ақсу ауданының білім бөлімінің басшысы болып, еңбегі ерекше сіңген осы адамның осылай қараусыз, елеусіз жатуы елдігімізге, ер азаматтығымызға лайық емес –ау. Бұл кісінің тағы да айтар тарихы бар.

Мәкейдің руы Төре. Әкем екеуіміз 1 ай айдай іздестіріп, сұрастырып Қаскелеңге, Талғарға, Қапал маңына барып Талдықорғаннан сұрастырып, ақыры іздеген жетер мұратқа

дегендей Алматы қаласынан Төре руларының шежіресін таптық. Алматы қаласында Айтмұхамбет деген төреден табылды.

Бағымызға орай, сол шежіреден Мәкей Еркінбеков тайға таңба басқандай болып, ішінен шыға келді, қуанғанымыз соншалық түгел ұялы телефондарға түсіріп алдық. Мәкейдің түп атасы 1465 жылдары Таразда Шу бойында алғаш Қазақ хандығын құрған Керей - Жәнібек болса, сол Жәнібек ханнан тарайды екен. Ал енді сол шыққан тегіне бір тоқтала кетейін. Жәнібек ханнан – Жәдік хан – Шығай хан – одан Қайнаркөшек – Саңқай – Құдайменде – Тұрсынхан.

1. Тұрсынханнан – Көшек хан, Барақ хан, Ескендір.
2. Көшек ханнан - Әділ, Мамырхан, Абылайша, Саңқай, Санияз.
3. Мамыр ханнан – Кәшіке, Қасым, Нұралы, Ежен, Дәуіт, Есім, Алмас, Уали, Құдайменде, Тәуке.
4. Еженнен – Құдайменді, Сығай, Әбділда.
5. Құдаймендіден – Атыхан.
6. Атыханнан – Белжан, Еркінбек, Сейлхан, Ыдырыс, Бабақұмар
7. Еркінбектен – Уәлихан, Сыдық, Мұқан, Мәкей, Баймағанбет.
8. Мәкейден – Шаймерден, Төле, Әнет, Шора.

Өз балалары өзінен бұрын қайтыс болған, Әнет баласы өз қасында жатыр. «Текіден текті жаратылады» - деген, арғы атасы алғаш қазақ хандығын құрған Жәнібек болса, Қазақтың соңғы ханы Кенесары да төре. Сол тектілігіне тартып, Мәкей де соңғы өміріне дейін осы қазаққа, өз еліне, жеріне еңбегін сіңіре білді. «Төремін» деп бөлінген жоқ, жаны жас жетімдермен бірге болды.

1928-1932 жылдары халықтың басына қара бұлт үйіріліп, аштық келген кезде үрейі қашқан ел тігулі үйін, жинаулы жүгін тастап, аударып отырған құран кітабы ашылған қалпында, отының шоғы шашылған қалпында бір түнде шекара асып жатқан кез екен. Сол қайғы қасіреттің қатты ағысына қарсы жүзген, Мәкейдің еңбегі ерекше екені белгілі. «О, тәңірім-ай! Талай қазақты талқысына салған тағдырдың тар жол тайғақ кешуінен таймай өтіп, талай жетімдердің тағдырын, тауқыметін бірге тартқан тарлан екен – ау» - деп әкем қатты күрсініп алды. Ауыл түбіндегі қараусыз, қоршаусыз қабірі, ауылдың малын үстіне иіріп қойып, төмпешігіне дәрет сындырып тұрған жас балаларды көргенде «Менде сендердей болғанмын, сендер де мендей боларсыңдар» - деп қабір астынан дауыс естіліп тұрғандай сезіледі.

Облыс басшылары қолдаса, адамгершіліктен арыла қоймаған аудан әкімдері жақсылығын жалғаса, асыл азаматтарымыз аз көмегі болса да арнаса, ардақты азамат болған Мәкейдің алтын сүйегі бір аунап, жарқын бейнесі жарыққа шыққан болар еді - ау. Ақсу ауданының мектептерінде жас ұрпаққа тәрбие болып, жыр мүшәйралар, ашық сабақтар, тәрбие сағаттары, конкурстар, мәдени шаралар өтіп жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Ел басымыз Н.Ә Назарбаев «Мұғалімдер мәртебесін көтеру керек»- деген еді. Жылына бір рет ұстаздар күнінде ауыл мектебіндегі мұғалімдер қабіріне барып, оқушыларды апарып, гүлшоғын қойып, оқушыларға өнегесін айтып, өмірін балаларға арнағанын түсіндірсе, сол үшін ұстаздың еңбегі мен ұлағатына бас иеміз десе ұстаз мәртебесін көтерудің бір қыры осында емеспе. «Ағаш ағаштан тәлім алады, адам адамнан тәлім алады»- деген халық қағидасы осыған лайықты-ау, сірә.

Тағы да айта кетерім, осы Мәкейден білім алып, балалар үйінде тәбиеленген, қазақтың маңдайына біткен ақтаңгерлері, оза шапқан қасқаларының біразын атап өтуге болатын шығар. Жүрімбек Сыдықов Қазақ Ұлттық академиясының академигі, Қорғанбаев Бейсебек ата қанша жыл Ақсу ауданының білім бөлімінің басшысы, Аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы, Ақсу ауданының құрметті азаматы болғаны Мәсім атамыздан Карим Масимовтай Премьер-министр шығып, Сүлейменов Иманбек Ұлттық академияның профессоры болуы, Нұрмұханбетов Бекмұханбет «алтын адамды» тапқан атақты археолог, Құдайбергенов Қалижапар үкіметке еңбегі сіңген ақсақал тағы басқалары осындай адамдардың Мәкейдің алдынан білім алып шығып, қазақтың бетке ұстарлары болғаны жайдан - жай емес шығар.

«Әр сөздің айтылатын мәнісі бар, Сөйлемес бұрын алдымен танысып ал» дегендей осы зерттеудің барлығын көзі көрген қариялардан жазып алдым. Осы кісіден білім алған балалар үйінде болып, аштықтан алып қалған адамдардың ұрпақтары қазір өсіп-өніп отыр. Көкірегі ояу, көзі ашық, әке –шеше аруағын сыйлағандар бар болса, сол қиын кездегі қаптың түбі қағылып, қара қазан қоңырсымай қалған ашаршылықтан ата бабасын аман алып қалып, ұрпақтарын осы бақытқа жетуіне бірден бір себепкер болған Мәкей ұстазына құрмет жасап, басына қоршау, белгі тас қою қажет.

1940-1950 жылдар арасында балалар үйі жабылғанда, жетім балаларды туған –туыс жамағайындарын іздеп тауып табыстапты. Ешкімі жоқтарды баласы жоқ адамдарға беріп, арттарынан жиі -жиі барып қарындарының аш тоқтығын тексеріп, жағдайларын біліп тұрыпты.

Осындай мейірімі мол, пейілі кең, алтын жүрек, Алатаудай тұлғасы биік, айбынынан айдыны артық болған, білімі теңіз, бір туар асыл ұстазды құрмет тұту өзінің Еңбек ауылында ғылыми конференция өткізіп, атын жарыққа шығару ақсудағы ел-жұртымен әр азаматына үлкен сын. Талдықорған қаласынан Абдрасыл, Абылхайыр төрелердің телефон номерлерін тауып, сөйлескен едік. Қолдау танытатындай сыңай білдірді. Осы мақаладағы шежіреден оқып, аталас туыстары боп жатса, аталары хандық тақтан арылмаған, ата бабасынан тектіліктері жойылмаған ақсүйек тұқымдары төрелер болса, Мәкей төренің басына қошау қоюға азағана болса да үлестеріңізді қоссаңыздар екен. Мұқағали ақын айтқандай «шаң басқан архивтерден табылармыз» сөзінің тағы бір дәлелін қайталағандай болдым. Бұл сауапты іс болғанмен, жауапты іс болып тұр. Мәкей аруағы бәріңізге риза болғандай болсын. Алдағы уақытта жақсылық пен сәттілік болғай.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1983, 231 б.
2. Сабын – І.Ж. Поэмалар мен өлеңдер, Алматы, Жазушы, 1994, 230-231 б.

ӘӨЖ 811. 512. 122.

І.ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН СИРЕК ҚОЛДАНЫЛАТЫН СӨЗДЕР

Дармишева Н.Е., Асыллова Р.О.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ,
darmisheva @list.ru

Мақалада *І.Жансүгіров* шығармаларында кездесетін сирек қолданылатын сөздер қарастырылады. *І.Жансүгіров* шығармашылығы осы тұрғыдан бағаланады да. *І.Жансүгіров* шығармаларында, атап айтқанда, поэзиясында қазіргі таңда мағынасы күңгірт, түсініксіз сөздер ілуде – бір кездеседі. Олардың бәрін көнерген сөздер немесе диалект сөздер деп түсінуге болмайды. Тілдік қорымызда бар, бірақ сирек қолданылатын сөздер қатарына жатқызамыз.

Кілттік сөздер: ақын шығармашылығы, сөздер қарым-қатынасы, диалект сөздер, түсініксіз сөздер, көнерген сөздер.

В статье рассматриваются редко используемые слова в работах И. Жансугурова. С этой точки зрения оценивается творчество И. Жансугурова. В работах И. Жансугурова, в частности, в его поэзии встречается одно из самых очевидных, необъяснимых слов. Все они не могут быть поняты как архаичные слова или диалекты. Мы перечислены в качестве одного из редко используемых слов в нашем языковом фонде.

Ключевые слова: творчество поэта, отношения, диалекты, непонятные слова, архаичные слова.

Ақын шығармашылығы – күрделі құбылыс. Шығармада шығармаға арқау болған оқиға, кейіпкер, суреттеу, баяндау яғни оның тілі, кейіпкерді «сөйлету» мен авторлық «әңгімелеудің» түрлі амал-тәсілдері бар. Шығарманың шынайылығын да, көркемділігін де көрсететін – оның тілі. І.Жансүгіров шығармашылығы осы тұрғыдан бағаланады да. І.Жансүгіров шығармаларында, атап айтқанда, поэзиясында қазіргі таңда мағынасы күңгірт, түсініксіз сөздер ілуде – бір кездеседі. Олардың бәрін көнерген сөздер немесе диалект сөздер деп түсінуге болмайды. Тілдік қорымызда бар, бірақ сирек қолданылатын сөздер қатарына жатқызамыз. Екіншіден, ақынның ана тілінің бар байлығын сарқа пайдалана алған шеберлігі деп білген жөн. Мысалы, «Ұршық» өлеңіндегі «Оймышты ұрқат, ырғай сап, Ұршығым, сені қолға алам» жолдарында «ұшқат», сөзін түсіндірейік. Ұшқат – ұсақ жапырақты қара қошқыл түсті бұтағы бар өсімдік. Ұршықтың сабы осы аталған бұтадан немесе ырғайдан, яғни тобылғы тәрізді топтасып өсетін, қоңыр сұр қабықты жіңішке бұтадан жасалған. Осы өлеңде «Қыла ма жалқау жарлылық, Қылмаса ділгір жүн азы» жолдарында «ділгір» сөзі бәрімізге таныс емес. Ділгір – мұқтаж, зәру, қат деген мағынаны білдіреді. Сонда әңгіме иірілетін жүннің аздығы мұқтаждық туғызадындығында болып отыр. Ақын «ылат» сөзін жиі қолданады. Мысалы: «Жүдеу жүректе» өлеңінде: «Былапыт. Ылат. Былжыр күз». «Көңілдің жүгірісінде»: «Кейде қайғы, кейде шат, Кейде тұнық, кейде ылат. Кейде қорқақ, кейде өжет, Кейде тірі, кейде өлет». Өлең сөздерінің мағынасына қарай бұл сөзді «лай», «лайсан» мағынасында қолданған деп түсіну керек. «Дала» поэмасында: -Хурият та! Хурият! Құрылтайға бармақпыз! Ұсынбақпыз шарият Мүфти, қазы, хазірет! Құрылтайдың шарына, - деген шумақ бар. Бүгінгі тіл тұрғысынан «хурият» сөзі – түсініксіз, қолданылмайды, бірақ ол әдеби тілімізде бар сөз, ұрият- бостандық, еркіндік, теңдік мағынасында жұмсалатын сөз. Немесе, «Ауған, Қытай қайда?» деп, Қызыл табан болды үркін». Түсінігі көмескілеу сөз – «үркін». Байырғы қазақ сөзі. «Үрік» – етістігінен туған зат есім. Мағынасы – жаудан үріккен, зорлық-зомбылықтан қашқан ел дегенге саяды. Ақынның «Шым-шытырық», «Қалпымыз» өлеңдерінде «жансар» сөзі қолданылады. «Бозбала аусар, Ақылы жансар. Қартаймастан алжиды» (Шым-шытырық). «Аусар- алаң, Жансар- жаман. Қашан жан боп түзелер?» («Қалпымыз»). Сөздікте «жансар» сөзіне мынадай түсінік беріледі: шала, мардымсыз, болмашы, әлсіз.

Ауызекі тілде бұл сөз шала-жансар түрінде қолданылады. Шала-толық емес, пісіп жетілмеген, шикі деген мағынаны береді. Ақын алғашқы өлеңде ақылы толмаған кем мағынасында, екіншісінде әлсіз мағынасында қолданған. Тағы бір назар аударарлық сөз «алаң». Алаң – беймазалану, әбігерлену деген мағына беретін сөз. Ақын болса, «алаңғасар» сөзінің орнына қолданған. «Құлагер» поэмасында да назар аударарлық сөздер бар. «Қайт болып қара күшпен меселдесі, Халықтың қайғыда өткен нешен досы. Адамнан, айналадан, күйіркеден, Бой тартып, ел ішінен жиіркенген. Серіні «пері» деген қалың қауым, Не ғылсын, бір мақсымды қудалай ма?». Қазақ тілінің 10 томдық (ҚТТС) түсіндірме сөздігінде меселде з.е. – көңіл, пейіл; күйірке – сырластық, мұндастық; мақсым – дін оқуының шәкірті, білімді, есті деген түсінік беріледі. Берілген түсінік бойынша оқылғанда, өлең жолдары әлдеқайда түсінікті бола түседі. Оқырман түсінігіне ауырлау, анықтамалық не сөздіктер негізінде ғана түсінуге болатын сөздердің болуының өзіндік себебі бар. Бұл, біріншіден, біздің байырғы сөздерімізді толыққанды қолданбағандықтан көмескіленген, сирек қолданылатын сөздердің пайда болуының айғағы. Екіншіден, І.Жансүгіров ана тілінің уақыт қыртысында, жаңа қолданыстар көлеңкесінде қалып бара жатқан сөздерге жан бітіруінің айғағы деп білеміз. Мәселен, «Қыс мезгілінде»: «Сырты ажарлы, іші-жау, Тәрізді жаман тамақсау. Азығы, шөбі аздағға. Құлқынды қожа, - Жинақты жылпың шаруаға, Жем, шөбі көп қораға, Қожаның аузы ораза», - деген шумақ бар. Шумақтағы қожа – қыс. Түсінігі ауыр сөз – оңаза. «Оңаза» сөзінің екі мағынасы бар: 1. Қомағай, ашқарақ, тамақсау; 2. Ауыспалы. Ыңдыны құрыған, аңсары ауған. Өлең жолында «тамақсау» сөзі бір рет қолданылған, сондықтан сөз қайталамас үшін осы сөздің сирек айтылатын синонимі – «оңаза» араны ашылған мағынасында қолданылған. Шумақтағы «жинақты» сөзі – «жинақы» болуы керек. Себебі «жи» түбірінен тарайтын түбір сөздерде «жинақты» кездеспейді. Әрі «жинақы» сөзінің ұқыпты деген мағынасы «жылпың» шаруаға үйлесімді. «Мәйек» поэмасында мәуірттеніп, «Рүстем қырғынында» деркері (қанішер), «Далада» инаяттап (ластап), жеменгер,

кеуір (кәпір) сөздеріне түсінік беру қиынға соғады. «Қалпымыз» өлеңіндегі «Киіңкі көңіл, қу үміт, Пәреге басты бір сүңгіт» жолдарындағы «киіңкінің» мағынасы - киіп-жарып кететін, кимелегіш. Ақын бұл сөзді ауыс мағынада, яғни алға жетелеген, ұмтылған деген мағына үстегісі келген деп түсінген жөн. Оқырманға түсінігі қиын сөздер болып есептелгенімен, ана тіліміздің сөздік қорында бар әдеби тіл үлгісі саналатын бұл сияқты сөздер мен сөз тіркестері - Ілияс ақынның ана тілі мүмкіндіктерін барынша әрі орынды қолдана білген шеберлігі.

Жазушының роман беттерінен де бұрын-соңды кездестірмеген әрі түсіндірме, диалектологиялық сөздіктерде мән-мағынасы берілмеген сөз, сөз тіркестерін кездестіруге болады: Мұғамаланы да шұқылап, мұғамала болып, шөлкемдеп, бақыршылығым, өңшең сұңқадам қойлар, бұрақ қой, дөмбірдей ақ үй, үрпісі ұшып кетті, былқамыр өлеңдер сияқты сөздердің қайсысы жергілікті, қайсысы көне сөз, қайсысы әдеби тілге ену мүмкіндігі бар сөз екенін ажырату мүмкін емес, олардың мағынасы контекст арқылы ғана аңғарылатын сияқты. Сонымен қатар, қазіргі кезде көнерген сөздерге жатпайтын, бірақ сирек қолданылатын сөздер арақидік болса да кездесіп отырады. Мәселен, рамат ақша, раматына төлерлік тіркестеріндегі рамат –түтін салығы деп түсіндіріледі ҚТТС-де, сол сияқты қырсау – шабан, кежер, жалқау. Бада – қалың тұтасып өскен тоғайлы жер, бұта. Тұғыр (дай) – мініске төзімді, жабы тұқымдас жылқы; жұмыс көлігі. Құйқалақ – мал сойғанда төстің үстіңгі жағындағы етті терісімен қоса кесіп алып, отқа қақтап пісірілген тағам. Дүмі– бір заттың арты, түп жағы. Қамырықты – мұңлы, шерлі, қажығыңқы. Сүле – селқос, немқұрайды, үстірт. Әреке – бүлік, лаң сөздерінің осындай түсініктері бар. Шығармаларда аталған сөздер бірде тура, бірде ауыс мағынада қолданылғанын байқауға болады: «Бұрынғы ерқашты болып көп мінілген тұғырдай аяғын баспайтын қырсау қойшы енді көңілденіп кетіпті. Қой ыстықтан солықтап, жазылып жайыла алмай, көбінесе үйездейді, бадал-балды (тоғайлы жерді) сағалайды». «Жігіттер лақты өздері сойып, отқа құйқалағын (қақталған тамақ) пісіріп, өз қолдарынан асып түсіріп, жасап жесті». «Бұлар дүмін көтерместен отырып қалды. –Неше арба топырақ шығардың? – деп сұрады. –Екеу, - деп Мардан сүле сапа (мардымсыз) айта салды». «Базарда халық толы... Сөйтсе де сауда сүле-сапа». «Пристаньдағы жұмыскерлердің арасын әреке алайын деді» (Ж).

Түсінігі бүгінгі оқырманға қиын тиетін сөздер қатарын төмендегі сөздер толықтыра түседі: «Аймалап ақ танауын жалбыз кеулеп иіс кеуілжірден ойға түсті: «Жұлындың жүрегімнің жұмсауымен, Жалбызым, жүрек күшті, тағдыр күшті (Мақпал). «Алыста қара қарға қарқылдайды, қылғандай сайқымазақ түнгі шылжың. Жігіттер Әзірейілдің саусағындай, Ешбірі мизер емес бейлі жібіп. Шетінен Шоқай түсті қыл шылбырға, Қылғынтып қыл мойынға тақты (Рүстем қырғыны). «Елді сордың Мұқан бай, Кершеуледің мұқалмай... Ақсүйегі алаштың, Айдалсаң бірге жыластым. Керт басыңа көзігіп, Кәнпескеге ілінген» (Кәнпеске). «Машинаға мәуірттеп, Бейнетінді жеңілтпек. Қыр жусады тымжиып, Майдалады малалап. Әркімдікім деселеп, Бас-басына еселеп, Өзді-өзіне береміз. Аспан аптап, шыжып күн, Жер қуырған қамбаз түн (Мәйек). «Кетгі дала саңғырып, Бұлар шапқан шалғыға. Әлді, әлсіз сорлыны. Жебе сауған жеменгер (Дала). «Би емес, бұзылғанның қуатысың, Тентектің телі менен суатысың. Ел болсаң тентек қайда? Билік қайда? Жүрсіндер Әлімқұлдың мияты үшін (Күйші). Қарашаш деді: «Ізінмен бәрің де қайт, Әділ кел, Әлімқұлға болмай мият. Ақбоз ат белдеудегі күн таласып, Шыралжың шырт-шырт етіп жанды отауда. Кетіпті буған жыны бойдан сергеп, Бар шығар осыған бір күшті себеп (Күйші). «Құрыштан өзін үртіс құйған кеме. Миллион мал, миллион күш тұрған кеме. – Тез, жылдам жүкті алуды басқарыңыз! Кетуге кәдік болды теңіз тартып. Мұз Мұхит... Кеме ғарық, тәртіп қандай, шуламай, аспай-саспай, бытырамай, тез, тыныш, түгел дәлдеп қимыл салды, Бейне бір зор машина қозғалғандай, Қоналқаны тазалап, көптен күткен халықтар, Қуанысты қарсы алып. (Жорық). «Адайлар өңірінде Атыраудың, Бұйра құм, бура құмдар зәугім-зәугім (Көбік шашқан). «Қалың қол қарай қалды екі аттыға, «Кім бұл, - деп жүрген жабал бей уақытта?» Батырым, біздерде де бар таудай талап, Оқ берсең, біз де атамыз жауға қарап; Нармәті наркескеннің біз де бірі, Шіреніп тарта аламыз сірі садақ» (Исатай) [1]. Енді осы сөздердің мағынасын ашып, түсіндіріп көрелік.

Кеуілжір – Мұрын қуысындағы нәзік шеміршекті, торланған кеужір сүйектің жұқа қабықшалары, кеңсірік қуысының жоғарғы жағында болатын жұмсақ шеміршек. Мизер –

қаперіне алу, елеу. Шырға – бұғалық. Кершеуле – 1. Турау, қазу, үңгу. 2. Ауысп. жарық сызатты қиюластырып бекіту, құрсаулау. Илияс ақын осы тұста сөздің ауыспалы мағынасы құрсаулауды қолданған тәрізді. Малалап – түбір сөз – мала. Жыртылған жердің топырағын майдалау үшін пайдаланылатын қарапайым құрал. Шумақтағы мағынасы – маламен майдалау, ұсақтау. Керт – сүйенер ешкімі жоқ, жалғыз өзі. Қамбаз түн – тымырсық, тымық. Саңғырып – саңғыраған дауыс. Жеменгер – елді қанап-сорушы. Үртіс – шұғыл, жылдам. Сырма – қарлы борасын, сусымалы бұрқақ. Мәуірттеп – 1. Белгілі бір уақыт, кезең, мезгіл. 2. Дәурен, шақ. Ғарық – суға батты, су апатына ұшырады [2]. Мият – көңілге медеу, тірек, сүйеніш. Алынған мысалда бұл сөз 2 рет қолданылып, Әлімқұлдың сөзін сөйлеуші, шашбауын көтеруші мағынасында жұмсалған. Кәдік болды – 1. Күмән, шүбә, күдік. 2. Қауіп, қатер. Қоналқа – қонып шығатын жер, түнейтін орын. Аталған сөз «Жорықта», «Исатай» поэмасында көрсетілген мағынада және ұшақ қонатын жер, айлақ мағынасында қолданылады. Зәугім сөзі – біздің ойымызша, зәулім яғни биік деген мағынадағы сөз. Шумақтағы ойға байланысты сөз техникалық қатемен жазылған деп те қарастыруға болады. Жабал – не ғып. Бұл сөзге ақынның өзі осындай түсінік береді. Деркері – қанішер. Инаяттап – ластап. Кеуір – кәпір. Трюм – кемеңнің двигатель орналасқан, жүк қоятын астыңғы бөлімі. Шыралжың – шашағы нәзік, күлтелі, көпжылдық өсімдік. Дүкер – зәру, мұқтаж. Мият – медеу, сүйеніш. Тұғыр – мініске төзімді жабы жылқы. Албыртсынған – аңғырт, есер. Сердебе – 1. Бірнеше үйдің адамдары бірігіп мал сойып жеу, бас қосу салты. 2. Сейіл, серуен. Сердебелеу – шашылу, үріп ішіп, шайқап төгу. Теке жаумет – асыл тұқымды түркімен жылқысы, ақалтеке. Аужар – о жар, аужар мінезді. Телі – ақымақ, тентек, сотанақ. Қазір лексикада телі-тентек қос сөз түрінде кезігеді. Суат – 1. өзенің, бұлақтың мол суаратын жері. 2. Ауысп. көзі, бастауы, арнасы ұшқыр. Сырмай – оңай кебетін өсімдік майы, олифа [3].

Қорыта келгенде, қаламгер шығармаларының лексикасы ана тіліміздің сөздік қоры мен құрамына енген сөздерді қамтиды және қазіргі қарым-қатынас тілінде қолданылмайтын көнерген сөздер мен түсінігі қиын сөздер І. Жансүгіров туындыларының шынайылығын түптей түсетіні анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жансүгіров І. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазықұрт, 2005
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2005. VII том.
3. Уәли Н., Құрманбайұлы Ш. т.б. Қазақ сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2013.

УДК 35.2428

ТЕСТЫ И ЗАДАЧИ В ЭЛЕКТРОННОМ УЧЕБНИКЕ ПО ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ МЕХАНИКЕ

Есетқызы Ж.

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган,
zhuldyz941@mail.ru

В этой статье представлено, что в Казахстане и за рубежом увеличился спрос на образовательные услуги, зачастую предоставляемые параллельно с профессиональной деятельностью. При этом особую значимость приобретает дистанционное обучение, базирующееся на использовании сети Интернет. Так же показываем наглядный пример тестов и задач в электронном варианте. В наше время ведущие вузы страны серьезно занимаются созданием дистанционных обучающих средств, в том числе по теоретической механике.

Ключевые слова: теоретическая механика, тесты, задачи, электронный учебник, мультимедиа, компьютерные средства обучения.

This article shows that in Kazakhstan and abroad demand for educational services, often provided in parallel with professional activity, has increased. In this case, distance learning, based on the use of the Internet, acquires special significance. Also we show a clear example of tests and tasks in the electronic version. Nowadays, the leading universities of the country are seriously engaged in the creation of distance learning aids, including theoretical mechanics.

Key words: theoretical mechanics, tests, tasks, electronic textbook, multimedia, computer training tools.

Бұл мақалада Қазақстанда және шетелде білім беру қызметтеріне деген сұраныс көбінесе кәсіби қызметпен қатар қамтамасыз етілген. Бұл жағдайда Интернетті пайдалану негізінде қашықтан оқыту ерекше маңызға ие болады. Сондай-ақ біз электронды нұсқадағы сынақтар мен тапсырмалардың нақты үлгісін көрсетеміз. Қазіргі уақытта еліміздің алдыңғы қатарлы университеттері қашықтықтан оқыту құралдарын, соның ішінде теориялық механиканы құрумен айналысады.

Кілттік сөздер: теориялық механика, тесттер, тапсырмалар, электрондық оқулық, мультимедиа, компьютерлік оқыту құралдары.

В настоящее время в Казахстане и за рубежом увеличился спрос на образовательные услуги, зачастую предоставляемые параллельно с профессиональной деятельностью. При этом особую значимость приобретает дистанционное обучение, базирующееся на использовании сети Интернет.

Характерными чертами дистанционного обучения через Интернет являются: возможность одновременного доступа к учебной информации большого количества студентов в удобное для них время; общение студентов через компьютерные сети друг с другом и с преподавателями; индивидуальный подход к конкретному студенту; равные возможности получения образования независимо от места проживания, состояния здоровья, социального статуса.

Наряду с традиционными информационными ресурсами для обеспечения процесса дистанционного обучения используются следующие средства: специализированные учебники с мультимедийным сопровождением, электронные учебно-методические комплексы, электронные учебники, компьютерные лабораторные практикумы, контрольно-тестирующие системы, что позволяет сделать процесс обучения и контроля знаний более удобным для преподавателя и для студентов, а также включить новые элементы обучения. Ведущие вузы страны серьезно занимаются созданием дистанционных обучающих средств, в том числе по теоретической механике.

Например, в одном зарубежном университете создана система, предназначенная для использования в учебном процессе посредством сети Интернет. Одной из составных частей системы является учебно-методический комплекс по теоретической механике. Компьютерное обучение с использованием системы дистанционного обучения состоит в изучении разделенного на модули теоретического материала по электронному учебнику, в тестировании по материалу каждого модуля в режимах самопроверки и контроля (тесты с выбором ответа), а также в наработке практических навыков решения задач по электронному задачку в сочетании с выполнением контрольных работ.

Среди компьютерных обучающих средств, ориентированных на работу с ними посредством сети Интернет, можно назвать дистанционную обучающую систему по теоретической механике. Система выполнена в виде электронного интернет-учебника комплексного методического назначения (свидетельство № 2004612620 об официальной регистрации). Разработаны две версии электронного Интернет-учебника по теоретической механике: дистанционная и локальная.

Дистанционная версия предполагает работу посредством глобальной информационной сети Интернет и обеспечивает дистанционное дифференцированное

обучение, дистанционную разработку учебника в сети Интернет, формирование общего массива элементов знаний по механике, создание на основе сформированного массива знаний по механике базы данных для новых курсов по разделу «Механика».

Локальная версия предназначена для работы на автономной машине. Одной из важнейших компонент электронного учебника по теоретической механике является программное приложение «Тесты и задачи», содержащее набор заданий для самостоятельного решения и проведения промежуточных и итогового контролей знаний. Разработка содержательной части данного приложения определила классификацию видов заданий.

Выделены тесты и задачи двух типов:

1. Открытый тип - тесты, в которых ответ на каждый поставленный вопрос обучаемый должен получить и записать сам.

2. Задания открытого типа классифицируются следующим образом:

1.1. Задачи с подсчетом значения. Практические задания в области технических дисциплин всегда сопровождаются значительным объемом вычислений, поэтому задачи с подсчетом значения наиболее органично соответствуют компьютерным программам по техническим предметам (при этом практически исключается возможность угадывания ответа).

Выделяют два варианта проверки вычисляемых ответов:

а) проверка численного значения конечного результата;

б) проверка численных значений промежуточных и конечных результатов.

В случае а обучаемый может решать задачу любым известным ему способом, от него требуется лишь правильное введение конечного результата. Недостатком является то, что при подобном контроле невозможно обнаружить ошибки промежуточных этапов вычислений и указать их обучаемому.

Введение контроля промежуточных результатов (вариант б) без усложнения работы компьютерной программы возможно, если разбить задачу на ряд шагов, на каждом из которых проверять правильность ответов.

1.2. Задачи с вводом ответа в виде алфавитно-цифровой информации (в качестве подобных заданий могут быть предложены также вопросы качественного типа). Задачи с вводом ответа в виде формулы.

Закрытый тип - тесты, в которых на каждое задание или вопрос предложены варианты ответов, и задача тестируемого - выбрать один или несколько ответов из предлагаемых вариантов. В качестве заданий закрытого типа могут быть предложены задачи следующих видов:

2.1. Задачи с выбором ответа. Контроль знаний студентов путем предоставления им выбора ответа из нескольких заранее подготовленных вариантов является на сегодняшний день наиболее распространенным. Это объясняется простотой подготовки наборов вопросов и легкостью проверки ответов. Основной недостаток выборочных ответов - вероятность угадывания правильных ответов - можно смягчить, предлагая на выбор не два-три ответа, а большее число вариантов.

В свою очередь, задачи с выбором правильного ответа включают в себя:

2.1.1. Задачи с возможностью выбора только одного правильного ответа (например, ответа типа «Да/Нет» или «Один правильный ответ из нескольких возможных»). Среди задач этого типа в отдельную категорию выделяют так называемые задачи на сравнение. Задачи на сравнение могут быть решены без формул и расчетов, путем строгого логического рассуждения. При этом необходимо глубокое понимание сути происходящих явлений, знание основных положений (аксиом, терминологии, законов, теорем, принципов) теоретической механики. В затруднительных случаях можно решить любую из сравнительных задач традиционно, аналитически, как задачу на вычисление, и, получив бесспорный ответ, задуматься и найти логическое решение [6]. Пример. Сравните скорости U_A , U_B точек А и В катящегося без скольжения ступенчатого диска (рис. 1) и выберите правильный вариант ответа: I

Рис. 1

$УА > УВ$; 2) $УА = УВ$; 3) $УА < УВ$.

Ответ: 2.

Недостатком такого рода задач является ограниченное число предлагаемых для выбора вариантов ответов (в случае сравнения двух величин число вариантов ответов равно трем). Этот недостаток может быть устранен введением большего числа сравниваемых величин.

2.1.2. Задачи с возможностью выбора нескольких правильных ответов.

Пример. Выбрать формулу, характеризующую модуль скорости материальной точки: 1) $d/x^2 + y^2 + 1^2$; 2) $V^2 + У^2 + 2^2$; 3) $\sqrt{Уx^2 + УУ^2 + y^2}$.

Ответ: 1, 3.

2.2. Задачи с выбором области на рисунке. Условие задачи может содержать рисунок, разделенный на несколько областей, текстовую часть. Обучаемому предлагается выбрать на рисунке изображение описанного в условии вопроса, выбрать область, соответствующую правильному решению.

2.3. Задачи на соответствие. В задачах этого типа обучаемому предлагается найти соответствие в двух списках.

Задачи с выбором области на рисунке и задачи на соответствие потенциально могут быть включены в состав приложения для контроля знаний. Использование задач названных типов будет осуществлено при расширении учебника.

2.4. Задачи с выбором последовательности действий. Задачи этого типа целесообразны в тех случаях, когда студент должен установить правильный порядок действий из списка предложенных. Задача может включать в себя рисунок, текст задачи, список действий. Решением является выбор определенной последовательности.

В состав программного приложения «Тесты и задачи» предлагаемого электронного учебника по теоретической механике входят тестовые задания следующих типов:

- «Да/Нет», п. 2, пп. 2.1.1;

- «Упорядочение списка», п. 2, пп. 2.4;

- «Многовариантный выбор», п. 2, пп. 2.1.2;

- «Ввод собственного ответа», п. 1, пп. 1.1.

Тестовые задания типов «Да/Нет», «Многовариантный выбор», «Упорядочение элементов списка» система проверяет сама и выставляет студенту оценку. Для тестов типа «Ввод собственного ответа» автоматическая проверка не реализована [7]. Каждое тестовое задание, независимо от его типа, содержит:

- условие;

- иллюстрацию (рисунок, звуковое сопровождение и т. п.);

- варианты ответов.

Для вопросов типа «Да/Нет» при разработке теста указывается, какой ответ - «Да» или «Нет» - является правильным. Для вопросов типа «Многовариантный выбор» предлагается список возможных вариантов ответов, один из которых обязательно помечается как правильный. Для вопросов типа «Упорядочение элементов списка» приводится список элементов (с указанием правильной последовательности элементов). Пути гипертекстовых переходов от стартовой страницы электронного Интернет-учебника к модулям контроля знаний для каждого учебного блока показаны на рис. 2. Приложение «Тесты и задачи» содержит 300 тестовых заданий. Количество тестовых заданий может быть увеличено.

Разработан банк заданий разных групп сложности, а также заданий, обеспечивающих межтематическое тестирование по основным разделам курса теоретической механики и итоговый контроль знаний студентов, завершивших изучение курса. Последнее позволит регулярно контролировать и, при необходимости, поддерживать требуемый уровень знаний выпускников.

Такое разнообразие представленных видов задач оправдано целью охватить как теоретические, так и практические положения курса теоретической механики для технических

вузов. Широкий набор видов заданий дает возможность формировать предметные навыки и закрепить полученные знания.

1.) Главная стартовая страница электронного Интернет-учебника
Локальная версия Дистанционная версия

2.) Дистанционная версия электронного Интернет-учебника.

3.) Окно тестирования.

4.) Работа с вопросами типа "Да/нет".

5.) _____ I _____

Общий результат работы с тестом

НОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ




Рис. 2. Схема навигации (приложение «Тесты и задачи»)

Для контроля знаний, безусловно, предпочтительнее использовать задания открытого типа, однако компьютерная проверка этого типа задач затруднительна, поэтому в приложении «Тесты и задачи» были использованы задания закрытого типа.

Рис. 2. Схема навигации (приложение «Тесты и задачи»)

Для контроля знаний, безусловно, предпочтительнее использовать задания открытого типа, однако компьютерная проверка этого типа задач затруднительна, поэтому в приложении «Тесты и задачи» были использованы задания закрытого типа.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Курганская Г. С. Система дифференцированного обучения через - Интернет. Иркутск: Изд-во ИГУ, 2000.
2. [http://termech.mpei.ac.ru/pro gram/pro gram r. html](http://termech.mpei.ac.ru/pro%20gram/pro%20gram%20r.html)
3. <http://termech.mpei.ac.ru/teaching/mechan/default.html>
4. [http:// asun .ifmo.ru/cgi-bin/ebook?bn=29](http://asun.ifmo.ru/cgi-bin/ebook?bn=29)
5. <http://proxy.uic.tula.ru/8005>
6. Локтев В. И. Сравнительные задачи и вопросы по теоретической механике. - Астрахань: Изд-во АГТУ, 1999.
7. www.hecadem.irk.Ru
8. Баяндин Д. В. Моделирующие системы как средство развития информационно-образовательной среды. Пермь: Изд-во Перм. гос. тех. ун-та, 2007. 330 с.
9. Оспенников Н. А. кандидат педагогических наук, ст. преподаватель. Пермский государственный педагогический университет.

УДК 001.894.

ПРИМЕНЕНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ СРЕДСТВ ОБУЧЕНИЯ В ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ МЕХАНИКЕ

Есеткызы Ж.

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган,
zhuldyz941@mail.ru

В этой статье представлено, что компьютерные средства обучения в настоящее время являются неотъемлемой частью учебного процесса. В современной аудитории привычная доска может вообще отсутствовать, а пришедшие ей на смену экран, проектор и ноутбук способны открыть большие возможности воспроизведения и манипулирования информацией для участников учебного процесса. Данные возможности приобретают особую ценность для учебных дисциплин, требующих демонстрации объектов в движении и пространственных изображений. Теоретическая механика - урок о механическом перемещении, безусловно, относится к количеству этих дисциплин. Впрочем как действительно и нормально будут реализованы вероятные способности находится в зависимости от компьютерных средств изучения и способа его применения на упражнениях. В связи с данным появляются надлежащие вопросы: 1. Заложены ли особенные способности проигрывания и манипулирования информацией в КСО? 2. Как эти способности эффективны, то есть содействуют ли они процессу усвоения познаний или же организации сего процесса?

Ключевые слова: теоретическая механика, компьютерные модели, методика, мультимедиа, компьютерные средства обучения.

Computer training tools are now an integral part of the learning process. In a modern audience, the usual board can be absent at all, the screen- projector and the laptop had come to replace and opens great opportunities for the reproduction and manipulation of information for participants in the learning process. This opportunities are valuable for educational disciplines that requires demonstration of objects in motion and spatial images. Theoretical mechanics - the lesson about mechanical displacement, and of course it refers to the number of these disciplines. However, how effectively and normally the probable abilities will be realized depends on the computer skills of learning and the way of using in the exercises. In this regard, there are appropriate questions: 1. Is there any special ability to play and manipulate information in CSR, 2. How are these abilities effective, so do they promote the process of mastering knowledge or organizing this process?

Key words: theoretical mechanics, computer models, methodology, multimedia, computer learning tools

Компьютерлік оқыту құралдары қазіргі уақытта оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Заманауи аудиторияда қарапайым тақтай мүлде болмауы мүмкін, оның орынына проектор және оны алмастыруға арналған ноутбук оқу үрдісінің қатысушыларына ақпараттың көбеюі мен манипуляция жүргізуге үлкен мүмкіндіктер ашады. Бұл мүмкіндіктер қозғалыстағы және кеңістіктегі суреттердің көрсетуін талап ететін оқу пәндері үшін айрықша құндылық болып табылады. Теориялық механика - механикалық орынауыстыру туралы сабақ осы пәндердің санына жатады. Дегенмен, қабілеттердің қанишалықты тиімді және қалыпты іске асырылуы компьютерлік оқыту құралдарына және жаттығуларда қалай пайдаланылатынына байланысты. Осыған байланысты келесі сұрақтар пайда болады: 1) КӘЖ-де ақпаратты ойнау және манипуляциялау мүмкіндігі бар ма?, 2) Бұл қабілеттер қалай тиімді, яғни олар білім алуды меңгеру немесе осы процессті ұйымдастыруға көмектеседі ма?

Кілттік сөздер: теориялық механика, компьютерлік оқыту құралдары, мультимедиа.

Компьютерные средства обучения в настоящее время являются неотъемлемой частью учебного процесса. В современной аудитории привычная доска может вообще отсутствовать, а пришедшие ей на смену экран, проектор и ноутбук способны открыть большие возможности воспроизведения и манипулирования информацией для участников учебного процесса. Данные возможности приобретают особую ценность для учебных дисциплин, требующих демонстрации объектов в движении и пространственных изображений.

Теоретическая механика - урок о механическом перемещении, безусловно, относится к количеству этих дисциплин. Впрочем как действенно и нормально будут реализованы вероятные способности находится в зависимости от компьютерных средств изучения и способа его применения на упражнениях. В связи с данным появляются надлежащие вопросы: 1. Заложены ли особенные способности проигрывания и манипулирования информацией в КСО? 2. Как эти способы эффективны, то есть содействуют ли они процессу усвоения познаний или же организации всего процесса? 3. Как они дают возможность улучшить процесс изучения в критериях уменьшения аудиторных часов, отводимых на исследование теоретической механики? Для того, чтобы ответить на данные выше вопросы я провела детализированный тест изучений, раскрывающих основы разработки мультимедийных средств изучения и их использование в образовательном процессе. Тест зарекомендовал, собственно, что в работах ряда изыскателей наличествует достаточно обширное, иногда многозначное сознание термина "компьютерные способы обучения", "мультимедийные способы обучения" и иных главных мнений. В последствие этого считаем необходимым, в процессе сотворения теоретической модели процесса изучения теоретической механике учащихся в институтах и выявления основ возведения надлежащих мультимедийных дидактических средств, уточнить главные определения. Так, под компьютерным средством изучения (КСО) мы осознаем программный комплекс, предназначенный для заключения определенных педагогических задач, имеющий предметное оглавление и направленный на взаимодействие обучаемым.

Отметим, что вопреки мнению многих авторов, к КСО нельзя отнести продукты, в которых отсутствует учебный материал по дисциплине и средства, обеспечивающие техническую поддержку процесса обучения. В обширной классификации КСО можно выделить мультимедийные компьютерные средства обучения (м/м КСО). В отличие с наиболее сверх технологичных КСО, к примеру, основанным в технологические процессы «условная действительность», м/м КСО доступен сегодняшнему преподавателю и, присутствие данном, дает возможность существенно увеличить результативность и приемлемость уроков вследствие огромным способностям понятия и манипулирования данными согласно сопоставлению с классическими способами. Перечислим главные достоинства, указанные вблизи создателей присутствие применения технологические процессы «мультимедиа» в упражнениях:

- 1) увеличение познавательной и созидательной деятельности, интереса трудом в упражнениях, [4-8];
- 2) формирование таких знаний, умений и навыков, которые не предполагались при традиционном способе обучения за счет пространственной и динамической информации [4];
- 3) повышение концентрации внимания обучающегося, понимания, осмысления и запоминания информации, прочности, осознанности, полноты знаний умений и навыков, [4,5,8] за счет комплексного воздействия на органы чувств:
- 4) «только 25 % услышанного материала усваивается студентами, при комбинированном воздействии через зрение и слух доля усвоенного материала достигает половины, а при помощи интерактивных приложений мультимедиа, доля усвоенного может составить 75%».

Анализ определений «мультимедиа» и «мультимедийное компьютерное средство обучения» («м/м КСО») [8,5,6] позволил, уточнив, сформулировать своё видение на содержание данных понятий:

«Мультимедиа» - это сегодняшняя компьютерная методика, позволяющая совместить разнообразные разновидности зрительных, звуковых и аудиовизуальных сведений (фотография, мультипликация, искусство, видеоматериал и т.д.) с целью формирования общей аудиовизуальной информативной сферы в мишенях единого влияния посредством органов чувств на восприятие человека.

Мультимедийное компьютерное средство обучения (м/м КСО) программный комплекс, рассчитанный с целью постановки установленных преподавательских вопросов и представляющий сущность тренировочного использованного материала в диалоговой фигуре в то же время в 2-х модальностях (акустический и зрительный), снабжая результативное понимание данных и содействуя этим наиболее освоению познаний». С целью этого для того чтобы создать результативное и наилучшее м/м КСО ориентируемся с более важными аспектами: Во-первых, следует расценивать связь лица с ПК равно как единственный с типов общения и содержащий в себе 3 взаимозависимых хода: 1. коммуникативный (взаимообмен данными); 2. онлайн (предприятие работы); 3. перцептивный (ход восприятия), по этой причине значима не только лишь сведения, однако и в таком случае, равно принимает и образует работу. Во-вторых, в мощь учащей особенности осматриваемого компьютерные ресурсы, м/м КСО представляет в значимости "педагога", какой представляет познания и "пускает" у обучаемого непростой психофизиологический ход теории и освоения приобретенных познаний. Подсчет закономерностей этого входа включает огромную общеобразовательную возможность. В-третьих, следует осознавать, то что представление "юзера" считается типизированным. Движения восприятия данных и ее освоения у различных юзеров обладают персональные отличия, по этой причине м/м КСО обязано принимать во внимание более важные с целью восприятия и освоения данных персональные характерные черты обучаемых.

С целью этого для того чтобы создать результативное и наилучшее м/м КСО ориентируемся с более важными аспектами:

В-1-ый, следует расценивать связь лица с ПК равно как единственный с типов общения (с призрачным партнёром) и содержащий в себе 3 взаимозависимых хода: 1) коммуникативный (взаимообмен данными); 2) онлайн (предприятие работы); 3) перцептивный (ход восприятия) [1], по этой причине значима никак не только лишь сведения, однако и в таком случае, равно как возлюбленная принимается и образует работа.

Во-2-ой, в мощь учащей особенности осматриваемого компьютерные ресурсы, м/м КСО представляет в значимости «педагога», какой предоставляет познания и «пускает» у обучаемого непростой психофизиологический ход теории и освоения приобретенных познаний. Подсчет закономерностей этого хода включает огромный общеобразовательный возможности.

В-3, следует осознавать, то что представление «юзера» считается типизированным. Движения восприятия данных и ее освоения у различных юзеров обладают персональные отличия, по этой причине м/м КСО обязано принимать во внимание более важные с целью восприятия и освоения данных персональные характерные черты обучаемых.

Приведенные аспекты приводят к потребности внедрить еще несколько определений, какие дадут возможность высококачественно и численно производить оценку разнообразные м/м КСО, а таким образом ведь выразить наиболее определенные условия к их исследованию. Таким образом, представление «мультимедийные данные» (м/м данные) отображает все без исключения в таком случае, то что юзер наблюдает в экране и чувствует в ходе взаимодействия с КСО: различные рисунки (постоянные, динамические), звучания, видеофрагменты и многое другое. М/м сведения возможно систематизировать: в связи с модальности: зрительные и голосовые; согласно многофункциональному предназначению: «сокет», «обстановка», «тренировочная сведения» (рис.1); согласно фигуре осуществлении (отображение, видеофрагмент, разговор, искусство, мультипликация и т.д.).

В наше время имеется большое число конфигураций осуществления м/м сведений установленной функции, к примеру, зрительный компонент графического интерфейса способен являться в варианте клавиши с словом, клавиши-пиктограммы, гипертекстового компонента перечня, зрительного перемещающегося сигнала (указателя, всплывающего слова-подсказки и таким образом затем). С иной края, один и эта ведь модель осуществления м/м сведений, к примеру, документ, принадлежащий к «тренировочной данных» и документ в кнопочке «интерфейса» очевидно обладают различную важность в ходе преподавания, таким образом, условия к их выполнению обязаны различаться. Несомненно, то что подбор определенного типа м/м сведений обязан основываться никак не только лишь в «пищевкусные предпочтения» создателя, однако и в конкретные условия, какие в собственную очередность обязаны основываться в крепкую концепцию. Определенные отличия в границах избранной фигуры м/м сведений наречем качествами м/м сведений. Таким образом, к примеру, документ тренировочной данных способен обладать разным образ, объем, тон, контраст, а мультипликация разную темп воссоздания. Несомненно, то что подбор качеств м/м сведений обязан основываться в психофизиологическую концепцию, сопряженную с ходом восприятия данных. М/м КСО считается никак не попросту большим количеством м/м сведений в отдельности, а предполагает собою закономерную очередность сотрудников с м/м сведениями. Установим представление конструкция м/м КСО, что отображает: 1) логику возведения в целом м/м КСО, его большие скелетные компоненты, к примеру, м/м КСО способен содержать в себе испытательные задачи и тренировочные коньки согласно подобранным вопросам; 2) замену м/м сведений, их повторение в отдельности занятом скелетном составляющем. Конструкция м/м КСО станет разной в связи: 1) с многофункционального направления м/м КСО (с целью лекционных уроков, с целью независимой деятельности учащихся, с целью дображивающего преподавания); 2) с избранной психолого-преподавательской концепции и технологии преподавания.



Рис.1. Модель взаимодействия «Пользователь - м/м КСО»

Эта форма считается 1) единой, таким образом равно как дает возможность учитывать все без исключения более значимое звено в ходе взаимодействия пользователя с м/м КСО;

2) многоцелевой, таким образом равно как считается базой с целью формирования м/м КСО с целью различных тренировочных дисциплин и основанным в разнообразные психолого-преподавательские и психофизиологические концепции восприятия и теории.

Широкое исследование литературы и устанавливающий опыт выявили, то что, невзирая в драгоценный взнос представленных больше и многочисленных иных пособий согласно теоретической механике, согласно старому важны последующие трудности в обучении заключению вопросов:

1) отсутствует общепризнанной систематизации вопросов теоретической механики согласно видам, обладающими идентичной структурой общих операций (отсутствует общепризнанных с пособов постановления вопросов);

2) создатели приводят, как принцип, постановления вопросов этого либо другого типа либо акцентируют метод постановления вопросов, какой никак не постоянно способен направить учащихся равно как осуществить определенные воздействия и действия (никак не доводится приблизительная база операций);

3) весьма крайне редко попадают советы о подборе этого либо другого способа постановки вопросов (тот или иной аксиомы либо указ разумнее применять присутствие сведений популярных и незнакомых параметрах), а кроме того заключения в окончании проблемы, разрешающие к окончанию преподавания просто разбираться в разнообразии вопросов механики и высококачественно производить оценку результат;

4) проблемы в основной массе ситуации теоретические, никак не сопряжены с бытовой и предстоящей высококлассной работой учащихся;

5) учащиеся никак не готовы сознательно разрешать проблемы, в случае если познания (определения, законы) - никак не освоены, а ход освоения познаний (равно как самостоятельный тип работы,

в следствии какой производится умение использовать познания в бытовой и профессиональной работе) потребует большое количество периода и никак не способен включиться в граница аудиторных уроков.

Все приведенные трудности существовали предусмотрены присутствии формировании технологии преподавания теоретической механики и разработке м/м КСО.

Выделено 12 главных способов постановки вопросов. Присутствие рассмотрении сведений способов существовали обнаружены единичные воздействия, какие повторяются в многочисленных способах постановки вопросов, их всепригодными действиями. Помимо этого, получилось обнаружить закономерно законченные многоцелевые пакеты операций, к примеру:

«Формирование вычисленной схемы мощности», «Пребывание проекций вектора», «Определение этапа инерции туловища свободной фигуры».

Созданное нами м/м КСО Предполагает собою достаточно многофункциональный (согласно многофункциональному назначению) микропрограммный совокупность, какой способен являться использован равно как с целью выполнения аудиторных уроков, таким образом и с целью независимого исследования выдержки студентами. Это дидактическое средство обучения теоретической механике апробировалось в процессе преподавательского опыта, проводимого создателем изучения в линии технических институтов. Итоги опыта дали возможность установить это обстоятельство, то что созданное нами мультимедийное средство преподавания предоставляет бесспорный благоприятный результат присутствии организации очной, заочной и дистанционной формы обучения.

ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Оспенникова Е. В. Методологическая функция виртуального лабораторного эксперимента // Информатика и образование. 2002. № 11. С. 83-89.

2. Оспенников Н. А. Школьный физический эксперимент в условиях развития компьютерных технологий обучения // Вестник ПГПУ. Сер. «ИКТ в образовании». 2006. Вып. 2. С. 47-76.

3. Старовиков М. И. Становление исследовательской деятельности школьников в курсе физики в условиях информатизации обучения: монография. Барнаул: Барнаулский гос. пед. ун-т, 2006. 318 с.

4. Баяндин Д. В. Моделирующие системы как средство развития информационно-образовательной среды. Пермь: Изд-во Перм. гос. тех. ун-та, 2007. 330 с.

5. Оспенников Н. А. кандидат педагогических наук, ст. преподаватель. Пермский государственный педагогический университет.

ӘОЖ 001.894

ОРТА МЕКТЕПТЕ ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫ

Әбдіқадырова К.С., Нуртаева Г.

*Тельман Жанұзақов атындағы орта мектеп, Райымбек ауд., І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.*
galiya.abdykadyrova.68@mail.ru

Бұл мақалада қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан кемелденуі, жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстырып, соның негізінде жеке тұлғалы қалыптастыруға, жеке тұлғаның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамытуға байланысты тәрбие мен білім беруде мұғалімнің кәсіптік даярлығын қамтамасыз етуді міндеттейді.

Кілттік сөздер: *ұлттық мәдени тұрғы, жас ұрпақ, тәрбие мен білім, рухани мүмкінділік, жеке тұлға.*

Эта статья обязывает учителя стать учителем в области образования и воспитания, улучшения национальной культурной самобытности общества, введения молодого поколения с духовными сокровищами своего народа, прогрессивных традиций национального воспитания на основе личности, развития личности, духовности личности.

Ключевые слова: *национальная культурная идентичность, молодое поколение, образование и образование, духовные возможности, личность.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлт мәселесіне қатысты жалпы үрдісті танып-түсіну, сөз жоқ, қажет. Мұнсыз мемлекеттік дамудың жалпы логикасын бажайлау мүмкін емес», - деп көрсеткен. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден, ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие беру жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отырған мәлім [1].

Бүгінгі таңда қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан кемелденуі, жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстырып, соның негізінде жеке тұлғалы қалыптастыруға, жеке тұлғаның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамытуға байланысты тәрбие мен білім беруде мұғалімнің кәсіптік даярлығын қамтамасыз етуді міндеттейді. Өйткені, егемен еліміздің болашағы оның материалдық және рухани дамуы, жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің деңгейіне байланысты. Сондықтан да қоғамның білім беру жүйесін жаңарту мен жетілдіру мәселесі мұғалімнің алдында зор міндеттер жүктеп отыр.

Осыған орай, химияны оқытудың жаңа әдістемелік жүйесі, мектептерде пәнді оқытып үйретудің тиімді жолдарының бірі, оқушылардың іс-әрекеттерін белсендіру мен тиімділігін арттыру, педагогикалық технологиялармен ұштастыра жүргізу жұмысын тәжірибеге енгізу мәселесіне ерекше көңіл аудару қажеттігін көздейді.

Оқушыларды қоршаған орта заттары және құбылыстарымен таныстырып, олар жайында ғылыми ұғымдарын жүйелеп, көзқарастарын қалыптастыруда орта мектепте оқытылатын химия пәнінің мәні өте зор. Сондықтан да химияны оқытудың әдіс-тәсілдерін сан-салалы бағытта, жан-жақты қарастыру көзделеді.

Химияны оқыту мәселесі белгілі педагогтар мен әдіскерлердің назарынан тыс қалмай үнемі зерттеу нысанасына айналып келді. Атап айтқанда, А.Аймағамбетова, А.Г.Сармұрзина, Н.Н. Нұрахметов, К.А. Сарманова, М.Р.Танашева т.б көптеген зерттеулерде оқу үрдісіне жаңа технологияны енгізу жолдарын қарастыру тенденциясы оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттерін, шығармашылығын дамытуға негіз салатындығы көрсетілген болса, халықтық педагогика элементтерін оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану барысын қазақ педагогикасының аса көрнекті өкілдері Т.Т. Тәжібаев, Ә.С.

Сыдықов, Ә.І. Сембаев, Қ.Б. Бержанов т.б Қазақстан мектептері мен халық ағарту ісіне баса назар аударып, ондағы халықтың педагогикасының алатын орынын да аша көрсеткен.

Ұстаз оқушыларға білім беру барысында оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде тұлғаның дұрыс қалыптасу мүмкіндігін зерттеп, жеке бас ерекшелігін аңғарып, осыған сәйкес жұмыс істегенде ғана орынды педагогикалық шешім табады. Химия пәнінің көптеген мұғалімдері оқушыларды химия ғылымының заңдарымен, қоршаған ортада жүріп жатқан химиялық құбылыстармен таныстырып, оны көруге, сезінуге, түсінуге жағдай жасау арқылы дүниедегі химиялық айналулармен оқушыларды қаруландырудың жолдарын таңдай білуі, заттар және олардың көптүрлілігі туралы ұғымды меңгерте отырып, сабақта көркем әдебиетті, поэзияны, оқу ойындарын енгізу арқылы оқушылардың жеке шығармашылығын қалыптастыруға болатындығын дәлелдеді.

Осы орайда, химия пәнін көркем әдебиет пен поэзияны, оқу ойындарын пайдалану арқылы оқушының танымдық белсенділігі мен шығармашылығын дамыту жолдарын Г.Г.Филимонова, А.Р.Нұрахметова, Ж.Ж.Жұмаханов, З.Т.Мүшрапилованың зерттеу жұмыстарында қаралған.

Ж.Жұмақановтың еңбектерінде химияны оқытуда оқушының сабаққа деген қызығушылығын күшейтіп, әңгімелер, өлеңдер оқыту оқушылардың белсенділігін арттыру үшін, олардың мазмұнын мәтінге сәйкес талдаудың тиімділігін дәлелдейді[2]. Ал, З.Мүшрапилованың жұмысында химияны көркем әдебиетпен поэзиямен байланыстыра отырып, оқытқанда оқушының шығармашылық қабілетін көтеруге болатындығын көрсетеді[3].

Г.Филимонова мен А.Р.Нұрахметовалар зерттеулерінде ойын арқылы оқытудың, оқушылардың білім деңгейін көтерудегі тиімділігіне негіздеп оқушылардың танымдық дербестігін қалыптастыру жолдарын қарастырған[4-5].

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесін, танымдық мұрасын, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз ертегілері, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең жырлары, ұлттық ойындары ерекше тәрбиелік мәні бар баға жетпес асыл қазына.

Қазақстан Республикасы жер қойнауының табиғи кен байлықтарға өте бай Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесіндегі элементтердің бәрі дерлік біздің туған өлкемізден табылады. Білім беру ісін батыл да табанды қайта құрудың талап етілуі еліміздің барлық салаларында болып жатқан өзгерістермен тығыз байланысты. Өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы, өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, білімділігін талап етеді.

Парасатты да білімді, білікті, мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу олардың дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейге көтеруді, бойында ұлттық салт дәстүрді, адамзаттық намысты қалыптастыруды керек етеді. Оқушылардың ойын дамыту туралы атақты ойшылдардың шығармаларындағы педагогикалық пікірлер мен қағидалары біздің зерттеулеріміздің өзегі болып, септігін тигізді.

Халықтық педагогика мәселесіне байланысты ой қозғағанда Қорқыттың ұлттық педагогикаға байланысты қағидаларын, Абайдың дана сөздерін, Ы.Алтынсарин мен А. Байтұрсыновтың педагогикалық идеяларына сүйенбей өте алмаймыз.

М.Жұмабаевтың бүкіл педагогикалық, психологиялық еңбектерін дамыта отырып оқыту оқушылардың қиялын, ойлау қабілетін жетілдіру мақсаттарын жүзеге асыруда қазіргі таңда да құны жоғары. Атақты педагогтың оқушылардың ой-қиялын дамыту жолдарын талдаған қағидалары осы заман талабымен астасып жатыр.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығында оқытудың білімдік және тәрбиелік мақсатын ұлттық тәрбиеге негіздегенде ғана оның сапалы білім беріп, жастардың санасын көтеруге жәрдемі тиетіндігін айтады. М.Жұмабаев өзінің осы еңбегінің кіріспе бөліміндегі түсінік хатында «Шамам келгенше қазақ қанына қабыстыруға тырыстым», - деп халықтың әдет-ғұрпын негізге ала отырып жазғандығын көрсетеді. Бұл пікірінің тағы бір дәлелі «Жанның түкпірінде жатқан ойларды, жүректің жетпіс қабат астында жатқан ыстық сырларды ашып, шешіп беретін адам «сезімінен қымбат дүниеде не нәрсе бар» деп, есіту сезімінің адамның көру сезіміне көмектесетінін, көз заттың сыртын ғана көрсе, құлақпен есіту заттың бүкіл қасиетін

ашуға жәрдемдесетінін айтады. Бала қоршаған дүниені сезім мүшелері арқылы сезінсе, оны тұжырымдау, жүйелеу ой арқылы жүзеге асады дейді.

Бұл пікір химия заттары мен құбылыстарын оқытуда бізге ой салады. Халықтық педагогиканың тиімді тұстарын пайдалану оқушының ойын қозғауға, ой қорытуына, тұжырым жасауына көмектесетіндігін айқындай түсуге тырысамыз.

«Дүниені танытудағы сыртқы әсердің маңызын талдап, әсер жеке болсын, әсер жаңа болсын, ескі біліммен жаңа білімнің қатысы болсын, жағырапияны оқыту туған ауылдан басталсын» - дейді[6]. М.Жұмабаевтың бұл пікірінің осы кезге дейін құны жойылған жоқ.

Ахмет Байтұрсыновтың зерттеулерінде де адам баласына жас шағынан-ақ өзін қоршаған ортаның неден тұратынын білу шарт екенін айтады. 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «біздің сезіп көріп жүргендеріміздің бәрі табиғат заттары, табиғат денелері және адам ісінен шыққан жасанды нәрселер, жасанды істеуге жұмсалатын адамның өнері, білімі, күші, олай болса, сол заттарды істейтін де, пайдаланатын да болашақ жастар екенін ұмытпау керек», - дейді[7]. Бұл пікірдің химия ғылымына да қатысы бар деп қарауымыз керек. А.Байтұрсынов бала қиялын дамытуда жұмбақ жаңылтпаштардың маңызы зор екенін атап көрсетті. Ол жаңылтпаштың бала тілін дамытудағы ролін өте жоғары бағалады. Жаңылтпашты жаңылмай айту үшін алдымен сөздің мағынасын түсіну, сонан әрі дұрыс айту үшін бала үлкен күш жұмсайды, ойланады, ой қорытады. Осы арқылы оның санасында ұғым қалыптасады. Міне бұл пікір химия сабағында да жұмбақ-жаңылтпаштарды кеңінен қолдануға болатындығын көрсетеді. Мысалы: «Металдар мен бейметалдар тақырыбын өткенде ойын-сабақ ұйымдастырып, металдар туралы мақал-мәтелер жасыруға болады.

1. Тот темір жейді,от жейді. (көмір).
2. Темір кессең қысқа кес, ұзартуға оңай,
3. Қойдың сүті -(қорғасын).
4. Арпа бидай ас екен, алтын - тас екен (күміс).
5. Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі(алтын).
6. Пәлен жерде алтын бар, барсаң та жоқ. (мыста).
7. Болған іске берік бол (болаттай).
8. Аспанда ай әкім болса, Жердегі адамның әкімі (күміс).
9. Ақыл арымас шірімес (алтын).

Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп өну, ілгерілеу жоқ. Халықтың оқу-тәрбиесінің негізгі мақсаты – жалпы адамды, ең алдымен баланы сұлулық дүниесімен хабардар ете отырып тәрбиелейді. Оқу мен тәрбие алдында ата-ана да, тәрбиеші мен ұстаз да, адамды қоршаған ұжым да, тіпті көшедегі кездейсоқ халық та жауапты. Сол себепті химия пәнін оқытуға мысалды алыстан іздемей-ақ халқымыздың пайдаланып келген ұлттық құрал-саймандарын, ұлттық атауларын қолдануға болады. «Жігітке жеті өнерде аз», «Шебердің қолы ортақ» сынды мақал-мәтелдерді кейінгі ұрпақтарына мирас еткен қазақ халқында өнердің түрі де сан алуан. Солардың бірі - халық ерте кезден-ақ темірді, күмісті, алтынды және олардың қоспаларын көркемдеп өңдеу әдісін оқушыларға түсіндіре отырып, бірте келе олар өз технологияларын жетілдіріп, тамаша бұйымдар болат темірден жасалған қару-жарақтар, темірден жасалған үй мүліктерін күміспен батырмалап өрнектеу, жұқа қаңылтырдың бетін безерлендіру нағыз еңбектің жұмыстары екендігін атап өтуіміз керек.

Қазақ халқының мал шаруашылық өмірінде, әсіресе ат үсті қимылдары мен ойындарында жылқыдан қалса – қару-жарақ, сауыт-сайман, ер-тұрман, жүген-құрық кем болса болмайтын маңызды құралдар есептеледі. «Жайдақ мінгеннің жаны әлсіз», «Ерге мінген жігітке – он кісілік күш бітеді», «Қарусыз батыр қапыда кетеді», «Қылышты жігітті көргенде, жүз қорқақтың құты қашады», «Арқансыз жылқышы – ерін жаяу арқалайды», «Жүгенсіз ат мінгеннің жүрегі қобалжиды», «Қырық кісіден – бір құрал күшті», - деп күнделік тыныс-тіршіліктері мен ат үсті ойындарында ат әбзелдері мен қару-жараққа ерекше мән береді, әрі оны табыс пен сәтсіздіктің, жеңіс пен жеңілістің кілті деп қарайды. Осы ретте төмендегі «Қобыланды батыр» жырының жолдарынан ат әбзелдерін дайындауға қажетті

материалдардың ішінде химиялық элементтерді пайдалана отырып, дайындалатындығын да оқушыларға түсіндіріп өткен абзал.

«Атадан қалған ақсауыт,
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз.
Сауыт киер ме екенбіз,
Алтын қалпақ дулыға.

Шекесіндей жарқылдай», - деген өлең жолдарын сабақта пайдалана отырып, оқушыларға келесі ретте сұрақ беруге болады:

- бұрынғы көшпелі халықтың тіршілік болмысында әрі киім, әрі қорғаныс құралы, әрі қару-жарақ болған химиялық элементті ата.

- бұл өлеңде темірдің қандай қасиеті суреттелген?

Кемеңгер, ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбергеновтың табиғатты суреттейтін шығармаларының оқушыларға табиғат заттары мен құбылыстарынан білім беруде теңдесі жоқ дайын материал. Осы тұста академик Сухомлинскийдің: «... балалардың сезіміне, түйсігіне, қиялына ықпал жасаңдар, шексіз әлемге деген терезені біртіндеп қана ашыңдар», - деген қағидасы ойға оралады. Шәкәрімнің әрбір өлеңі дүниеге қызығуы, еліктеуі мол, қиялы ұшқыр, бала жанына тербеу салып, әдемілікке, сұлулыққа еліктетіп, сол сұлулықты өзін қоршаған ортадан іздеуге итермелейді. Нақты табиғи өзгерісті көркем тілмен жеткізе отырып, табиғатта болатын құбылысты, оның шаруашылыққа тигізетін әсерін паш ететін өлеңдері оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді, оларда табиғат туралы ғылыми түсініктердің пайда болуына, дұрыс көзқарастарының қалыптасуына негіз салады.

Ойшыл ғалымдар қазақ халқының болашағы – жас ұрпақтың бойында еліне, жеріне, табиғи байлығына деген сүйіспеншілігін арттырып дамыту үшін нені оқыту, қалай оқыту керектігін айта келіп, берілетін білімнің ұлттық педагогикаға негіздеу арқылы олардың бойында халықтың рухани байлығын сіңіруге болатындығын дәлелдейді.

Мәселен, С.Қалиевтің «Қазақ этнопедагогикасының тарихи» еңбегінде қазақ этнопедагогикасының туу кезеңі осы тұстағы ағартушы-демократ, ойшыл, зиялылардың педагогикалық көзқарастары, халқымыздың ғасырлар бойы өз ұрпағын ар-ожданы таза, адамгершілігі жетілген адамзат тәрбиелеуде халықтық педагогиканың әдіс-тәсілдерін пайдалана білген мектебі болған, ғұлама ғалымдардың еңбектеріне, мақал-мәтелдеріне, ертегі аңыздарына, ақын-жырауларына, ерлік дастандарына сүйене отырып, автор толымды тұжырымдар жасайды.

Білім берудің басты міндеті - баланы дара тұлға деңгейіне жеткізу. Дара тұлғаны тәрбиелеу арқылы біз Қазақстанды дамыту үшін оның интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін даярлаймыз. Жеке тұлғаны белгілі кәсіпке қызығуы, таңдап алған ісіне дұрыс көзбен қарауы, сол таңдаған іс-әрекетін мейлінше түбегейлі терең білуге көмектеседі. Қоғамның болып жатқан саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік және т.б өзгерістер халыққа білім беру жүйесінің барлық буындарында білім және тәрбие беру ісін жаңа сатыға көтеруді талап етіп отыр. Бұл, өз кезегінде, ауылдағы мектептерге химияны оқытудың қазіргі қалыптасқан дәстүрлі әдістемелік жүйесін біршама өзгертіп, жетілдіре түсуді қажет етеді.

Қорыта келгенде қазіргі заман талабына қарай, орта мектептегі оқыту оқушыларды белгілі бір білім қорымен қаруландырумен шектелмеуі тиіс. Олар алған білімдерін өз беттерімен әрі қарай тереңдетіп, әртүрлі жаңа жағдайларда кеңінен қолдана алатындай жоғарғы деңгейдегі ойлау қызметін дамытуға қол жеткізу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999.-9б.
2. Жұмаханов Ж. Химияда поэзия мен музыканы пайдалану. 2001. N2 -60б.
3. Мушрапилова З.Т. Использование активных методов обучения на уроках химии как средство формирования творческой личности учащихся. – Алматы, 2000 стр.

4. Филимонова Г.Г. Методика формирования познавательной самостоятельности школьников средством игрового обучения. Алматы - 2002. -26 стр.
5. Нурахметова А.Д. Влияние игровых методов обучения на формирование научных знаний студентов по химии. Алматы – 2001.- 26-стр.
6. Мағжан Жұмабаев «Педагогика». Алматы: «Атамұра». 2005. 97б.
7. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш». Алматы-1926. 21бб.
8. С. Қалиев. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. Алматы, «Мектеп», 2007.

ӘОЖ 001.894.342

ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбутәліпова Г., Оралова Г.

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қаласы,
Gulizat_99_kz@mail.ru*

Мақала әдебиетке әрбір суреткер өзіне ғана тән тағдырымен келеді. Өмірлік білімнің әсері де, әдеби дәстүрдің үлгі-өнегесі де, дүниетанымы да, жазушының шығармашылығына ықпалын тигізеді. Ілияс Жансүгіров – тағдыры ерте қиылғанмен халқына мол сарқылмас мұра қалдырған тұлға. Оның қаламынан түрлі жанрда тамаша туындылар шықты. Өзіндік стилі, өзіндік ерекшелігі бар қаламгер шығармалары жан-жақты терең зерттеуді қажет етеді.

Кілттік сөздер: өмірлік білімнің әсері, әдебиет, өмірлік білім, дүниетаным, жеке тұлға, жазушының шығармашылығы.

Статья попадает в литературу с каждой судьбой, характерной для его собственной судьбы. Влияние жизненного образования, а также литературная традиция и мировоззрение влияют на творчество писателя. Ильяс Жансугуров - человек, который потерял свое наследие для нации, хотя и был прерван. Из его пера есть замечательные произведения в разных жанрах. Самозваные, оригинальные писательские работы требуют тщательного изучения.

Ключевые слова: влияние жизненного образования, литературы, жизненного образования, мировоззрения, личности, творчества писателя.

Әр халық тарих бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Негізіне сүйенбеген халық ұзаққа бармайды. Еліміз бәсекеге қабілетті дамыған отыз елдің қатарына қосылуда рухани байлығымыздың үлесін молайтуымыз қажет. Бәсекеге қабілетті болу тек экономикалық тұрғыда емес, рухани толысу яғни, ұлтымыздың сан ғасырлық тарихы, мәдениеті, әдебиеті, барлық құндылықтарымыз бойымыздан табылу қажет.

Қашан да рухани өскен халық, өзінің өткен тарихын, өнерін, мәдениеті мен әдебиетін, өсу, даму жолын білуге ұмтылады. Ұлттық сөз өнерінің азаматтық бейнесімен, қайраткерлік, қаламгерлік тұлғасымен ұлт руханиятына қосқан туындыларымен, жанр ерекшеліктерімен, халық жүрегінен жол тапқан, мұралары мәңгілік құндылықтар қатарынан табылатын дарындарды сөз еткенде ең алдымен – қазақ халқының әдебиеті мен мәдениеті үшін ұланғайыр еңбек сіңірген, қазақ әдебиетінің де, қазақ кеңес әдебиетінің де негізін қалаушылар, бір жылда өмірге келіп, бір бір жылда кеткен халқы «Үш бәйтерек» деп атап кеткен Сәкен, Ілияс, Бейімбет есімдері ойға оралады.

Ілияс Жансүгіров – тағдыры ерте қиылғанмен халқына мол сарқылмас мұра қалдырған тұлға. Оның қаламынан түрлі жанрда тамаша туындылар шықты. Өзіндік стилі, өзіндік ерекшелігі бар қаламгер шығармалары жан-жақты терең зерттеуді қажет етеді. Қазақ әдебиетінің іргесін қалап қана қоймай, оны өрге сүйреген қаламгердің Қазан төңкерісіне дейін ауыз әдебиеті ғана дамыған қазақ сахарасында поэзияның, драматургияның, прозаның тамаша туындыларын дүниеге келуіне өзіндік үлес қосқанын әдебиет тарихы жоққа шығармайды.

Ілияс прозасы сан-салалы. Ілияс ұрпағына құдіретті өлеңдерімен қатар қара сөздің де қас шебері атанарлықтай мол дүниелерін қалдырды. Ілиястың фельетондары, тамаша аудармалары, балалар әдебиетіне қатысты еңбектері ұлттық әдебиетіміздің қайнарлары десек болады. Ілияс алғашқы әңгіме, повестерін, ірілі-ұсақты прозалық шығармаларын 1920 жылдан бастап газет-журналдарға шығара бастайды. 1935 жылы «Жол аузында» деген атпен кітапша етіп шығарады. Ілияс қай жанрға барса да сол жанрдың өзгешелігін, шеберлігін меңгеріп, көркемдік шарттарына жауап берерлік деңгейде жазған.

Әдебиетке әрбір суреткер өзіне ғана тән тағдырымен келеді. Өмірлік білімнің әсері де, әдеби дәстүрдің үлгі-өнегесі де, дүниетанымы да, жазушының шығармашылығына ықпалын тигізеді. Әрине Ілиястың жазушылық шеберлікті игеруі, тіл шеберлігіне еркін жетілуі толассыз іздену, көп еңбек ету арқылы келді. Туған елінің асыл сөз қазынасын меңгеру, Абай мен Ыбырайдың, Махамбет пен Шернияздың, С.Торайғыров пен С.Дөнентаевтың өлеңдері, Абай арқылы нәр алған орыс әдебиеті шығыс ақындарының, татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың шығармаларының ықпалы Ілияс шығармашылығына нәр берген үлгілер деуімізге болады.

Ілияс–1937 жылы қамауға алынғанға дейін Қазақтың көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімінің меңгерушісі болды. Ол өзі шығармашылық жағынан өсуімен қатар, өзге де қаламгерлердің әдебиетіміздің дамуына үлес қосарлықтай шығармалар жазуына жағдай жасады. Ол 20-30 жылдары қазақ әдебиетінің ізденістеріне, іргелі жанрлардың қалыптасуына, қазақ кеңес поэзиясын тақырыптық, жанрлық, көркемдік сапа жағынан қауырт дамытуда Ілияс айтарлықтай үлес қосқан көрнекті суреткер. Ілиястың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеу еңбектер әдебиетімізде біршама жазылды. Ілияс Жансүгіровтің творчествосы туралы зерттеулерге қатысты ой-пікірді Т.Кәкішев «Әдебиеттану ғылымы туралы бірер сөз» деген мақаласында ақынның кешегі және бүгінгі зерттеушілерін, олардың еңбектері мен тұжырымдарын тілге тиек етеді [1].

Ілиясты әдебиет әлемінде найзағайдай жарқ еткізген поэзиясы еді. Ілиястың ақындық салмағы оның поэмаларында. Қаламгердің ақындық таланты мен шығармаларының көркемдігіне баға берген Б.Кенжебаев «Ілияс негізгі әдеби жанрлардың бәріне де қалам тартты – өлеңдер, поэмалармен қатар роман, пьесалар, фельетондар, әдеби сындар, публицистикалық еңбектер жазды. Солардың қай-қайсысын болсын, ол өзінің әлгідей талантты дәрежесінде жазатын. Ілиястың шығармалары терең мағыналы, асқақ сарынды, от-жалынды, өткір тілді, көркем суретті келетін еді» [2, 77 б.] деп сол дәуірдің деңгейінен қарағанда да, сарапшы уақыттың сыни көзімен қарап, таразысына салғанда да маңызды, мәнді көркем туындылар екендігіне баға береді. Ілияс – тек поэзия саласында ғана емес, қазақ прозасы саласында да өнімді, сапалы шығармалар берген талантты жазушы. Бұл тек Ілияс творчествосына ғана тән ерекше құбылыс емес, бұл уақыт талабынан туған қажеттілік болатын. Қаламгер туындыларында қазақ халқының реалистік өмірін барынша бейне тудырар көркемдік әдіспен шынайы, дәл айтуға, көркем бейнелеуге көп күш жұмсаған. Ілияс прозаға ақындық талантының, білімінің, өмір тәжірибесінің молайып, үнемі даму, жетілу жолымен келді.

Ілияс Жансүгіровтің прозалық шығармаларында негізінен ауыл өмірі туралы, жаңарған кеңес адамдарының қажымас еңбегі жайлы, теңдікке қолы жеткен, әлеуметтік істер мен колхоз болып ұйымдасқан шаруалар мен жол салып жатқан жұмысшылардың еңбектері шынайы, көркем тілмен суреттелген деуімізге болады. 1957 жылы ақталғаннан кейін қаламгер шығармаларын жарыққа шығарып, шығармаларын жан-жақты зерттеп, шынайы бағасын беру жұмыстары қолға алына бастады.

Осы салалар бойынша академик М.Қаратаев өзінің «Эпостан эпопеяға» деген әдеби сын, зерттеу еңбегінің «Жаңа заман, жаңа әдебиет», «Халықтың ежелгі жан серігі», «Ұлы ұстаз», «Асау тұлпар» тарауларында әдебиетіміздің өсу белестерін сөз етіп, автор І.Жансүгіровтің әр кезеңдегі асуларға қосқан үлесін көрсетеді. «Социалистік реализм және қазақ прозасының даму жолдары» деген мақаласында І.Жансүгіровтің әр кезеңде жазылған прозалық шығармаларына тоқталады [3,64].

Қ.Жұмалиев «Стиль — творчестволық ерекшелік» атты мақаласында Қазақ Кеңес әдебиетінің негізін салған майталман ақын-жазушылардың, оның ішінде, І.Жансүгіровтің творчестволық стиль ерекшеліктерін сөз етеді [4,404 б.].

Көркем шығарма өмір шындығынан туындайды. Алайда туындыдағы оқиға өмір шындығынан алынғанмен, оларда жазушының қиялы, ойы, дүниетанымымен сабақтасып жатады. Кез-келген жазушы өзі таңдаған тақырыпты мұқият зерттейді. Көркем шығарманы жазуылуы, жарыққа шығуы, халыққа танылу тарихы бар. Әрбір қаламгердің әдеби шығарманы жазуда, өмір шындығын бейнелеуде, образдарын сомдауда, өзіне тән машығы болатыны белгілі. Лияс әңгімелерінің тақырыптық-идеялық аумағы бірнеше тақырыптарды қамтиды. Олардың ішінде негізгі орын алатыны өз дәуірінде саяси мәні болған Ұлы Қазан төңкерісі тақырыбы. Жазушы 1933 жылы жазған «Ленин Қазан күндерінде» әңгімесін Балтық флотының байырғы матросы атынан әңгімелеп отырады. Революция бесігі атанған Петербургтегі 1917 жылдың 24-26 қазан аралығындағы ұлы төңкеріс, Ленин есімі, сол тұстағы көсемнің басшылығы. «Үкімет Советтікі» деп ұрандаған матростар мен солдаттар, жұмысшылар мен шаруалар бейнесі қарапайым матрос сезімі арқылы суреттеледі. Ал «1 Май» әңгімесінде Қазан төңкерісін суреткер өзінше толғап, табиғаттың мәңгілік ұлы күресімен салыстыра отырып суреттейді. Қаламгердің тағы да саяси тақырыпты негіз еткен шығармасының бірі «Социализм болғанда ауыл қандай болады» әңгімесі. Қазан төңкерісінің тарихи сабақтарын, әлеуметтік мәнін аша түскен туынды.

Лияс Жансүгіровтің шығармашылығындағы келесі бір өзекті тақырып ол – әйел бейнесінің жасалуы. Мазмұн жағынан топтап қарастырар болсақ. Біріншісі – Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әйелдерінің ауыр тұрмысын суреттеген шығармалар десек, олар «Күң өлімі», «Жедел жәрдем» сынды әңгімелері болса енді бірі – жаңа қоғамға белсене араласқан қайраткер әйелдер бейнесінің жасалуы дер едік. «Нұрша», «Отан» атты шығармаларында жаңа заманның қайраткер тұлғасы көрсетілген.

Халқымыздың әлеуметтік өмірінің экономикалық, саяси, мәдени саласы да Лияс қаламынан көрініс тапқан.

Еңбек тақырыбында қаламгер әр жанрда бірнеше еңбек жазды. Енді бір әңгімелерінде І.Жансүгіров мәңгілік тақырып - еңбек тақырыбын қозғады. Мұндай әңгімелерінде жазушы жаңа өмірдегі жаңа тұрмыс, жаңа құрылыстағы еңбек, социалистік жұмыс мәселесін кеңінен қозғаған. Олардың сюжеттері әр алуан. Лиястың еңбек тақырыбындағы шығармаларын топтастыра жүйелесек, алғашқы отарба жолын жасаушылардың үздік жұмысын суреттеген темір жол тақырыбындағы еңбек адамдарының бейнесі, олардың іс-әрекетінің сомдалуы, екінші-колхоздастыру жағдайындағы егін, мал шаруашылығындағы бригадалар жұмысы суреттеледі, үшіншіден-еліміздегі алғашқы завод, фабрикалардағы, көмір шахталарындағы жұмысшылардың еңбектегі қажырлы ерлігін көркемдік шындықпен бейнелеген.

Лиястың әр түрлі әлеуметтік мәселелерді қозғаған әңгімелері де бар. Соның бірі – 1933 жылы жарық көрген «Тазы» әңгімесінде Дәндібай қажы баласына заман өзгеріп, большевиктер келгенін айта отырып, малдың буына, ата даңқына дандайсып жүре беретін заман жоқ, ата аруағын жоғалтпасақ болды. «Заманың түлкі болса, тазы болып шал», әлгі комсомолға жазыл, – деп оқуға да, еңбекке де қырсыз баласына ақыл береді. Қазақ ауылындағы әлеуметтік- таптық өзгерістерді, жаңа психологиядағы адамдарды бейнелеу талабындағы шығармасында жазушының кейіпкер мінездерін ашатын осындай реалистік диалогтарға кездесеміз.

Қорыта айтқанда, Лияс Жансүгіровтің әңгімелері – өз өмір сүрген дәуір айнасы. Лиястың өзіндік ерекшелігі жеңіл тілмен терең ой айта білуі. Шығарма тілінің, сөйлем құрылысының поэтикалығы қаламгердің дара стилін танытады. Лияс әңгімелері өзінің шыншылдығымен халқының сан ғасырлық тарихын, өмірін, азаттық жолындағы күресін әлеуметтік келеңсіздіктердің түп себебінің неден өрбитінін мейлінше терең, жеріне жеткізе суреттей алуымен құнды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кәкішев Т. Дәуір суреттері. - Алматы: Жазушы, 1967.
2. Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. -Алматы, 1966.
3. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. Әдеби сын зерттеу. - Алматы: Жазушы, 1969.
4. Жұмалиев Қ. Стиль -өнер ерекшелігі. Алматы: Жазушы, 1966.
5. Жансүгіров І. 1 том. -Алматы: Жазушы, 1986.

ӘОК 81.1.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Әбутәліп А.Ж., Абдиханова А.Н., Қадыров Ж.Т.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.
zhkadyrov_777@mail.ru

Сәкен Сейфуллин – үлкен қоғам қайраткері. Бұл жарлықсыз, мандатсыз берілген атақ. Халық осыған ыңғайлы ұлын аспанға көтереді, қадірлейді. Осының бәрі Сәкен бойынан табылуы тарихтағы бір бақытты сәт. Міне, осы қасиеттер Сәкенді басқа қайраткерлерден даралап, тарих бетінен жарқырап көрінуіне мүмкіндік береді. Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы болу үшін ең алдымен табанды таным, көзқарас керек болса, екіншіден, жаңа идеяны қалың оқушыға жеткізе алатын оңтайлы түр-форма керек.

Кілттік сөздер: қазақ кеңес әдебиеті, көзқарас, қоғам, әлеумет, қазақ тарихы, қоғам қайраткері, өнерпаз.

Сәкен Сейфуллин - великий общественный деятель. Это указ без мандата. Люди приносят этого удобного сына на небеса. Все это один из самых счастливых моментов в истории Сакена. Эти качества позволяют Сакену отличить себя от других людей и выглядеть ярче на поверхности истории. Для того, чтобы стать основателем казахской советской литературы, прежде всего, нужно сильное познание, подход, а во-вторых, оптимальная форма, которая может передать новую идею общему ученику.

Ключевые слова: казахская советская литература, отношение, общество, общество, казахская история, общественный деятель, искусство.

Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы жалынды ақын, айбынды күрескер, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы мен өнерпаздығына көз салғанда қазақ тарихының ұлы өзгерістерінің көп қырларын аңғарамыз. Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы болу үшін ең алдымен табанды таным, көзқарас керек болса, екіншіден, жаңа идеяны қалың оқушыға жеткізе алатын оңтайлы түр-форма керек. Жаңа мазмұндағы лайықты жаңа түр табу арқылы заман образын жасап берді.

Қазақ кеңес әдебиетінің серкесі болу үшін, әдебиеттің әр жанрында еңбектеніп, жоқты табуға, толымсызды жетілдіруге тиісті, міндетті болды. Мұнда да Сәкен Сейфуллин абыроймен атқара бастағанда әдебиетіміздің көсегесін көтерген Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Лияс Жансүгіров сияқты ұлы дарындар көмекке келді.

Қазақ кеңес әдебиетіне көшбасы болу үшін, жаңа бағытты қабылдайтын жас шығармашылық күштерді өсіріп, олардың идеялық-көркемдік, ынтымақ-бірлігін күшейту шарт. Осыны да қолмен атқарған адам Сәкен Сейфуллин.

Сәкен Сейфуллин ең алдымен өзінің өмір сүрген дәуірін жырлап, оны қастерлеудің оңтайлы жолдарын таба білген жаңашыл ұлы ақын. Құдай берген дарынын сәулелендіру сазгерлігі едәуір демесін жасап, сал – серілігі мен саятшылдығы пенделік келбетін ажарлай түскені тағы бар.

Сәкен Сейфуллин – қоғам, әлеумет істерімен өзінің шығармашылық өнерпаздығын тауып қабыстыра білген қайраткер. Бүгінгі өмір шындығы, кезең тудырған келелі мәселелер оның ақындық жанырынан сырт қалмай, үнемі көркем сөз өрнегінен көрініс беріп отырады. Сәкен Сейфуллин – үлкен қоғам қайраткері. Бұл жарлықсыз, мандатсыз берілген атақ. Халық осыған ыңғайлы ұлын аспанға көтереді, қадірлейді. Осының бәрі Сәкен бойынан табылуы тарихтағы бір бақытты сәт. Міне, осы қасиеттер Сәкенді басқа қайраткерлерден даралап, тарих бетінен жарқырап көрінуіне мүмкіндік береді.

Осыншама үлкен қадір – қасиет пен атақ – даңқты өмір өткелдерінде аударып – төңкеріп алмай өтуіне Сәкеннің пенделік сипаттары, әсіресе өтірік айта білмеуі, кіршіксіз адалдығы, қандай күйге түссе де өкінбейтін табандылығы, бір сөзбен айтқанда, кімді болса

да сүйсіндіретін арлы азаматтығы себепші болды. Сәкен өзінің жеке басының бақ-дәрежесі үшін емес, елді өркендету қамында жүргенде артық-кем сілтегені бар, әсіресе таптық поэзия, кедей теңдігі дегенде имандай сеніп, ойланбай өрекіген тұсы да жоқ емес. Сәкеннің тарихы алдында күнәсі бар болса, ең үлкендігі осы сенгендігіне құлай берілуі, иман деп тапқанынан табан аудармауы, көз жазбауы, алданып қалмаймын ба деп бір сәтке ойланбауы таңқаларлық табандылығы.

Абайдың реалистік дәстүрі ХХ – ғасырдың бас кезіндегі әдебиетімізде түрлі салада көрініс берді. Кейінгі поэзияда, жалпы қазақ әдебиетіне Абай дәстүрінің қандай әсері болғанын А.Нұрқатов «Абайдың ақындық дәстүрі» атты еңбегінде өте байыпты барлайды. Ғалымның мына бір пікіріне назар аударайық:

«Шын мәнісіндегі халықтық бағыттағы, таланты сау, ниеті таза мақсаты айқын қаламгерлердің қай – қайсысы да дәуір талабын батыл сезіну мен сол жайында терең толғануды, алға және алысқа көз тігуді, тарих тамырының жанды соғысын суреткерлік және азаматтық жүреппен ұғынуды Абайдан үйренді. Сөйтіп лоар Абай дәстүрін дамыта отырып, оның поэзиясының халықтығын, өзекті принциптерін дәуір талабына сай өрбіте, тереңдете түсті, қазақ әдебиетін онан әрі өсірді, оны жаңа тақырыптармен байытып, молықтырды, сол замандағы өмір ағысы алға тартқан күрделі мәселелерді қозғай да, шеше де білді» [1, 153 б.].

Әдебиеттегі әр жаңалық, әрбір жаңа құбылыс көп жылғы тәжірибенің, көркемдік дәстүр озығы болуы тиіс. Поэзияда ақындар қорланған бай көркемдік дәстүрге сүйене отырып, өзіне дейінгі тәжірибені игере отырып, жаңа шынайы шығармалар туғызады. Өзіне дейінгі көркемдік тәжірибе, дәстүрді игеріп, жаңа озат туынды беру үшін суреткерге ең алдымен қажет нәрсе озат көзқарас. «Жарық жұлдыздай озық көзқарастары бойына сіңірген суреткер ғана бай әдеби дәстүрді дұрыс пайдаланып, әдебиеттің абыройын асыратын шығарма бере алатыны сөзсіз» [2, 2 б.]. Қазақ поэзиясының өсіп – өркендеуінен анық байқалатын бір жай, оның ең таңдаулы үлгілерінің бәрі де өзіне дейінгі әдеби дәстүрдің ең жақсы, таңдаулы, жарқын сипаттарын емін – еркін бойына сіңіре білді. Міне осы бір ежелгі дәстүрге сүйенген, соны жалғастырып байыта, тереңдете түскен қаламгерлер ғана қазақ поэзиясының алғашқы ең жақсы үлгілерін қалыптастырып берді.

Абайдың реалистік дәстүрі ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиетте түрлеше көрініс береді. Абайды тануда, оның дәстүрін ұғынуда әдебиет ғылымында біраз нақтылы барлаулар жасалды. Бұрыннан бар дәстүрлерді дамыту, тереңдете дамыту және соған сүйене отырып, жаңалықтар ашу – өнер заңдылығы. Абай өзіне дейінгі ақындардың және халық поэзиясының құнды дәстүрлерін, көркемдік тәжірибесін мансұқ еткен жоқ, олардан тағылым ала білді. Ол туған халқының және басқа да жұрттардың сөз өнерінен нәр алып, үйренудің және өз тарапынан толассыз ізденіп, творчестволық ерлік жасаудың арқасында ғана қазақ әдебиеті тарихында жаңа дәуір ашты, нағыз жаңашыл болды. Осыған орай Абайдың ағартушылыққа, оқу – білімге үндеуін, надандыққа күресін, әлеуметтік теңсіздік мәселесіне тоқталуын, табиғатқа байланысты жырларын, ғашықтық лирикаларын айтуымызға болады. Абайдың ағарту ісінде ұстанған құралы ақындық болды. Халықты қараңғылықтан алып шығып, жарық жолға салу үшін ағартушылық жолды қалады, соған халқын шақырды.

Абай өз мойнына зор міндет, ағартушылық, ұстаздық ету міндетін алды.

Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегін кетпес далаға
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға ...

деп, Абай өз алдына қойған абыройлы іс жолында жиырма жыл еңбек етті. Еңбегінің далаға кетпейтініне, келешегіне, халқына әбден сенді. «Бірақ Абайдың осындай игілікті іс – әректіне, биік шыңға қанат қаққан ой – талабына үкімет, оның қыр ішінде табақтастары, надандық, сауатсыздық, қараңғылық қарсы тұрды» [3, 66 б.].

Абай шығармаларындағы тағы бір негізгі тақырып – әлеуметтік теңсіздік. Теңсіздікті туғызып отырған – сол қоғам. Өмір қайшылығын ашып айту, әрине, күрестің өрлеуіне әсер етті. Ал Сәкен ағартушылыққа байланысты өлеңдерінде, білімсіз тіршілік

ете алмайтын заманға келе жатырмыз, осыны ауыл жастары сезе ме екен дей келіп:

Ойынды қой, інішегім, алға бас!
Жарқыратып ақ нұрыңмен көңілді аш.
Балалыққа жас миыңды алдатпа,
Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас
Біз қараңғы үйде отырмыз, қарағым!
Басқа жұрттар жап – жарық қып шырағын.
Солардай боп бізде жарық көрейік,
Сендер де кеп шырақ жақшы, шырағым!

– деп інішектерін оқуға, білімге шақырады. Сәкен творчествосында жарқыраған үш жұлдыз – Абай, М. Горький, В. Маяковскийлер көрнекті із қалдырды. «Сәкен өзінен бұрынғы әдебиеттің үлгілі дәстүрлерінің бірде – бірін жоққа шығарған жоқ, тек оны жаңа жағдайда тың үлгілерімен байытты. Ақын шығармаларындағы өз елін сүю, жерін сүю, оны қорғау идеясына ұштасты» [4, 124 б.].

Сондықтан біз бүгін ақын шығармаларынан ежелден келе жатқан дәстүр жалғастығын іздестіретін болсақ, онда, ең алдымен, оның көтерер әлеуметтік жүгіне, азаматтық үніне зер салып, назар тіктеуіміз керек. «Абай, сөз жоқ, арғы – бергі әдеби тарихымызда бұрын – соңды болмаған ұлы мектеп, қайталанбас ғажап құбылыс» [5, 16 б.].

Ол керісінше, өзіне дейін жасалынған халқымыздың бойындағы рухани байлықпен мейірі қанғанша сусындап, жетілдіріп, қайта қорытып барып жаңа әдеби әлемді өмірге әкелді. «Ол, ең алдымен, өзіне дейінгі ақын – жыраулардан халыққа қызмет ету, халықтың үні болу, қоғамның әлеуметтік мәнін ашып көрсету, күрескерлік сияқты басты – басты мәселелерді мирас етті» [6, 2 б.].

Егер байыппен бағдарласаңыз олардың ішінен сіздің құлағыңызға сонау – сонау ғасыр қиырында қалған ақын – жыраулардың үні мен сазы, сарындары талып болсын естіліп жататыны сөзсіз. Ұлы Абай, дәстүр жетілдіруді, яғни дәстүр жалғастығын мүлде жаңа арнаға салып, мүлде тың сатыға көтерді. Ол алғашқы болып тек өз халқының рухани байлығын меңгеріп, тек соны ғана игеруімен халықтың тарихи санасын жаңа биік деңгейге көтеру мүмкін емес екенін ұқты.

Сондықтан да Сәкеннің ұлттық әдебиет тарихында алатын орны мен ролі ақынның тек жаңа кезеңдегі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы болғанымен өлшенбейді, оның үстіне үлкен суреткерлік күшімен, жаңашыл туындыларымен, асқақ талантымен айқындалады. Абай дәстүрін жемістендіре дамытқан, ұлы орыс әдебиетінің жаңалығын бойына сіңірген Сәкен творчествосы ұлттық сөз өнерін шырқау биікке көтерді, өнерге шөлдеген жаңа заман, уақыт тілегіне жауап берді. «Туған әдебиеттің реалистік дәстүрін дамыта отырып, Сейфуллин поэзияға жаңа герой, жаңа көркемдік сыр еңгізді» [7, 2 б.].

Мысалы: Ақынның табиғатқа байланысты өлеңдеріне зер салайық. Ақын табиғат лирикаларында жаратылыс дүниесін жалаң алмай, оны қоғамдық, әлеуметтік жайлармен тығыз сабақтастырыла отырады. Көрініс пен құбылысты әрі дәл, әрі айқын бояумен сипаттау – кемел суреткерліктің белгісі. Сәкеннің қысқы ауылды, даланы суреттеген циклдік өлеңдері осының айғағы.

Мұздай демі бет қарып,
Аяз аузын ашады.
Құлақтанып қызыл күн
Жасыл ұшқын шашады
Қызыл аяз демімен
Бет қарылып күйеді,
Қанын беттің шығарып
Аяз тістеп сүйеді.

Міне бұл Арқаның сақылдаған сары аязының бір көрінісі. Абай қысты үсті – басы ақ қырау кәрі құдаға ұқсатып алса, Сәкен үскірік аязды «Жасыл ұшқын шаша күліп, билеп, беттен сүйіп, ойнақ салған» жаңа бейнеде суреттейді. Сәкен тапқан жаңа образ аяз атаның сүйікті серігін еріксіз еске түсіреді.

Ақын мүсіндеген табиғат суреттерінің ұлттық бояуы айқын және қазақ өмірінің реалистік шындығына бейім. Табиғат құбылысын адам тіршілігімен, әсіресе, қазақ өмірімен тығыз байланысты суреттеу – Сәкен ақындығының Абай дәстүрімен байланысып жатқан бір қыры. Осының бәрі халық поэзиясының, Абай творчествосымен классик ақын – жазушыларының ғажайып шығармаларымен танысу, олардың реалистік дәстүрлерін қабылдау болып табылады. Абай, Ахмет, Міржақып, Мағжандар қазақ әдебиетінде жаңа көркемдік әдістің негізін салды. «Абайды білген немесе оның аты мен шығармаларына сырттай қанық ірілі – кішілі ақындардың Абайдай көркем сөз алыбына еліктемегені, тағлым алуға тырыспағаны кемде – кем». Қазақ поэзиясының дәстүрлері туралы мәселе – сайып келгенде қазақ поэзиясының тағдыры мен болашағы туралы мәселе еді.

Сәкен де Абай сияқты өлең түрлерін молайтуда ерен қызмет атқарды. Ақын бұрынғы келе жатқан дәстүрлі өлең (түрлерін) үлгілерін қолдана отырып, өлеңнің интонациялық ырғағына, логикалық ойды топшылап, түйдектеп беруге айрықша назар аударады. Жаңа түр, жаңа өлең үлгілерін жасады. («Біздің тұрмыс экспресс», «Түрмеден қашып шыққанда», «Ендігі ақынның сандырағы» өлеңдері).

Сәкенің поэзиялық шығармаларында орыс ақындарының және Абайдың шалыс ұйқас, «Сегіз аяқ», «Алты аяқ» өлеңдерінің түрлері де II буынды қара өлең және жеті буынды жыр үлгілері де іргелі орын алады. Ал Сәкен сапта жүріп аяққа келтіріп айтуға лайықтап жазған марш, «Марсельеза» типтес өлеңдер жазу арқылы да қазақ поэзиясының буын, ырғағына елеулі жаңалық кіргізді.

«Сәкеннің замана бейнесін жасау ниетімен туған өлеңдерінде ұлы Абайдан кейін өлең түрлері барынша молайды, әсіресе, аралас буынды өлеңдердің өрнектері құбыла түсті».

Бұрын атым – тұлпар еді, бәйге көк,
Енді, міне, поезд болды, тұлпар жоқ.

Ұзақ жолға

Тұлпар қол ма,

Мейлі жорға!?

Тұлпар міну – Сарыарқада жүрсен тек, – деп аралас буынды өлеңнің жаңа үлгісін жазды.

Қазақ поэзиясының үздік дәстүрлерін бойына сіңірген Сәкен өнерде де, өмірде де жаңағаны құмар ақын болғаны мәлім. Дәстүрлі әдебиетті молынан игерген Сәкен қазақ өлеңі мен қара сөзін әуенмен, өзгеше леппен сөйлетті. Жаңа әдебиеттің көш бастаушысы қайраткері есебінде, «Өлең – сөздің патшасы», – деп баға беріп кеткен ұлы Абайдан кейін, сөз майданында өзінің жаңашылдығымен, сөзді өрнектей өрелі ойды өлеңнің жаңа өрнегімен бейнелеген ақын болып қалды. Сөздің адам үшін сиқырлы күшін, кереметтей әсерін бағалап, ой түйген ұлы Абайдың «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» бағалағаны бекр емес. Біз Абай, Сәкен өлеңдерінен, өлең өнегесіне үңілген сайын ақындық болмыстың аса күрделі, қиын, әрі азапты, әрі ләззатты тағдырын бастан кешеміз. Дәстүр жалғасы – жаңашылдық жаңғырығы көнені көңілден, ескіні електен өткізіп барып, жаңа үлгіге ұласу арқылы жалғастырылды».

XX ғасырдың басы, Сәкен өмір сүрген дәуір – қазақ халқының патша отыршылығынан құтылуға ұмтылған, азаттық үшін күресінің кезеңі еді. Ендігі жерде Сәкен ақындығы осы халықтық идеяны жырлап дамытуға арналды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, Жазушы, 1980. – 172 б.
2. Әуезов М. Шыншыл тәкаппар ақын. // Жұлдыз, 1994. №5. – 41 б.
3. Ақынжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы. – Алматы, Қазақ мемлекеттік баспасы, 1999. – 193 б.
4. Бектұров Ж. Менің Сәкенім. // Ана тілі, 1994. – 20 қазан. 2 б.
5. Қожахметов Б. С. Сейфуллин шығармаларындағы дәстүрлік пен жаңашылдық. // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1991. – №7. 17 б.
6. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. Монография. 2 – томдық. – Алматы, Жазушы, 1991.
7. Кәкішев Т. Сәкен жайындағы соңғы деректер. // Қазақ әдебиеті, 1991. – 24 февраль.

ӘОЖ 001.894.342.

АЛАШТЫҢ АЛЫП АСЫЛДАРЫ ЖӘНЕ РУХАНИЯТЫ

Жаппар Л.С., Талипова С.С.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.
lszh1021@mail.ru

Бұл мақалада қазақ халқы кеңес үкіметінің отаршылдық саясатының ық-палында болып, ашаршылық, репрессия, қуғын-сүргін сияқты зобалаңдарды басынан өткерді. Ұлтсыздандыру науқаны белең алып, алаш жұртына рухани қазынасынан айырылып қалу қаупі төнді. Міне, дәл осы кезде зиялылар ұлт мүддесі үшін бірігіп, «Алаш» идеясын ұсынды. Тәуелсіздікті көкसेген ол ұстаным ұлт-азаттық күрестің мазмұнын айқындады.

Кілттік сөздер: ашаршылық, репрессия, қуғын-сүргін, ұлтсыздандыру науқаны, газыр жемісі, қазақ тарихы.

В этой статье казахский народ находился под влиянием колониальной политики Советского правительства и сильно пострадал от голода, репрессий и преследований. Кампания по диссоциации была разрушительной, и аляскинская община оказалась в опасности потерять свои духовные сокровища. Именно так интеллигенция объединилась на благо нации и представила идею «Алаша». Это стремление к независимости определило содержание национально-освободительной борьбы.

Ключевые слова: голод, репрессии, репрессии, кампания национализации, плоды века, казахская история.

XX ғасыр қазақтың тарихында ең күрделі, қайшылығы да, тағылымы да мол кезең. Бұл кезеңде қазақ халқы жаппай сауаттылыққа жетті, ғылым-білім саласында табыстарға ие болып, дүниежүзілік мәдениеттің биік деңгейіне қол жеткізді, ұлт зиялылары қалыптасты. Бұны ғасыр жемісі деп баға-лаған дұрыс. Сонымен бірге, қазақ халқы кеңес үкіметінің отаршылдық саясатының ықпалында болып, ашаршылық, репрессия, қуғын-сүргін сияқты зобалаңдарды басынан өткерді. Ұлтсыздандыру науқаны белең алып, алаш жұртына рухани қазынасынан айырылып қалу қаупі төнді. Міне, дәл осы кезде зиялылар ұлт мүддесі үшін бірігіп, «Алаш» идеясын ұсынды. Тәуелсіздікті көксеген ол ұстаным ұлт-азаттық күрестің мазмұнын айқындады.

Ұлт көсемі Ә.Бөкейхан бастаған алаш зиялыларының басты мақсаты – саяси әрі рухани тәуелсіздікті көксеген «Алаш» идеясын қазақтың игілігі үшін тиімді жүзеге асыру болды. Бұған байланысты зиялы қауым өкілдері ұлттық идеяны жан-жақты насихаттауға, оның ішінде ұлттың жаны болып табылатын руханият саласында іске асыруға ерекше көңіл бөлді. Ұлттық мұратқа жету үшін алаш ардақтылары ауыр да азапты жолдан өтті. Олардың әрқайсысының ұлт үшін жасаған қызметі мен сіңірген еңбегі елеулі. Әрбір зиялы қоғамның қажеттілігін, заманның талабын біле отырып, түрлі салада ұлт мұраты үшін адал қызмет атқарды. Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы ұлттың баға жетпес байлығы. Сол себепті, оны зерттеу жұмыстары қазіргі таңда белсенді түрде атқарылуда. Бұл ретте алаштанушы ғалымдар ұлт қайраткерлерінің өнегелі еңбектерін жинақтап, ғылыми зерттеулер жазып, елге танытып жатыр.

Ұлт тарихы тек қана саяси, әлеуметтік, қоғамдық оқиғалардан ғана емес, сонымен қатар ұрпақтар жалғастығынан, өміршең дәстүрлерден құралатыны да белгілі. Сол игі дәстүрлерден тағылым ала отырып, мемлекет, әлеумет, жеке адам көшін түзейді, бағытын айқындайды. Халқымыз жүріп өткен ұзақ жолдың шежірелі күндеріне көз салсақ, тарих ата жадына тоқыған талай тағылымды істерді көрер едік. Қазақ тарихының осындай белесті асуларының бірі – Алаш қозғалысы. Бүкіл қазақ даласын азаттық идеясына жұмылдырған бұл ұлы қозғалыстың тарихы мен тағылымы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Алаш қайраткерлері ұлтты ұлт ететін талай-талай шаруаны

бастағаны, жолға салғаны белгілі. Сол зиялы қауым көтерген іргелі мәселенің бірі – тіл мәселесі.

Алаш зиялылары бастаған рухани мәселелер бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатыр дегенде, олардың тіл тақырыбы төңірегіндегі ойларының қазірде де өміршең екендігін аңғаруға болады. Қазақ тіліндегі басылымдар, ана тілінде білім алу, тілдің қоғамдағы мәртебесі, ана тілінде тәрбие беру, Қазақстандағы қазақ тілінің басымдығы сияқты мәселелер А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Шоқай, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Шонанұлы тағы да басқалардың істері мен еңбектерінен көрініс тауып жатты.

Алаш қайраткерлерінің сонау ХХ ғасырдың басында тіл туралы айтылған ой-пікірлерінің ХХІ ғасырдың басында өмір сүріп отырған қазақ қоғамы үшін де маңызды болуы – біздің бұл салада атқарар шаруамыздың көптігін де көрсетеді. Себебі қоғамымыз тіл саласында әлі де Алаш зиялылары көтерген мәселелер деңгейінде отыр. Сондықтан да жоғарыда есімдері аталған қайраткерлердің, қаламгерлердің ойларын басшылыққа алып, бірқатар жұмыстар атқаруға тиістіміз. Айталық, бүгінгі мектеп, ондағы қазақ тілінің жай-күйі, жас ұрпақтың қазақ бола отырып, Қазақстан мектебінде оқып, орысша білім алуы және ондай қазақ балаларының мыңдап, тіпті он мыңдап саналуы. Қазақ баласының орысша білім алуы деген сөз оның орысша тәрбие алуы болып шығады. Осыны ұлттық қадір-қасиетімізді қалпына келтіру жолында орасан істер атқарған Алаш зиялылары бұдан бір ғасыр бұрын ұғынып, сөзбен де, іспен де шешуге тырысқан.

Қазіргі кезде Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде қазақ тілі басымдыққа ие бола алмай отыр. Мынау ақпарат заманында тілдік қолданыстың зор кеңістігі ақпаратпен байланысты екендігін білесіздер. Телехабарлар, газет-журналдар орыс тілінде болған соң, үлкен де, кіші де сол тілде сөйлеуді дағдыға айналдырған. Өз тілін біле тұрып, өзге тілге үйір болудың үлкен бір сыры да осында. Алаш ардақтыларының бірі Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең, бұл – күйініш» деген еді.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл қазақ тілі екендігін айта бастасаң, тілдердің үштұғырлығын алдыға тартатын кейбір әдеттер пайда болды. Әлемдік қарым-қатынастар мидай араласқан заманда көп тіл білу қажет те болар. Дегенмен алдымен өз тіліміздің көсегесін көгерткен дұрыс екендігін біразымыз түсінбей жүрміз. Бұл жөнінде Елбасы шешімді ойын, кесімді пікірін айтты. Ол кісі редакторлармен кездесуінде: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» деп, мемлекеттік тілді елегісі келмей, орыс тілі мен ағылшын тілінің қосағына көгендеп жібергісі келгендерге түсінікті етіп, мемлекеттік тілдің басымдығын айқындап берді. Баршамыз, тіл саласының қызметкерлері де, тіл жанашырлары да, жастарымыз да қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін, яғни еліміздегі басымдығын үнемі насихаттап жүруіміз қажет.

Ұлттың болмысын, басқалардан ерекшелендіріп тұратын маңызды рухани табиғатын түсінген Алаш қайраткерлері әрқашан тіл мәселесін ұлттан бөліп қарамаған. Мәселен, А.Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер, әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» десе, М.Шоқай «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл», М.Жұмабаев «Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл. Ұлт үшін тілінен қымбат ешнәрсе жоқ» деп жазған еді. Ұлы тұлғалардың сөзінде ұлт тілінің маңызымен бірге ескерту, сақтандыру ойлары да жатыр. Біздің заманымыз үшін бұл пікірлердің бағалылығы да осында. Десек те, тәуелсіздігіміз ат жалын тартқан азамат жасына жетсе де, осыны көптеген қандастарымыз түсіне алмай, түйсіне алмай жүргені шындық. Біздің басты шаруамыз, Астананың зиялы қауымының жұмысы қазаққа қазақша сөйле, балаңды қазақша оқыт, жұмысыңды қазақша атқар деген сияқты жұмыстармен байланысты болып отыр. Бүгінгі халықаралық басқосудың

да мақсатының бірі осындай шаруамен орайлас. Бұл күрес сонау Алаш қозғалысы дәуірінде басталған аманат күресі, тәуелсіздігімізді тұғырлы етеміз десек, оны орындауға міндеттіміз. Бұл жөнінде елбасымыз Н.Назарбаев қазақтілді басылым редакторларымен кездесуінде: «Алаш арыстары бізге мемлекеттілік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті... Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді. Алаштың асыл аманаты ауызбірлігімізді күшейтуге шақырады» деп айрықша тоқталған болатын. Ұлттық бірегейлігімізді сақтауда Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің қазақтары тілдік бірегейлігімізді сақтауға ұмтылуымыз қажет. Өйткені еуропалық өмір салтына көше бастаған қазіргі заманда ұлттық бірегейліктің бастысы – ана тілі болып отыр. Сондықтан да тіл бірлігі ең күшті біріктіруші факторға айналуы тиіс. Бұны баршамыз неғұрлым терең түсініп, осы бағытта маңызды, шешуші істер атқаруымыз тиіс.

Еліміздің бас қаласы – Астанада қазақы рух, ұлттық нышан қалыптасуы үшін көптеген нәтижелі шаруалар атқарылуда. Ұлт болашағы бүгінгі бүлдіршіндер десек, астана болғалы бері 20 қазақ мектебі ашылды. Қазақтардың саны көпшілікке айналып, алпыс пайыз шамасына жетті. Күні кеше бір ғана қазақ мектебінің болғанын, қандастарымыздың жиырма пайызға жетер-жетпес болғанын айтсақ, Астананың қазақтана бастағанына толық көз жеткізесіз. Үстіміздегі жылы қаламыздың даңғылдары мен көшелеріне үш жүзден астам қазақы атаулар берілді. Атаулар беруде ұлтымыздың тарихында айрықша орынға ие болған тұлғалардың есімдері, Қазақстанның әр түкпіріндегі жер-су атаулары молынан қамтылды. Олардың ішінде Алаш қайраткерлерінің барлығының дерлік есімдері бар. Біз бұларды көлденең тарта отырып, қаламызда мәселе толық шешілді деп отырғанымыз жоқ, бұл бағытта атқарылар шаруа әлі де шаш етекпен. Біздің ойымызша, ең алдымен қазақ баласының ана тілінде білім алуына баршамыз ықпал жасауымыз қажет. Олай болмайынша ертең ержеткен, бойжеткенге, бүрсүгіні мемлекеттік қызметкерге өз тілін үйретіп тағы әуре боламыз. Мұны кезінде Алаш зиялылары уақытында аңғарған. Ұлт ұстазы Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы: «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдаланып үйренген, ноғайша оқығанда ноғай сөзінің жүйесіне дағдаланып үйренген. Қазақ сөздері алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыландығын кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз» деп ұрпақтың ұлттық тәрбие алуының негізін айтса, Халел Досмұхамедұлы: «Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды» деп тілдің сақталуы мен дамуындағы мектептің ерекше рөлін атап өтеді. Бұл бағытта, әсіресе, Білім және ғылым министрлігі мақсатты жұмыстар жүргізуі тиіс деп ойлаймыз. Балабақшаға, мектепке баратын бүлдіршіндердің ата-аналарымен насихат жұмыстарын жүргізу қажет. Қазақ мектебінің білім берудегі артықшылықтарын көрсете білу керек. Күні ертең қазақ тілінің нағыз мемлекеттік тілге айналатынына оларды сендіру қажет. Ол үшін қазақ балабақшаларының, мектептерінің санын көбейтумен бірге білім берудің сапасын арттыра беру мақсатында ойлы, орайлы шаруалар атқаруды қолға алған абзал. Осыдан барып балаларға арналған кітаптар шығару, уақыт талабына сай кинофильмдер, мультфильмдер, мультимедиялық бағдарламалар шығару мәселесі туындайды. Өйткені балаларымызды заманауи жаңалықтардан кенже қалдырмауымыз керек. Бұл салада мемлекет тарапынан жоспарлы жұмыстар жүргізілуі керек екендігі бесенеден белгілі. Сондай-ақ шығармашылық қауым бүгінгі заманғы технологияларды пайдаланып, осындай қажетті өнімдер шығаруды ойлағандары дұрыс. Алаш қайраткерлері өз заманында сол дәуірге лайық көркем шығармалар тудырды, ақпарат құралдарын шығарды. Ал біз ХХІ ғасыр жетістіктерін пайдаланып, ақпараттық технологияның қазақ тіліндегі үлгілеріне бет бұруымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұртбай Т. Ұраным–Алаш. Тез. 2 том. – Алматы: Ел-шежіре, 2011.
2. «Шолпан». Құраст., Х. Есенқарақызы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015.
3. Бөкейхан Ә. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. Т.6. Құраст., Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: Сарыарқа, 2013
3. Жұбаева О. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Қазығұрт, 2013.
4. «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2011.

ӘОЖ 001.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ МҰРАСЫ

Жолан А.Б., Талипова С.С.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.
j.aigerim@bk.ru

Бұл мақалада алаш қайраткерлерінің мұрасы жайлы баяндалған. Алаш қайраткері А.Байтұрсынұлының есімі мен еңбектері төңкеріске дейінгі кезеңде-ақ қалың ел, дүйім көпшілікке кеңінен мәшһүр болатын. Ел ішінде Ахметтің есімі ұстаз ретінде ғана емес, әділетшіл азамат, сондай-ақ ақын ретінде де мәлім бола бастайды. А.Байтұрсынұлының әдеби мұрасы сан салалы, әрі қомақты.

Кілттік сөздер: *әдебиет өкілдерінің дәстүрлері, романтикалық, сентименталистік тәсілдері, әділетшіл азамат.*

В этой статье рассматривается наследие народа Алаша. Название и произведения поэта Алаша А. Байтұрсынова были дореволюционными и широко известны во всем мире. Имя Ахмета в стране начиналось не только как учитель, но и как справедливость и поэт. Литературное наследие А. Байтұрсынова разнообразно и существенно.

Ключевые слова: *традиции представителей литературы, романтические, сентиментальные подходы, честный гражданин.*

Бүгінгі таңда қоғамымыздың тарихи- санасын жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Өз еліміздің тарихын тану арқылы ғана өткен ғасырдың соңында қол жеткізген тәуелсіздігіміздің қадіріне жете аламыз. Қазақ халқының тарихына үңіліп қарасақ, еліміздің азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күресі ешқашан толастамағанын аңғарамыз. Осынау жүздеген жылдарға созылған күрес жолында- XIX мен XX ғасыр тоғысындағы зиялылардың алатын орны ерекше.

Алаш әдебиеті өзінің көркемдік қырынан әр түрлі болды. Атап айтқанда, XIX ғасырдың аяғынан бері келе жатқан әдебиеттегі ағартушылық пен сыншылдық реализммен бірге романтикалық, сентименталистік тәсілдері кеңінен көріне бастады. Ол М.Жұмабаевтың тұтас шығармашылығынан байқалады. Көркемдік тәсілдің алуандылығы ұлттық сөз өнерінің жаңа деңгейге аяқ басқанын аңғартты. Бұл азатшыл әдебиеттің беті мен екпіні, бағыты мен мазмұны Алаш қаламгерлері жазықсыз жазалана бастаған 1920 жылдардың соңына дейін жалғасты. Алаш ұранды әдебиет өкілдерінің дәстүрлері 1920-30 ж.ж., одан кейінгі кеңестік кезеңде де жалғасын тауып жатты. Алаш қаламгерлерінің есімдері мен еңбектері 1980 жылы ақталып, қазақ қоғамының мәдени-рухани болмысына әлі күнге дейін ерекше әсер етіп келеді.

Алаш қайраткері А.Байтұрсынұлының есімі мен еңбектері төңкеріске дейінгі кезеңде-ақ қалың ел, дүйім көпшілікке кеңінен мәшһүр болатын. Ел ішінде Ахметтің есімі ұстаз ретінде ғана емес, әділетшіл азамат, сондай-ақ ақын ретінде де мәлім бола бастайды. А.Байтұрсынұлының әдеби мұрасы сан салалы, әрі қомақты. Алайда, оның творчестволық

қалыптасуында айрықша мәнге ие екі жинағын атаған абзал. Оның халыққа аудармашы ақын ретінде танытқан тұңғыш жинағы 1909 жылы Петербургте жарық көрген "Қырық мысал" да, екіншісі 1911 жылы жарық көрген "Маса" жинағы. "Қырық мысал" еңбегіне А. Байтұрсынұлының орыстың әйгілі мысалшы ақыны И.А.Крыловтан аударған қырық мысалы енген. Жинақтың "Қырық мысал" аталуының мәнісі де осында.

1911 жылы Орынборда жарық көрген "Маса" - Ахмет Байтұрсынұлының төл өлеңдерінің топтамасы. Бұл кітаптың XX ғасыр басындағы қазақтың қоғамдық өміріндегі үлкен әлеуметтік мәселелерді батыл көтеріп, өз дәуірі үшін елеулі мәнге ие болғаны, қазақ қауымы ортасында салиқалы ой туғызғаны белгілі. Жинақтың мақсаты оның "Маса" аталуынан да танылады. Ақын кіріспе өлеңінде масаны ызыңымен елді енжарлығынан, жалқаулығы мен ұйқысынан оятуға септігі тиетін бейне етіп алады. Кітаптағы өлеңдердің тақырыптық-идеялық мазмұнынан автордың ағартушылық көзқарасы да жақсы танылады. Халық тағдырына жаны күйіп, оны ұйқысынан оятуға, серпілтіп, жігерлендіріп, алға жетелеуге күш салған азаматтың үні естіледі. "Қазақ салты", "Қазақ қалпы", "Жиған-терген", "Жұртыма", т.б. өлеңдері - бұған дәлел. "Қазақ салты" өлеңінде ақын қазақ қауымының әртүрлі өкілдерінің мақсаты мен өмір-тіршілігін сын көзімен саралай келіп, "ұмтылып талап ойлап талпынбаған" елінің енжар, жайбасар халіне күйініш білдіреді. Елінің бұл халіне оқыған азамат ретінде өзін де кінәлі санай отырып өлең аяғын: "Бұл бір сөз қасірет етіп хатқа жазған, Қалмаған түк қасиет, қазақ азған. Байға-мал, оқығанға шен мақсат боп, Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан",-деп, азаматтық үлкен қиналыспен бітіреді.

Қазақтың жерін ғана алып қалмай, ой-санасын да отарлауға айналған патшалық озбырлық пен большевиктік қызыл қырғын кезеңдерде әдебиет пен саясат майданында халқына қапысыз еңбек етіп, ұлттық сананы қалыптастырған Ахмет Байтұрсынұлындай ұлы тұлға тарихымызда сирек. Жалпы, А.Байтұрсынұлы шығармашылығы XX ғасыр басындағы демократтық әдебиетке тән дәстүрлі ағартушылық, сыншылдық сипатта қалыптасты.

XX ғасырдың басы - талайдан бері өз ырқы өз қолынан шығып, телімге түсіп кеткен қазақ халқының томаға-тұйық қалыптан оянып, бас көтере бастаған шағы. Әлеуметтік-саяси жағынан алғанда, бұл кезең патша өкіметінің қазақ даласында отаршылдықты күшейтіп, шаруашылық жағдайы онсыз да оңала алмай жүрген панасыз елге езгісін асыра түскен жылдар еді.

Сол жылдары Әлихан Бөкейханды, Ахмет Байтұрсынұлын үлгі етіп, ұстаздарына санаған Міржақып Дулатов қазақ қоғамының өзекті мәселелерін күн тәртібіне шығара білді. Қазақты отарлау саясаты көзі ашық, санасы ояу, халқының қамын ойлайтын, озық ойлы азамат М.Дулатұлына қозғау салды. Ол да Алаш зиялыларына еріп, адамзаттың тарихи көшінен қалтарыс қалып, тымырсық жатқан елдің тығырықтан шығар жолын іздестіріп шарқ ұрды. Бастапқыда таза ағартушылық сарында туындап, сонан соң барып саяси сипат алған бұл қозғалыс патшалық биліктің саяси дағдарысқа ұшырауы, елдің түрлі аймақтарында, әсіресе түркі тілдес халықтар арасында ұлт-азаттық, либералдық-демократиялық тұрғыдағы сана-сезімнің ояна бастауы жағдайында анық әлеуметтік құбылыс дәрежесінде бой көрсетті. Міне, осындай тарихи ахуалда Міржақып ұлы мақсаттар мен асыл мұраттар жолында құлаш сермейтін кеңістікке қарай бойлады.

М.Дулатов Санкт-Петербург сапарынан Торғайға белсенді қайраткер, саяси күрескер ғана емес, сонымен бірге шабытты ақын да болып оралады. Жылдам жазып, түрлі тақырыптар төңірегінде ой толғаған тебіреністері бірер жылдың ішінде толыққанды жинақ болып түзіледі. Ақын оны Уфа қаласындағы "Шарқ" баспасынан "Оян, қазақ!" деген атпен 1909 жылы кітап бастырып шығарады. "Оян, қазақ!" қолдан қолға, ауыздан ауызға тарап, шамалы уақыт ішінде ақынның атақ-даңқын алты Алашқа әйгілі етті.

Мағжан Жұмабаев тұңғыш өлеңінен бастап әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Абай поэзиясының өшпес маңызын бірден танып, оны "хакім" деп атады, ұлы ақынның "мың жыл жұтса дәмі кетпес" сөзін жаңа жағдайда ілгері дамытты. Батыс пен Шығыстың рухани қазынасын сабақтастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты М.Жұмабаев "Шын

сорлы" өлеңінде ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді көтерсе, "Ләззат қайда?", "Жазғы таң", "Өнер-білім қайтсе табылар", "Балалық шақ", "Қазағым", "Қарағым", "Осы күнгі күй", "Мен сорлы" шығармаларында халқын өнер-білімге шақырды.

Өз поэзиясының алғашқы қадамдарынан бастап ақтық демі біткенге дейін М.Жұмабаев ұлт-азаттық тақырыбын үзбей толғанды, оны өз поэзиясының өзегі етті. Бүкіл халықты тап, топқа жіктемей, қазақ елін әлемдік мәдени жетістіктерге қол жеткізуге қандай күш кедергі деген сауал қойып, оған басты кедергі - отаршылдық деген шешімге келді.

Бастапқы кезде бұл тақырып туған жердің табиғатын тамашалаудан барып, қайран жердің ендігі күні не болады деген уайым-қайғыға ұласады, ақыры келіп кіндік қаны тамған нулы, сулы өлкені жаулап жатқан қара шекпенді отаршылдыққа қарсы наразылық оты болып тұтанды. Оған "Туған жерім - Сасықкөл" өлеңі дәлел. Ақын халқымен бірге күйзелді, осыдан келіп "Мен жастарға сенемін" өлеңдері жарыққа шықты. М.Жұмабаев поэзиясындағы құнарлы арнаның бірі - түркі тақырыбы. Түркі халықтарының бірлігі тақырыбы Мағжан поэзиясының әуелден қалыптасқан алтын арқауы іспетті.

Ақын "Шолпан" жинағындағы "Орал тауы" өлеңінде: "Қосылып батыр түрік балалары, Тапталпа, жолын кесіп, тізгінге орал", - деп жазды. Ерекше атап өтетін бір жайт - М.Жұмабаевтың түрік халқының шет ел басқыншыларына қарсы азаттық қозғалысына үн қосуы. Мұнда реалистік, романтикалық сарындар бір-бірімен астасып, бірге өріліп отырады.

Алаштық идея әрбір саналы қазақты ойландырғанына, ойландыра беретіндігіне күмән жоқ. Өйткені, Алаш қозғалысының мақсаты - ұлттық тәуелсіз мемлекет құру. XX ғасырдың басында ұлтының дербестігі үшін бірігумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің еңбегі Алаштың өкшебасар ұрпақтарының есінен кетпейтіні анық. Алашшылдық сана қазіргі қоғамда тереңдей түсті. XXI ғасырдың әдебиеті қанатын кең жайып, халқымыздың ұлттық өресінің биіктеуіне ықпал етіп келеді.

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы - тарихи-саяси, айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени- рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені ол Қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Қозғалыстың қарқындылығы мен жаңашылдығы - қазақ қоғамы үшін қиынқыстау сол бір дүбірлі шақта азаттық ұранын салып, іс жүзінде бытыраңқылық пен мемлекеттік институттар қалыптаспаған сахара төсінде дербес мемлекет құруға бел шешіп кірісуінде еді. Алмағайып кезеңде амал тауып, халқының басын қосып, ертеңіне сендірген осындай ұлы топ бұғанға дейін болмағаны тарихтан белгілі. Олар сол тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін, қандай да болмасын, замана сауалының оңтайлы шешімдерін таба білді. Алаш қозғалысы совет өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұл тартпас мысалы - тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы.

Ес жиып, етек жапқан бүгінгі күнде алаштық идея саналы қазақ баласын, елжанды Қазақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі, Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты - ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында еді. XX ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің пәрменді еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес. Оның дәлелі - тәуелсіз Қазақстанның барлық түкпіріндегі қазақ зиялы қауымының ісіндегі, ойындағы алашшылдық сана. Бұл алашшылдық сана уақыт жылжыған сайын қазіргі қазақ қоғамында тереңдей түссе, халқымыздың ұлттық өресі де биіктей бермек. Алаш зиялыларының Қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы жене осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі

дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - деп көрсеткен болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008
2. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Алаш қозғалысы // Ақиқат. — 1991. № 11.
3. Нұрпейісов К. Алашорда. -Алматы: Ататек, -1995.
4. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. -Алматы: Ата мұра, 1998.

ӘОЖ 001.

I.ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ЖОЛДАСТАР» РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Изтаева Б., Касенов Е.С.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Бұл мақалада I.Жансүгіровтің «Жолдастар» романындағы тұрақты тіркестердің қолданысы қарастырылған. Фразеологизмнің көркем шығармада қолданылуы автордың шеберлігімен қатар, астарлы ой мен идеяның айқындалуына мүмкіндік береді. Шығармадағы фразеологизмнің өткен тарихпен сабақтастырылған бастапқы мағынасымен қатар, заман талабына сай жаңа үстеме мағыналарға ие болып аясының кеңейгенін көруге болады. Демек, I.Жансүгіровтің мағынасы терең өміршең туындылары қазақтың дүниетанымы мен рухани дүниесін дамытуда орны ерекше.

Кілттік сөздер: фразеологизм, көркем шығарма, өзіндік тарих, мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өзіндік тіл, жазушы.

В этой статье обсуждается использование регулярных выражений в романе И. Жансугурова «Товарищ». Использование фразеологии в художественной работе, наряду с умением автора, позволяет определить идею и идею. Помимо первоначального значения фразеологии в работе прошлого, можно видеть, что расширение сущности времени имеет новый уровень значимости. Следовательно, значение И. Жансугурова глубоко укоренено в развитии казахского мировоззрения и духовного мира.

Ключевые слова: фразеология, искусство, личная история, культура, традиции, обычаи, язык оригинала, писатель.

Әр жазушы өзіндік тілдік бірліктермен суреттеген бейне қарапайым, жеңіл көрінгенімен, астары терең, мағынасы зор туындыларды өмірге әкеледі. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын жазушының еңбектерінен айқын көрінеді. Жазушының суреткерлік келбеті – сөз, өзіндік жеке тілі және тілдің сөз қазынасы. Сөз қазынасына кең мағынадағы мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразеологизмдер жазушы шығармасына астарлы ой, кең мағына бере түседі.

«Фразеологизмдер – көркемсөз өнерінің ең құнарлы саласына тән ойлау нәтижесі мен халық даналығының туындысы» [1,116.]. Тіліміздің бұл байлығы неше жылдар бойы қалыптасып, қолданысқа дайын тұратын көркемсөз құралы болып саналады. Яғни, көркемсөз шеберлерінің өз шығармаларында түрлендіріп, сан құбылтып, пайдалануына болатын әсем де, әсерлі, көркем де бейнелі сөз өнері. Фразеологизм дүниесі – тілдің байлығын да, образдылықты да танытатын ерекше элементтер [2,196.]. Бұл элементтерді ұтымды пайдалану нәтижесінде жазушы шығармасындағы сөз саптау мәнерін айқын көруге болады. Әр қаламгер заман

өзгеруіне сай тілдік қолданыстар, соның ішінде фразеологизмдерді жаңғыртып, жаңартып қолданады. І.Жансүгіров шығармаларындағы фразеологизмдерді сол қалпында немесе жаңғыртып, соны қырымен шебер пайдаланғанын «Жолдастар» романынан көруге болады.

Қазақ тілінде «қас пен көздің арасында» деген фразеологизм жиі кездеседі. Ол «лезде, тез, жылдам, көзді ашып-жұмғанша» [3,66.] деген мағынада жұмсалады. Осы фразеологизмді І.Жансүгіров: «... Қылау ұшқындады. Қар сапалақтады. Алай-түлей боран түмеді. Қыр – қараңғы. Түн – түнек. Қас пен көздің арасы көрінбейді», – деген сөйлем арасында қолданған [4,66.]. Бұл фразеологизмді жазушы сөздердің номинативті мағынасын сақтай отыра жазып, бастапқы фразеологиялық мағынасынан өзгешелеп қолданған.

«Көкке тойған» деген фразеологизм, әдетте «жазғытұрым кездегі пішен, шөпке аузы жаруын, аяғы ілінуі» [3,96.] мағынасында қолданылса, жазушы: *Көкке тойған соң қара тіл болып көк жалаған сиырлар қазыққа байлаулы күйінде ыңқ-ыңқ етеді*, – деп өрнектейді [4, 96.].

«Өзінің аяғын алып жүре алмау» деген фразеологизмі халық тілінде «өзгенің көмегенсіз қолынан ештеңе келмейтін адам» [3,97б.] деген мағынаны білдіреді. І.Жансүгіров: «*Біреудің малын бақпақ түгіл өзінің аяғын алып жүре алмайтын шу аяқ сорлы*», – деп фразеологизмді адамды сипаттау арқылы көрсетеді [4,8б.].

«Жегені желкесінен шығу» фразеологизмінің екі мағынасы бар: 1.Тыныштықен аузын асқа тигізбейді, ішкен асы бойына құт болмады; 2. Арамтамақ, жемқордың сазайын берді деген мағынада білдіреді [3, 252б.]. Жазушы оны: «*Былтыр Әділханға жүргіземіз деп жегеніміз желкемізден шыққандай болған жоқ па?*» – деп фразеологизмнің алғашқы мағынасымен жұмсаған [4,9б.]. Сонымен қатар, мән-мағынасын сақтай отырып, экспрессивті-эмоционалды реңк үстемелеп мағынасын күшейткенін көруге болады. Мысалы, халық тілінде «*бас байлау*» деген «еріксіз болды, мәжбүр болды» [3,125б.] деген мағынада қолданса, І. Жансүгіров: «*Сөйтіп жүрген Сатанға Тәжидің тағы қылтылдатып отырған міне бір «қой алу» деген сөзі бостанышылығын тағы жойып, басын байлайтын сияқтанды*», – деп фразеологизмнің бастапқы мағынасымен қолданған [4,11б.]. Сонымен бірге жазушы бір нәрсені істеуге шындап кірісті, тәуекел етуді «бас байлау» тіркесімен қатар синонимдес «*белін буу*» [3,140б.] фразеологизмін де жазушы өз туындысында: «*Сатанның шешесі сол түннен былай түнгі күзетке белін буып кірісті*», – деп шебер қолданған.

«Отымен кіріп, күлімен шығу» деген тұрақты сөз тіркесінде «бар үй бейнетін, түз бейнетін арқалау» [3,562б.] деген мағынаны білдіреді. Жазушы шығармасында: «*Біреудің отымен кіріп, күлімен шықпайды*», – деп фразеологизмнің бастапқы толық мағынасын қалдырғанымен, болымсыздық мағынасында қолдануымен ерекшеленеді [4,11б.].

«Тиыннан тиын тугызған, қу таяқ саудагер», – деген жолдарда [4,14б.] көруге болады, – *Құсайынды көрген соң қу құйрық Шалматай әңгімені ушықтырмай майдабикеке салып, бұл шіркіннің дәм атқанның құдыққа түкіргеніне өкпелегенін айтқанда, оны енді Құсайын араласқан соң «тастадым»* [4,74б.]. Бұл жерде синонимдес фразеологизмдер ойды дәл, анық жеткізеді. «*Қу таяқ (құйрық)*» [3,462б.] деген фразеологизмі бұл жерде «қыдырымпаз» мағынасында келіп, контексте өз бейнесін айқын ашып тұр.

«*Таң атқанша кірпік ілмей, жұлдыздарды батырып, таңды атырып, күнді көзінен шығарды*», – жазушы синонимдес фразеологизмді қиыстыра қолданған [4,16б.]. Біріншіден, «кірпік ілмей» тұрақты сөз тіркесі «ұйықтамады, көз жұмбады» [3,385б.] деген мағынаны білдіреді. «*Күнді көзбен атырды*» деген фразеологизмді жазушы «күнді көзінен шығарды» фразеологизмінен алмастырған.

«*Өлім аузы*» тұрақты сөз тіркесі «ажалдан аман-есен қалды, ажалдан алып қалды» [3,574б.] мағынасындағы тіркес І.Жансүгіровте: «*Ел күземін алып жатқанда Сатанның шешесіне сүзек сап ете түсіп, өлім аузынан қалған соң көнтек көк азбанды қалжаға жеп көтерілді*», – деп берілдеді [4,17б.].

«*Құрдай жорғалау*» фразеологизмі халық қолданысында «аяғынан тік тұрып, қорқып, именіп қызмет қылды» [3,479б.] мағынасындағы сөз тіркесін «Жолдастар» романында: «*Тәжи құрдай жорғалап жерге кіріп кете жаздады*», – деп стильдік бояуын қоюлата суреттейді [4,18б.].

«Жарғақ құлағымыз жастыққа тимей» фразеологизмі «тыным таппады, дамыл көрмеді» [3,245б.] деген мағынада әкеліп, жазушы: «Жарғақ құлағымыз жастыққа тимей бақтық, қақтық, қайеміз дертке ұшырады, қасқыр жеді, ауру алды, жұт болды», – деп фразеологизмнің мән-мазмұнын сақтай отырып, мазмұнына динамикалық реңк берген [4, 18б.].

«Дәм-тұзын тату» фразеологизмін «дәм ауыз тиді, ас ішті» [3,185б.] болғанымен, жазушы: «Бұрынғы қасындағы Әділхандарға жүргізуге алыс деп үйін шығарғысы келмей отырған Сатанға Жетісудың дәм-тұзын тату жазған екен ғой деп, шешесінің көз жасын іркіп қалды», – деген жерде көріп, білісу мағынасында қолданған [4,19б.].

Халықта «сүт пісірім» деген тұрақы сөз тіркесін уақытты көрсетуде, яғни, ширек сағат шамасында [3,641б.] қолданған. Жазушы: «Оның ашық даусы сүт пісірімге созылып, сырнайша сылдырайды», – деп қолданған [4,21б.].

«Сатан жүрегі су етіп, төбе құйқасы шымырлады», – деген жолда І.Жансүгіров синонимдес фразеологизмдерді тұрақты сөз тіркесін орынды қолдана келіп [4,27б.], әсерлі етіп айтпаққа талпынады. «Жүрегі су етті» тұрақты сөз тіркесі «бойын қорқыныш биледі, үрейленді, зәресі ұшты, шошып кетті» [3,687б.] деген мағынада келсе, «төбе құйқасы шымырлады» тіркесінің мағынасы да одан алшақ емес. Сонымен бірге: «Бұл қонақтың көп-ақ тіс қаққандар, тірліктің әбден ащы-тұщысын татқандар, бірін онға, бірін жүзге сатқандар» жолында да [4,31б.] бірнеше фразеологизмді ұтымды қолдана келіп, адамның сыр-сипатын айқын көрсете білді. Осы жердегі «тіс қаққандар», «ащы-тұщысын татқандар» тіркестері «тәжірибесі мол, ысылған, көпті көрген адамдар» [3,724б.] есебінде көрсетеді.

Қазақ халқында мал шаруашылығымен қатар сауда да қарқынды дамыған. Сауданың қазақ еліне кіруі әртүрлі сөз айшықтарын, соның ішіндесаудаға қатысты тұрақты сөз тіркесінің құрамын да арттыра бастады. Жазушы өз шығармасында: «Жаздай құмырысқаның илеуінде қыбырлап, құрттаған жәрмеңкенің саудасы бітіп, саудасы тарай бастады», – деген жолдардағы [4,30б.] «құмырысқаның илеуінде қыбырлап» тіркесі «өріп кетті, толып кетті» [3,477б.] деген мағынада жұмсалып тұр.

Жазушы романының: «Біз қараңғы адам жарықтардың не айтқанына зейініміз жете ме, екеуі тіпті бірін-бірі ұрарманға келісіп, қызыл кеңірдек болып кете барды», – деген жолдарында [3,52б.] «қызыл кеңірдек болу» тұрақты сөз тіркесі «таласып, дауласты, керілместі, жанжалдасты» [3,487б.] сөзінің жалпы сипатын, ерекшелігін айқындайды.

Адамның бет-пішінін, мінезін сипаттауда тіл білімінде бірнеше фразеологизмдер бар. «Ит кемірген асықтай» фразеологизмі «бұжыр, сансыз бет» [3,306б.] мағынасында қолданылады. І.Жансүгіров: «Тегінде ит кемірген асықтай тығырайған қара қажы қаны қашып қара пышақтай болған екен», – дейді [4,60б.].

«Мойнына құрым ілген» деген фразеологизм «қорлады, көпке маскара етті» [3,517б.] деген мағынада жұмсалғанымен, жазушы: «Мойнына құрым ілген киізден басқа оның көркем бойын кірлеп тұрған нәрсе жоқ», – деп [4,58б.] көрген азабын жәй ғана «қорлады» демей, оған қоғамдық тұрғыдан ерекше мән беріп, бейнелі мағынада жұмсалғанын көруге болады.

Фразеологизмнің көркем шығармада қолданылуы автордың шеберлігімен қатар, астарлы ой мен идеяның айқындалуына мүмкіндік береді. Шығармадағы фразеологизмнің өткен тарихпен сабақтастырылған бастапқы мағынасымен қатар, заман талабына сай жаңа үстеме мағыналарға ие болып аясының кеңейгенін көруге болады. Демек, І.Жансүгіровтің мағынасы терең өміршен туындылары қазақтың дүниетанымы мен рухани дүниесін дамытуда орны ерекше.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Қайыпбаева Фразеологизмдердің поэзия тіліндегі қолданысы // ҚазҰУ хабаршысы. «Филология» сериясы, №5, 2008.
2. Сыздықова Р. Сөз күдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.
4. Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1987.

ӘОЖ 001.894

БАРЛЫБЕК СЫРТАНОВ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Имангазинов М. М.

*Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
«Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі, Талдықорған қ.*

Бұл мақалада бостандық жолындағы сан ғасырлық ұлт-азаттық қозғалыстың бір көрінісін Ресей астанасының қақ төрінде тұлғаларымыз «Жерлестер» ұйымының аясында көрсетті. Кейін елге оралып, өз істерін жалғастырды. Бұл ұйым мемлекеттік деңгейдегі идеялардың қайнар көзі болғаны даусыз.

Кілттік сөздер: *сан ғасыр, авторлар, әдеби қазына, повестер мен әңгімелер.*

В этой статье в столице российской столицы под эгидой наших соотечественников был продемонстрирован ряд свободолобивых взглядов на многовековое национально-освободительное движение. Затем он вернулся домой и продолжил свою работу. Эта организация является источником идей на государственном уровне.

Ілияс Жансүгіров: «Білім мөлшерім, өмір соқпағым, шет жұрттың әдеби қазынасымен танысуға әлі мүмкіндік бермей келеді» деуіне қарағанда, жас кезінде жазушылық жолға түскенде әлі де болса өзіне қанағаттанбағандығын байқаймыз. Дегенмен, Ілиястың сол тұста өзінің хал-қадірінше әлемдік әдебиеттен хабардар болған төмендегі деректер жоққа шығармайды.

Мәрзия Ильдарова – кеңес өкіметі тұсында түрлі қызметте болған, көз қаракты, білімді адам. Өз естелігінде Ілиясты 1918 жылы Ақсудың батысындағы Қайнар дейтін елдің мешітінде орыстың және батыстың атақты классиктерін оқып отырғанын көреді. Кейін сол кітаптардың бірқатарын аударып қазақша сөйлетеді.

Ол кітаптар ХІХ ғасырда жарық көрген озық ойлы авторлары Л.Н.Толстойдың «Семья», «Бақыт неде?», Салтыков–Щедринның он екі томдық жинағы, сол сияқты И.А. Гончаровтың, А.П. Чеховтың, И.С. Тургеневтің, К.С. Григоровичтың, М.А. Лесковтың, В.А. Жуковскийдің, А.К. Шиллер-Михайловтың, Ф.М. Достоевскийдің, В.Г.Белинскийдің т.б.ақын –жазушы, сыншылардың шығармалары болған. Сонымен қатар, ХІХ ғасырдың аяғына дейін және ХХ ғасырдың алғашқы он жылы ішінде орыс тіліне аударылып үлгерген әлемдік әдебиет өкілдерінің де шығармалары көп кездескен. Мысалы, Г.Гейнениң алты томдық жинағы, сол сияқты Вальтер Скоттың он төрт томдық жинағы, М.Сервантестың «Дон-Кихоты», Фердаусидың «Сохрабтың тарихы», А.Доденнің повестері мен әңгімелері, бір ғана Жюль Вернның шығармаларынан жиырма төрт кітап болған.

Сөйтіп, мұсылман дінін уағыздауға арналған Қайнар құмындағы мешіт әлемдік әдебиеттің асыл қоймасы болып шыққан. Мұны судан сүзіп ішкен тума талант Ілияс әлемдік әдебиеттің түрлі әсем үлгілерін өз қолына ұстап, өнегесінен үйренген, еркінше оқып, еміне сусындаған. Қысқасы, Ілиястың тұңғыш шыққан жыр жинағының жайы солай болса, бұл оқиға оқу бітіріп келген жастың кейінгі қалам сілтесіне ешбір нұқсан келтірген жоқ. Керісінше, қайта өршеленіп, поэзия өлкесіне батыл қадам жасауына ықпал етеді. Сағат санап өскен жаңа өмірдің әр қадам қарқынынан қалмай, қарымды, жақсы жыршысы болу үшін өлең топтамаларын үдете жаза түседі.

Сонда Қайнар мешітіне бұл қазына қайдан келген?

Жетісудың жергілікті халықтарының ішінде ертеректе оқып, білім алған ұлт өкілдерінің бірі - Барлыбек Сыртанов. Ол өткен ХІХ ғасырдың соңғы жылдарында орысша оқуға шақырылап, Верный гимназиясын алтын медальмен, Санкт-Петербург университетінің араб тілі факультетінің күміс медальмен бітіріп, ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығы ішінде Жетісу облыстық басқармасында тілмаш болып қызмет атқарған.

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының ықпалымен патша өкіметінің саясатына қарсы болып, жергілікті қазақ-қырғыз арасында саяси-ағартушылық жұмыстар жүргізгені үшін 1908-09 жылдары қызметінен қуылған. Сөйтіп, Ақсу ауданындағы Сүттіген ауылына көшіп келген Барлыбек Санк - Петербургте сатып алған әлемдік әдебиеттің алтын қорына 2000 кітапты елге артып ала келеді. 1909 жылдан өзі қайтыс болған 1914 жылдың аяғына дейін «Қарағаш» мектебінде оқып жүрген қазақ балаларына орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берсе керек. Өйткені, Барлыбектің баласы Сыртанов Кәке өзінің жазба естеліктерінде «мұғалім болып жүргенде Ілияс Жансүгіров Барлыбектің кітаптарын алып, сақтап жүретін» дейді. Ал сол жылдары Ілиястың «Қарағаш» мектебінен оқығаны белгілі. Сондағы Барлыбек Сыртановтың кім екендігі анық аңғару үшін мына деректерді айта кеткен жөн.

Барлыбек Сыртанов 1866 жылы Жетісу жерінің Қапал уезінде дүниеге келген. Барлыбектің әкесі өте ақылды, көреген кісі болған.

Барлыбек Сыртанов Верныйдағы ерлер гимназиясына оқуға түседі. 1866 жылы бұл оқу орнын өте жақсы деген бағамен бітіреді. Сыртанов өзінің өте қиын тұрмысына қарамай оқуын жалғастыра береді. Ерлер гимназиясының директоры Д. Новак Барлыбектің білімге деген құштарлығын байқап, оны Жетісу әскери губернаторына өтініш айтып оның білімін Петербургке әрі қарай жалғастыруын сұрайды.

1886 жылы Сыртанов Барлыбек Петербург университетінің шығыстану факультетіне оқуға түседі. Онымен бірге Қазақстанның басқа да жақтарынан оқуға көптеген студенттері оқиды. Олардың ішінде: Оралдық Бақытжан Қаратаев, Қостанайдан Жанша Сейдалин, Көкшетаулық Мәмбетәлі Сердалин, Ақтөбелік Абдолла Теміровтер болды және көптеген студенттер болды.

XIX ғасырдың II жартысында айшылық алыс жерден Санкт-Петербург университетіне білім, ғылым, өнер үйренуге барған Барлыбек Сыртанов, Бақытжан Қаратаев, Мәмбетәлі Сердалин, Бақтыгерей Құлманов, Абдолла Теміров сынды бір топ қазақ жастары жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздеу – мақсат деп «Жерлестер» ұйымын құрды. «Жерлестер» – қазақ тарихындағы ең тұңғыш ұйытқы болған жастар ұйымы. Қазақ қайраткерлері шыңдалған, өмірлік мұраттарын айқындауға септігін тигізген ұйымда олар басқосулар өткізіп, түрлі шаралар ұйымдастырып, танымын қалыптастырды. Сонымен бұл ұйым қалай дүниеге келді, заманының ыңғайы қалай болды? деген сұрақтарға жауап берелік.

XIX ғасырдың екінші жартысында тарихи өзгерістер бола бастады. XIX ғасырдың 60-жылдарында Қазақ жерінің Ресей құрамына қосылуы патша өкіметінің субъективтік мақсаттары мен мүддесіне сай жұмыс жасады. Қазақ жұртының жігері мүжіле, жері жырымдалып, талан-таражға түсе бастады. Ұлтының хал ахуалының мүшкілденуі, сайқал саясаттың сырын түсінген Б. Сыртанов, Б. Қаратаев, М. Сердалиндердің көз алдында өтті. Дәл осындай күрделі де аса ауыр жағдайда тарихи сахнаға Санкт-Петербургке оқуға аттанған қазақ жастары шықты. Барлығын да ел үкілі үмітпен аттандырған еді. М. Тынышбаев ұстазы Б. Сыртанов туралы өзінің естелігінде: «...Сондай қиыншылықта Жетісу деген бір түкпірден қазақ көрмеген я естімеген жерге Барлыбек ...жарық дүние көруге, кейінгілерге үлгі болып, жол көрсету үшін жалғыз кетті» дейді. Ал Жетісу облысынан тұңғыш болып Санкт-Петербургке білім алуға аттанып бара жатқан Барлыбек Сыртановты бүкіл ел болып, Құдайы тамақ беріп, Құран оқытып және жиған-тергендерін қолына ұстатып ұзақ сапарға шығарып салады. Осылайша әрбір қазақ баласы ел аманатын арқалап Санкт-Петербургке келген болатын. Қазақ қоғамындағы қалыптасқан әлеуметтік жағдайлар мен саяси-құқықтық қатынастар қазақ даласының әр түкпірінен Санкт-Петербургке келген қазақ жастарының өзара тізе қосып бірігуіне әкелді, әрі олардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін анықтауға әсер етті. «...Сол кезде Петроградта 2–3-тей-ақ қазақ студент бар еді, қазақ арасынан университетке алғаш кірген солар еді», – деп жазады М. Тынышбаев. Солардың бірі – 1881 жылы Петербург университетінің заң факультетіне қабылданған Бақтыгерей Құлманов. Ол осы факультетте 1884 жылға дейін оқып, әр түрлі себептерге байланысты университеттің шығыс тілдері факультетіне ауысты. 1889 жылы «тіл білімінің магистрі» деген үлкен

ғылыми атакпен ойдағыдай бітіріп шықты. Б. Құлманов араб, парсы, түрік және татар тілдерін еркін меңгерген оқымысты қазақтар қатарындағы тұңғыштардың бірі. Петербург университетінің есігін 1886 жылы бір топ қазақ жастары ашты. Олардың ішінде Көкшетаудан келген Мәмбетәлі Сердалин, Жетісудан – Барлыбек Сыртанов, Оралдан – Бақытжан Қаратаев, Ақтөбеден – Абдолла Теміров сияқты жас жігіттер бар еді. М. Сердалин жаратылыстану факультетіне түсіп, В. И. Лениннің ағасы А. И. Ульяновпен бірге оқыды. Б. Қаратаев пен А. Теміров заң факультетінде оқыды. Барлыбек Сыртанов шығыстану факультетіне түсті. Университет қабырғасында қазақ даласының әр облысынан білім іздеп келген жастар қоян-қолтық араласып, шартарапқа әйгіленген білім ордасынан сусындайды.

Осы университет қабырғасынан білім нәрімен қаныға сусындап, сайын даласында азаттық пен өркениет жаршысы болуды көксейді. Бұл мұраттардың бәрін университетте әр ұлттың жастары арасында өзінің бағдарламасы бар, саяси бағыт көздеген «Жерлестер» («Землячества») үйірмесі немесе «Жерлестер одағы» («Союз землячества») деп аталатын астыртын ұйымдардың ішінде жүріп шыңдаған еді. Ұйымның астыртын жұмыс жасауының өзіндік себебі бар.

Сол уақыттарда Ресей империясының астанасында 1886–1887 жылдарда студенттер арасында кең қанат жайған революциялық және студенттік қозғалыстар, саяси оқиғалар көп болды. Мәселен, 1887 жылы наурыздың 1-ші жұлдызында Александр III патшаға қарсы А. Ульянов және басқа революционерлердің жасаған қастандық әрекеттері. Осы оқиғалар студенттердің саяси белсенділігін арттыра берді.

Әрине, бұл оқиғалар билікті қатты алаңдатты. Патша өкіметі қатаң тәртіпке көшті. 1886 жылы Ресей университеттерінде 1884 жылы бекітілген жаңа Жарғы енгізілді. Жаңа Жарғының талаптары студенттер мен оқытушы-профессорларға қатал тәртіп енгізіп, университетте дәстүр болып жалғасып келе жатқан демократиялық дәстүрлер қыспаққа алынды. Студенттердің ұйымдар мен үйірмелер құруларына, ақшалай қор ұйымдастыруға, тіпті, жиылып концерт қоюларына қатаң тыйым салынды. Университет басшылары аталмыш әрекеттерге қатыспауға міндеттеме ретінде әрбір студенттен қолхат алып отырған (Б. Сыртановтың осы турасында жазған қолхаты сақталған). Бекітілген тәртіптерге қарсылық білдірген студенттерге Жарғы бойынша сөгіс жариялау, 24 сағаттан 4 аптаға дейін қарцерге қамау, университеттен уақытша қуу және оқудан шығару сияқты жазаларды қолдану іс жүзіне асырылды. Демалыстарда еліне қайтатын немесе басқа жерлерге баратын жағдайда да рұқсат сұраған. Абдолла Теміров Торғай облысына қайтпақ болғанда арнайы рұқсат сұрап, өтініш жазған. Сондықтан да студент жастар барлық игі саяси, рухани шараларын астыртын жасауға мәжбүр болғанын байқаймыз.

Соған қарамастан 1880 жылдары Санкт-Петербургтың барлық жоғары оқу орындарында астыртын түрде «Жерлестер» ұйымдары кең қанат жайған болатын. Олардың құрылуының негізгі себебін зерттеуші Сәкен Өзбекұлы жан-жақты тарқатып, ашып өтеді: «бір өлкеден, бір топырақтан шыққан студенттердің қоян-қолтық араласуы және бір-біріне қамқор болуы еді. Алғашында «Жерлестер» ұйымының мүшелерінің мақсаты бір ұлттан немесе бір өлкеден келген мұқтаж студенттерге материалдық көмек көрсету болған. Бірақ бұл ұйымдардың пісіп-жетілуі барысында алдарына қойған мақсаттары саясатқа ұшырасып кетіп отырды». Бірте-бірте «Жерлестер» үйірмелерінің аясы ұлғая келе көп студенттерді қамтыған «Жерлестер одағына» айналып отырды. Олардың арнайы Жарғылары, мүшелік жарналары болған. 1880 жылдары Санкт-Петербургте студенттер арасында 20-ға жуық «Жерлестер» үйірмелері болған және олардың мүшелігіне 1500-ге тарта студенттер кірген. Атап айтсақ, студенттердің Сібір, Поволжье, Кубань, Дон, Польская касса, Таврия, Новгород, Украина, Грузия, Армения сияқты «Жерлестер» үйірмелері мен одақтары тұрақты түрде қалыптасты. Сол «Жерлестер» ұйымы қазақ жастары арасында да болған еді. Барлыбек Сыртанов, Мәмбетәлі Сердалин, Бақытжан Қаратаев, Абдолла Теміров және шығыстану факультетінде бұлардан бұрын келіп дәріс алып жүрген Бақтыгерей Құлманов сияқты жігіттер «Жерлестер» үйірмесін құрады. Қазақ жастарының арасынан университетте, әсіресе, М. Сердалин революциялық қозғалыстар мен студенттік жиындарға жиі-жиі қатысып жүрді.

1887 жылдың наурыз айының 1-жұлдызында Александр III-ге қастандық жасау ісіне белсене қатысқан бір топ студенттер өлім жазасына кесіліп, жүздеген студенттер оқудан шығарылады. «Жерлестер» саяси бағыт алғандықтан ұйымның мүшесі болып, оның жиындарында көрінгені үшін патша өкіметі М. Сердалинді оқудан шығарып, Көкшетауға полицияның бақылауына жіберіледі. Б. Қаратаев, Б. Сыртанов және А. Теміров 1890 жылы университеттің толық курсына ойдағыдай аяқтады. Бұлардың ішінде Б. Қаратаевтың тамаша дарынды қабілетіне патша үкіметінің басшылары да назарын аударып, Сенаттың екінші департаментіне қызметкер болып орналасуына жолдама берді.

Бақтыгерей Ахметұлы Құлманов – университеттен диссертация дипломмен қоса ғылым кандидаты атағын алып шыққан қазақтың қоғам қайраткері, Ресейдің I және II Мемлекеттік думасының депутаты, Алаш көсемдерінің бірі. Жетісулық Барлыбек Сыртанов шығыс тілдері факультетін араб, парсы, түрік, татар тілдері негізінде I дәрежелі дипломмен, ырғыздық Абдолла Теміров алтын медальмен, оралдық Бақытжан Қаратаев заң факультетін алтын медальмен тәмамдады. Бұлармен бір жылда түскен көкшетаулық Мәмбетәлі Сердалин саяси көзғарасы үшін қудаланып, университетті бітіре алмағанымен, зиялы, экономист-ғалым ретінде танымал болды.

Әлихан Бөкейханов 1890 жылдары Петербургке барғанда Б. Сыртанов, А. Теміровтердің оқу бітіріп, елге қызмет етуге кіріскен кездері еді дейді. Кейін 1911 жылы жазда Әлихан Бөкейханов Барлыбекпен келелі істерді талқылап болғаннан соң «құшақтасып, сүйісіп айрылысқан едік» деп жазады «Қазақ» газетіне. Енді «Жерлестерден» канатын қағып ұшқан қазақ жастары ойы, көзғарастары XX ғасырдың басындағы Алаш идеясына ұласып кетті. «Жерлестердің» салған сара жолының арқасында Санкт-Петербургте оқығандар көп болды. Санкт-Петербург ақмешіттік С. Лапинді, семейлік Д. Сұлтанғазинді (Шоқанның немере інісі), оралдық Ә. Ниязовты, қарқаралылық Ә. Бөкейхановты және т. б. атауға болады.

Қорыта келгенде, бостандық жолындағы сан ғасырлық ұлт-азаттық қозғалыстың бір көрінісін Ресей астанасының қақ төрінде тұлғаларымыз «Жерлестер» ұйымының аясында көрсетті. Кейін елге оралып, өз істерін жалғастырды. Бұл ұйым мемлекеттік деңгейдегі идеялардың қайнар көзі болғаны даусыз. Кейіннен Барлыбек Сыртанов бастаған бұл ұйымның жұмысы «Алаш» партиясына көп көмек берді.

Барлыбек Сыртанов 1914 жылы 26 қараша айында кенеттен өкпе ауруынан қайтыс болып, оны Қапал жеріне апарып жерлейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әдеби мұра және оны зерттеу.- А.,1961.
2. Әуезов М.Әдебиет тарихы.- А.,1991.

УДК 001.894.342

НОВЫЕ ПОДХОДЫ В РАБОТЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ

Исламжанова Г.Б.

*Жетысуский государственный университет им И. Жансугурова, СШМЦ №23,
г.Талдыкорган*

В данной статье представлено краткое содержание основных направлений деятельности и видов работ службы практической психологии (педагога - психолога) общеобразовательного учреждения, приведен глоссарий основных терминов и перечень рекомендуемых информационных источников.

Ключевые слова: *психологическое сопровождение, участники образовательного процесса, педагог-психолог, обучающийся.*

Бұл мақалада жалпы білім беру мекемесінің тәжірибелік психология қызметінің (оқытушы-психолог) қызметінің негізгі түрлері мен түрлері, қысқаша мазмұны, негізгі терминдердің глоссарийі және ұсынылған ақпарат көздерінің тізімі берілген.

Кілттік сөздер: *психологиялық қолдау, оқу процесіне қатысушы, педагог-психолог, студент.*

В современной системе общего образования интенсивно развивается практическая психология, и психологическая служба стала весьма значимым компонентом этой системы. Деятельность психологической службы направлена на реализацию основных принципов государственной политики в области образования, которые основываются на гуманистическом характере образования, приоритете общечеловеческих ценностей жизни и здоровья человека, свободного развития личности, общедоступности образования, адекватности образования к уровням развития и подготовки обучающихся, воспитанников.

Работа педагога-психолога – это новая форма общественно значимой профессиональной деятельности, вызванной к жизни потребностями общества, повышением требований к развитию творческого и нравственного потенциала молодого поколения страны. В настоящее время психологи работают в детских садах, в общеобразовательных школах и интернатах, в лицеях и специальных школах, в гимназиях, колледжах, в центрах различного профиля: реабилитации, коррекции, развития и иной медико-психолого-педагогической поддержки и помощи детям, подросткам, молодежи. В круг основных задач таких специалистов входят:

- профессиональное определение условий для благоприятного и позитивного проживания ребенком дошкольного и школьного детства;
- максимальное содействие администрации учреждений образования, педагогам и родителям в деле создания таких условий;
- оказание психологической помощи как самим детям, так и их родителям, воспитателям, учителям в решении личных проблем, проблем обучения, воспитания, общения, отношений, переживаний и пр. [4].

Психологи выступают, в определенной степени, гарантами права каждого ребенка на полноценное психическое и личностное развитие, на развитие своей индивидуальности.

Поэтому в числе важнейших задач дальнейшего развития психологической службы образования выступают преодоление разрозненности отдельных подразделений службы, обеспечение их координации и создание единой системы психологической службы образования в масштабах города, области, региона, а в перспективе – всей республики. Все более очевидным становится тот факт, что если существует целостная система образования страны, должна быть и целостная система психологической службы, на нее работающей.

Целостность единой системы психологической службы обеспечивается тем, что на всех своих уровнях она опирается на следующее:

- четко понимаемые единые смысл, цели и задачи деятельности;
- примерное, осмысленно вариативное определение содержания деятельности;
- правовое и финансовое обеспечение реализации этих целей и содержания деятельности;
- взаимодействие всех служб образования областного, республиканского и учрежденческих подразделений.

Проведенный анализ показал, что основным субъектом взаимодействия педагога-психолога является *обучающийся*. Другие участники образовательного процесса – родители (как законные представители), педагоги и администрация образовательного учреждения, различные специалисты в сфере образования - также являются важными объектами взаимодействия, т.к они активно участвуют в процессе психологического сопровождения обучающихся, создания эффективной психологически безопасной образовательной среды.

Направления деятельности педагога-психолога в новой образовательной среде выделены по двум основаниям – по содержанию и по приоритетному контингенту обучающихся:

Психологическое сопровождение учебной деятельности;

Психологическое сопровождение перехода на новый образовательный уровень и адаптации на новом этапе обучения;

Психологическое сопровождение деятельности по сохранению и укреплению здоровья обучающихся;

Психологическое сопровождение воспитательной деятельности развития личности воспитанников и их социализация;

Психологическое сопровождение обучающихся с ограниченными возможностями здоровья;

Психологическое сопровождение одаренных детей.

В учебной деятельности

Психологическое сопровождение перехода на новый образовательный уровень предполагает работу со всеми ее участниками:

Оказание непосредственной практической помощи

Повышение психолого-педагогической компетентности по данному вопросу

Информационно-аналитическая деятельность

Планирование оптимального процесса перехода с одного уровня на другой с учетом возрастных и индивидуальных особенностей. Именно это направление особенно важно в период перехода из дошкольного детства в начальное школьное.

С *обучающимися* – сопровождение формирования готовности, определение уровня сформированности компонентов готовности к переходу на новый образовательный уровень, профилактика дезадаптации на новом образовательном уровне. Проведение профилактической работы предполагает определение «группы риска» по фактору школьной дезадаптации и проведение соответствующей *коррекционной работы* с этой группой [3].

С *родителями* – повышение уровня психологической компетентности родителей (законных представителей) по вопросам адаптации обучающихся на разных этапах обучения, ее механизмов и закономерностей, причин дезадаптации, психолого-педагогической готовности к обучению, специфики и закономерностей учебной деятельности, приемов и способов развития познавательной сферы детей, психологической поддержки, подготовки к сдаче единого национального тестирования и другим формам экзаменов. Консультирование по вопросам профилактики и преодоления дезадаптации при переходе ребенка на новый этап обучения.

С *педагогами* – повышение уровня психологической компетентности педагогов по вопросам преемственности при переходе из начального в среднее и из среднего в старшие звено обучения, возрастным особенностям обучающихся, ведущего типа деятельности, особенностям организации учебной деятельности на каждом этапе обучения, механизмам и закономерностям протекания адаптационного периода, возможностям психолого-педагогической коррекции и профилактики факторов дезадаптации и др. Консультирование по вопросам профилактики и преодоления дезадаптации при переходе ребенка на новый этап обучения.

С *администрацией* – помощь в планировании и проектировании процесса перехода с одного уровня обучения на другой с учетом возрастных и индивидуальных особенностей обучающихся, создании условий для оптимизации процесса адаптации на разных ступенях обучения, проведении психолого-педагогического мониторинга, экспертизы образовательной среды (безопасность, комфортность, креативность, саморазвитие, самоуправление и др.).

Психологическое сопровождение воспитательной деятельности, развития личности обучающихся (воспитанников), их социализации.

Данное направление предполагает работу с различными участниками образовательного процесса: информационно-методическую, консультативную, диагностическую, профилактическую, оказание помощи в проектировании и планировании деятельности по личностному развитию и социализации обучающихся, проведении мониторинга личностных результатов.

С обучающимися – профилактика, предупреждение и коррекция девиантного и делинквентного поведения; содействие формированию и развитию гражданских, этических, эстетических, духовно-нравственных установок и ценностей в рамках Государственной программы «Рухани Жаңғыру». Формирование качеств личности с адекватной самооценкой, с навыками саморегуляции, с позитивной социальной позицией, гибко использующей различные социальные роли, способной к самоопределению и активному поиску своего места в обществе; самореализации.

С родителями – развитие и повышение психолого-педагогической компетентности родителей (законных представителей) в вопросах.

Психологическое сопровождение в инклюзивном обучении.

В реализации данного направления требуется работа с различными участниками образовательного процесса: оказание непосредственной помощи, повышение их психологической компетентности, проведение информационно- методической, консультативной, диагностической, коррекционной работы, оказание помощи в мониторинге, проектировании и планировании деятельности психолого-педагогического и других сообществ.

С детьми, имеющими физические, интеллектуальные, поведенческие, эмоциональные и коммуникативные отклонения в развитии - сопровождение учебной деятельности, становления, развития и формирования мотивационной, познавательной и эмоционально-волевой сфер с учетом имеющихся функциональных особенностей. Консультирование по вопросам возникающих трудностей в обучении, выстраивания конструктивных отношений со сверстниками и педагогами, преодоления негативного отношения сверстников; диагностика и коррекция самооценки, социального статуса, состояния неуверенности и эмоционального дискомфорта и др.

С родителями - повышение психологической компетентности родителей (законных представителей) по вопросам психологических особенностей детей, имеющих ограниченные возможности здоровья. Консультирование по вопросам выбора образовательного учреждения, методики и системы обучения, налаживанию эмоционального контакта с учетом возможностей и индивидуальных особенностей ребенка и др.

С педагогами - повышение психологической компетентности по вопросам психологических особенностей детей, имеющих ограниченные возможности здоровья. Оказание помощи в создании для детей с инклюзивным обучением специальной коррекционно-развивающей среды, обеспечивающей адекватные условия и равные с обычными детьми возможности для получения образования в пределах специальных образовательных стандартов; воспитании и обучении, коррекции нарушений развития, социальной адаптации и самореализации. Консультирование по вопросам взаимодействия и подбора индивидуальных методов работы с детьми, имеющими различные функциональные особенности.

С администрацией – помощь в планировании и проектировании специальной коррекционно-развивающей среды, обеспечивающей адекватные условия и равные с обычными детьми возможности, в психологическом сопровождении интеграции и консолидации усилий участников образовательного процесса при работе с детьми, осуществлении мониторинга обучения и развития детей с особыми образовательными потребностями, выработке необходимых направлений деятельности. Участие в разработке программы коррекционной работы [2].

Психологическое сопровождение одаренных обучающихся

В процессе реализации данного направления деятельности предполагается выявление, поддержка и развитие одаренных детей с учетом их индивидуальных особенностей (эмоциональных, интеллектуальных, поведенческих) за счет оказания непосредственной практической помощи участникам образовательного процесса; повышение их компетентности; консультирование, информационно-аналитическое обеспечение, оказание помощи в проектировании и планировании развивающей образовательной деятельности, интеграции усилий различных участников образовательного процесса; создании банка одаренных детей, проведении мониторинга.

С обучающимися – сопровождение развития одаренности. Изучение особенностей одаренных детей. Оказание помощи одаренным обучающимся в самоопределении и самореализации их творческой направленности, создание для ученика ситуации успеха. Консультирование по вопросам выработки индивидуальной траектории развития одаренности.

С родителями – повышение психологической компетентности по вопросам сущности и видов одаренности, проявления одаренности, создания условий для развития одаренности, психологическим особенностям одаренных детей, возможностям развития одаренности в различных сферах жизнедеятельности, направлениям работы с одаренными детьми в регионе. Консультирование по вопросам создания индивидуальной программы по развитию творческого потенциала ребенка с учетом его индивидуальных особенностей. Психологическая поддержка и моральное поощрение родителей талантливых детей, мотивирование на раскрытие творческого потенциала собственного ребенка.

С педагогами – повышение психологической компетентности по вопросам сущности одаренности, ее видов, проявлений, создания условий для развития одаренности, психологическим особенностям одаренных детей, возможностям развития одаренности в различных сферах жизнедеятельности, направлениям работы с одаренными детьми в регионе. Оказание помощи в создании условий для выявления, развития и поддержки одаренных детей и обеспечения их личностной самореализации и профессионального самоопределения. Содействие участию одаренных детей в предметных олимпиадах всех уровней.

С администрацией – помощь в планировании и разработке программ выявления и развития одаренных детей, создании развивающей среды, подборе современных технологий обучения, воспитания и развития личности одаренного ребенка, создании банка и разработке мониторинга одаренных детей.

Виды работ педагога-психолога при реализации основных направлений деятельности

Каждое направление деятельности педагога-психолога общеобразовательного учреждения может быть реализовано посредством выполнения видов работ, объединённых в три группы

Виды работ педагога-психолога

<i>Группы работ</i>	<i>Виды работ</i>
1. Оказание психологической помощи и повышение психологической компетентности участников образовательного процесса	психологическое просвещение психологическая профилактика психологическая диагностика психологическое консультирование психологическая коррекция и развитие
2. Информационно-аналитическое обеспечение сопровождению образования	социально-психологический мониторинг социально-психологическое проектирование социально-психологическая экспертиза
3. Обеспечение качества реализуемых психологических услуг и деятельности по психолого-педагогическому обеспечению образования в целом	проектирование и планирование педагогом-психологом собственной работа по повышению квалификации информационно-методическая работа

Информационно-аналитическое обеспечение деятельности по психологическому сопровождению образования

Социально-психологическое проектирование – разработка системы социально-педагогических и психологических мероприятий для решения задач обучения, воспитания и развития обучающихся с учётом их возрастных и индивидуальных особенностей, восприимчивости к различного рода педагогическим технологиям, возможности усваивать

предлагаемые объёмы информации, эмоционального благополучия и т.д. Психологическая составляющая в образовательном проектировании призвана сохранять и укреплять психическое и социальное здоровье и эмоциональное благополучие всех участников проектных изменений, содействовать созданию благоприятных условий для обучения, воспитания и развития обучающихся, воспитанников с учётом их возрастных и индивидуальных особенностей, восприимчивости к различного рода педагогическим технологиям.

Социально-психологическая экспертиза – оценка соответствия образовательной среды (образовательных программ, учебных пособий, образовательных маршрутов и т.п.) поставленным образовательным, развивающим и воспитательным задачам, а также возрастным и индивидуальным особенностям обучающихся. Целью психологической экспертизы является обеспечение безопасной, развивающей, психологически комфортной среды, в которой растёт, обучается и воспитывается ребёнок; гуманизация средств и способов воспитательного воздействия на развивающуюся личность; защита «пространства детства» от деструктивного воспитательного и психологического влияния. Психологическая экспертиза является важной основой для принятия решения об изменении условий образовательной среды, о совершенствовании образовательного процесса.

Социально-психологический мониторинг – система информационного сопровождения процессов, в т.ч. инновационных, в образовании, позволяющая администрации, педагогическому коллективу образовательного учреждения [5].

Оказание психологической помощи и повышение психологической компетентности участников образовательного процесса

Психологическое просвещение – деятельность, направленная на формирование у обучающихся и их родителей, педагогических работников и руководителей образовательных учреждений психологической компетентности, а также потребности в психологических знаниях, желания использовать их в интересах эффективного решения профессиональных задач и собственного развития.

Психологическая профилактика – мероприятия, направленные на выявление и предупреждение явлений дезадаптации обучающихся образовательных учреждениях, разработка и реализация профилактических программ и конкретных рекомендаций в отношении обучающихся по оказанию им психологической помощи.

Психологическая диагностика – психолого-педагогическое изучение обучающихся на протяжении всего периода обучения, определение индивидуальных особенностей и склонностей личности, её потенциальных возможностей в процессе обучения и воспитания, профессионального самоопределения, а также выявление причин и механизмов нарушений в обучении, развитии, социальной адаптации детей и подростков. Психологическая диагностика может проводиться специалистами как индивидуально, так и с группами обучающихся [1].

Психологическая коррекция и развитие – активное профессиональное психологическое воздействие, направленное на устранение или компенсацию выявленных отклонений в психическом и личностном развитии обучающихся с затруднениями в освоении образовательной программы и нарушениями в поведении. Целью психологической коррекции и развития является достижение адаптации к образовательной среде, гармонизация личности и межличностных отношений.

Психологическое консультирование – оказание помощи обучающимся в самопознании, в формировании адекватной самооценки и адаптации к реальным жизненным условиям, в формировании ценностно-мотивационной сферы, преодолении кризисных ситуаций и достижении эмоциональной устойчивости, способствующих непрерывному личностному росту и саморазвитию. Консультирование педагогов и родителей предполагает оказание помощи в выстраивании конструктивных взаимоотношений с детьми, решении вопросов адаптации, профилактики профессионального выгорания и др. Психологическое

консультирование помогает консультируемому лучше понять свои мысли, чувства, мотивы, поведение, чтобы прийти к более ясному пониманию себя, раскрытию сильных сторон (ресурсов) и использованию их для решения возникающих трудностей и проблем, совершенствования целенаправленных действий, эффективного распоряжения собственной жизнью.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Методические рекомендации по психолого-педагогическому сопровождению обучающихся в учебно-воспитательном процессе в условиях модернизации образования.
2. Я работаю психологом ... [Текст]: опыт, размышления, советы / под ред. И.В. Дубровиной. – М.: ТЦ «Сфера», 1999. – 256 с.
3. Школьные проблемы глазами психолога [Текст]: как оказать помощь дезадаптированному ребенку / Л.В. Варнаева, Т.А. Гусева, Р.Б. Джуженова и др. – Ярославль: Александр Рутман, 1996. – 178 с.
4. Экспертная деятельность психолога образовательного учреждения [Текст]: метод. пособие / М.М. Семаго, Н.Я. Семаго, Н.А. Ратинова, О.Д. Ситковская; под общей ред. М.М. Семаго. – 2-е изд. – М.: Айрис-пресс, 2005.
5. Направления деятельности службы практической психологии (педагога-психолога) общеобразовательного учреждения / Под ред. И.В. Кузнецовой. Ярославль, 2011.

ӘОЖ 001.894

О.НҰРМАҒАМБЕТОВА - «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫН ЗЕРТТЕУШІ

Көбей Р.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақалада О.Нұрмағамбетованың қазақ фольклорын жинау мен жариялаудың маман әдістемешісі, ғылыми тұрғыдан қалыптасқан дәстүрлерді негізге ала отырып, жаңаша зерттеуші ғалым екендігі сөз болады.

Кілттік сөздер: фольклор, эпос, батырлық жыр, Қобыланды батыр.

Қазақ фольклортану ғылымында өзінің барлық саналы ғұмырын арнап, фольклортанушы ретіндегі ғалымдық қырлары мен сырларын ашқан О.Ә.Нұрмағамбетованың елеулі еңбегі «Қобыланды батыр» жырына қатысты зерттеуі екендігі талас тудырмайды. Өзінен бұрын бұл жырға қатысты бірнеше зерттеулер жазылса да, типологиялық тұрғыдан тұжырымдар жасалса да, ғалымның бұл жырға қатысты табандылықпен еңбектенуі таң қалдырады. «Мәселен, Октябрь революциясына дейін бұл жыр жөнінде В.В.Радлов пен Г.Н.Потаниннен басқа, орыс ғалымдарынан Туземец пен П.А.Фалев пікір айтып, жырдың ауыз әдебиетінен ерекше орын алатындығын көрсеткен» [1, 190 б.].

Сөз болып отырған «Қобыланды батыр» жырын зерттеуде О.Нұрмағамбетова сол ақиқаттан аттап кетпеді жөн санап, айтулы жырды жинақтау мәселесінде ауыз толтырып айтарлықтай еңбек ете алғандығына көз жеткіздік. Бұл пікірімізді З.Мұқашеваның мақаласындағы төмендегі жолдар нақтылай түскендей. Автор: «Оразгүл Нұрмағамбетова қазақ халқының қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр» туралы ұзақ жылдар бойы жан-жақты тексерулер жүргізіп, зерттеген, тіпті саналы жарты ғасыр өмірін жұмсаған жан. Бұрынғы ғалымдар тек 8 нұсқасына иек артып жүрсе, ол Алматыдан тыс Ташкенттің, Орынбордың, Мәскеудің, Қазанның мұражайлары мен мұрағаттарынан табылған беймәлім нұсқаларды айналымға қосады. Анықталған 26 нұсқаның негізінде жырдың мотивсарындарын байқап, салыстырмалы-типологиялық талдаулар жасайды» [2, 31 б.], – деп бағалайды. Анығында бұл мәселелер О.Нұрмағамбетованың әр мақаласында айтылып, жырдың басқа да нұсқалары жөнінде жалпы жұртқа хабарланып отырған [3, 55 б.].

Зерттеуші О.Нұрмағамбетова жалпы жырға қатысты адам есімдері, жер-су аттары, жаулық қылушы дұшпандар бірлестігі туралы кеңірек сөз қылып, жырдың оқиғасын XIV ғасырға алып келеді. Басты тіректі Қазан хандығына байланыстырып, «Алшағырдың әкесі Махмұтбектің «Қазан хандығын» күшейтуге байланысты әрекетінен іздейді. Нақты қорытынды былайша жасалады: «Қорыта айтқанда, «Қобыланды батыр» эпосы Әбілхайыр ханның ұлысы екіге бөлініп, халқымыздың тарихында шешуші рөл атқарған 1456 жылғы Қазан хандығы құрылар алдындағы ұлыстардың өзара қақтығыстарды бейнелейтін және осы кезеңде туып-қалыптасқан аса құнды эпикалық туынды» [4, 33 б.], – деп түйіндеген.

Зерттеуші О.Нұрмағамбетова өзінің ғылыми жұмысының бірінші тарауында «Қобыланды батыр» эпосының варианттары мен версиялары және олардың өзара байланысы» сөз болады. Бұл тарауда диссертант өзінен бұрынғы «Қобыланды батыр» жырын тақырыптық тұрғыдан зерттеген М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев еңбектерінде жырдың кейбір нұсқалары салыстырылып, қолжазба қорына түскен нұсқалары шолу түрінде айтылғанын бағалайды. Жырдағы батырлар бейнесінің жасалуы мен тарихи негіздеріне байланысты зерттеулер жасағанына тоқталады. Алайда, аталған зерттеуші ғалымдар еңбектерінде жырдың негізгі делінетін нұсқаларына салыстырмалы зерттеулер жасалмағанын айтады [5, 30 б.]. Осы орайда «Қобыланды батыр» жырының (жыр, ертегі, аңыз-әңгімелердің бәрін қосқанда) 29 нұсқасы бар. Мұның 26-сы Қобыланды батыр жайындағы жырлар, аңыз-әңгімелер де, 3-і Қобыланды батырдың ұрпақтары жөнінде, соның бәрі де идеялық және көркемдік деңгейі жоғары» [5, 29-30 б.], – дей отырып, «Қобыланды батыр» жырының қазақ ақын-жыраулар айтатын нұсқаларын екі топқа немесе екі версияға жіктейді. Бірінші версиясына Көшелек, Нұрпейіс, Айса, Мұрын, Нұрсейіт, Сүйіншәлі, Ережеп және авторы белгісіз «Қара қыпшақ Қобланды батыр» нұсқаларын жатқызған. Екінші версиясына Марабай, Мергенбай, Дәулетше, Біржан, Құлзақ, Шапай және осы нұсқаларды қайталайтын жырдың үлгілерін атайды. Жырдың барлық нұсқаларын Шапай Қалмағамбетовтің нұсқасын негізге ала отырып, 28 эпизод арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын арнайы кесте арқылы саралап шыққан [5, 30-31 б.]. Ақын-жыршылардың қосқан қоспалары, кісі есімдері, жау батырлары, батырдың жорықтары, тұтқында болуы, елін азат етуі, батырдың балаларының ерліктері т.б. салыстырмалы әдіспен тексерілген. Тексеру нәтижесінде жырдың 8 нұсқасын бірінші топқа, 6 нұсқасын екінші топқа жатқызып, жырдың екі версиясы барлығын дәлелдеген. Жырдың бірінші версияларына жататын негізгі мотивтер былайша жіктеледі:

1. Бірінші топқа барлық нұсқада кездесіп отыратын аса толымды да күрделі сарын – қартайған ата-ананың (Тоқтарбай мен Аналық, Қыдырбай мен Ақзарбап, не Меңдісұлу) баласы болмауын сырт адамдардың (хан, би, бектердің, көрші-көлемнің) келеке етуі, перзент сұрап әулиеге түнеу, батыр болар баланың туысы мен батырлық ғажайыпқа толы балалық шағы;

2. Қобыландының Құртқа еліне аттануы, той қарсаңындағы бәсекеде жеңіске жетіп, Құртқаны еліне алып қайтуы;

3. Қыдырбайдың (Нұрпейісте: Тоқтарбайдың) көп жылқысының ішінен Құртқаның Кербиені (Керкулықты) таңдап, оның құлыны Тайбурылды (кей вариантта Тобылғы менді торы ат) ешкімге көрсетпей батырдың жауға мінер тұлпары етіп өсіруі;

4. Қобыландыдан қорыққан Алшағырдың батырмен өтірік достасуы және осы «досының» өтінуімен оның кегін алу үшін Қобыландының алыстағы жаулар: Барсаға, Барсакелмеске, Қозғалмасқа т.б. аттануы. Қайтып келіп, өзі жоқта елін шауып алған Алшағырдан елін азат етуі айтылады.

Бірінші топқа жататын нұсқалардың негізгі сарындарын осылайша жіктеп, бұдан әрі талдаулар жасаған. Салыстырмалы түрде аталған нұсқалардың бәріне тән заңдылық аталған сарындар екендігіне көз жеткізген. Ғалым бұл нұсқаларды өте ерте дәуірдің белгілері бар, ертегіге тән мотивтер жиі ұшырайтындығын талдау нәтижесінде ерекшелей атап отырғандығын түсіндік. Бұған дәлелді тексеруші жырдың бірінші версиясына жататын варианттары 1870 жылдан 1930 жылдар аралығында жазылып алынғанын, ертеде жырланған қалпында сақталғанын дәлел еткен. «Ал, бірінші версиясы жөнінде олай дей алмаймыз. Бұл

версия нұсқалары ішінде қағаз бетіне ерте түсіп сақталған бір-ақ вариант бар. Ол Орынбор архивы ғылым комиссиясы 1906 жылы Көшелек Еламановтан жаздырып алған «Қобыланды» деп аталатын нұсқа. Бұдан өзге нұсқалар түгел дерлік 1940-50-60 жылдар ішінде белгілі орындаушылардың айтуынан жазылған. Сол себепті де жырдың жазылуында, орындауында көптеген кемшіліктер кездеседі» [4, 36 б.], – деп жазады. Бұл жырларды жазып алған кезеңде Нұрпейіс, Мұрын жыраулардың егде тартқанын, жырдың естерінде қалғандарын жазғызғанына назар аудартады. Аталып отырған нұсқаларында Қобыланды оқиғасы Қырым, Ноғайлы, Қыпшақ елінде өтеді. Негізгі жауы қалмақтар болып шығады. Жырдағы мотивтердің ең көнелілігін немесе ертегіге тән екендігін аңғартатын – ұлғайған ата-ананың баласыздығы, олардың тойға шақырылып, той иесінің бұларды «ұлсыздарға орын жоқ, қызсыздарға қызық жоқ» деп қорлауы, кейбір нұсқасында тойға тігілген ақ үй мен қара үйлерге баласы барлар ақ үйге, артында мұрагерлердің жоқтардың қара үйге кіргізілуі қорлық болып, болашақ батырдың ата-аналары әулие-әнбиелерді қоймай даланы кезіп кетеді. Сөйтіп, «темір таяқтан тебендей, темір кебісінің тақасы қалғанша» қалжырап, әбден бітулеріне қалғанда «Әулие бабалардан» аян беріледі. Ертегіге тән мотивтердің көрінісі бұдан анық көрінетіндігіне талас тумады. Бірінші версияларында бұл бірден ұзағынан жырланып, кеңінен баяндалатындығына тексеруші талдау арқылы толық көз жеткізеді. Образдық талдауларға кеңірек орын берілген.

Тойға шақырушы нұсқаларында белгілі бір бай, атақты хан делінеді. Көшелекте – Ақшахан ас берсе, Нұрпейісте бір бай, Айсада – Алшағыр қалмақ ханы ас береді. Мұнда Қобыландының әкесі Қыдырбай Қырымды жайлаған Мұрын жырау нұсқасында Қыдырбай «Тоқсан баулы Ақшаханның тұсында өтті» делінген. Ас беруші Ақшахан болады. Сүйіншәлі нұсқасында – Жаманбай той жасаса, белгісіз жыршы жырлаған нұсқасында Жәңгір хан той жасайды. Бұдан басқа да жырда батырдың анасы – айдаһардың, жолбарыстың, аждаһаның басы мен жүрегіне жерік болады. Екі мұндықтың түстеріне аян беретін әулие-бабалар, кей нұсқада аққу болып ұшып келетін қырық шілтендер болады. Бірінші версияға енген нұсқаларда жыр оқиғаларына Тәуке хан, Жәңгір хан, Қазтуған жырау, Ахметтер қатысады. Бұның бәрі жоғарыда айтқан О.Нұрмағамбетованың жырдың айтылуы мен жазылуына байланысты бағасы мен түрлі қоспалардың қосылғаны және ертегіге тән көне сарындардың енгендігі жөніндегі тұжырымдамасымен толық сәйкестенеді.

Зерттеуші «Қобыланды батыр» жырының басқа халықтар мұрасында кездесуі туралы алғаш маңызды ой-пікірлер ХХ ғасырдың басында айтылып, бұл мәселеге П.А.Фалевтің баяндамасы жасалғанын, баяндаманы талқылауға Н.И.Веселовский, Б.Я.Владимиров, А.И.Иванов, Н.Я.Март, В.Ф.Минорскийлердің қатысқанына тоқталады. Анығында, жыр жөніндегі осы талқылаудың маңызы бар. Себебі, «Қобыланды» жыры «Едіге батыр» туралы жыры да ноғай, татарларда ұшырасатыны, алайда батырдың тегі – «қыпшақ» екендігі осы мәжілісте айтылған. Жырдың қазақ халқы арасындағы кеңінен айтылып, ауыздан-ауызға жеткен қазына екендігі де осында бағаланған. Басқа зерттеушілерге қарағанда О.Нұрмағамбетова бұнда мәжілістің өтуін кеңірек баяндап, жырға қатысты басқа халықтардың ғылыми қауымның назар аударуын сәтті келтірген. Одан әрі «Қарақалпақ халқының қаһармандық эпосын» зерттеуші И.Сағитовтың жырдың қазақ арасындағы нұсқаларымен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашуын айрықша бағалайды. Жалпы Қарақалпақ халқындағы айтылатын «Қобыланды» мен қазақтың «Қобыланды батыр» жырының өзі зерттеп отыратын екінші версиясына жататын нұсқалармен сәйкестеніп келетінін ашады. Оның негізгі себебі: «Ноғай, қарақалпақ, қазақ ақын-жыраулары ертеден аралас-құраластықта болып, бірінің еліне бірі барып, бірінің жерін бірі аралап, бірі айтқан жырды екіншісі қағып алып, үйреніп отырған. Содан олардың репертуары да ұқсас болады» [4, 133 б.], – дейді. Басты айырмашылықтардың кісі, кеңістік есімдерінде ғана болмаса, оқиғалар мен идеялық-тақырыптық жақтары ұқсас болып келетіндігі анық. Бұған зерттеуші негізгі төрт мотив арқылы салыстырмалы түрде тексеру жасаған. Басты мотив ретіндегі мыналар:

1. Болашақ батырдың дүниеге келуі, оның елден ерекше болып өсуі;
2. Батырдың үйленуі, барлық кедергіні жеңіп, алыстан қалыңдығын алып келуі;
3. Батырдың тұлпар атына байланысты хикая;
4. Батырдың соғыстағы әрекеті, жекпе-жек суреттері.

Бұндай мотивтер тек қана түркі халықтары эпостарында емес, дүние жүзі халықтарының батырлық эпостарында ұшырасатыны еңбекте дұрыс пайымдалып, тың тұжырымдармен қорытындыланған екен. Түркі халықтарындағы ырым-кәде, салт-дәстүрлерге тән ерекшеліктер арқылы жырдың қай халықтарға ортақ қазына болатындығы дәлелді көрсетілген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы: Ғылым, 1972. – 338 б.
2. Мұқашева З. «Ғылым үшін тер төккен». Туған өлке.- 2007.- № 1 (8) 30. – Б. 35
3. Нұрмағамбетова О. «Қобланды батыр» жырының жаңа нұсқалары // Жұлдыз.- 1960. -№ 3. – Б. 151-157.
4. Нұрмағамбетова О.Ә. Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр». – Алматы: Дешті Қыпшақ, 2003. – 480 б.
5. Нурмагамбетова О.А. Казахский героический эпос «Кобланды – батыр». (Версии и варианты. Исполнители. Поэтика). (10.01.09 – фольклористика): автореф. ... докт. филол.наук. – М., 1990. – 57 с.

ӘОЖ 001.

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПОЗИЦИЯСЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫ

Қайырғалиева А. Б., Болатова Г.Ж.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.,
bolatovnaaigerim@mail.ru*

Бұл мақалада алаш арыстарының азаматтық поэзиясы және рухани жаңғыру идеясы қарастырылған. Алаш арыстары өз шығармаларында бостандық, теңдік, азаттық, жаңғыру идеяларын ту етіп көтерді. Ал өздерінің саяси көзқарастарында елдің жігін ажыратпай, біртұтас етіп біріктіруді көздеді. Сондықтан ең басты мәселе ретінде саяси тәуелсіздікті нысана етіп қоя білді. Ұлттың жан-жақты дамуы, рухани баюы, өркендеуі ұлттық салт-дәстүрлерді сақтай отырып, өзге өркениетті елдерден үйренер еркіндік салтымен жетілуде деп білді.

Кілттік сөздер: *жан-жақты даму, рухани баю, өркендеу, ұлттық салт-дәстүрлер, азаматтық поэзия, рухани жаңғыру идея.*

В этой статье представлена идея Алашского гражданского сознания и идея духовного возрождения. Алаш Арыс поднял идеи свободы, равенства, освобождения, возрождения в своих работах. В своих политических взглядах они стремились объединить страну и объединить ее. Поэтому, по сути, он поставил перед собой цель политической независимости. Всестороннее развитие нации, духовное обогащение, процветание, традиции национальных традиций и традиций пришли к соглашению со свободой традиции обучения из других цивилизованных стран.

Ключевые слова: *всестороннее развитие, духовное обогащение, процветание, национальные традиции, гражданская поэзия, духовное обновление.*

Қазақ елінің елдік тарихында алаш арыстарының адамдық болмысы мен шығармашылық мұрасы ерекше мәнге ие.

Жалпы азаматтық құндылықтардың аса жауапты миссиясын жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ арыстары атқарған еді. Олар отаншылдық, азаттық, елдік күресті қолдарына қару алмай-ақ, терең де мәнді ой-пікірлерімен, ғылыми-философиялық тұжырымдарымен, өлең-жырларымен ұлттық санаға әсер ету арқылы жеткізе білді. Алаш арыстарының басты мақсаты – қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру құқын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, нарықтық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқын және басқа демократиялық принциптерді қадір тұту, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу болды. Тапшылдық, жікшілдік мүдделерді көздемей, ұлт тұтастығын сақтауға ұмтылды.

Алаш арыстары өз шығармаларында бостандық, теңдік, азаттық, жаңғыру идеяларын ту етіп көтерді. Ал өздерінің саяси көзқарастарында елдің жігін ажыратпай, біртұтас етіп біріктіруді көздеді. Сондықтан ең басты мәселе ретінде саяси тәуелсіздікті нысана етіп қоя білді. Ұлттың жан-жақты дамуы, рухани баюы, өркендеуі ұлттық салт-дәстүрлерді сақтай отырып, өзге өркениетті елдерден үйренер еркіндік салтымен жетілуде деп білді. Оқу-ағартуды, өнер-білімді ел тәуелсіздігі жолындағы саяси күреске пайдалануға әрекеттенді. Көріп отырғанымыздай, арада бір ғасырдай уақыт өткенде осы ұлы мұраттар егемен қазақ елінің мемлекеттік ұстанымдарына айнала бастады. XX ғасыр басындағы Алаш идеясы ұлтты идея ретінде алға шығып келеді.

Ес жиып, етек жапқан бүгінгі күнде алаштық идея саналы қазақ баласын, елжанды қазақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі, Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты - ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында еді. XX ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің пәрменді еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес. Оның дәлелі - тәуелсіз Қазақстанның барлық түкпіріндегі қазақ зиялы қауымының ісіндегі, ойындағы алашшылдық сана. Бұл алашшылдық сана уақыт жылжыған сайын қазіргі қазақ қоғамында тереңдей түссе, халқымыздың ұлттық өресі де биіктей бермек.

«Рухани жаңғыру» идеясы сонау XX ғасырдың ақтандақ тарихымен біте қайнасып, ұштасып жатырса керек. 2017 жылы 12-сәуірде жарияланып, «Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты», - деп басталатын Елбасы жолдауы заңғар белестерді еңсеріп, қиындыққа қасқая қарсы тұрған қазақ елінің еңсесін тік көтеріп, үлкен мақсаттар мен мүмкіндіктерге жол ашқан тыныс бола білді. Жолдауда бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлік, білім және ғылым, елдің дамуы мен сана мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, таяу жылдардағы басты міндеттер назарға алынып, болашақ ел мүддесі толық қамтылған. Алаш азаматтарының да идеясы мен мақсаты осы болатын. Ұлттық сананы оятып, халық мүддесін асқақтатып, білім мәселесіне аса зер салып, дамуды, рахани жаңаруды, биікке өрлеуді мақсат етті.

Бұл туралы профессор Ө.Әбдиманұлы: «Қазақ даласындағы ол кездегі саяси-әлеуметтік, қоғамдық мәселелер аз болған жоқ. Сол өте ауқымды мәселелердің ішінде білім мәселесі өршіп тұрған болатын. Өйткені, оқу-ағарту ісінде XX ғасырдың бас кезінде қазақ ұлты екі түрлі қыспаққа ілініп тұрды. Бірі – ұлттық мектептің мәні жойылуы (мұның өзі жаппай сауаттылықты шектеді), екіншісі – қалың бұқараның сауат ашуына жоғарғы төлем жол бермеуі. Ал сауатсыздық – халықтың ой-санасын тұмшалаған тор. Өз халін ұғынып, күнгірт тірліктен бостандықтың боз ала таңына ұмтылу үшін білімнің кәусәр бұлағы қажет еді» [1, 20 б.] - дейді. Ал қазіргі таңда білім саласы қарқынды дамып келе жатыр. «Рухани жаңғыру» мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.», - деп ғылым мен білімнің қоғам өміріндегі айтулы орны бар екендігі анық көрсетілген.

Жалпы осы кезге дейін XX ғасырдың басындағы әдебиет жеке шығарма немесе жеке жазушы шығармашылығына өзіндік баға беру тұрғысынан көбірек зерттеліп келгені шындық. Әрине, әдебиеттегі зерттеу жалпыдан жалқыға немесе керісінше жүретін процесс екені де анық. Әдебиеттің жалпы даму үрдісін қарастыру ең алдымен сол әдебиет оятқан ұлттық сананың

болмысын бағдарлауды шарт тұтады. Ол үшін сол тұстағы тарихи әлеуметтік жағдайларға назар сала кеткен орынды.

Өткен ғасырда ел егемендігі үшін, халық қамы үшін тер төгіп, ерекше із қалдырған алаш айбындылары қаншама?! Тарих беттеріне үңілсек олар қалыптастырған жаңаша өмір, ұлттық идея және оқу-ағарту саласы көңіл көншітерлік құнды мұралар. Ілияс, Бейімбет және Сәкен шығармаларындағы жаңғырудың идеялық өзегі бөлек әңгіме. Өйткені, олар шынайы азаттықты аңсады, алғыр, білімді қазақ жастарының талпынысын көргісі келді, жаңашылдықты армандады.

Мысалы, қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын Ілияс Жансүгіров өзінің «Саналы жастарға» өлеңінде:

Исі аңқып, өскен балқып сабағым,
Құтты болсын, көкке өрлеген талабың.
Сасық дала, мынау жатқан қараңғы ел,

Ауылыңа қайырыл, қара, қарағым [2, 254 б.], - деп жас баланың асыл қасиеттерін өлең жолына сыйғыза отырып, сол кезеңдегі халық потенциалын аңғартады. Саяси лирика саласында Ілияс көпшілік жағдайда ашық үгітті, насихатты қолданады. Оған әрі-беріден соң, көркемдік талғамы жетіп болмаған қауымның өзі әсер етті. Көзіне көрсетіп, қолына ұстату, барар жерін нұсқау қажет болды.

Оян, ойлан, ұрандас!
Қатарлас, теңел, құрал жас!
Құлқыны жаман құзғындар

Құралсандар – тұра алмас! – дегенді әуелгі кезде бар ақын-жазушы айтып, жазуға міндетті болды. Көбі осы жолмен кетті де. Ілияс сынды ұлы дарындар осы ойды кейде тұспалдап, поэзия тілімен жеткізуге талаптанды. Бұл сәтте Ілиястың поэтикалық жанрының көкжиегі кеңейе түскенін аңғарамыз. 1926 жылғы «Ұйқыма» деген өлеңінде:

Бадалғыр, батқыр тас ұйқым
Теңіздің терең түбіне.
Көзді көр, жанды жарымдап
Тұншықтырдың түнімде.
Енді тағы иектеп

Еліткің келед күнімде, –дегенін бар жаныңмен, тәніңмен түсінгендей әсерленесің. Өйткені әрекетсіздік титығына тиген ел ояну, қарбану деңгейіне жеткенін ақын көркем образбен береді де, өмірде жиі кездескен қарекетсіздік пен еріншектіктен безіндіреді, жалқаулықтан жирендіреді [3, 12 б.]. Осылайша Ілияс күллі қазақ елін жаңаруға, білім алуға, рухани жаңғыруға шақырған. Ілияс Жансүгіровтің Алатаудың ақ самалындай аңқып ескен ғажап поэмалары, Алатаудың ақ бұлағындай мөп-мөлдір өлеңдері қара халықты жаңа өмірге насихаттауға бағытталған.

Қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Бейімбет Майлин поэзиясында да рухани жаңғыруға деген ашық үндеу бар. Мысалы, Бейімбет «Жастарға» өлеңінде:

Бірі жатыр болыс болып шіреніп,
Біреуі жүр ауылнай боп тіленіп,-деп сол кезең жастарының ақымақтығын көрсетсе,
Қай уақытта бірігеді бастары,
Бәрінің де ойлағаны бас қамы.
Дүрілдетіп істі қолға алып тұр,

Басқа жұрттың жаңа өспірім жастары [4, 220 б.], - деп өз күйінішін, ренішін байқатады. Ақын жаны шып-пыр боп қазақтың өскендігін, егемен болғандығын арман етеді. Өз өлеңдерінде өзге жұртпен салыстыра отырып халықты оятуға бар күш-жігерін салғанын «Қазаққа» өлеңінен байқаймыз.

Не сұрасаң қабыл қазір тілегің,
Сен тілексіз оңалмайсың, білемін.
Жан біткендер іздеп жатыр керегін,
Тұр, қалғыма, көтер басты, өй, қазақ! [4, 214 б.]

Б.Майлин тарихтың терең қойнауына бармай, өзі көрген заман оқиғаларын, құбылыстарын түсіну, түйсіну, терең сезім желісінен өткізу арқылы шығармаларына арқау етті. Ірі оқиғаларды айтпағанның өзінде, кішігірім, елеусіз деген нәрселердің өзіне мән бере қараған. Әсіресе оны халықтың жай-күйі, оқу-білімі қатты алаңдатқан. Оған ақынның «Еліме», «Елге хат», «Қазақ туралы» сынды жалынды жырлары дәлел.

Сенің зарың – зарлайтыным өмірде,

Сенің арың – арлайтыным өмірде.

Сен жыласаң – көзден жасым тамшылар,

Сен қуансаң – қайғы, шерім аршылар [4, 320 б.].

Бейімбет Майлиннің «Кедейге» деген өлеңіндегі осы жолдар – оның ақындық кредосы – қаламгерлік бағдарламасы. Ол өзінің онша ұзақ емес өнер жолында осы мақсатынан бір сәт тайып, табан аударып көрген жоқ.

Айтты-айтпады, Бейімбет қай жанрда жазбасын, күллі шығармашылығының ең өзекті мазмұны – Қазақ республикасындағы жаңа ауыл шындығы.

Қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ақын және жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің «Жас қазақ марсельзасы» өлеңінде:

Азамат, жүнжіме, жүрме бос,

Қол ұстас, бірігіп тізе қос.

Ту ұстап дұшпанға барайық,

Теңдіктің ұранын салайық.

Тізесін батырған залымнан

Күн туды – біз теңдік алайық, - деп бір жағадан бас шығаруға, егемен, азат болуға, дұшпанға тойтарыс беруге насихат жүргізсе, «Жолдастар» өлеңінде:

Ту тігетін, мінекей, замандарың,

Нық басатын темірдей табандарың,

Жолдастар!-деп қазақ намысын оятады.

«Сәкен өзінің қарақан басының бақ-дәрежесі үшін емес, елді өркендету қамында жүрген артық-кем сілтегені аз емес, әсіресе таптық позиция, лениндік идея, кедей теңдігі дегенге имандай сеніп, ойланбай өрекіпген тұсы да бар» [5, 20 б.] –деп, өз естелігінде профессор Тұрсынбек Кәкішұлы Сәкеннің адамдық асыл қасиетін тағы бір дәлелдеген болатын. Сәкенде қарапайым халықты өсіп-өркендеуге, алға басуға үндейтін өлеңдер жетерлік. Мысалы: «Жұмыскерлерге», «Кел, жігіттер», «Адасқандарға», т.б. Сәкеннің ұлтына деген ұлы махаббаты жанашылдық рухтан, реформаторлық ізденістен табылып, қазақ әдебиетіне оның еңбектері тарихи сабақтастықтың құнарлығына дәлел болары сөзсіз.

Қорыта келе, Алаш зиялыларының Қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - деп көрсеткен болатын. Жансүгіров, Майлин, Сейфуллиндер қалдырған дара жол тарих сахнасында мәңгі сақталмақ. Егемен еліміз ауыр да азапты күндерді артқа тастап, үлкен болашаққа, бәсекеге қабілеттілікке бет бұрып, өсіп, жаңғырып, күннен күнге көркейіп, бой түзеп, саналы да сапалы ұлт болашағын тәрбиелеп, жаңарып келе жатыр. Осы орайда Президентіміз өз жолдаулары мен мақалаларында бізді зор болашақ күтіп тұрғандығын еске салады. Олай болса, Жансүгіров, Майлин, Сейфуллин арман еткен «рухани жаңғыру» идеясын бірге жүзеге асырсақ нұр үстіне нұр болады деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбдианұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002 ж.
2. І.Жансүгіров. Шығармалар жинағы. Алматы: «Өлке» баспасы, 2012 ж.

3. «І.Жансүгіров». Көп томдық шығармалар жинағы: 1-том. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2004 ж.
4. «Бейімбет Майлин». Шығармалар жинағы. Алматы: «Өлке» баспасы, 2012 ж.
5. «Сәкен Сейфуллин». Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 2003 ж.
6. «Сәкен Сейфуллин». Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы, «Қазығұрт» баспасы, 2004 ж.

ӘОЖ 001.894.

ІЛИЯС ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қуанышқызы Н., Галипова С.С.

Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Университеті, Павлодар қ,
kuanyshkyzu.nurgul@mail.ru

Бұл мақалада Ілияс шығармашылығын оқытуда жаңа технологияларды қолдану жолдары қарастырылған. Ілияс Жансүгіров - қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. Әсіресе ол өзінің аса қуатты суреткерлік талантын поэзия жанрында көрсетіп, күллі қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар берді.

Кілттік сөздер: қазақ әдебиеті, әдеби жанрлар, поэзия жанрлары, қазақ зиялылары, поэзия, проза, драма.

В этой статье рассматривается использование новых технологий в преподавании Илияса. Ильяс Жансугуров - разносторонний талант, внесший значительный вклад во все жанры казахской литературы. Особенно он представил свой самый мощный талант в жанре поэзии и сделал работы, которые стали гордостью всей казахской литературы.

Ключевые слова: казахская литература, литературные жанры, поэтические жанры, казахская интеллигенция, поэзия, проза, драма.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүз жылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес», - деп ерекше бөліп көрсеткен еді.

Алты алашқа құрбан болған ақ жаны,

Ақындықтың мұздай мөлдір маржаны – дей келе, Ілияс Жансүгірұлының ұлтымыз өміріндегі ойып тұрып алар орны, қазақ әдебиетіндегі әлемі ерекше. Жыр алыбы бола білген Ілияс – туған әдебиетіміздің асқар Алатауының шыңы, немесе жер ұйығы Жетісудың жыры. Ілияс Жансүгіров қазақ әдебиетіндегі қайта қайталанбас, қала берді әлем әдебиетіндегі сирек, дара құбылыс. [1]

Қазақтың Абайдан кейінгі заман ағымындағы аса дарынды ақыны Ілияс Жансүгіров даралығымен өзі шалқар шабыттың, керемет құштарлықтың ұштастығында кеңінен жырлаған. Ілиястың шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы әмбебап. Құлагер ақын атанған сырлы сөз шебері Ілияс поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектеніп, өзіндік қолтаңбасын, яғни анық көркем шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген сырлы сөз шебері әдебиет саласында өз алар орнын анықтап кеткен. Оның шығармаларына негіз болған өзекті тақырып өрістері де алуан түрлі. Поэзия, проза, драма салаларындағы шоқтығы биік шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы айқын өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін сабақтаса арқау болып отырады.

Жазушы өмірінің әрбір кезеңі— жасампаздықтың, рухани үйлесімнің көрінісі. Ілияс Жансүгіровтің қаламы жүйрік, әрбір шығармасы ауқымды әрі өткір. Ақын ойын тезірек білдіріп, толғаныстарын қағазға түсіруге асыққандай. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында бес том шығарма жазып үлгерген. [2]

Ілияс Жансүгіров - қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. Әсіресе ол өзінің аса қуатты суреткерлік талантын поэзия жанрында көрсетіп, күллі қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар берді. Ақын ретінде Ілияс шығармаларының шоқтығы биік – оның поэмалары. Оның қаламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэмалары қазақ поэзиясының інжу-маржаны болып табылады. Ол артына өшпес рухани мол мұра,өзіне өлмес мәңгілік ескерткіш қалдырып кеткен. [3]

Елбасының жолдауында «Білім беру жүйесі реформасының орталық буыны осы заманғы білім беру үрдістерін, ақпараттық технологияларды жаппай енгізу, бұл кезеңде назарды оқушылардың біліктілігін арттыруына аудару қажет» дегеніндей, біз инновациялық оқытуды тәжірибемізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай білетін білімді ұрпақты тәрбиелейміз. [4] Зерттеулер бойынша, «инновация» - педагогикалық категорияға жатады және мектептегі құбылысқа тың жаңалық: жаңа бағдарламаны, оқу жоспарын әдіс – тәсілдерді оқу және тәрбие жұмыстарына енгізу болып табылады. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда. Техникалық ілгерілеу пен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғая түсуі, оқу ордасындағы білім беру мазмұнын қайта құру және оқу – тәрбие орындарының іс – әрекет қағидаларын қайта қарау, мұның бәрі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі анық дәлелдеп отыр. Білім берудегі инновациялар – қоғамның тұрақты өзгеріп отыратын мұқтаждықтарына сәйкес оның дамуының қажетті және табиғи шарты. Бір жағынан құндылықтардың сақталуына ықпал етсе, екінші жағынан, олар барлық екі нәрседен бас тартып, әлеуметтік қайта жасалымдардың негізін өздері алады. Осыдан келіп, оқу үрдісін қазіргі деңгейде жүргізуге талпынғандарға арналған ерекше талаптар туындайды. Жаңа мазмұнға жаңа әдістер жүйесі қажет. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқыту үрдісін технологияландыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Технология мен әдіс – тәсілдің ара – жігін ажырату да қарапайым мұғалім үшін кейде қиын болып жатады. Ілияс Жансүгіров шығармаларын оқытуда ең тиімді әдіс – тәсілдердің бірі сын – тұрғысынан ойлау.

Сын – тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір – түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Сын тұрғысынан ойлау – шыңдалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау сынып оқушыларына ғана тән емес. Жас балалардың бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Сабақ барысында осы жобамен жұмыс жасау арқылы оң нәтиже шығады деп болжаймын. Жобаның ішкі құрлымында ерекшелік бар. Бұл құрылым үш деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен тұрады. Осы кезеңдердің мақсат мен міндеттері: 1) Қызығушылығын ояту – үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Оқушыларға жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырып, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ барысында қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту, ми қыртысына әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Ойлау», «Жұпта талқылау» және т.б. әдістер жинақталған. Сонымен қатар үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс – әрекет. Оқушы өзінің білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, қасындағы оқушымен бөліседі,

тобында талқылайды. Яғни, айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы еркін түрде ашылады. Осылайша шындалған ойлауға бірте – бірте бағытталады. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. 2) Мағынаны тану (дұрыс түсіне білу) – ойлау мен үйренуге бағытталған кезеңі. Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өзінің жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жа-сауына көмектесетін оқыту әдістері бар. Оқушы оқу, тақырыппен танысу барысында – «білемін», «мен үшін түсініксіз», «мен үшін жаңа ақпарат», «мені таң қалдырады» белгілері арқылы оқу тапсырылады. Оқығанын түсінуге, өз ойына өзі еркін түрде басшылық етуге, ойын айқын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мазмұнын жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау мәселелері жиі кездеседі. 3) Ой – толғаныс – тақырып туралы кезеңі. Күнделікті сабақ барысында оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын өздері байқаған ақпараттарды өз сөз-дерімен айтып берулері тиіс. Бұл кезеңде оқушылар бір – бірлерімен ой алмастырады, ой түйістіреді, өз кестелерін жасап, басқалардың да кестелерін үйреніп алуға тырысады. Нәтижесінде бұл, үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып саналады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Жұмысты бастамас бұрын оқушыларға «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті топ оқушыларына түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының талабына байланысты екенін мұқият түсіндіру қажет. Соңында ұжым мүшелері мәтін мазмұнын ортаға салулары керек. Осылайша оқушылар бір – бірін оқыту арқылы ойлауға үйретеді. Сонымен қатар бұл әдіс мазмұнды жоғарғы табыспен меңгерту, оқығанды есте сақтау үшін тиімді оқушының оқуға деген қызығушылығын арттырады, сонымен қатар мұғалімді түсінуге дұрыс көзқарас береді. Мұғалім сабақта оқушының білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Сол сұрақ әр түрлі әдіс – тәсілдер арқылы баланың алдына мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.

Бұл еңбектің басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Өскелең ұрпаққа сабақ барысында негізгі мақсатты көздей отыра құлагер ақынның шығармашылығымен таныстыра отырып: 1) өлеңнің негізгі идеясына ашуға үйрету, 2) көркем мәтінмен жұмыс істей алу дағдысын жетілдіру, оқып түйгендері туралы ой қорытындысын айтқызып, жаттықтыру, 3) оқушылардың сөйлеу, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру, ой – өрістерін дамыту, 4) сөздік қорларын арттыру, 5) оқушы жүрегіне Ілиясқа деген сүйіспеншілікті ояту, 6) ғылым білімге шақыру керек.

Жетісудың дүлдүл ақыны, шаң жуытпас құлагері Ілиястың ақындық өнеріне тамсанамын, ой толғамдарының тұңғығы, Ілияс мектебінің білімі, ізгілік мектебі тіл мәдениетіне итермелейді. Қазіргі заман талабына сай, мәдениетті адамның бір көрінісі – тіл мәдениетінің жоғары болуы, дұрыс сөйлеп, сауатты жаза білуі. Әр адамның сөйлеу мәнерінен, сөз қолданысынан, тіл мәдениетінен, оның кім, қандай кісі екенін аңғару қиынға соқпайды.

Ақыным, Құлагерім, Ілиясым,
Жетік білген ән жырдың құпиясын.
Қазағыма шуақты күн боп шығып,
Жетісудың төрінен жымиясың.

Елің, жерің дәл бүгін құлпыруда,
Даласында ән қалқып, жыр тұнуда,

Көк туың туың көкке қарап желбіреп тұр,

Қазағың болашаққа ұмтылуда!!! – деп, А.Қасымхан айтпақшы, өресі биік өнегелі

тұлғалардың өнегелі өмірін ұмытпайтын, қадір тұта ұлықтайтын жас ұрпақтарымыз көбейе берсін! Ұлы тұлғаларды ұмытпай ұлықтау кез-келгеніміздің міндетіміз, ата-баба алдындағы парызымыз!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ілияс Жансүгіров "Поэмалары" - Алматы; Мектеп баспасы - 1972, 175 бет.
2. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А., 1965.
3. Ақберен. Жинақ.- А., 1972.
4. <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/jurnal/Obshestvennye%2002-017/Slymova0217.pdf>

ӘОЖ 08.122:18

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Мизамбаева Т., Кияхметова А.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
Akiyahmetova@mail.ru*

Мақалада оқу жетістігін бағалаудың түрлері, соның ішінде қалыптастырушы бағалау жайы қарастырылады.

Кілттік сөздер: инновация әдіс, ақын, оқыту, оқу жоспары.

В статье рассматриваются типы оценивания учебных достижений, в том числе формативная оценивание.

Ключевые слова: инновация, метод, поэт, преподавание, учебный план.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында былай делінген: «...Біріншіден, барлық дамыған елдердің өзіндік бірегей білім беру жүйелері бар. Біздің алдымызда ұлттық білім берудің барлық буындарын жетілдіру бойынша үлкен жұмыс күтіп тұр» [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының) елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған. Оның 3-уі жалпы орта білім беру жүйесіне қатысты. Осыған орай 2020 жылға дейін Қазақстандағы орта білім беруде жалпы білім беретін мектептердің деңгейін Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу қажеттілігі міндеттеліп отыр. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығуы тиіс. Оқытудың нәтижесінде оқушылар сын тұрғысынан ойлау дағдыларын, өз бетінше зерттеу жүргізу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеруі тиіс. Демек, бұл балаларды заманауи білім беру әдістемелерімен және жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету аса маңызды болып табылады. 2017-2018 оқу жылында 2, 5, 7-сыныптар жаңартылған білім мазмұнына көшті. 2018-2019 оқу жылында жаңартылған білім мазмұнына 1,3, 6, 8, 10-сыныптар, 2019-2020 оқу жылында 4, 9, 11-сыныптар көшетін болады.

Орта білім беру мазмұнын жаңартуда жаңартылған оқу бағдарламасы; оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі; үш тілді білім беруге көшу қамтылады. Ендігі жағдайда орта білім беру мазмұнын жаңарту келесі құжаттар негізінде іске асырылады: ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру); оқу бағдарламасы; оқу жоспары (ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді); жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар; бастауыш/не-гізгі орта және жалпы орта білім

беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық; қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы.

Оқу жетістігі критериалды бағалау жүйесі арқылы анықталады. «Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды. Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс [2,5 б]. Критериалды бағалау оқушылардың жетістіктерін бір-бірімен салыстырмайды және бір-біріне тәуелді етпейді, әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталады.

Критериалды бағалау мақсатына байланысты екі түрде жүзеге асады. Бірі – оқушының оқу үлгеріміне оң ықпалын тигізетін қалыптастырушы бағалау, екіншісі – оқушының оқу үлгерімі туралы мәліметті жинақтайтын жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, оқу үдерісі барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалау – оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін бағалаудың түрі болып табылады. Қалыптастырушы бағалаудағы кері байланыс оқушының үш сұрағына жауап береді: Менің оқуым қандай сатыда? Мен жоғары нәтижеге қалай қол жеткіземін? Білімімді толықтыру үшін не істеуім керек? Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен оқушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде оқушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл оқушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді. [3, 10 б]. Әсіресе бұл шығармашылық жұмыстарды тексеру барысында жүзеге асыру өте тиімді. Бұрынғыша «Дұрыс емес! Қате!» деп ескертпе жазылмайды. Оның орнына «Жарайсың! Өз ойыңды жақсы жеткізе білгенсің. Бірақ, мына тұста, мына сөйлемінді басқаша қалай жазуға болар еді? Өз ойыңды жинақтап, тағы да жазып көруге тырыс...» деген секілді ұсыныстар жазу оқушының психологиялық жай-күйіне жақсы әсер етеді. Өзін-өзі басқа оқушылардан төмен санауына жол бермейді. Мұғалім бұл кезде ақыл-кеңес беріп, жол сілтеуші, бағдар көрсетуші қызметін атқарады.

Қазіргі қоғам талабы білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің технологиясын жаңартуға бағытталған көптеген міндеттерді жүктеп отыр. Соңғы жылдары педагогикалық теория мен практикада оқу процесінде белсенділік принципін іске асыру үшін көп жұмыс жасалуда. Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктерінің бірі оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу) болса, ол жайлы Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов ХХ ғасырдың басында былай деген: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек» [4,25б.].

Тұлғатануда адамзат баласы жүзеге асыратын іс-әрекеттердің ішіндегі ең бір күрделісі-танымдық процесс болып табылады. Танымдық білімді игеру барысында оқушылардың ақыл-ой қабілеттері дамиды, олардың көзқарастары мен сенімдері қалыптасады.

Педагогикада оқушылардың «оқу танымдық іс-әрекеті» мен «ойлау іс-әрекеті» ұғымдары жиірек пайдаланылады. «Ойлау» және «таным» ұғымдарына анықтама берер болсақ, философиялық энциклопедиялық сөздікте ойлау ұғымы объективтік шындықтың белсенді формасы ретінде сипатталады. Ойлау адамзат баласының танымының жоғары сатысы болып табылады. Сондықтан «таным» ойлауға қарағанда әлдеқайда кеңірек ұғым. «Таным объективті шындықтың бейнеленуінің жоғарғы формасы» ретінде сипатталса, ал бейнелеу-материяның жалпыға бірдей ортақ қасиеті ретінде сипатталады.

Танымдық өзіндік жұмыс атқара білу қабілетінің қалыптасу үрдісі мотивті қалыптастыру, білімді сапалы түрде игеру және оқу – танымдық белсенділікті қорытындылау негізінде құрылады. Қ.Жарықбаев өз еңбегінде: «Танымды қалыптастыру

процесі зейіннен, қиялдан, ақыл-ойдан басталады» [5,105б.],- дейді. Оқушылардың зейінін дұрыс қалыптастыру барысында танымдық үрдісте мұғалімнің алатын орны ерекше. Егер мұғалімнің зейіні дұрыс ұйымдаспаған болса, ондай мұғалім оқушылардың зейінін дұрыс тәрбиелей алмайды. Танымдық белсенділік дегеніміздің өзі - оқушының білімге деген ынта – ықыласының ерекше бір көрінісі, яғни, оқушы білім алуда ілгері қарай жылжып, білмеуден білуге қарай қадам басады.

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің қайнар бұлағы. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі бағдары – оқушылардың тек шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп даярлау. Мектепте оқытылатын әдебиет пәні оқушыларға өмірді, шындықты, қоғамды, сол қоғамда өмір сүретін адамдарды тануға жәрдемдеседі, өмірге көзқарасын қалыптастырады, сөйлеу, жазу мәдениетіне баулиды. Оқытудың жаңа технологиялары тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгеріп қоймай, жеке тұлғаның танымдық және өзін-өзі өзектендіру, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға, сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін жан-жақты дамытуға жетелейді. Атап айтсақ:- сабақ түбегейлі оқушыға бағытталады, - ұжымдық, ынтымақтастық қатынас орнайды, - өзара қарым-қатынас деңгейі өзгереді, - шәкірттер бір-біріне маңызды сұрақтар қоя білуді үйренеді, - өзгелердің пікірін сыйлауға үйренеді, т.б.

Сабақтарда төмендегідей шығармашылық жұмыстарды жүргізу білімді меңгертуде өте тиімді: ой толғау, эссе, бес жолды өлең, әңгіме, өз пікірлерін жазу, тақырыпқа сай сурет салу, кеспе даярлау, тест тапсырмаларымен жұмыс істеу немесе тест тапсырмаларын құрастыру, мақалдың жалғасын табу, сөзжұмбақ құрастыру және т.б. Мысал ретінде бір сабақ жоспарын ұсынып отырмыз.

Оқытылатын шығарма тақырыбы: Сара Тастанбекқызының «Жүрек» өлеңі.

Оқу мақсаты: Әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық - сюжеттік дамуын сипаттау.

Бағалау критерийі

Білім алушы

Өлеңнің композициялық - сюжеттік дамуын баяндайды.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

1-тапсырма:

Өлеңнің композициялық - сюжеттік желісі бойынша қарапайым жоспар құрыңыз.

Жоспар

Кіріспе бөлім _____

Негізгі бөлім _____

Қорытынды бөлім _____

2-тапсырма:

Жоспар негізінде өлеңнің композициялық - сюжеттік дамуын анықтаңыз.

Композициялық - сюжеттік	Мазмұны
Оқиғаның басталуы	Туған жердің табиғат көріністерін айтып өтіп, жер жүрегіне мұңын шағып, басындағы қасіретін жеткізіп, сырласуы
Оқиғаның байланысы	Сара қызға жер жүрегінің бүлк-бүлк етіп, тіл қатуы. Өз басынан өткен оқиғаны баян етуі.
Оқиғаның дамуы	Қоңтәжінің қызы – Баянның Сайын деген кедей, бірақ елінің батыры атанған жігітке ғашық болып, екі жастың бір-біріне құмары артып, бас қосуы.

Оқиғаның шиеленісуі	Бірақ Сайын жалғыз басты кедей еді. Сондықтан қоңыр қойға теңемеген бір кедейге қызын беруге арланған Қоңтәжі ханның қызын алып, көшуге бел байлауы
Оқиғаның шарықтау шегі	Хан қызы Баянның өз-өзіне көр қазып, жары үшін, намысы үшін өлуі. Түстік жерде өлген Сайынды да тау басына көміп, сөйтіп «Сайын-Бөлек», «Баян жүрек» деген екі таудың пайда болуы. Әкесінің Қораны асып кетуі.
Оқиғаның шешімі	«Сара қыз, еліктеме сен Баянға, Ол алыс ғасырлар ғой жоқ таяуда. Өзгеріс ел салтында болар әлі, Өлме әзір, қорға өзіңді, аз аяңда. Саңқ еткен таудың үні осылай деп, Сабыр боп жүрегіме ұйыды кеп. Мен сергіп, орнымнан тұра келдім, Жүректен өміріме алғандай леп.»

Дескриптор

Білім алушы

өлеңнің мазмұны бойынша жоспар құрады;

жоспар негізінде өлеңнің композициялық - сюжеттік дамуын анықтаңыз.

Оқытылатын шығарма тақырыбы: Сара Тастанбекқызының «Жүрек» өлеңі.

Оқу мақсаты: Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образдарын ашу.

Бағалау критерийі

Ойлау дағдыларының деңгейі

Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма:

Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образдарын талдаңыз.

Кейіпкер аты	Мінезі	Қоршаған ортасы	Кейіпкерлердің маңызды іс-әрекеттері
Сара	Өжет, ақылды, өнерлі, өз бақыты үшін күресе білетін, жаны таза адам.	Жастайынан жетім өсіп, кедейшілік тауқыметін тартады. Қалыңмалға сатылып, торға түскен тоты құстай еріксіз сүймеген адамына қосылуға мәжбүрлейді.	Басын өлімге тікпей, өз бақыты үшін күресуге бел байлайды.
Баян	Махаббатына адал, қайсар, байлыққұмар емес.	Ханның қызы болғандықтан баршылықта өседі. Бірақ кедейдің жігітін сүйеді.	Жүрегі Сайынды қалағандықтан оның кедейлігіне қарамай, өзінің адал махаббатын қорғап қалуға ұмытылады. Сол үшін өлімге де барады.

Қоңтәжі	Тәкаппар, байлыққұмар, қатыгез.	Бір елді басқарған хан болғандықтан, атақ-даңқтың, байлық пен мансаптың ортасында өмір сүреді.	Екі жастың адал сезімінен оның хандығы мен байлығы қымбат болғандықтан өз қызын кедей деп менсінбеген Сайыннан аулаққа алып кетуді дұрыс көреді.
Сайымбөлек	Батыр, ержүрек, адал.	Кедей, байлығы да, малы да жоқ. Бірақ жаугершілік заманда өз елін, жерін қорғаған жауынгерлік ортада өмір сүреді.	Ер жүрек батыр болғандықтан елі үшін қан соғыста күресе білді.

Дескриптор

Білім алушы

Кейіпкерлердің мінез-құлқына қатысты өлең жолдарын анықтайды;

Кейіпкерлердің маңызды іс-әрекеттерін ажыратады.

Оқытылатын шығарма тақырыбы: Сара Тастанбекқызының «Жүрек» өлеңі.

Оқу мақсаты: Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (эпитет, теңеу, метафора, өлең құрылысы) мағынасын анықтау.

Бағалау критерийі

Білім алушы

Шығармадағы бейнелеу құралдарын анықтайды;

Анықталған бейнелеу құралдарының мағынасына талдау жасайды.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма:

Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (эпитет, теңеу, метафора, өлең құрылысы) мағынасын талдаңыз.

Образды, бейнелі сөздер: Эпитет: Қоңырау тау, ызғарлы шық, кербез шың, жылы леп, суық леп, жасыл гүлдер, жайдары жаз, ақ жүрек, көрікті дүние, ыстық жас, ыстық бұлақ, ызғарлы, тілсіз, мылқау ақ шоқы.

Теңеу: асаудай арманымды алға сүйреп. Кәрідей көрге кіруге әзірленген. Еріткен қорғасындай балқитын тас. Арманы таудай толы шерге айналды. Баянды көктей солған бір көре алмай.

Метафора: Қозғалды бүлк-бүлк етіп Жер жүрегі, Жас қызға жаны ашып елжіреді.- Жары едім, мен де өзіндей бір сұлудың, «Қор болдым, тыңда,-деймін,-енді мені!»

Дескриптор

Білім алушы

өлеңдегі 3 түрлі бейнелеу құралдары кездесетін тармақтарды анықтайды;

көркемдегіш құралдардың мағыналарын талдау арқылы жеткізеді.

Оқытылатын шығарма тақырыбы: Сара Тастанбекқызының «Жүрек» өлеңі.

Оқу мақсаты: Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап, авторға хат, өлең жазу.

Бағалау критерийі

Білім алушы

Шығармадан алған әсерін сипаттап, жазбаша жеткізеді.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Шығармадан алған әсеріңізді сипаттап 4 сөйлем арқылы пікіріңізді жазыңыз:

1-сөйлем: шығарманың сізге қалай әсер еткені туралы бір ой жазыңыз;

2-сөйлем: өлеңнен бір мысал келтіріңіз;

3-сөйлем: бір сұрақ қойыңыз;

4-сөйлем: сол сұраққа жауап беріңіз.

Дескриптор

Білім алушы

шығармадан алған әсерін бір оймен жеткізеді;

өлеңнен бір мысал келтіреді;

бір сұрақ қояды;

сол сұраққа жауап береді.

Жергілікті жерден шыққан ақын-жазушылар шығармашылығын оқыту барысында жаңа педагогикалық технологиялардың түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға болады. Заманауи әдіс - тәсілдерді қолдану – оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, өздерін еркін ұстап, жеке тұлға ретінде қалыптасуларына ықпал етеді. Аталмыш сабақ оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, рухани құндылықтарға толы ұлттық, патриоттық, отансүйгіштік тәрбие беруге бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім, 1997,176б.

2. Глейзер Р.Ю. Формирование познавательности младших школьников. Москва 1988, 97с.

3. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 58 б.

4. Байтұрсынов А. // Дисс. Асылжанова М.А. Танымдық іс-әрекет мектепке бейімделудің басты факторы. Дисс... п.ғ.к, Алматы 1999, 144б.

5. Жарықбаев Қ. Өзіндік танымдық іс-әрекетті белсендіру. Қазақстан мектебі-2003, №11, 11-13б.

ӘОЖ 001

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП БАЛАЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ

Молжигитова Д.Н.

Мойнақ ауылы, № 23 орта мектеп КММ, Алматы обл.

Мақалада мектепалды даярлық сынып балаларының сөйлеу тілін дамыту қарастырылған. Мектепалды даярлық кезеңіндегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі-тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Кілттік сөздер: жаңа сөздерді меңгерту, тілді меңгеру, оқыту, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу, педагог, балалар тәрбиелеу.

Статья посвящена развитию разговорного языка детей дошкольного возраста. Говорить о работе с детьми во время дошкольного образования является одной из основных целей развития языка.

Ключевые слова: изучение новых слов, изучение языков, обучение, воспитание поколения поколений, обучение детей.

Мектепалды даярлық балаларының сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;

- жаңа сөздерді меңгерту;

- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді тіктеген кезеңде қолға алар ісіміздің бірі де, бірегейі де ұрпақ тәрбиесі. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тілі мен мәдениетіне мойын ұрып, ұрпағымызға төл тәрбие, ұлттық тағылым беру бүгінгі күннің басты ісі. Бүгінгі оқу -тәрбие жұмысының сапасын қазіргі кезеңге сай қалай жақсарту керек дегенде, ең бастысы сабақ формаларымен оның құрылымын жетілдіру, оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін жетілдіру.

Халық даналығында былай деп айтылған: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте». Біздің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев әр азаматқа өз тілінде сөйлеуге, салт – дәстүрін сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан біздің республикамызда тұратын әр халықтың мемлекеттік тілді үйренуге ынтасы зор. «2050 бағдарламасына» сәйкес әр қазақстандықтар мемлекеттік тілде сөйлеуге міндетті.

Егеменді еліміздің талабына сай мемлекеттік тілді меңгеру, оқыту, қазіргі заманға сай білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу педагогтар еншісінде.

Мектепалды даярлық балаларын тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектепалды даярлық кезеңіндегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Сұлтанмахмұт Торайғыров «**Балалықтың қанына ойын азық**» деп бекер айытпаған. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде **ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын** арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. **Ойын** бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. **Ойын** үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыс, кейіптендіру ойындары болып бөлінеді.

Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Арнайы **ойын-сабақ** және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. **Ойын** ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға

қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, қабылдау қабілетін, зейін тұрақтандыруға, аңғарымпаздық қабілетін дамытуға арналған ойындар:

Төрт құбылыс

Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады.

Көңілді шеңбер

Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды (гүл, орамал, көзілдірік т.с.с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? – деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады.

Орныңды тап

Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан-жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабанмен беріледі). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орнын таппаған балалар ойыннан шығарылады.

Ойыншықты сипатта

Жүргізуші балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуға ұсынады (1 минут). Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргендегі түр-түсі, көлемі, пішіні, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады.

Сөзді есінде сақта

Жүргізуші балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді жүргізуші айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығу керек.

көктем – жаңбыр

жаз – күн шықты

аспан – бұлт

жер – шөп

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады.

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. **Ойын** арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде **әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту** ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем.

Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады. Оны төмендегі ойын түрінен көруге болады.

Дидактикалық ойынның түрі : заттық дидактикалық ойын – бұл ойын әртүрлі ойыншықтармен және әртүрлі ойын материалдармен ұйымдастырылады. Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді.

Ойын: «Сөз ойла», Мақсаты: өткен сабақта сөздерді қайталау, бекіту. Шарты: текшедегі суреттер арқылы сөз тіркестерін құрастыру.

Ойын : «Сөйлейтін моншақтар» Мақсаты. Берілген тақыры бойынша қасиеттеріне қарай ажырата білу. Шарты: Суреттерден моншақ жасау (жіпке тереді) «Ойнайық та, ойлайық, ойлайық та сөйлейік » Ойынның барысы: шеңбердегі суреттерді таңдау арқылы сөйлем құрастырып, байланыстырып сөйлеу.

Дидактикалық ойын: «жыл мезгілдері» Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Ойын шарты: тақырыпқа сай түрлі-түсті суреттерді қиып жапсыру. **Дидактикалық ойын:** «Әңгімелеп бер» Тақырыпқа байланысты байланыстырып сөйлеуді дамыту. Ойын шарты: балаларға тірек сызбалар таратылып беріледі. Олар тақырыпқа сай байланыстырып сөйлем құрастыру қажет.

Бала саусағын ойната отырып, тілін дамыту

Саусақ ойыны- бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Саусақ ойыны-саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады.

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс- қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді.

Ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды.

Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі.

Мысалы: «**Саусақтар сәлемдеседі**» ойынын алайық. Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйіседі. «**Адамдар келеді**». Оң қолдың сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп қимылдатады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «**қуырмаш**» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған.

Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады. Мысалы, «**Моншақ**».

Қызыл-сары көк моншақ.

Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді.

Сонымен саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамитын болады және кейін жазу шеберлігін ойдағыдай меңгеруіне дайындайды.

Қорытынды:

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Педагогика» 2-басылым «Фолиант» баспасы Астана-2012 (136-137 бет).
2. «Отбасы және балабақша» 2009 ж №5. (6-8 бет).
3. Бала тәрбиесі № 2 2006 ж, 4 2008 ж.
4. «Ұстаздар» сайты материалдары.

УДК 687.1.011.56

БУХГАЛТЕРСКИЙ УЧЕТ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ВЛОЖЕНИЙ

Мухамедьярова А.С., Оразбекұлы Б.

*Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдықорган,
007_aselya@mail.ru*

В статье анализируется бухгалтерский учет инвестиционной деятельности. Проблемы и трудности финансового сопровождения процессов инвестирования рожают потребность в обновлении теоретико-методологической базы инвестиционного развития, в частности в бухгалтерском учете: понятие, признание, классификация и оценка финансовых инструментов.

Ключевые слова: *инвестиционная активность, финансовые инструменты, привилегированные акции, долевые ценные бумаги, аналитический учет, долгосрочные инвестиции, краткосрочные инвестиции.*

Мақалада инвестициялық қызметті есепке алу талданады. Инвестициялық процестерді қаржылық қолдаудың қиындықтары инвестицияларды дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздерін, атап айтқанда, есепке алуды: қаржы құралдарының тұжырымдамасын, тануын, жіктелуін және бағалауын жаңарту қажеттілігін тудырады.

Кілттік сөздер: *инвестициялық қызмет, қаржы құралдары, артықшылықты акциялар, үлестік бағалы қағаздар, аналитикалық есеп, ұзақ мерзімді инвестициялар, қысқа мерзімді инвестициялар.*

Object of research: accounting of investment activity

The article analyzes the accounting of investment activities. The problems and difficulties of financial support of investment processes give rise to the need to update the theoretical and methodological framework for investment development, in particular in accounting: the concept, recognition, classification and valuation of financial instruments.

Key words: *investment activity, financial instruments, preferred shares, equity securities, analytical accounting, long-term investments, short-term investments.*

Проблема повышения инвестиционной активности субъектов хозяйствования для экономики Казахстана является ключевой. От ее решения зависит возможность развития реального сектора экономики, повышения конкурентоспособности национальной экономики и реализации стратегии экономического роста страны, с чем в свою очередь связаны аспекты решения социально – экономических, финансовых проблем. Поэтому вопрос о формировании такого механизма, который бы позволил активировать инвестиционный процесс, становится приоритетным как для теории, так и практики экономических отношений развития инвестиции в экономику страны.

Создание финансово-инвестиционного механизма является возможным и реальным способом перераспределения ресурсов на инвестиционном рынке. Финансово-инвестиционный механизм затрагивает практически всех участников финансовой деятельности, которые не могут развиваться обособленно от других субъектов финансового рынка. Эффективное использование взаимосвязи всех секторов экономики с применением финансово-инвестиционного механизма, взвешенная и научно обоснованная инвестиционная стратегия являются решающим фактором обеспечения стабильных с последующим ускорением темпов развития национальной экономики.

Трудность активизации инвестиционных процессов обусловлена множеством причин, как показывают исследования, доминирующей из них является недостаточно организованный потенциал национальной экономики, т.е. необходимо обеспечить опережающее развитие, оказывающее упреждающее воздействие на формирование финансово-инвестиционного потенциала, соответствующего требованиям инвестиционного развития.

Проблемы и трудности финансового сопровождения процессов инвестирования рождают потребность в обновлении теоретико-методологической базы инвестиционного развития, в частности в бухгалтерском учете: понятие, признание, классификация и оценка финансовых инструментов.

В активах многих организаций достаточно немалую долю составляют ценные бумаги других организаций, и пользователю их отчетности, безусловно, необходимо знать об этих инвестициях информацию, необходимую для оценки их доходности и связанных с ними рисков.

Под инвестициями понимаются активы, приносящие экономическую выгоду в форме процента, дивиденда, роялти и арендной платы, а также в форме повышения стоимости капитала. Финансовые вложения организации в ценные бумаги могут производиться в акции и облигации коммерческих организаций, государственные ценные бумаги, финансовые векселя, депозитные сертификаты.

Основные средства в контексте МСФО к инвестициям не относятся, за исключением инвестиционной собственности, представляющей собой вложения в землю и здания, которые не предполагается применять в основной деятельности организации, а только с целью повышения стоимости капитала.

Вкладывая свои активы в другие организации, инвестор прекращает учитывать их среди ресурсов, предназначенных для внутреннего потребления или эксплуатации, и начинает их учитывать как обезличенную совокупность активов, объединенных названием «инвестиции». То есть, с момента инвестирования они уже не являются для организации-вкладчика его зданиями, сооружениями, оборудованием, денежными средствами или

запасами, а независимо от своей формы представляют собой акции, паи (доли), предоставленные займы. С этого момента это здания, сооружения, оборудование, денежные средства и запасы другой организации – объекта инвестирования, где по мере потребления (использования, эксплуатации) эти активы постепенно трансформируются в другие формы, совершая известный кругооборот.

Документы, свидетельствующие об этом участии, называются финансовыми инструментами. Финансовые инструменты включают первичные инструменты и производные инструменты.

Первичные финансовые инструменты – это обыкновенные акции, привилегированные акции, облигации, займы, ссуды, задолженности.

Производный финансовый инструмент – это финансовый инструмент, основанный на каких-либо первичных факторах, либо первичные финансовые инструменты, либо материальные носители.

Вложенные (инвестированные) в другую организацию ресурсы представляют собой финансовые активы инвестора, а документы, которые свидетельствуют о вложениях, являются финансовыми инструментами. С другой стороны, на балансе организаций – объекта инвестирования эти ресурсы, принятые к учету как совершенно определенные виды активов, в своей стоимостной совокупности являются инвестиционной собственностью организации-инвестора. Инвестиции могут быть представлены долевыми и долговыми ценными бумагами.

В мировой теории различают следующие виды ценных бумаг:

долевые ценные бумаги: простые и привилегированные акции;

долговые обязательства: облигации, сертификаты;

производные ценные бумаги: опционы, финансовые фьючерсы, варранты и прочие.

Ценные бумаги являются фондовыми активами, и тот рынок, где они обращаются, называют фондовым рынком, или рынком ценных бумаг.

Для представления информации обо всех типах финансовых инструментов применяются положения следующих международных стандартов финансовой отчетности:

МСФО (IAS) 39 Финансовые инструменты: признание и оценка;

МСФО (IAS) 32 Финансовые инструменты: представление и раскрытие информации;

МСФО (IFRS) 7 Финансовые инструменты: раскрытие информации.

Согласно МСФО (IAS) 32 «Финансовые инструменты: представление и раскрытие информации», финансовый инструмент – это любой договор, в результате которого одновременно возникает финансовый актив у одной компании и финансовое обязательство или долевой инструмент – у другой.

Финансовый актив – это один из нижеследующих активов:

-денежные средства,

-договорное право требования денежных средств или другого финансового актива от другой компании,

-договорное право на обмен финансовых инструментов с другой компанией на потенциально выгодных условиях,

-долевой инструмент другой компании, договор, расчет по которому будет или может быть произведен собственными долевыми инструментами компании.

Финансовое обязательство – это любая обязанность по договору:

- предоставить денежные средства или иной финансовый актив другой компании;

- обменять финансовые инструменты с другой компанией на потенциально невыгодных условиях;

- договор, расчет по которому будет или может быть произведен собственными долевыми инструментами компании.

В соответствии с МСФО (IAS) 39 «Финансовые инструменты: признание и оценка» финансовые активы и обязательства делятся на четыре основные категории:

1. Инвестиции, предназначенные для торговли;
2. Инвестиции, удерживаемые до погашения;
3. Ссуды и дебиторская задолженность;
4. Финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи.

Основная классификация ценных бумаг, оказывающая влияние на процедуры бухгалтерского учета, – это деление ценных бумаг на долевые и долговые, а также на краткосрочные и долгосрочные (рисунок 1).

Классификация ценных бумаг



Рисунок 1 – Классификация ценных бумаг

Первоначальное признание финансовых инструментов. Торговые ценные бумаги, производные и прочие финансовые инструменты, отражаемые по справедливой стоимости на счете прибылей и убытков, первоначально признаются по справедливой стоимости. Все прочие финансовые инструменты первоначально отражаются по справедливой стоимости, включая затраты по сделке. Наилучшим подтверждением справедливой стоимости при первоначальном признании является цена сделки. Прибыль или убыток при первоначальном признании учитываются только в том случае, если есть разница между ценой сделки и справедливой стоимостью, подтверждением которой могут служить другие наблюдаемые на рынке текущие сделки с тем же инструментом или метод оценки, который в качестве базовых данных использует только данные наблюдаемых рынков. Финансовые инструменты можно классифицировать следующим образом (см. рис. 2).

После первоначального признания компания должна оценивать финансовые активы, в том числе являющиеся активами производные инструменты, по их справедливой стоимости без вычета затрат по сделке, которые она может понести при продаже и прочих выбытиях активов, за исключением следующих финансовых активов:

- ссуд и дебиторской задолженности, которые должны оцениваться по амортизированной стоимости с применением метода эффективной ставки процента;
- удерживаемых до погашения инвестиций, которые должны оцениваться по амортизированной стоимости с применением метода эффективной ставки процента;
- инвестиций в долевые инструменты, по которым нет котируемых рыночных цен на

активном рынке и чья справедливая стоимость не может быть надежно оценена, которые должны оцениваться по себестоимости, финансовые активы, определенные в качестве хеджируемых статей.

Все финансовые активы, за исключением оцениваемых по справедливой стоимости через прибыль или убыток, должны тестироваться на предмет обесценения.

После первоначального признания все финансовые обязательства (за исключением тех, которые решено учитывать по справедливой стоимости с отнесением ее изменений на прибыль или убыток за период) оцениваются по амортизируемой стоимости с использованием метода эффективной процентной ставки. За исключением финансовых обязательств, оцениваемых по справедливой стоимости через прибыль или убыток. Такие обязательства, включая являющиеся обязательствами производные инструменты, должны оцениваться по справедливой стоимости.

Классификация финансовых инструментов

Классификация	Финансовые активы	Финансовые обязательства
по категориям	учитываемые по справедливой стоимости через отчет о прибылях и убытках; займы и дебиторская задолженность; удерживаемые до погашения; имеющиеся в наличии для продажи;	учитываемые по справедливой стоимости через отчет о прибылях и убытках; займы полученные и кредиторская задолженность;
по видам	займы выданные; средства в кредитных учреждениях (включая долгосрочные банковские вклады); инвестиции, отражаемые по справедливой стоимости с корректировкой через счет прибылей и убытков; инвестиционные и торговые ценные бумаги; прочие финансовые активы; денежные средства и их эквиваленты;	средства кредитных учреждений и местных органов власти; средства Группы Акционера; производные финансовые инструменты; обязательства, связанные с долгосрочными активами, удерживаемыми для продажи (группами выбытия);
по сроку	краткосрочные – менее 12 месяцев; долгосрочные – более 12 месяцев;	краткосрочные – менее 12 месяцев; долгосрочные – более 12 месяцев;
по принадлежности компаний, в которые осуществлены инвестиции Фонда	инвестиции в дочерние компании; инвестиции в ассоциированные компании (связанные стороны); инвестиции в прочие компании.	-
по валюте	в тенге; в иностранной валюте	в тенге; в иностранной валюте

Рисунок 2 – Классификация финансовых инструментов

Краткосрочные инвестиции (реальные) – инвестиции, которые по своей природе легко могут быть реализованы и в отношении которых предполагается, что их будут сохранять на срок не более одного года, которых чаще всего называют рыночными (ликвидными) ценными бумагами.

Краткосрочные финансовые инвестиции представляют собой такие виды вложений, как:

- приобретение краткосрочных долговых ценных бумаг,
- приобретение долевых ценных бумаг (акций) с целью дальнейшей продажи;
- предоставление другим организациям краткосрочных займов.

Рыночные ценные бумаги в большинстве случаев являются временным размещением свободной наличности. Они также могут представлять собой капитал, ожидающий вложения в здания, оборудования, запасы и т.д. Краткосрочные инвестиции могут быть представлены долевыми и долговыми ценными бумагами. Быстро реализуемые инвестиции могут

продолжительное время оставаться в активах организации, но это совсем не является обязательным условием их переклассификации в долгосрочные.

Учет инвестиций ведется на счетах подраздела 1100 «Краткосрочные финансовые инвестиции»:

1110 – Краткосрочные представленные займы 1020 – Краткосрочные финансовые активы, предназначенные для торговли

1130 – Краткосрочные инвестиции, удерживаемые до погашения

1140 – Краткосрочные финансовые инвестиции, имеющиеся в наличии для продажи

1150 – Прочие краткосрочные финансовые инвестиции.

По дебету учета этих счетов записывают остатки финансовых вложений на начало и конец месяца, операции по увеличению инвестиций, по кредиту – операции по уменьшению финансовых инвестиций.

Аналитический учет по счетам финансовых инвестиций ведется по видам инвестиций и объектам, в которые они осуществлены.

Для целей учета и финансовой отчетности инвестиции в долговые ценные бумаги подразделяются на три категории:

Предназначенные для торговли

Имеющиеся в наличии для продажи

Удерживаемые до погашения.

Долгосрочные финансовые инвестиции представляют собой такие виды вложений:

приобретение долгосрочных долговых ценных бумаг;

вложения в уставные капиталы других предприятий, включая приобретение долевых ценных бумаг – акций;

предоставление другим предприятиям долгосрочных займов.

Под долгосрочными инвестициями понимаются затраты на создание, увеличение размеров, а также приобретение долгосрочных активов длительного пользования (свыше одного года), не предназначенные для продажи, и предоставление организациям долгосрочных займов с целью получения инвестиционного дохода.

Учет долгосрочных инвестиции ведется на счетах подраздела 2000 «Долгосрочные финансовые инвестиции». Данный подраздел предназначен для учета долгосрочных финансовых активов, за исключением инвестиций, учитываемых методом долевого участия, и долгосрочной дебиторской задолженности, которая включает в себя следующие группы счетов:

2010 – Долгосрочные представленные займы

2020 – Долгосрочные финансовые активы, удерживаемые до погашения

2030 – Долгосрочные финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи

2040 – Долгосрочные финансовые активы.

Долгосрочные инвестиции отражаются в бухгалтерском балансе по себестоимости, переоцененной стоимости или наименьшей из двух оценок: себестоимости и рыночной стоимости. Из трех перечисленных выше способов наиболее широко применяется оценка долгосрочных инвестиций по себестоимости.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Закон Республики Казахстан «Об инвестициях» от 8 января 2003 г. № 373-ІІ
2. Закон Республики Казахстан «О государственной поддержке прямых инвестиций» от 28 февраля 1997г. N 75-1
3. Послание Президента Республики Казахстан к своему народу «Казахстан-2050»
4. Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы
5. Гущин В.В., Овчинников А.А. Инвестиционное право: учебник. – М.:Эксмо, 2006. – 688 с.

6. Мороз С. «Понятие и система инвестиционного права». <http://www.zakon.kz/203476-ponjatie-i-sistema-html>

7. Официальный интернет-ресурс Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 г. 1 февраля 2010 г. № 922

8. Хорват П. Концепция контроллинга: Управленческий учёт. Система отчётности. Бюджетирование / Horvath & Partners; пер. с нем. – 3-е изд. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2008. – 269 с.

9. Киллен К. Вопросы управления: пер. с англ. – М., 2011. – 200 с.)

10. Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении перечня инвестиционных стратегических проектов» от 1 сентября 2009 г. – № 1293 // Казахстанская правда от 15.09.2009 г. – № 220 (25964)

ӘОЖ 001

І.ЖАНСҮГІРОВ ПОЗИЯСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚОЛДАНЫСЫ

Мұратбекқызы А.М., Сарышова К.С.

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.,
aisholpan10@gmail.com*

Мақалада І. Жансүгіров поэзиясындағы фразеологизмдер қолданысы қарастырылады. Әр қоғам иесі жүйесін тауып сөйлеуге, ойын әдемілеп жеткізуді мақсат етеді. Айтатын сөзі мен ойының мазмұны мәнді, көркем болу үшін фразеологизмдерді, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді жиі қолданады. Ұлт тілін ұлттық мәдениетпен байланыстыра сөз ету сол ұлттық мәдени өмір көрінісін танып-білуге ықпал етеді.

Кілттік сөздер: *тұрақты тіркес, көркем сөз, тіл иесі, фразеологизмдерді талдау, мақал-мәтелдер, Илияс поэзиясы.*

В статье говорится об использовании фразеологии в поэзии И.Жансугурова. Владелец каждого сообщества стремится найти систему и довести игру до вершины. Содержание того, что он говорит, и точка использования часто использует фразеологические, пословицы и поговорки, чтобы иметь смысл, художественный. Говоря о национальном языке с национальной культурой, вы узнаете о национальной культурной жизни.

Ключевые слова: *постоянное выражение, визуальное выражение, лингвист, фразеологический анализ, притча, поэзия Илияса.*

Тіл иесі халық нақты өмірдің қыр-сырын, өмір шындығын тіл арқылы біледі. Тіл тарихы мен болашағына немқұрайлы қарамайды. Әр қоғам иесі жүйесін тауып сөйлеуге, ойын әдемілеп жеткізуді мақсат етеді. Айтатын сөзі мен ойының мазмұны мәнді, көркем болу үшін фразеологизмдерді, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді жиі қолданады. Ұлт тілін ұлттық мәдениетпен байланыстыра сөз ету сол ұлттық мәдени өмір көрінісін танып-білуге ықпал етеді. Тұрақты тіркестер көркем сөздің ең ерекше саласына тән ойлау нәтижесі мен халық даналығының туындысы болып саналады. Тіліміздің бұл байлығы ғасырлар бойы өз маңызын жоғалтпай, қолданысқа дайын тұратын көркем сөз құралы болып табылады. Көркем сөз авторлары өз шығармаларында сан құбылтып, бейнелі сөз өрнегін жасайды. Көркем шығарма тіліндегі фразеологизмдерді талдау, оларды орнымен қолдана білу шығармаға ұлттық сипат беріп, тілдік тәсілдерді қолдану ерекшелігін айқындай түседі. Ғалым Х.Қожахметова тұрақты тіркестердің жазушы тілінде қолданылуын [1,73 б.] былайша жіктейді:

Фразеологизмдердің кейіпкерді мінездеуде қолданылуы;
Фразеологизмдердің кейіпкердің психологиялық сезім күйлерін суреттеуде жұмсалуды;

Фразеологизмдердің әзіл-сықақ қызметінде жұмсалуды;

Кейіпкердің портретін және тілдік мінездеме беруде қолданылуы;

Фразеологиялық түйдектер-мақал-мәтелдердің кейіпкер тілінде қолданылуы.

Тұрақты тіркестер ерте замандардан бергі рухани өміріміздің байлығын, оның қыр-сырын өз бойына жинап, жан-жақты сипаттайды. Олар ұлт өмірінің әр кезеңінде алуан түрлі құбылыстар мен оқиғаларды өрнекті тілмен суреттеп бүгінгі уақытпен үндестіреді. Өз өлеңдерінде ұлттық болмысты халықтық дәстүр негізінде таныта білген Ілияс Жансүгіров ана тіліміздегі игерілмей жатқан мүмкіндіктерді аша білді. Ғалым М.Дүйсенов [2, 112 б.] өзінің «І.Жансүгіров» атты ғылыми монографиясында: «Ілияс поэзиясының формалық ерекшелігін сөз еткенде, ең алдымен байқалатын жай, оның тіл байлығы, яғни лексикалық байлығы. Ақын сөзді түйдек-түйдегімен төгіп отырады және үнемі сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қатар алып, екпіндетіп, желпіндіріп, кейде баяу шымырлатып, кейде құйындатып оқушыны еріксіз баурап алады», – дейді. Өз ғұмырында әдебиетіміздің қарқынды дамып, жетілуіне жол ашқан І.Жансүгіров өлеңдері халқымыздың таусылмас қазыналарының қатарында.

Өз халқының бай мұрасын шығармашылық ғұмырында жанына жақын тартқан ақын тұрақты тіркестерді өз өлеңдерінде сәтті қолдана білген. «Ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, көне заманнан келе жатса да байырғы бедерін жоғалтпай, сонылығын сақтаған алуан айшықты, терең мазмұнды тұрақты сөз тіркестері ана тіліміздің асыл қазынасы іспетті. Бейнелі сөз орамдары дөп тигізіп айтар дәлдігімен, ерекше көркемдігімен кімді де болса әрдайым баурап алады» [3,39 б.] - дейді ғалым Нұргелді Уәлиұлы. Ілияс өлеңдерінің адамды өзіне баурап алуы да сол ерекше көркемдігінде. Тұрақты сөз тіркестерін прозада қолдану бір бөлек те, поэзияда қолдану, оны ұйқаспен сәйкестендіріп, үйлестіре білу - бір бөлек дүние. Проза жанрында тұрақты сөз тіркестерін шебер қолданушылар қатары көп кездескенімен, өлең өлкесінде фразеологизмдерді орынды пайдаланып, «қиыннан қиыстыра» білген жандардың бірі - Ілияс. Өлеңнің мағына-мәніне, оның ішкі дүниесіне, ұйқасына тұрақты тіркестерді сәйкестендіре алғанына ақынның «Жүдеу жүрек» өлеңі мысал бола алады:

Кеше ғана үйге енген,
Кеткен тоқал сүйгенмен.
Жүрегі сыздап,
Бой мұздап,
- Үһ!-деді

Іші күйгеннен.[6, 173 б.] «Іші күй» сөзі «қызғану» мағынасын білдіре отырып, бір фразеологизмді бір ғана жолға сыйдыру арқылы адамның ішкі сезімін анық, әдемі өрнекпен жеткізіп отыр. Бір тұрақты тіркесті бір жолға келтіріп, ұйқастармен үйлестіріп отырған мұндай мысалдарды Ілиястың басқа да өлеңдерінен келтіруге болады. Мысалы, «Күн шыққанда» атты мына өлеңінде:

Шырт ұйқыда жатқанда
Шырылдады торғайым.
Ұйқыны ашты, оятты,
Құлан иек, құлқын сәр,
Құрылып торғын шымылдық,

Шырға тартты, таң атты,[6, 174 б.] - фразеологизмді (Шырт ұйқыда жатқанда (қатты ұйықтау)) бір тармаққа салып, басқа ұйқастардан өзгешелеп алып, ерекшелей түседі. Осы арқылы оқырманға ойды бейнелі де көркем жеткізіп отыр.

Осынау сұмдық рас боп
Туған жерден топырақ
Қалармысың бұйырмай,

Көк өрім, өңшең көген көз,[6, 422 б.] - деген «Дала» поэмасындағы үзіндіде адам баласының сын-сипат бейнесін «Көк өрім (жас, қаршадай)» фразеологизмі арқылы жеткізген. Бұл фразеологизм өлеңге ерекше сипат береді.

Сақа аттар, сар кідірлер, сары тісті,
Дәмелі дөнен де бар, жүйрік бесті.
Құсындай қырдың өңшең ап-ала боп,

Жүйріктер жұртты үңілтіп көзге түсті,[6, 341 б.] - деген «Құлагер» поэмасынан алынған үзіндіде тұрақты сөз тіркестерін әсірелей қолдана келіп, адамға ерекше әсер сыйлайды. Бұл өлең шумақтарындағы «сар кідірлер» сөзі «орта жастағы ер кісілер», «сары тісті» сөзі «көп жасаған, кәрі» деген мағынаны білдіреді. Поэмадағы кейіпкерлердің жас ерекшелігін осы фразеологизмдердің өн бойына сыйғызып, жинақтап отыр. Асқан шеберлікпен, ұқыптылықпен жасалған мұндай дүниелер Лиястың шоқтығы биік шығармаларының бірі болып табылады.

Р.Сыздық фразеологизмдердің бір түрін «Поэтикалық фразеологизмдер» деп атап, мынадай анықтама ұсынады: «Олар әдетте бір нәрсені затты, сынды, қимылды, қимылдың амалын жай атамайды, суреттеп, бейнелеп, астарлап, «мадақтап» не «балағаттап» атайды, яғни айтушының (жазушының, ақынның) сол нәрсеге – объектіге «пейілін» - көзқарасын білдіре атайды. Демек, поэзия тіліндегі фразеологизмдердің басты белгісі – олардың образды (бейнелі) болатындығы» [4, 94 б.] - дейді. Жалпы фразеологизмдердің өзіне тән ерекшелігі - олардың еш өзгеріссіз, тұлғалық орындары тұрақты күйінде сақталатындығы. Олар сөйлем ішінде тұтас күйінде қолданылады. Ал бұл құбылыс, яғни фразеологизмдердің тұлғалық құрылымын өзгертіп жұмсау тәсілі, тыңнан образды жаңа фразеологизмдер жасау, оларды ықшамдау, арасына сөз енгізу тәсілі Лияс өлеңдерінде мольна кездеседі. Фразеологизмдерді өзгертіп қолдану, халық тіліндегі жаңа тұрақты сөз тіркестерін жасау суреткердің даралығын танытады. Мысал ретінде, «Бұлбұл» өлеңіндегі мына қатарға назар аударуға болады:

«Сен сондай, ә, мен қандай сол мезгілде?

Елжіреп ішім, бауырым кеткен мүлде.

Қаныма қосып кеттің бір ауыру,

Осындай сайрамасаң күнде-күнде»[6, 7 б.] Ақын бұл шумақтағы «Жүрегі елжіреу (жаны ашу)» сөзін «ішім елжіреді» деген сөзбен алмастырып, фразеологизмнің тұлғалық формасына өзгеріс енгізіп отыр. Алайда, мұндағы тұрақты сөз тіркесінің түпкі мағынасы еш өзгеріссіз қалды. Сонымен қатар адамның түрлі көңіл-күйін бейнелейтін фразеологизмдерді ақынның «Құлагер» поэмасынан көптеп кездестіреміз:

Әнімен шығаруға ішкі дертті,

Шырқатып ащы үнімен шерін шертті.

Болады салған әні су сепкендей,

Сөндіре алмаса да жанған өртті.

Ащы зар, ауыр шері айғайлатты,

«Құлагер» айтқан сайын қайғы ойлатты.

Ұйқышыл, керең қырға маза бермей,

Күрсінтіп соқыр түнді бай-байлатты [6, 376 б.]

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде шерін шерту фразеологизмінің шерін қозғады// шерін шығарды деген варианттары берілген. Мән-мағынасы қайғысын шығарды, мұңын шақты деген қайғыруды бейнелейтін фразеологизм болса, ащы зар фразеологизмінің семантикасы да ауыр қайғы, уайым, мұң дегенді білдіреді. Ауыр шер, қайғы ойлау тіркестерінің негізінде қайғыру ұғымы жатыр. Ал бай-байлату дегенде байбалам салу, бебеу қағу// салу тұрақты тіркестерімен ұштасып жатқан зар илеу, зар қақсау, бет бақтырмау сияқты ортақ сема бар деп ойлаймыз.

Поэмадағы келесі бір қолданыс - жанына бату, жанын ұру тұрақты тіркестері

Осылай Ақан зарлап жылап жатты,

Қайтсін ол жыламасқа, жанға батты.

Күйінді ол күңіреніп Құлагерге,

Айырылды ол аттан – жақсы, достан тәтті.[6, 367 б.] Бұл шумақтан ақынның қатты күйзелу мағынасындағы жанына бату фразеологизмін Құлагер өліміне байланысты орынды қолданғанын байқасақ, Ақанның қайғысын бейнелеуде

Жарлының жалғызы өлсе жанын ұрар,

Дәл сондай жақсы атына Ақан жылар,[6, 368 б.] - деп жанын ұру тұрақты тіркесін шебер қолданған.

Мен өзім тауда туып, тасында өстім,

Жасымнан мұз төсеніп, қарды кештім.[6, 313 б.] Бұл - «Құлагер» поэмасынан алынған үзінді. Тілімізде «Мұз арқалап, күл төгу» деген тұрақты тіркес «бар қиындықты бастан өткеру» деген мағынаны білдіреді. Ал бұл фразеологизм Ілияс өлеңінде өзгеше үлгіде келіп, жаңа фразеологиялық тіркес болып қолданылды. Сондай-ақ, дәл осы тұрақты тіркес оның «Жас жалшыға» өлеңінде мүлдем өзгеріп:

Аязды суық боранда,

Қалшылдап өстің сүмсиіп.

Таңды атырдың қоранда,

Қар құшақтап, мұз сүйіп,[6, 65 б.] - деп кездеседі. Ілиястың фразеологизмдерді сөз саптауына орай дұрыс қолдана білуі оның дара шеберлігінде жатыр. Ілияс тіліндегі фразеологизмдер адам жан дүниесін, мінез-құлқын, қимыл-әрекетін беруде шығарманы қуаттандыра түседі.

Қорыта келгенде, ақын І.Жансүгіровтің «күйлі, сыршыл сан ғасырлық, «сұлу сөзбен алтын сарай салдыртқан» өлмес поэзиясындағы» фразеологизмдер, өзіндік танымына сәйкес бейнелік мәнге ие болуымен ерекшеленеді.[5, 33 б.] Ақын фразеологизмдерді өлең өлшеміне лайықтап, кәнігі тіркестерді жетілдіріп, ойдың экспрессиялығын күшейтіп, фразеологизмдердің арасына сыналап сөз енгізді. Осылайша, образды жаңа фразеологизмдер жасап, фразеология қорын молайтты. І.Жансүгіровтің халықтың тіл мәдениетін дамытудағы рөлі мен қазақ тілінің бай қорына қосқан үлесі зор. Сөз зергері суреттеудің, баяндаудың, бейнелеудің сан алуан түрін еркін пайдаланады. Ол кез келген детальдің өрнек бояуын дөп басып, жылтырақтық ұғымынан бойын аулақ салып, неғұрлым оған психологиялық түйін беріп отырады. Ақын өлеңдерінде қазақ тілінің бай сөздік қоры түгел пайдаланылған. Бұл тәсілдердің барлығы дерлік ақын стилін айқындап қоймай, сонымен бірге ұлттық мінез, ой-өріс лебін, өмір шындығын толық қамтыған дегіміз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы, Алматы, 1972.-73 бет.
2. Дүйсенов.М «І.Жансүгіров» монографиясы, Алматы: Ғылым, 1965. -300 бет.
3. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1938.-39 бет.
4. Сыздық Р. Сөз күдіреті. Алматы: 1993, 94 бет.
5. Иманғазиев М. І.Жансүгіров. Алматы: Қазақ университеті. 2004.-218 бет.
6. Жансүгіров І «Құлагер»Алматы, 1997.

ӘОЖ 001.

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мырзахмет Р.С.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Жалпы алғанда бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау білім алушының оқудағы кемшіліктерін уақытында анықтау және оның алдын алу үшін өткізіледі. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңінде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін тіркеу, анықтау үшін жүргізіледі. Тіркеу үдерісі кезінде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың білімін, дағдысын көрсететін дәлелдерді жинау жүзеге асырылады.

Кілттік сөздер: *бөлім/ортақ тақырыптар, жиынтық бағалау, жиынтық бағалау, білім алушылар.*

В целом, кумулятивная оценка по разделам / общим темам проводится для своевременного выявления и предотвращения ошибок обучения учащегося. Кумулятивная оценка проводится для определения уровня приобретения контента учебной программы на определенный учебный период. Во время процесса регистрации сбор доказательств, подтверждающих знания и навыки учащихся, осуществляется в соответствии с содержанием учебной программы.

Ключевые слова: *раздел / общие темы, совокупная оценка, общая оценка, учащиеся.*

Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңінде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін тіркеу, анықтау үшін жүргізіледі. Тіркеу үдерісі кезінде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың білімін, дағдысын көрсететін дәлелдерді жинау жүзеге асырылады. Жиынтық бағалау тоқсан барысында (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау), тоқсан соңында (тоқсандық жиынтық бағалау) және білім беру деңгейін аяқтағанда (негізгі орта, жалпы орта) жүргізіледі.

Жиынтық бағалау бойынша балл/деңгей/баға туралы шешімді мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес қолданады. Сонымен бірге мұғалімге әр білім алушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін дескрипторлар немесе балл қою кестелері көмектеседі. Аталған ақпарат қалыптастырушы бағалаудағы сияқты жоспарлау, түзету, оқу үдерісіне талдау жасау үшін қолданылады. Пән бойынша әдістемелік бірлестіктерге жиынтық бағалауға қатысты бақылау тапсырмаларын, әдістерін, кезеңдерін көрсетіп, оқу жылына жиынтық бағалаудың жоспарын құрастыру ұсынылады (5-қосымша).

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасына, оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде өткізіледі. Аталған жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын балдар қойылады.

Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың қай сабақта және қандай формада (бақылау жұмысы, тәжірибелік немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сауал, эссе және т.б.) өткізілетінін мұғалім өз бетінше анықтайды.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыруды мұғалім оқу бағдарламасындағы өтілген материалдың күрделілік деңгейі мен мазмұнын есепке ала отырып, жүзеге асырады. Тапсырмалар оқу мақсаттары, бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес болуы тиіс. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныста бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау өткізудің тапсырмалар үлгілері, ұсыныс түрінде берілген ата-аналарды ақпараттандыратын рубрика ұсынылған.

Сапалы бағалаудан бөлек жақсы құралдардың болуы бағалау рәсімдерінде дұрыс белгіленген және өткізілген нұсқаулыққа да қатысты екенін есте сақтаған жөн. Білім алушылар оқу мақсаттарын жақсы түсінуі және олардан не, қандай мерзім талап етілетінін

білуі тиіс. Аталған кезеңде мұғалім білім алушылар «жақсы жұмыс» қандай болатынын және бөлім\ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау қалай өткізілетінін түсінуі үшін бағаланған жұмыстар үлгілерін қолдануына да болады.

Бөлім\ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау бекітілген бағалау критерийлері ережесіне сәйкес өткізіледі. Бөлім\ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер саны жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста берілген:

- жаратылыстану-ғылыми пәндер – бөлімдер бойынша;
- әлеуметтік-гуманитарлық пәндер – ортақ тақырыптар бойынша;
- тілдік пәндер – сөйлеу әрекетінің түрлері: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым бойынша анықталады.

Бөлім және оқу мақсаттарының саны (5-кесте) пәндерге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Кейбір пәндерден ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бір тоқсан барысында меңгеру үшін 1-ден 5-ке дейін бөлімдер берілген. Бөлім бойынша жиынтық бағалау 1 бөлімнен тұрған жағдайда тоқсанның екінші жартысында 1 рет, тоқсан соңына дейін 2 аптадан кем емес уақытта өткізіледі.

Осыған байланысты, бөлім бойынша жиынтық бағалаудың максималды саны тоқсанда 3-тен артық болмауы қажет, 4 және одан да көп бөлімдерді меңгеру қажет болған жағдайда, мұғалім оқу мақсаттарын есепке ала отырып, бөлімдерді біріктіреді.

Тілдік пәндерден бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанда екі рет өткізіледі. Әр бөлім бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу әрекеттерінің (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) екі түрі тексеріледі. Сонымен бірге айтылым дағдысын бірінші бөлім бойынша жиынтық бағалау уақытында өткізу ұсынылады. Айтылым дағдысын бағалауды жиынтық бағалау өткізу жоспарланған апта ішінде сабақ үстінде өткізуге болады. Әр білім алушының жауабы шамамен 1-ден 5 минутқа дейінгі уақыт аралығын қамтуы мүмкін.

Бөлім бойынша соңғы жиынтық бағалауды тоқсан соңына дейін 1 аптадан кем емес кезеңде өткізу жоспарланады.

Бөлім бойынша жиынтық бағалауды орындау уақытын мұғалім берілген тапсырмалар мен оны орындауға кететін орташа уақытты, жұмысты орындауды есепке ала отырып анықтайды. Сонымен бірге бөлім\ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды 15-20 минут уақыт аралығын қамтитындай етіп жоспарлау ұсынылады. 15-20 минуттық шектеу – шартты, сабақтың белгілі бір кезеңін ғана алатындай, шағын көлемді бағалау жұмыстарын көрсету мақсатында енгізілген.

Оқу бағдарламасында берілген оқу мақсаттары жиынтық жұмыстың мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Бөлім\ортақ тақырыптар бойынша жиынтық жұмыстың мазмұнына меңгерген бөлім бойынша білім мен дағдылар деңгейіне жеткенін көрсетуге мүмкіндік беретін оқу мақсаттарын қамту ұсынылады.

Бөлім\ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде мұғалім жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста көрсетілген үлгілерді қолдануына болады. Одан басқа, мұғалімге өз бетінше бағалау құралдарын құрастыру ұсынылады.

- 1) оқу бағдарламасы, бөлім\ортақ тақырыптар бойынша оқу мақсаттарын меңгеру;
- 2) жиынтық бағалауда тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау, ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру;
- 3) ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін тексерілетін критерийлердің, оқу мақсаттарының мазмұнын қамтитын бір немесе бірнеше тапсырмалар дайындау;
- 4) әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру;
- 5) білім алушыларға, олардың ата-аналарына жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну үшін бөлім\ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауға рубрикалар құрастыру (бағалау критерийлерінің деңгейлерге сәйкестігін сипаттау).

Осылайша мұғалім бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау кезінде оқу мақсаттарының негізгілерін көрсететін, ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес екенін белгілейтін бағалау критерийлерін анықтайды. Оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері 6-кестеде көрсетілген. Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың міндеті – білім алушының ағымдағы оқу жетістігін, аралық нәтижелерін белгілеу.

Мұғалімге бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелеріне талдау жүргізу ұсынылады. Аталған талдау білім алушыларға кері байланыс беруге, сыныптың оқу жетістігі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа мұғалім қажет болған жағдайда қалыптастырушы, жиынтық бағалау рәсімдерінің алдағы уақыттағы әдістерін, тапсырмаларды, сабақ жоспарларын қайта қарауына болады.

Жалпы алғанда бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау білім алушының оқудағы кемшіліктерін уақытында анықтау және оның алдын алу үшін өткізіледі. Белгілі болғандай, білім алушылардың басым бөлігі өз оқуында түріне, санына, сапасына және т.б. қарай белгілі бір кемшіліктерді жинақтай бастайды және жалғастырады.

Егер «кемшілік» сөзінің мағынасына мән беретін болсақ, ол қателік немесе кемшілік, жетіспеушілік дегенді білдіреді. Өз кезегінде қателік дегеніміз тиісті нәрсені орындамау, жеткіліксіз қарау, ұқыпсыздықтан қателік жіберу, ал кемшілік, жетіспеушілік дегеніміз жетілмеу, ақаулық, олқылық, бір нәрсенің сапасыздығы деп сипатталады. Сондықтан оқудағы кемшіліктердің сипатын қарастыра келіп, кейбір білім алушылардың кемшілік деп танылатын мардымсыз, жөндеуге болатын қателіктері, кейбіреуінде маңызды кемшіліктер, олқылықтар бар деп айтуға болады.

Кемшіліктерді анықтау үшін мұғалімдерге сапалы (валидті) тапсырмаларды іріктеуі/құрастыруы, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау үдерісін сабақта әр білім алушының материалды меңгеру деңгейін дер кезінде диагностикалауға мүмкіндік беретіндей жоспарлау қажет. Бұл ретте кемшіліктерді қарастыруға қатысты асығыс шешім қабылдау, ұсыныс беруден аулақ болған дұрыс. Нақты тұжырым тек бір ғана шағын тапсырмаға немесе бір реттік бақылауға негізделмеуі тиіс.

Оқу білім алушының басында түсіну, жеткізу, болжау түрінде болатынын, сондықтан қорытындыны (бағалау пайымы) дұрыс тиянақтау үшін ең сенімді, жарамды (валидті) негізді талап ететін үдеріс екенін естен шығармауымыз қажет. Негіз ретінде қалыптастырушы бағалау кезіндегі бақылау және бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау кезіндегі нәтижелер қызмет атқаруы мүмкін. Бұдан басқа қосымша негіздеме ретінде мұғалімнің кемшіліктердің алдын алу туралы шешім қабылдауы кезіндегі сенімділігін арттыру мақсатында туындаған қиындықтарды білім алушымен бірге талқылауына болады. Оған көмегі тиетін жағдай туындағанда, осы шара туралы оның пікірін, ойын білуіне болады.

Бағалаудың дәстүрлі жүйесінде мұғалім, білім алушы мен ата-аналар туындаған таптаурын жағдайларды анықтауда, кемшіліктерді түсінуде сапалық көрсеткішті пайдалануға дағдыланған. Егер мұғалім «5» немесе «4» деген баға қойса – бұл кемшілік жоқ немесе елеусіз ғана қателік деген сөз; «3» деген баға қойса – түзетуге болатын және түзетуді қажет ететін кемшіліктер бар; «2» деген баға қойса – қосымша күшті қажет ететін салмақты қателері бар деген сөз. Мұндай түсінік кейбір мектеп мұғалімдері мен өз балалары тарапынан кемшіліктердің алдын алуға болады дейтін немесе сыртқы көмекке, мысалы, сабақ үйретушіге (репетитор) сүйенуге болады деп түсінетін ата-аналарға жеткілікті, қолайлы болуы мүмкін. Алайда білім алушылар мен мұғалімдер үшін мұндай бағалау тәсілінің пайдасы шамалы.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау үдерісінде оқудағы кемшіліктерді айқындау үшін білім алушының нақты неден қиналатынын анықтау ғана маңызды емес, сондай-ақ, қалай, неге туындағанын анықтау да маңызды.

Білім алушылардың оқудағы кемшіліктерінің алдын алу үшін бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелеріне қатысты сындарлы (конструктивті) кері байланыс беру және мұғалім тарапынан (оқыту үдерісіне түзетулер енгізу) да, білім алушы тарапынан (қосымша және/немесе өз бетінше оқу) да білім мен дағдыны толықтыруға бағытталған әрекеттер жасалуы қажет.

Ақпараттарды жинау және бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінің талдауы үшін «Тапсырманы орындау пайызы» көрсеткішін қолдану ұсынылады. Бұл көрсеткіш максималды мүмкін балдарға қатысты білім алушылардың жинақтаған балдық үлесін көрсетеді.

Бөлім бойынша жиынтық жұмыс қорытындысы негізінде білім алушының жеткен оқу жетістігі деңгейі тапсырманы орындау пайызына сәйкес анықталады. Білім алушылардың оқу жетістігі деңгейлерінің жалпы сипаты 8-кестеде көрсетілген.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауда орындалған жұмыстардың нәтижелері білім алушыларға түсінікті болып, одан әрі білім алуға ынталандыруы қажет. Кері байланыс – білім алушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпараттардан тұруы керек. Білім алушылар мен олардың ата-аналарын ақпараттандыру үлгісін мұғалім өз бетінше анықтайды. Аталған ақпаратты рубрика түрінде беру ұсынылады (6-қосымша). Рубрика бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әр рәсімі үшін құрастырылады, ол әр критерий аясындағы оқу жетістігі деңгейін көрсетеді. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерімен білім алушыларды таныстыру кезінде оған оның жиынтық жұмысын және оқу жетістігі деңгейі көрсетілген рубриканы ұсынуға болады.

Мұғалімдерге көмек ретінде жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсыныста бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалар үлгілеріне рубрикалар құрастырылып, ұсынылған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбілқабев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.- Алматы: Санат, 1995. -120 б.
2. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы: Қазақ университеті.1993. -159 б.
3. Әлімжанов Д., Ы.Маманов. Қазақ тілін оқыту методикасы.-Алматы: Мектеп,1965.-248 б.
4. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. - Алматы: Ана тілі, 1991.-184 б.
5. Основы дидактики / под ред. Б. П. Есипова -М., 1967. -234 с.
6. Ильина Т.А. Педагогика. – М.: Просвещение, 1984. -522 с.

ӘОЖ 001.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Нышанбек А.Н., Талипова С.С.

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.,
n.aidana00@mail.ru*

Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым – қатынастары әрдайым нанымды болып шығады. Және бұл шығармалардың түр үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады.

М.Әуезов

Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің іргелі жанрларын қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосып, биік белеске шығарысқан аса көрнекті суреткержазушы, ақын әрі драматург Бейімбет Майлин – өндіре жазып, сөз өнерінің алтын қорына жататын туындылар берген бірегей дарын. Замандастары: «Маңдайына түскен шашын сұқ саусағына орай ширата отырып, жазудан бас алмайтын еді», - деседі. Сондықтан да кемел қаламгердің қыршын жаста – қырықтың төртіне жетер жетпесте дүние салғанына қарамай, атағы да зор, артына қалдырған әдеби мұрасы да аса бай. Бейімбет қазақ поэзиясында поэма жанрының өрісін

ұзартып, өресін биіктетуге қомақты үлес қосқан. Оның «Байдың қызы», «Рәзия қызы», «Қашқын келіншек», «Зайкүл», «Маржан», «Өтірікке бәйге», «Хан күйеуі», «Кемпірдің ертегісі», «Бөліс», «Мырқымбай» поэмалары тақырыбының әр алуандығымен, оқиғалық тартымдылығымен, өзіндік тіл стилімен қазақ поэзиясының көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады.

Бейімбет сол замандағы қазақ ауылының тұрмысын, ауыл адамдарының мінез-құлқын қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған ауқымда, терең білгірлікпен және шыншылдықпен жан-жақты суреттеді. Кедейінің болсын, байы мен орташасының болсын дәл, шынайы, типтік бейнелерін жасады және соның бәрін тарихи даму, өзгеру үстінде суреттеді. Бейімбет жасаған бейнелер, оның прозасы мен драмаларындағы сияқты, оқырманға езу тартқызып, сүйіндіріп отыратын ұтымды да шуақты күлкімен — әзіл-ажуамен даралана, әсерлі де қызықты бола түседі.

Бейімбет өмірде де, шығармаларында да лепірме қызыл сөзден тіпті аулақ болған адам. Ол туралы сөз айтқанда да көпіртіп сөйлеу келіспейтін сияқты. Әйтсе де осы жазушының туындыларын оқығанда, ол туралы ойлағанда көбіне-ақ сүйсініп қайран қаламын да тіліме асқақ теңеулер орала береді. Бейімбеттен қалған қазына — ұлан-байтақ тұтас бір өмір десек артық болар ма екен. Жазушы қалдырған дүниенің аумағы қандай ірі суреткерге де жеңіл жүк емес. Онда қазақ өмірінің тұтас бір ең қызықты дәуірі жатыр. Ол дәуір Қазан революциясынан бастап отызыншы жылдарды орталағанға шейінгі ел өмірі. Сол тарихи жаңару дәуіріндегі патриархалдық-рулық философиядағы қазақ шаруасының саяси, рухани өсуі, оның таптық, ұлттық психологиясындағы терең өзгерістер. Жазушы Бейімбетті — зерттеуші ғалымға теңеуге болар еді. Оның лабораториясы — бүкіл халық, зерттегені ел өмірі, адам характері, психологиясы. Майлин жасаған тамаша характерлерді санап шығудың өзі оңай емес. Оның шығармаларында сан алуан естен кетпес бейнелер жүр. Сол кезде заман туғызған біраз характерлер қазір біздің арамызда жоқ, заман өзгере келе адам да өзгереді. Сондықтан да соларды, кәдімгі арамызда жүргендей жанды қалпында сақтап қалған жазушыға көптен көп рақмет айтқың келеді. Жазушы болмаса сонау жылдардағы қазақ шындығы туғызған талай қайталанбас қызық-қызық бейнелер біздің әдебиетімізге келмес еді.

Майлиннің бізге үлкен өнеге болатын көркемдік қасиеті — қарапайымдылығы. Онда өзі бастаған жас әдебиетке тән әшекейге, бірден бетке ұратын арзан әсерге құмарлық жоқ. Оқиға таңдауда да, сөз өнерінде де ол әсіре қызыл атаулыға жат. Кісіні тайғанақ мұзға тағасыз түскен аттай сырғытып әкететін сөзде дыбыс қуалау, үстеме теңеу, эпитеттер, арзанқол афоризмдер Бейімбет тілінде кездеспейді. Ол өз ойын ұғындыру үшін, яки кейіпкерінің бейнесін, қимыл әрекетін беру үшін орағытып теңеу іздеп, тап баса алмай жанай сипап жүрмейді, қарапайым ұтқыр сөзбен қолға ұстатқандай образдар жасайды. Майлин шығармасының қарапайымдылығы кейбір жазушыларда болатын қарадүрсін, ой мен суретке шорқақтық емес, сөз парқын білген, көркемдік табиғатын түсінген кексе шеберлік.

Бір ескеріп ойға алғым келгені бізде қалыптасқан үстірт ұғымдар бар. Кейде төмен қол өлеңдер мен прозаны оқығанда «бұл баяғы отызыншы жылдардың дәрежесінде екен» дейміз. Сонымен жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы яки одан арғы әдебиет дәрежесінің төмендігіне қол қоятын сияқтымыз. Ал енді мына қайшылықты қараңыз. Сонау Абайды айтпай-ақ қояйын. Ал, отызыншы жылдарда жазылған Ілиястың «Күйші» поэмасын алып қараңызшы. Формасының сом тұтастығы жағынан, от екпінді жырға қиыннан келіп қиысқан психологиялық нәзіктігі, тереңдігі жағынан осыған тең түсетін қазақ өлеңімен жазылған шығармалардың қаншасын атай аласыз? Әрине, әдебиет әрқашан дами бермек. Бірақ әдебиеттің даму жолы тақтайдай жазық, ылғи өрге тартылған тіке сызық емес. Өмір сияқты оның да ылдиы мен өрі бар, бұлтарыс бұралаңы бар, шытырман күрделі жол. Мұнда бүгінгінің бәрі кешегіден міндетті түрде артық бола бермейді. Тереңірек ойлап қарасаң бұл әдебиеттің ілгерілеу тенденциясына қайшы келмейді, қайта тамаша туындылардың өлмес, өміршіл қабілетін айқындай түседі.

Жазушының шеберлігі оқып, үйренуден ғана емес, бүкіл талантының табиғатында жатыр ма деген ойға келесің. Абзалы солай болса керек. Бейімбет ғажап юморист. Оның

шығармаларынан кісінің рақаттанып күлмей оқитындары аз болады. Шіркін, қолдан келсе юмор деген шығарманың бетіне шығып тұрған нұры емес пе?! Әр жазушы-ақ арагидік оқушыны күлдіріп, кітабына әр беруге талпынады. Ал Бейімбет оқушысын рақат күлкіге батырып қойып, өзі тіпті езу тартпайтын сияқты, осылай: қарасаң ол еш уақытта күлдіргі оқиғаға, мінездерді іздемейді. Осы арада жұртты бір күлдіріп аламын-ау деген ойында да жоқ. Тек заңды түрде дамып, суреттеліп келе жатқан оқиғаның, адам мінездерінің өзінде жарқылдап күлкі ойнап тұрады. Әрине, бұл таланттың табиғаты, қайталанбас асыл қасиет.

Майлиннің жасы жетпіске енді келсе де шығармашылық өмірлік жолы отызыншы жылдары тұйықталды. Оның шығармаларын әдебиетіміздің алғашқы дәуіріне жатқызамыз. Ал оның жазғандарын оқығанда бүгін әдебиеттен іздегеніңізді табасыз. Майлиннің прозасы мен поэзиясынан қазақ жазушыларының дәл қазіргі ізденіп жүрген жолын, әдебиетте дамып келе жатқан көркемдік, эстетикалық тенденцияны көресіз. Әрине, қазіргі көктеп келе жатқан әдеби құбылыстар Майлинді тікелей қайталамайды, оған жалаң еліктемейді, оны жалғастырады.

Осы арада ойланатын тағы бір қызық жағдай бар. Біздің әдебиетте ұзақ уақыт Майлин салған жол жіңішкеріп кетті. Біз Майлинді енді ғана ашып келеміз. Оның себебі неде? Бұл әрине, жазушының қайғылы тағдырына ғана байланысты емес. Ендеше шамамыз келгенше осының себебіне үңіліп көрелік.

Көбіміз-ақ осы күнге дейін Бейімбет аты аталса ең алдымен «Шұғаның белгісін» еске аламыз. Рас, «Шұғаның белгісі» поэзия мен лирикаға толы шебер жазылған шығарма. Бірақ оны біз бүгінгі әдебиетке үлгі ете алмаймыз. Ол әдебиеттің балауса жас кезіне тән туынды. Және өз тұстастарынан жеке-дара оқшау тұрған жоқ. Сол дәрежеде Сұлтанмахмұттың прозадағы алғашқы тәжірибесі «Қамар сұлу» және де басқа замандастарының повестері тұр. Шынын айтсақ Әуезовтің драмалық «Еңлік — Кебегі» кең тынысы, өмір шындығының тереңдігі жағынан солардың қай-қайсысынан да ілгері.

Ал Бейімбет талантының күштілігі сонда, «Шұғаны белгісі» оның биігі емес, тек алғашқы адымы ғана. Және бір ғажабы «Шұғаның белгісі» мен «Қара шелектегі» Айша, өзге шығармалардағы Күлпаш, Шарипа, Раушан образдарының арасында тұтас бір дәуір жатыр. Әуезов тілімен айтқанда Шұға Шиллер геройларына тән бір-бір ғана импульстың (ынтызарлықтың) құлы болса, соңғы атаған жұпыны әйелдер образдарында Чехов реализмінің кеңдігі, тереңдігі жатыр. Алғашқы қадамында Шұғасымен романтизмге, қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі тақырыпқа сәлем берген Бейімбет, содан кейін оған қайтып оралмай реализмнің кең арнасына түседі. Сөйтіп Бейімбет әдебиет ұзақ жылдар өтіп жетілетін жолға жедел түсті, ерте ер жетті.

Үлкен жазушы бізге социалистік реализмнің шынайы шындығын, терең шындығын өнеге етіп кетті. Сұлулықты — әшекей жылтырақтан аршып, қарапайым ұлы қалпында көрсетті. Оның шығармалары өмірдің өзі сияқты қызыл-жасыл боямадан, даурықпа дақпырттан аулақ, оның талант болмысы әсіре қызылға жат. Әдебиеттегі Майлин сияқты құбылыстар айкай-шусыз, асықпай терең зерттеуді, ойлана зерттеуді керек етеді. Майлин дәстүрі әзірге сыздықтап келіп, осы бір кезеңнен былай қарап лапылдап өршігелі тұрған болашағы мол дәстүр ме деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. - Алматы, 1963 жыл.
2. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі: Деректі толғам.- А., 1995 жыл.
3. Келімбетов Н. Канафин Ә. Түркі халықтары әдебиеті. Оқулық-хрес. А., 1996 жыл.

ӘОЖ 811.512.122'373.2

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «МӘРТӨБЕ» ТОПОНИМІНІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СИПАТЫ

Оразбаева Э.Б.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

В статье рассматривается функция топонимов, используемых в сочинениях А. Кекилбаева, их национально-культурные особенности и национально-культурное свойства топонима «Мартобе».

Ключевые слова: художественный текст, используемые топонимы, геоморфологическая структура.

The article deals with the function of toponyms used in the works of A. Kekilbaev, their national and cultural characteristics and national and cultural properties of the toponym of "Martobe".

Көркем мәтінде қолданылатын топонимдердің негізгі қызметтері әдеби шығармада өрбітілген сюжеттердің, оқиғалар желісінің адресілік, яғни мекендік межелерін, тұстарын көрсету, сонымен бірге баяндалған тақырыпқа сәйкес тарихи-географиялық ортаны, көріністі суреттеу болып табылады. Кез келген көркем шығармада, әсіресе, көлемді көркем мәтінді туындыда негізгі тақырыпқа арқау болған үлкенді-кішілі оқиғалар шығарманың сюжеті мен фабуласы кейіпкерлер бейнесі мен географиялық кеңістік арқылы көрсетіледі. Басқаша айтқанда, көркем мәтіннің бейнелік-суреттемелік әлемінде әдетте немесе көп жағдайда антропонимиялық (кейіпкерлерге қатысты) және топонимиялық (географиялық фонға қатысты) әлемдері біртұтас эстетикалық қызмет атқаратынын байқауымызға болады. Көркем мәтінде көрсетілген сюжеттің және оқиғалардың “қозғаушы күші” адамдар болса, сол сюжетпен баяндалған оқиғалар белгілі бір географиялық кеңістікте, ортада болатыны белгілі.

“Көркем мәтінде қолданылатын топонимдердің негізгі қызметтерінің бірі – көркем мәтінде, шығармада ұлттық колорит жасау болып табылады. Қазақ топонимдерінің, әдетте, семантикасы айқын, жеңіл танылады және ұлттық-мәдени ерекшелікке ие. Осындай өзіндік ерекшелігі бар қазақ топонимдерін ұлттық таңбаланған сөздерге жатқызуға болады, мұндай сөздер көркем мәтінде шығарманы ұлттық-тарихи стильдеу (үлгілеу) мақсатында өзге де міндеттермен қатар қолданылады” [1, 19 б.].

Ә.Кекілбаевтың “Елең-алаң”, “Үркер” романдарының көркем мәтінде қолданған топонимдерінің көбі көркем мәтіннен тыс жағдайда ұлттық-мәдени семантикаға ие. Ұлттық-мәдени не идиоэтникалық семантика жалқы географиялық атауларына тән, имплицитті немесе кодталған түрінде олардың лексикалық компоненттерінде кумулятивтік қасиетіне сәйкес сақталады. Топонимдердің идиоэтникалық мағынасы (семантикасы) белгілі топонимист-ғалым А.Әбдірахманов көрсеткен негізгі ерекшеліктерімен анықталады:

1) геоморфологиялық құрылым және қазақ шаруашылығының (мал шаруашылығы) жергілікті белгілерін дәл беру;

2) өсімдік әлеміне байланысты қойылған топонимдер (малшыға жайлау таңдауға тиімді атаулар);

3) жануарлар әлеміне қатысты аталған топонимдер (малға зиянды немесе жыртқыш аңдарға қатысты ақпаратты атаулар);

4) басқа нысандармен, заттармен ұқсастыру не салыстыру белгілеріне қарай аталған топонимдер, географиялық объектілердің сыртқы белгілерін, қасиетін көрсететін топонимдер [2, 51 б.].

Географиялық атаулардың ұлттық-мәдени сипаты тек табиғат пен мал шаруашылығына тән ерекшеліктермен ғана аңғарылмайды – топонимдердің мәдени-тарихи мағынасының да мәні бар. Мұндай кейбір топонимдердің мәдени-тарихи семантикасы тілде

де (көркем мәтіннен тыс), көркем мәтін құрылымында да белгілі бір тарихи-мәдени стереотип құрады немесе сол стереотипке негізделеді. Жалқы есімнің сондай ұлттық-мәдени, ұлттық-тарихи стереотипке негізделген тарихи-мәдени семантикасы (коннотациясы) тіл иелерінің аялық білімінде (фоновые знания) сақталады.

Орыс ғалымы О.И.Фонякованың пікірінше, жалқы есімнің мағыналық құрылымына грамматикалық (категориялық), лексикалық, “психикалық” семантика, сонымен бірге түрлі тілдік коннотациялар (стилистикалық, эмоционалдық, экспрессивтік т.б. реңктері) енеді. Жалқы есімдердің осы мағыналық өрісіне және де мәдени-тарихи семантика кіреді, оның әлеуметтік және энциклопедиялық сипаты болады – басқа сөзбен айтқанда, жалқы есімнің семантикасының бұл түрін, О.И.Фонякованың пікірінше, аялық білім (фоновые знания) деп те атауға болады [3, 23 б.].

Мәдени-тарихи семантикаға ие, қазақ тілі иелеріне (сөйлеушілерге) танымал, яғни аялық білімінде бар топонимдер қатарына “Үркер”, “Елең-алаң” романдарында қолданылған Мәртөбе, Алатау, Қаратау, Сайрам, Түркістан, Сарыарқа, Ұлытау, Жиделі Байсын т.б. географиялық есімдер жатады.

Аталған топонимдерге қатысты қазақ ұлты өкілдерінің аялық білімінде тарихи-мәдени ақпараттар (эртүрлі деңгейде) бар деп айтуымызға болады. Осы географиялық атаулардың мәдени-тарихи семантикасына байланысты ақпараттар мен мәліметтерді Ә.Кекілбаев “Үркер”, “Елең-алаң” романдарының көркем мәтіндерінде де берген.

Мәселен, қазақ хандықтарының тарихында бүкіл қазақ еліне қатысты үлкен тарихи-мемлекеттік маңызы бар шешімдерді қабылдау үшін үш жүздің өкілдік-билері, батырлары, хандары т.б. әдетте Сайрам маңындағы Мәртөбеге, Түркістан тұсындағы Күлтөбеге жиналатын. Демек, Мәртөбе, Күлтөбе топонимдерінің мәдени-тарихи семантикасы осы дәстүрмен байланысты деп айтуымызға болады және олардың аталған семантикасы әр қазақтың аялық білімінде өткен тарихи кезеңдерде бар болған деп топшылауымызға негіз бар.

Мәртөбенің ұлттық-мәдени сипатын, мәдени-тарихи семантикасын Ә.Кекілбаев “Үркер” романында толығымен, кең әрі көркем күйінде аша білген. “Бұрын үш жүздің дастарқаны бірге жайылып, қамшысы қатар жатар мұндай жиындар Сайрам шаһарының көк желкесіндегі Мәртөбеде өтуші еді,”- деп баяндай бастаған Ә.Кекілбаев Мәртөбе басындағы үш жүз жиналыс-мәслихаты жайында жалпы Мәртөбеге қатысты тарихи-мәдени ақпараттарды романның жеті бетіне тарқатып, кең көлемде суреттейді. Мәртөбе топониміне қатысты мәдени-тарихи ақпараттардың бір шетін көрсету үшін “Үркер” романынан мына бір үзіндіні келтірейік: “Көк аспанға елу мың түтін сылаңдап жарыса көтерілген ызғындай шаһардың қыр арқасында шөккен нардай боп оқшау төбе тұрар-ды. Бұл құдірет осы жерге қолмен қондырғандай, терістікке сауырын, күнгейге маңдайын төсей жығылған, ұзындығы бес жүз қадам, ені отыз-қырық қадам бар биік төбенің басына шығып қараған кісінің көз алдына қазақ өлкесінің біраз торабы түгел сайрап келе қалар-ды.

Күн шығыста қысы-жазы барыстың жонындай шұбарытып Алатау бұлдырар-ды.

Одан күнгейге қарай сәл еңкейе сол бір алыстағы ала шабыр ұзын шұбақ көштің алдына түсіп, көші-қон барлап келе жатқан көсем көшбасшыдай болып оқшау қарауытқан оңаша тау Қазықұрт тұрар-ды.

Теріскей батыстан көк пен жердің арасын тұтастыра мұнартып ұланғайыр Қарату жатар-ды.

Бір-біріне тұмсық тірестіре жалғасып жатқан осы бір үш биік бір-біріне сонадайдан омырауын ашып, құшағын жайып, ентелей ұмтылысқан бір белден жаратылып, бір көкіректі емген үш бауыр жігіт секілді еді.

Осынау іргесі ажырамас үш бауыр таудың ту сырттарында үш бауыр ел жатар-ды.

Мәртөбедегі жиынға Алатаудың қойнау-қойнауынан саулай төгіліп, топан судай қаптап ұлан-асыр Ұлы жүз тобы келер-ді.

Қаратауды теріскей айналып, сонау Торғай мен Ертіс арасындағы салқын белдер мен саумал көлдерді сайрандай көшкен жойқын орда-ормандай қалың Орта жүздің қара құрым тобы қаптағайлар-ды.

Қаратауды күнге айналып, жылқысы Жайық пен Жемге, түйесі Жойқындария мен Сойқандарияға, ақтылы қойы Елек пен Ырғызға қаптай жайылып, далиып жатқан киіздей тұтас Кіші жүздің өңмедеген өжет қолы батуға бет алған қып-қызыл күн астынан күйіндатып күйғытып құлар-ды.

Шартараптан қызылды-жасыл көш көрінер-ді. Көштің бәрі Мәртөбе маңының майсасын баспай, бастарын алыстан іркер-ді. Бір жағы сонау Қошқар Ата бойы, бір жағы мынау Сайрам су, алды анау Қазықұрт, жағалай жазыққа алқадай тізіліп ақ жұмыртқа ауылдар қонар-ды. Сайрам маңындағы үш өзеннің бойында бір-біріне жалғастыра тартылған айқұш-ұйқыш желіден көз тұнар-ды. Бүйірі бұлтиған сол төскейдің бауыр-баурайы қылаң шатырларға, қыраң-қыраңның басы күмбірлеген ақ ордаларға толар-ды. Қақ ортада тұяқ тигізбей балауса ұстаған Сайрам мен Мәртөбені үш жақтан кимелеп қоршай қонған үш ұлыс ауылдардың ажары бірінен-бірі асар-ды” [4, 54-55 б.].

Мәртөбе топониміне қатысты ұлттық-мәдени, мәдени-тарихи танымдық ақпараттар жоғарыда келтірген және романда орын алған басқа да суреттеулерден жинақталып, оқырманға толық мағлұмат береді. Басқа тілді бөгде мәдениет өкілі оқырманға Мәртөбе топонимінің ұлттық-мәдени, тарихи семантикасы беймәлім болғанның өзінде, романды оқып шыққанда (аудармасы бар болған жағдайда) оқырманда Мәртөбе жайында аялық білім пайда болады.

Мәртөбенің қазақ танымындағы орны жайында Ә.Кекілбаев таратып жазған. Сондай мәліметтердің қатарындағы біреуін ғана қарастырайық: “Мәртөбенің жиыны бүкіл бір халықтың ақыл түгендесіп қана қоймай, қару түгендесер, айбын сынасар айтулы оқиғасы тұғын. Қазақтың маңдайына біткен шешені мен батырының бәрі осында, палуаны мен жүйрігінің бәрі осында, ең азы, бәсекеге түсіп, қазан тауысып, саба сарқа алар тамақсауларына дейін түгел осында.

Қазақтың қазақ екенін білгің келсе, халық екенін білгің келсе мамыр өте Мәртөбеге кел дейтін сөз де содан қалған-ды ” [4, 58 б.].

Міне, көріп отырғанымыздай, топонимдердің ұлттық-мәдени, мәдени-тарихи сипаты тек тілде ғана емес, тілдік қолданыста, яғни көркем мәтінде де аңғарылады. Көркем мәтін “сыртындағы ” – халық тілінде – халық тағылымындағы этномәдени, этнотарихи мәліметтер мен ақпараттар жазушының қалауы мен құзыры арқылы мәтінге енгізіліп, топоним немесе жалқы есімнің басқа түрінің семантикасын бейнелеу арқылы көркем мәтінде көрсетіліп отырған заманның, дәуірдің, әлеуметтік ортаның ұлттық-мәдени, мәдени-тарихи ерекшеліктерін сипаттайды.

Көркем мәтінде кездесетін жер-су аттарының идиоэтикалық семантикасы, байқап отырғанымыздай, бір ғана сөйлем арқылы түсіндіріліп, берілмейді – топонимнің ұлттық-мәдени ерекшеліктері олардың мәтіндегі әр қолданыстың аясында деректеніп аңғарылады. Кез келген топонимнің көркем мәтіндегі қолданысы бірнеше мақсат пен міндеттерге сәйкес іске асады.

Көркем мәтінде қолданылатын қазақ жалқы географиялық атаулары – топонимдер мынадай негізгі қызметтерді атқарады:

1) болып жатқан оқиғаны мекендік тұрғыдан айғақтайтын кеңістік бағдарлау қызметі (немесе мекендік көрсеткіш қызмет);

2) этномәдени лексикалық элементі қызметі (ұлттық таңбаға ие), бұл қызмет ұлттық колорит пен дүниенің этнотарихи, образды-тілдік бейнесін жасайды;

3) эстетикалық қызмет – шығарма тақырыбын, идеясын, автордың дүниетанымдық көзқарасын және жеке стильдік ерекшеліктерін ашуға ықпал ететін стилистикалық құрал қызметі [1, 20 б.].

Жоғарыда талданған этномәдени ерекшеліктері бар топонимдер негізінен ұлттық-тарихи колорит жасауға қолданылғанын көріп отырмыз.

Жоғарыда көрсетілген топонимдердің ұлттық-мәдени, мәдени-тарихи, тарихи-әлеуметтік сипаттары бар және осы сияқты басқа топонимдер көркем мәтін құрылымында көптеген кешенді қызметтер атқарады. Көркем проза прагматикасын зерттеген Г.Әзімжанова

жалқы есімдердің көркем мәтінде атқаратын қызметтері жайында былай дейді: “Жалқы есімдер белсенді функционалды мәнділікті таратушылар ретінде көптеген кешенді қызметтерді атқарады. Бейнелі сипаттамалық, жалпылама символдық, фондық, символды-ассоциативті, суреттемелі-қолданбалы, кумулятивтік. Лингвистикалық ғылымда жалқы есімдер категориясы көркемдік тұтастықтың ажырамайтын маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Жалқы есімдердің мәтіннің әмбебап, лексикалық категориясы ретінде көркем бейненің және оның мезгіл мен кеңістіктегі әрекетін эстетикалық іске асыруда үлесі үлкен. Сөздік эстетикалық тұтастықта жалқы есімдер белсенді орын алады” [5, 170 б.].

Қазақстанның кең даласы мен таулы аймақтарын бейнелейтін топонимдердің, әрине, ұлттық-мәдени, мәдени-тарихи мәні көркем мәтінде үлкен рөл атқарады. Әсіресе, ел көшкен көріністерде, жалпы қазақ жайлаған кеңістікті суреттеуде ұлттық-мәдени сипаты бар қазақ топонимдерінің “Елең-алаң”, “Үркер” романдарында қызметі ерекше.

Аталмыш міндетті орындау үшін көркем мәтіндегі жалқы есім, әрине, идиоэтникалық семантикаға, ұлттық-мәдени ерекшеліктерге ие болуы керек. Көркем мәтінде қолданылған топонимдердің ұлттық-мәдени немесе тарихи-мәдени сипаты әдеби шығарма мәтінде кейде түсіндіріліп көрсетіліп берілсе, көп жағдайда олардың идиоэтникалық семантикасы кодталған, астарлы күйінде қала береді. Сондай жалқы есімдердің ұлттық-мәдени мәнін, мағынасын кейбір оқырман сезсе, таныса, кейбіреулері жалқы есімнің ту сыртында жатқан көптеген мән-мағыналарын, мәдени өрісін білмейді. Жалқы есімдердің соның ішінде топонимдердің мәдени-ұлттық коннотацияларын білу немесе білмеу – оқырманның аялық білім деңгейіне байланысты болып келеді

Жалқы есімдердің этномәдени сипатын немесе идиоэтникалық семантикасын бейтүлдік немесе экстралингвистикалық факторлар қалыптастырады. Мәселен, қоршаған ортаға көзқарас көп жағдайда көшпелі мал шаруашылық мұқтаждықтарына қатысты қалыптасты, сол себепті табиғат ерекшеліктері мен жағдайларының басты белгілері халықтық географиялық терминологияда және жер-су аттарында бейнеленген.

Идиоэтникалық, яғни ұлттық-мәдени семантиканы білдіретін жалқы есімдер көркем мәтіннің онамастикалық кеңістігін, ғаламның халықтық (этникалық) ономастикалық моделін, жазушының шығармашылық контекстінде дүниенің ономастикалық бейнесін құрайды.

Қазақ халқы өмірінің тарихи-мәдени болмысын бейнелейтін тілдік көркемдеу құралдарының бірі болып табылатын топонимдердің этномәдени, тарихи т.б. сипаттары көркем мәтінде елеулі рөл атқарады. Ұлттық-мәдени сипаты бар топонимдер арқылы жазушы қазақ жері мен елінің тарихи-мәдени колоритін бейнелейді, халқымыздың басынан өткерген дәурен мен дәуірлердің шынайы көріністерін жасай біледі.

Көркем мәтінде қолданылатын қазақ жалқы географиялық атаулар – топонимдер мынадай негізгі қызметтерді атқарады:

- 1) мәтінде баяндалған оқиға-эпизодтардың кеңістік-мекендік (адрестік) межесін көрсетеді;
- 2) мәтіннің ұлттық-мәдени, тарихи, саяси-экономикалық т.б. көріністерін жасайды;
- 3) лингвостилистикалық құрал ретінде эстетикалық қызмет атқарады;
- 4) мәтіннің лингвокогнитивтік деңгейінде концептілік лингвотанымдық бірлік ретінде пайдаланылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Арысбаев А. Қазақ топонимдерінің кумулятивтік қызметі: филол. ғыл. канд. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 26 б.
2. Абдрахманов А. Вопросы топонимики Казахстана // Топонимика Востока. – М.: Наука, 1962. – С. 46-53.
3. Фонякова О.И. Имя собственное в художественном тексте. – Л., 1990. – 103 с.
4. Кекілбаев Ә. Үркер: Роман – Алматы: Жазушы, 1981. – 584 б.
5. Әзімжанова Г. Көркем проза прагматикасы. – Алматы, 2005.

ӘОЖ 12.456:85

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-БЕЙНЕЛІЛІК ТАБИҒАТЫ

Оразханқызы Н.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
Zain_90@mail.ru

Мақалада қазіргі қазақ лирикасындағы көркемдік - бейнелілік ерекшеліктер қарастырылады.

Кілттік сөздер: *лирика, ақын, көркемдік, лирикалық кейіпкер.*

В статье рассматриваются художественно-поэтические особенности казахской лирики.

Ключевые слова: *лирика, поэт, художественность, лирический герой.*

Лирика - ақынның көңіл-күйін, сезім дүниесін ойымен астастыра суреттейтін терең психологиялық шығарманың түрі. Лириканың басқа бағыттардан айырмашылығы өлеңмен өрнектеле отырып, кейіпкердің дүниеге көзқарасын, оның сиқырлы сезімі мен нақты ойын көрсетіп қана қоймай, адам арқылы қоғамды, мүмкіндігінше, өзекті шындықты көрсетуге.

Лириканың көркемдік-бейнелілік мәселесін сөз еткенде, туындыдағы барлық компоненттерді тұтастықта алып талдаған жөн екенін барлық теориялық тұжырымдар қуаттайды. Әр ақының стильдік даралығы оның көркем әдебиетке сапалық өзгеріс енгізуінен, жаңалық әкелуінен көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда С. Ақсұңқарұлы, Ұ. Есдәулет, Е. Раушановтың көркем ойды шешендік толғаныспен тоғытатын ақпа ақындықтары алдымен ауызға алынады. Олардың белсенді ақындық поэзиясы поэтикалық әлемдегі ізденіс-толғаныстармен, әсерлі тебіреністерімен, ақындық өнер жайлы қанатты ойларымен, сезімге суарылған сыршыл суреттерімен жұртшылықты сүйсіндіретін дүниелер.

С. Ақсұңқарұлы, Ұ. Есдәулет, Е. Раушановтың өлеңдерінен көрінетін кейіпкердің жан әлеміндегі тартыс, көңіл-күй арпалыстары күнделікті өзіміз көріп жүрген қарапайым адамдардың ішкі әлемі, жан-дүниесі. Сол әлемді танытуды мұрат тұтып, сол мұратқа жету жолында өзіндік шеберліктерін, талант қуатын таныту жолында адал еңбек етіп келе жатқан қаламгерлер. Бүгінгі поэзияның көркемдік құралдары, бейнелеу тәсілдері, стильдік бедерлері адам жанының небір қалтарыстарын шебер суреттеуге мүмкіндік беретініне олардың өлеңдерін дәлел етуге болады.

С. Ақсұңқарұлының «Адам ата-науа ана», Ұ. Есдәулеттің «Жүректегі жарылыстар», «Киіз кітап», Е. Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ», «Бозаңға біткен боз жусан», «Періштелер мен құстар» атты т.б. жыр жинақтары қазақ поэзиясының көркемдік сипатын танытатын кез-келген ғылыми тұжырымға негіз болатындай құндылығымен ерекшеленеді. Олар қазақ әдебиетіне жаңаша үлгідегі поэзиялық туындылар сыйлады. Мүсілім Базарбаевтың: «Лирикалық поэзияға жан беретін – көркемдік ойдың қуаттылығы, сезімнің оттылығы, нәзіктігі» [1, 32 б.] сияқты көркемдік элементтер олардың жаңалығы болды.

Бұл буынды бағалаған ғалым-сыншы А.Кемелбаева. «Қазақ ақындарының да жан сырын жаулаған мәңгілік ақиқат құпиялары, ұлттық өлең өнеріндегі өзгеше жаңа құрылым, болмыс мазмұнына тән ғарыштық тегеурін, ғажайып сұлулық аспандағы жұлдыздармен жарасым іздеуде», - дейді [2, 341 б.].

Күн, Жел сияқты құбылыстар әдебиетіміз үшін жаңалық емес. Ол ауыз әдебиетінің бұрыннан-ақ теңеулік, метафоралық қызметін атқарып келеді. «Айым», «Күнім» деген ұғымдардың халық жүрегінен орын алуы да сондықтан. Халық қашаннан да өте маңызды құбылысты құрмет тұтады. Бүкіл әлемдік тіршіліктің Прометейі – Күнге деген құрмет те содан туған. Осылай қалыптасқан көне ұғымның өзі бұл өлеңде өзінше шешімін тапқан. Ақын шеберлігінің өзі осы құбылысты жаңа сипатта өзгеше жырлайтынында болып отыр. Жел мен Күннің арасындағы табиғи байланыстың себебін ашады. Ақын Күнді жырлау

арқылы кісінің сезіміне қозғау салады. Біз бұдан ақын лирикасындағы табиғат пен адам арасындағы үзілмес сабақтастықты жырлағанын көреміз.

Қазақ лирикалық поэзиясындағы ізденістер мен жетістіктерді сөз етер болсақ, алдымен тіл мен бейнелілік мәселесіне назар аударуымыз заңды. Поэтикалық ойлау жүйесіндегі қалыптасқан дәстүрлі суреттемелердің жаңа, соны көркемдікпен баюы жекелеген ақын шығармашылығындағы ізденістермен тікелей байланысты.

Бірсін –бірсін сөнеді анау алып Күн,
Томашадай қасқалдақтың көзінде... [3, 57 б.]

Есенғали Раушанов өлеңдеріне кең тыныс, сөзден жаңылмас шешендік, шалқыған бейнелі сурет тән. Қарапайым құбылысты көркемдік талапқа сай өңдендіре, құбылта жырлау қаншалықты шеберлікті қажет ететінін айтпасақ та түсінікті. Бұл жерде ақынның өзіндік дара стилін, өзіне ғана тән ақындық шеберлігін баса айтқан жөн. Күннің ұясына кіру сәтін тікелей сол күн арқылы емес, «томашадай қасқалдақ» арқылы көрсетудің мәні қаналықты терең екенін сезінген абзал.

«Қазіргі қазақ поэзиясында көркемдік бейнелеу құралдарының қолданылуының ерекшеліктері көп: түрлі бейнелеу әдістері мен көркемдік құралдарының бір туындыда араласа, қабыса қолданылуы, қазіргі теңеулердің интеллектуалдық ақпарат жүктеген күрделі, мазмұнды сипатқа ие екендігі; жансыз және тілсіз нәрселерге жан, тіл бітіре кейіптеу әдісінің жаңа тәсілдерінің пайда болуы және т.с.с. Бұл орайда аталмыш ақындар өлеңдерінде поэтикалық тілі өзіндік ерекшеліктерімен мәнді» [4,7 б.],-деген пікірмен біз де келісеміз.

Аталмыш ақындар дала тұрмысына, тыныс тіршілігіне барынша қанық. Өлеңдерінің қай-қайсысында болмасын қазақы іс-әрекет, қазақы бейне танылып отырады. Мұның өзі ақынның дала сырына терең үңіліп, оны өз шығармашылығына шеберлікпен астастыра білгенін таныта түседі. Дала, тау бейнелері де ұлттық болмыс пен рухты, тыныс-тіршілікті танытатын символдық сипатымен көрінеді. Олар - ұлттық танымын еуропалық үлгімен көмкере білген шығармашылық иелері.

Ұлықбек Есдәулеттің де «Жиіз кітапқа» енген өлеңдерінің ешбірі аударуға келмейтін ұлттымыздың ісі бұрқырап тұратын саф алтындай жақұт жырлар.

Қай өлеңінде болмасын, ақынның өзінің бейнесі, ойы, сезімі арқылы ұлттық мінез бен болмыс танылады. Қарапайым жолдарға мол сыр ұялатып, оқырманын ғажайып сезім әлеміне жетелей жөнелетін ақын өлеңдеріндегі ұлттық бояу, ұлттық характер өзіміз талдау нысанына алған туындыларындағы адамның ішкі әлеміне үңілгенде барынша айқындала түседі. Сондай-ақ, ақынның көркем ойлау, көркем бейнелеу – көркем образдар жүйесінің белгілі бір шығармашылық мақсатқа құрылуы, сол арқылы жүзеге асуы, ұлттық топырақтан тамыр тартып, жалпы адамзаттық нысанға көтерілген әлемдік поэзиядағы ағымдар мен бағыттардың ықпалы арқылы ұлттық бейнелеу нақыштарымен ұштаса алған.

Ұлықбек Есдәулеттің «Таулық мінез» деп аталатын өлеңінен қазақтың ұлттық болмысы айқын көрінеді. Тау бейнесі биіктік ұғымының символы болса, онда өлең өнерімізде ұлттық мінез туралы айтылып, жырланып жатқаны болып табылады. Биіктікті жырлау, биіктікке ұмтылуды жырлау, олай болса адамзатты сұлулыққа, еркелікке тәрбиелеу. Ал, тәрбие, тағылым ұғымдары әр уақытта мінезбен байланысты.

Қорқасың мен жүзетін долы өзеннен,
Сенбесең бір қарашы терезеннен.
Толқындар тасты аунатып жатқан жоқ па,
Ал менің жақын досым сол ежелден.
Сен болсың тауға тұңғыш келген адам,
Қой деймін, мерт боларсың ерме маған [5, 54 б.]

Таулық мінездің бәрімізде бар болғаны, таулық сипат-биіктіктің поэзиямыздың парасаты мен мәдениетін көрсететін қандай ақиқат болса, лирикалық кейіпкердің өз бейнесін таумен байланыстырып жасауында, сомдауы мен тұлғалауында мінез ерекшелігі-биіктіктің, осыдан туындайтын өрлік пен ерліктің, тәкаппарлықтың, асқақтық пен алуандықтың, сұлулық пен әдеміліктің өлең өнерімізде өріліп жататыны да сондай шындық. Талантты ақын

шығармашылығындағы лирикалық кейіпкердің сөзін көптің сөзі деп қабылдасақ, өнердің өмірден туатынын ескерсек, оның лирикалық кейіпкерінің өнерлік табиғатында, ол жасаған тау бейнесінің бітім-болмысында ұлттық мінезіміздің де бейнеленіп тұрғанымен, лирикалық кейіпкердің ойы мен сезімінен, жан дүниесі құбылыстарынан, сырынан, жүрек лүпілінен сезілмей тұрмайды.

Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Ұлықбек – тұма бұлақтай тұнып аққан тұмса ақын. Әр кітабы шыққан сайын айдындана түсті. Әуелі тау арасындағы Үйденедей жып-жинақы, моп-момақан көрінеді. Кейін бір алқапты бір өзі толтырған Зайсандай шалқи да толқи да бастады. Ал мынау кітабы – Ертістің құяр сағасындағы мұхит айдынындай айбарланып, ақжалданып көрінеді. Оның толқындары қанша өршіп, өркештене түскенімен тұмса бұлақ тұсындағы бірден тандайына татып, аңсарыңды басатын шынайлығынан, тұнықтығы мен мөлдірлігінен айырылмапты. Әр өлеңі – зәмзәм суы құйылған құтыдай, өртенген жанының бір дертіне дәру боп дарып жатқандай» дейді.

Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітабынан» іздеген нәрсеңнің бәрін табуға болады. Жиырма бірінші ғасырдың өзіне қапияда тап болып отырған қазақ тұрмысы мен қазақ жан дүниесінің талай табын таба аласыз, талай қатпарына үңіліп, ой жүгіртпе аласыз.

Лирикалық кейіпкер де өлең өмірінде өзінің күрделілігімен ерекшеленеді. Осы сипат тау бейнесін жасау үстінде анық байқалады. Белгілі бір құбылыстың не заттың тауға теңелуі немесе айқындалуы (эпитет) сондай-ақ кейіптелуі мен сипатталуы дегендер лирикалық кейіпкерден белсенділікті талап етеді. Тау бейнесін символдық деңгейге көтеріп жырлау кез келген ақынның қолынан келе бермейтіні де сондықтан. Демек, тау бейнесін биіктік ұғымның символы етіп жырлаудың жолы оңай жол емес, бұл жерде салмақ көбінесе лирикалық кейіпкерге түседі, оның тау туралы айтқанының психологиялық, философиялық дәйектемелері болуы шарт.

Таумен байланысты өлеңдерде халық тарихы, дүниетаным ерекшеліктері, сондай-ақ мазмұнында фәлсафалық астарлар, ойлар жиі кездесіп отырады. Лирикалық поэзияның мүмкіншіліктеріне сәйкес, жанрлық талап, талғамның негізінде жасалатын Тау бейнесінің биіктік ұғымына символ болып жырлануында философиялық сипаттардың да міндеті үлкен, маңыз зор.

Тау бейнеленген өлеңдерде осындай терең сыр, мағыналы мазмұн, астарлы ой бар. Таза философиядан тұратын өлеңдер жоқ, өлеңнің философиясы оның ұлттық сипаттарының тереңінде жасырынып жататындай. Тау бейнесінің символдық бейне болатыны көп жырлағандығына, санына ғана емес, сапасында, мазмұнындағы тылсым сырларда. Қазақ өлеңіндегі Тау бейнесі - биіктік ұғымның символы. Тау бейнесінің символдық бейне болуы, оның қазақ ақындарының барлық буыны өкілдерінің шығармашылығындағы жырлататындығымен бірге, лирикалық поэзияның барлық мүмкіншіліктерінің негізінде жан-жақты жасалуы, сомдалып, тұлғаланып бейнеленуі, психологиялық, философиялық дәйектемелердің болуы, осылар арқылы көркемдік, эстетикалық құндылықтармен, сондай-ақ ұлттық, халықтық, жалпы адамзаттық, тарихи сипаттармен ерекшеленуі болып табылады. Биіктік ұғымы кендік пен кеңестік сияқты поэзияның парасаты мен мәдениетінің, өлеңіміздің өнерлік өлшемі де.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы көркемдік тәсілдері мен бейнелеу құралдарының қолданылуындағы ерекшелігі, олардың барлығына ортақ сипат – неғұрлым күрделілік интеллектуалдық поэзияға тән көпқырлылықпен өлшенеді. Қазіргі қазақ өлеңдеріндегі көркемдік құралдары бір – бірімен тығыз араласып және бір мақсатқа тұтас қызмет ету сипатымен ерекшеленеді. Тіпті күрделі формада құрылған көркемдік түрлері араласып келіп, әдеби тілдің соңғы үлгісін жасауға тырысады.

Бүгінгі поэзияның көркемдік құралдары, бейнелеу тәсілдері, стильдік бедерлері адам жанының небір қалтарыстарын шебер суреттеуге мүмкіндік беретініне ақындарымыздың өлеңдерін дәлел етуге болады. Адамның жан жалғыздығын танытып-сезіндіруде психологизм түрлерін шебер қолдану тәсілін ақын өлеңдерінен көптеп ұшыратамыз. Ақынның қай өлеңінде болмасын, өзінің бейнесі, ойы, сезімі арқылы ұлттық мінез бен

болмыс танылады. Бір өлеңнің бойында қолданатын бірнеше көркемдіктің тұтастығы өлеңнің баяндаушылық немесе қарапайым ауызекі қолданыстағы бос сөздерден айырып, суреттілікке, образдылыққа, терең мағынаға мән беруге итермелейді.

Есенғали ақын өлеңдерінде туған жермен, кең жазира даламен біте қайнасып кеткендей әсер қалдырады. Оның себебі, не туралы жазса да ақын сол өзі өскен даланы, саумал самалды, түнгі аспанды шалқалай жүзген айды, ақ нұрмен дүниені аймалаған күнді, сүйінші сурап алға жүгірген өзендібір сөзбен айтқанда, табиғат-ананы лирикалық кейіпкердің іс-әрекетіне, көңіл-күй әуеніне қанаттастыра өреді. Адам қаншама күшті болғанымен өзі жаратылған қоршаған ортаға,өзі өмір сүрген заманға, уақытқа тәуелді екендігін жүректі шымырлата, жанды тебіренге отырып, нәзік жеткізеді. Табиғат-ананың төсін еміп өскен арда перзенті екенін қапысыз танытады. Ақын мыну дүрбелеңге толы қатал да қатыгез жалғанның заңдылықтарынан, қайшылықтарынан қажыған сәтте жүрек сырын табиғатпен бөліседі, табиғат-ананың ақ дидарын көңіліне медеу, жанына серік етеді, дархан табиғаттың кең құшағында бас сауғалайды, паналайды, ақын өлеңдеріндегі өмірге құштарлық, жақсылыққа іңкәрлік, мөлдірлікке бас ию сезімі де табиғат құбылыстарымен, табиғат-ананың келбетімен бірге өріледі. Ең алдымен, ақын өлеңдеріндегі ұлттық мінез жарқ етіп көрінеді. қазақтың жазира даласындай кеңдік, шыңдары бұлтты сүйген тауларындай асқақтық, шалқар дариядай тереңдік жанды баурап алады.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы түрлі-түрлі көзқарастар мен көркемдік кестелердің өзара тайталасуы мен толысуы жедел әрі жанды түрде дамып, әдебиетті жаңа сапаға көшіріп, жаңа сатыға көтерді. Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері С. Ақсұңқарұлы, Ұ. Есдәулет, Е. Раушановтардың лирикалық шығармалары қазақ халқының ұлттық әдебиеті мен мәдениетінде, көркем философиясында ерекше орын алады. Сонымен қатар, ұлттық және әлемдік сөз өнерінің жетістіктерін өз бойына жинақтаған әрі оларды бойына сіңіріп, даралық стилін айқын танытқан туындылар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. А., Жазушы, 1973, 256б.
2. Кемелбаева А., Өлеңдерім – жанымның жылнамасы / А.Кемелбаева // Жас Алаш, 2004. - №34-35.
3. Раушанов Е. Қара бауыр қасқалдақ, Алматы, 1995.Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001 – 447 б.
4. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: Филол. ғыл. д-ры дис. – Алматы, 1997. – 303 б.
5. Есдәулет Ұ. Киіз кітап /Ұ.Есдәулет.-Астана:Елорда,2000.-384 б
6. Орда Г. Қазіргі ақындар поэзиясы. – Алматы:Алаш, 2003. – 320 б.

ӘОЖ 001.894.342

І.ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ АҚЫН ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІГІ

Орынбасарқызы Т., Жанбершиева Ұ.Н.

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.,
t_orynbasar@mail.ru*

І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы – ақындыққа, жүйріктікке, сұлулыққа қадалған көздер, сілтеген суық қару, оларға қарсы айтылған кекті жүректі байқататын поэма. Поэмада Құлагерге қастандық жасалып, мерт болуын «Бай-бай, Құлагерім!» деген бөлімде суреттейді. Лияс Сағынай асына келген Ақанды оның тұлпары Құлагерді ескі заманның салмағы езгенін, жүйрік аттың Ақан өміріндегі орнын көрсете білген.

Қазақ әдебиетінде жүйрік атты жерлеп, адамша жоқтаған үш шығарманы білемін. Оның бірі Ақанның Құлагерді жоқтауын І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасында жазды. Екіншісі – Ұлы Отан соғысы кезіндегі оқиғаға құрылған. Қ.Жұмаділов «Қозыкүрең» повесі, үшіншісі – Д.Рамазановтың «Жылқының көзжасы» шығармасындағы Абыралының аты. Бұл шығармалар арқылы қаламгерлер аттың өміріндегі орнын өмірмен байланысты білдіреді.

І.Жансүгіров поэманың «Бай-бай, Құлагерім!» атты бөлімінде жүйрік атты Ақанның жоқтауын берген деп түсіндім. Қазақ салтында кісі өлімінде айтылатын мұң-шер өлеңдерді жоқтау дейміз. Ал Құлагерді Ақанның жоқтауы нені білдіреді, ол өз алдына бір мәселе десек болады.

Біздіңше, атына қосылып жоғалып бара жатқан жастығын жоқтаған сияқты. Құлагердің мерт болуы Ақанның жасы ұлғайып, мұқай бастаған тұсында болған оқиға деп білеміз.

Ілияс поэмада:

Не болды, бай-бай, саған, Құлагерім?!
Суалдың сорлы иеннің бұлағы едің.
Тірегі көңілімнің бәйтерегім,
Бұл жерге қалайынша құлап едің?! –

дейтін зарлы екпіндер, сөз жоқ, ақынның мұңды ойынан хабар бергендей. Бұл жолдарды күрсінбей оқу мүмкін емес.

Поэмада Ақанның зары, қайғысы, кекті жүрегіннің арпалысы, жан айқайы бәрін-бәрін Ілияс толық сыйғызып бере алған. Ақан атынан айтылған ат сипаты, ойбайлап жылап, жұбатқанға басылмауы, өксігі бәрі шынайы суреттелген. Заман Ақанды еркелетіп қана қойған жоқ, ауыр салмақпен езіп басқаны да көрініп тұр. Құлагер өлімі – Ақанның өнерінің күрт құлауы. Асқақ арманының үзілуі деп ұқтым. Сондықтан Ақан өмірінің өксікті тұсы, өкінші зор, талкегі мол тірлік, қатал қасіретті кезеңі Құлагер өлімімен байланысты екенін І.Жансүгіров осылай бере алған.

І.Жансүгіров Ақан сері заманында мәрт жүйріктің белгісіне айналып кеткен Құлагер қазасы адам жанын қынжылтып, әсершіл көңілін зарға ұрындырған қасірет болғанын айтқан. Зорлықшыл күштің қызғаныш-күншілдік құрбаны болған тұлпар өлімі Ақан жанына жара салған. «Бай-бай, Құлагерім!» деген сай-сүйегінді сырқыратып, ет жүректі егілтер жолдарда бүкіл қазақтың мұңы мен ақын шері жатыр. Өктемдікке қарғыс айтқан ел үні, опасыздыққа лағнет айтқан Ақанның кекті айғайы – жан ашуы байқалып тұр.

Осылай Ақан зарлап жылап жатты,

Қайтсін ол, жыламасқа жанға батты.
Күйінді ол, күңіреніп Құлагерге,
Айырылды ол, аттан – жақсы, достан – тәтті,-

деп қайғы-налаға, шерменде болған Ақанның мұңлы үнін берген.

Біздіңше, бұл поэмада Ілияс Жансүгіров Ақан өміріндегі Құлагердің орнын өлең жолдары арқылы көрсете білген.

Қаралы, жаралы сезімді көрсететін бұл жолдар Ақан өмірінің өзекті тұсы десек те болады.

Ілияс поэмада Ақан серінің атының өлімімен бірге өз басындағы халді өте шебер бере білген.

Көргенде ол мынадай сұмдық істі,
Үстіне Құлагердің құлап түсті.
Білмеді не болғанын айрылды естен,
Аймалап Құлагердің басын құшты, -

дейді.

А.Жұбанов: «Бұл мал ашуы емес, жан ашуы. Өйткені Ақан Құлагерді жаным деп қараған. Сондықтан бұл жүрегі бар адамның бәрінің де жібін қозғайды», - дегендей, алысып-арпалысып келген Ақанға ат та табылар еді, бірақ ешнәрсені керек етпеді. Серіліктен кәрілікке ауысқан ол үлкен соққыдан шаршаған секілді. Оның қатты-қатты өсуі бұрынғы екпіннен тоқтағаны тәрізді.

Поэмада Ақанға жасалған қастандық бүкіл рулы елге тиген соққы болғанын көрдік. Құлагерге күн төлемек болғандарға қарсы болып: «Құлагердің тұяғынан садаға кетсін», - дейді.

Ілияс шауып келе жатқан аттың тұяғын дабылды кетпенге, оның аяқ алысын домбыра шерткен саусаққа теңеп суреттеуі Ақан өміріндегі барлық тіршілікке байланыстырған. «Құлагер» батырдың аты емес, ол - домбыра тартқан, ән салған серінің аты. Сондықтан Ілияс «Құлагер» поэмасында ақынның жоқтауын бере отырып, оның өміріндегі тұлпарының орнын көрсеткен. Ілияс жазған Ақан осындай образ. Сондықтан поэманың қайғылы аяқталуы бізді қызықтырмаса, ренжітпейді.

Әрбір ақынның өзіндік бетін, ақындық құдіретін, поэзиясының ерекшелігін көрсететін оның көркемдеу тәсілі, суреткерлік шеберлігі, тілдік өрнектері, көркемдік бейнелеу құралдары болып табылады.

Басқа ақындарға ұқсамайтын, тек қана өзіндік тілқолданыс, көркемдік өрнек, бейнелі сөзқолданысты біз Ілиястың шығармаларынан да айқын көреміз.

Біздің байқауымызша, ақын поэзиясы өзіндік поэтик образдарға бай. Ол қазақ тілінен небір шұрайлы сөздерін қолдана біледі. Соған қарағанда, ақын халқының тіл байлығын жете меңгерген нағыз шебердің өзі. Әсіресе, халықтық әсірелеулер, ауыстырулар, салыстырулар, балама сөздердің небір айқындары, анықтағыштары жиі ұшырайды.

Зерттеу барысында байқағанымыздай, Ілияс поэзиясының түр, тіл, стиль қорын осы бір екі арнадан ажырату мүмкін емес. Бұл тек ақынның осынша мол мұраны сөздің көркемдік құнын асыра пайдаланып, өзінше жаңа түр бере қолдана білуінде сияқты. Ақынның тіліндегі өзіндігі де, өзгешелігі де осы айтылғандарға байланысты. Сөйте тұрса да, Ілиястың ізденістігі, білімділігі оның өзінше жырлап, жеке ақындық тіл ұстартуының бар екендігіне күман туғызбайды. Қандай ақын болмасын биікке өзінің тіл шеберлігімен шығады дедік. Академик З.Қабдоловтың «Сөз өнері» атты монографиясында: «Әдебиеттегі тіл көркемдігі мен сөз сұлулығы жасанды жалт-жұлтта, күлді-қадам болуда емес, сөздің табиғилығы мен қарапайымдылығында, нақтылығы мен тазалығында жатады», - деп көрсеткен. Бұл пікір біздің зерттеу нысанымызға да дәл келеді. Ілияс та шығармаларында тілдің көркемдегіш элементтері – троп пен фигураның түрлерін ұтымды пайдаланған.

Тілдің құпия сырын ашуда: тарих қойнауларын ақтарып, саралап зерделесек, ұлттық ой-санамыз, дүниетанымымыз жайлы мәлімет аларымыз ақиқат. Сол арқылы сөзжасам бірлігінің тұлғалық, мағыналық ерекшелігін ашуға болады. Ол лексикалық бірліктер І.Жансүгіровтің «Құлагерінен» де көрініс тапқан.

Мысалы:

Оқжетпес оқшырайып өрлеп кеткен,

Кеудесін керіп көкке сермеп кеткен... (І.Ж., Құлагер, 13)

Немесе:

Жамылып жасыл барқыт, асыл құндыз

Түрленген тотықұстай тау көркемі. (І.Ж., Құлагер, 13)

Тіл тәжірибесінде қажеттік пен сұранысты өтейтін сөзжасамдық сөздік құрамға еніп, бәрі де тілдік сынақтан өтеді. Ал тіл табиғатында кәдеге асатын туындылар тілде аталым ретінде қызмет атқарады. Бұлардың қатарында күрделі сөздердің де кіретіні сөзсіз.

Мысалы:

Қыз емес, *қара күш* пен қаңқу сөздер

Ертерек ер жүрегін көмген көрге!.. (І.Ж., Құлагер, 16)

Я болмаса:

Кәрі ақын кіжінеді өңмен қағып,

Бала ақын *сармасадай* жатыр шығып... (І.Ж., Құлагер, 25)

Сіңірлі *жер соғарлы*, аяғы тік,.. (І.Ж., Құлагер, 29)

Серке сан, *желмаядай* тілерсегі... (І.Ж., Құлагер, 29)

Сүйегі жануардың жылқыдан жат,

Бұл емес *текежаумыт*, не *қазанат*... (І.Ж., Құлагер, 29)

Осындағы *қара-күш, сармасадай, жер соғарлы, желмаядай, текежаумыт, қазанат* сөздерін келтіруге болады.

Осы орайда «Ақын тіліндегі фразеологизмдердің қолданысы» атты бөлімшесінде фразеологизмдердің, зерттеушілер атап көрсеткеніндей, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпыхалықтық тұлғада және автордың өзіндік қолтаңбасын, ізденісін, көркем әдеби тілді жетілдіруге қосқан үлесін танытатын авторлық өңдеумен қолданғанын көреміз.

І.Жансүгіровтің халықтық тілдің фразеология қорын көркемдік мақсатқа орай жүйелі пайдаланғандығын және поэзиялық шығармаларында көркемдіктің ажарын білдіретін кәнігі жалпыхалықтық фразеологизмдердің кең қолданыс тапқандығын байқаймыз.

Ақын халық тіліндегі ойға жан бітірер бейнелі тіркестерді қолдануда ерекше шеберлік танытады. Мысалы, әйгілі «Құлагер» поэмасында негізгі кейіпкер Ақанды таныстыруда мынадай тұрақты тіркестер қолданған:

Лермонтов болмағанмен біздің Ақан,
Кісі ме ед ақындықтан құр алақан?
Ортасын олқы көрген бұл да дара,
Имеген иттерге бас сері, дарқан. (І.Ж., Құлагер, 16)

Осындағы Ақанның мінезін танытуда жалпыхалықтық тілде бас имеу болып қолданылатын авторлық өңдеумен жұмсалған, яғни арасына образды сөз қосқан «иттерге бас имеу» фразеологизмі кейіпкердің негізгі бейнесін ашып, айқындап тұр. Ақанның айналасындағы «жуандарға» бас шұлғи бермейтіндігін, өзінің және дара тұлға екендігін білдіруде «иттерге бас имеу» фразеологизмі ұтымды қолданылған. Кейіпкердің тегін адам емес, ақындық өнердің кісісі екенін, «құр алақан» бейнелі сөзімен тіркескен, өлең шумағында сұраулық мәнде қолданылған «ақындықтың құр алақан кісі ме ед» тармағы арқылы автор оқырманына таныстырады. Айналасында өзінің ойын түсінер, сөзін ұғар ортасының аз екендігіне ақынның көңілі толмайтынын орыстың ақыны М.Ю.Лермонтов сияқты ол да дара тұлға екенін білдіруде автор «ортасын олқы көру» фразеологизмін қолданады.

Поэзияда әр дәуірдің суреткері өзінше қолтаңба қалдырады. Қазіргі кезде тіл, оның ішінде ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін айқындаудың, оның тарихын білудің өзіндік маңызы бар екендігі сөзсіз, дұрыс бағыт деп білген жөн.

І.Жансүгіров шығармалары ұлт болмысына, тарихына, салт-дәстүр, ұлттық санасына, тұрмыс-тіршілігіне, т.б. өзіндік ерекшеліктеріне қатысты дүниелердің сыры ұлт тіліне байланысты екендігіне көз жеткіздік. Ұлттық дүниетаным тұрғысынан І.Жансүгіров тілінің тарихи-мәдени маңызы мен ақын өміріндегі Құлагердің орнын ерекше ашып көрсетуге тырыстық. Сондай-ақ І.Жансүгіровтің жалпыхалықтық тілдегі көріктеу құралдарын (теңеу, эпитет, метафора, метонимия) өзіндік сөз саптау мәнеріне сай елеп-екшеп, шеберлікпен пайдаланып, жетілдіріп қолданғанына көз жеткіздік.

Илияс Жансүгіров тұлпар аты арқылы Ақанның өміріндегі орнын, басындағы трагедиясын байланыстыра біліп, Ақанның мұқай бастаған өмірінен хабар бергендей болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1983, 231 б.
2. Илияс Жансүгіров. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1986, 1 том, 328 б.
3. Жел – І.Ж. Поэмалар мен өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1994, 230 б.
4. Сабын – І.Ж. Поэмалар мен өлеңдер, Алматы, Жазушы, 1994, 230-231 б.
5. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973, 2012 б.

ӘОЖ 81.1.

СӘКЕН МЕН МҰҚАҒАЛИ ПОЭЗИЯСЫННЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Оспанова Г.К., Туякбаева Ж.Б., Қадыров Ж.Т.

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.,
zhkadyrov_777@mail.ru*

Қазақ халқының эпостық жырларында атқа тіл бітіріп, адамша ойлап, сезінетін етіп көрсету кездеседі. Орыс әдебиетінде мысал өлеңдерде түлкі, қоян т. б. аңдар адам кейпіне түсіріліп, адам істейтін әрекетті істеп жүреді. Мұндай жағдай қазақтың ертегі-аңыздарында өте жиі кездеседі.

Жазбаша шығармаларда кейіптеудің жаңа үлгілері мол ұшырасады. Егер ауыз әдебиетінде кейіптеуге шарттылық, дәстүрлі үлгіні ұстанушылық тән болса, жаңа жазба әдебиетінде бұл тәсіл өзгеше сипат алады.

Сәкен мен Мұқағали поэзиясында да осындай айшықтау амалы жаңаша, әр ақынның өзіне ғана тән лексикалық мағынасында қолданылып, семантикалық жағынан қарастырғанда тың зерттеулерге жол ашады.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасының алғашқы шумағын қарастырайық:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы.

Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,

Жүреді біліп кетіп есен-сауын [1, 39 б].

Ақын туған жерінің табиғатын айрықша шабытпен суреттеп, сол шабыт арқылы туған өлкесін кербез сұлуға балап, сол сұлудың жан-жағында әлдем шыр айналып, тіпті жауын әдейі кеп бетін жуып, ал бұлттар аман-саулығын біліп кететін шебер сипаттаған. Тура мағынасында жазылған болса, әдемі Көкшетау өлкесіне жауын көп жауып, аспанында бұлттар көше береді деген сияқты болар еді. Ауыспалы мағыналы сөздер арқылы шығармаға ерекше жан бітіп, ертегінің тылысым құпия әлеміне енгендей боласыз.

Көк аспанға жан бітіріп сипаттауды өз поэзиясында қолданған тағы бір ақынымыз – Мұқағали:

Ауыл түні бозғыл, торғын, мақпалдай,

Аспан жерге таңырқап тұр ақ маңдай.

Бібіріне ғашық екі дүние

Сырласа алмай, мұндаса алмай жатқандай, - деп, бұл өлеңде де аспанның жерге ғашықтығын, ерекше ілтипатын суреттеп, бұл екі дүниенің мәңгілік ғашықтардай бірге екендігін айта кеткен [2, 37 б]. Мұнда да көк аспанға жасалған кейіптеу іс-қимыл арқылы беріліп, тірі жанның әрекетін суреттейтін етістіктер арқылы берілген.

Сонымен қатар Мұқағали лирикасындағы кейіптеуге тоқтала кеткенде, таң менен түнді бір-бірімен шендестіріп, өз қаламына ғана тән кейіптеудің кереметін байқаймыз:

Қайырлы түн, тыныштық!

Қайырлы түн, тіршілік!

...Арқалап ап ырыс-құт,

Келеді әне күн шығып,

Қайырлы таң, Тыныштық!

Қайырлы таң, Тіршілік! – деп, таң нұрына боялған жер бетінің тыныштығын суреттейді [2, 42 б]. Жай ғана суреттемейді, таң атқанда «орманым да шуламай, ақ басты тауларым да жыламай ұйқысынан оянса, шашу болып жұлдыздарың шашылды, айың келіп, ақ мойынға асылды» деп әдемі кейіптеулермен келтірген [2, 43 б].

Тағы бір айшықтау амалы шендестіру қолданылып, көз алдымызға үшінші бір әдемі «тыныштық» деп аталатын суретті ұсынады. Яғни, антитезаның әдемі үлгісі берілген.

Ақиық ақын өмірінің соңғы кездерінде ауру меңдеп, жаны қиналғанда да таң мен түннің құпиясын трагедиялық ахуалда суреттеуге арналған. «Көрдің бе, таң мен түннің соғысқанын?» деп сұрақ қоя отырып, «мен көрдім, бірақ болыспадым» деп өзі жауап береді [2, 61 б]. Лирикалық кейіпкер:

Түн деген - шашын жайған албасты екен,

Апыр-ай, таң кешігіп қалмас па екен? – деп дегбірсізденеді [2, 61 б]. өйткені қараңғылықты үрейдің, өлімнің нышаны етіп суреттесе, таң – үміттің, жақсылықтың нышаны:

Жарық жеңді-ау, әйтеуір алаулатып,

Түнді асырды батысқа талауратып.

Қолына алып пышақты сан мың найза,

Жауынгер-Күн келеді жалаулатып [2, 61 б]!

Өмірі тағы бір күнге ұзарып, ақын үміті тағы бір күнге жалғанды.

«Несіне асығады?» деген өлеңінде де түннің кейіптеуін тағы да қолданған:

Тоқтай тұршы, қуатым-ай!

Қызарып соңғы сәуле шашырады.

Күн түйе алмай барады шашын әлі [2, 37 б].

Түн – дамыл, күн – өмір ретінде берілген. Ақын жаны өмірдің тәтті елесіне елігіп:

Күміс қанат бір құсқа мініп алып,

Кетсем бе екен артынан күнді қуып, - дейді [2, 32 б].

Солай бола тұрса да, қар түнді ылғи кінәлаудан аулақ. «Қар ақ болса да қол тоңдырады, Жер қара болса да қарын тойдырыды» демекші, қара түннің қасиетін былай жеткізеді:

Қарасыз, сірә, мен мүлде,

Аппақтың нарқын сезбеспін.

Қап-қара көзді бір қыз бар,

Қашпаңдар қара бояудан.

Аспанда жарық жұлдыздар

Қап-қара түннен оянған [2, 45 б].

Мұнда ақын оянған есімшесін ауыспалы мағынада қолдану арқылы жұлдыздарға жан бітіріп, ақындық шеберлігі арқылы оқырманды тағы да бір рет тәнті еткен.

Жоғарыдағы өлең жолдарынан аңғаратынымыз: Мұқағалидың барлық дерлік кейіптеулерінде жансыз құбылысқа жан беру кезінде іс-қимыл қолданылып, осы шак етістіктері арқылы айшықтау амалы жасалған болатын.

Сәкен басқа да табиғат құбылыстарына жан бітіріп, сипаттаған:

Асау жел саулап жаттап кетті сарнап,

Аралап Сарыарқаны кезіп – шарлап.

Ән салдым қырда отырып көкірек кернеп.

Кім білсе желдің тілін соған арнап [1, 8 б].

Жоғарыдағы өлең жолдарында желге асау деген адам мінез-құлқына тән сын есім қолданылып, бұл жерде қарапайым анықтаушы сөз деңгейінен эпитет деңгейіне көтерілген де, тағы да матасу арқылы байланысқан желдің тілі тіркесі арқылы жан бітірілген. Сонымен қатар жоғарыдағы өлеңдерде Мұқағали және Сәкен қолданған адамға тән іс-қимылды білдіретін етістікті қолданып айшықтау амалын жасау арқылы қолданылған.

Сәкеннің «Келіншек ойы» өлеңіне тоқтала кетсек:

Ұшан-теңіз қалың қар –

Жерді басып жабады,

Шұнақ аяз жалаңдап

Екі санын сабады.

Мұздай демі бет қарып,

Аяз аузын ашады – деп, аязды шатынайды, қылшылдайды, екі санын сабады етістіктері арқылы адами қасиеттерге бөлеп суреттеген [1, 23 б].

Қос ақынның да өлеңдерінен аңғаратынымыз: көптеген бейнелі сөздерді етістіктен жасап, бірнеше мысал эпитет арқылы қолданылған да, тұтасына қарастырғанда, жанды бейне, сұлу көрініс пайда болып ақынның сөз шеберлігі әлеміне бізді тағы да елтіп әкетеді.

Градация – айшықтаудың бір түрі: алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан, соңғы ойды асыра, асқақтата түсу. Поэзияда, прозада да қолданылады [3, 118 б]. Эпостық жырлардың ішінде бәрімізге әйгілі «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы дамыту арқылы сипатталған. Қазіргі поэзияда да градация жиі кездесе де, оның басқа да авторлық үлгілері туындаған болатын. Сәкен мен Мұқағалидың поэзиясында да кездесе де, көбінесе сөзді емес, толық бір ойды, не сөз тіркесін асыра түсу амалы жиі қолданылады. Дегенмен, Сәкеннің «Сыр сандық» өлеңінде:

Сұлу жанды сұлу сүйген,
Сұлу сүйген сыршылым.
Жібек талдап түйін түйген,

Түйін түйген, тұршілім – деп, алдыңғы сөзден соңғы сөзді асқақтата айтқан. Бірінші қайталанбалы сөз тіркесі сын есім мен есімшенің, екінші тіркес зат есім мен есімшенің тіркесінен жасалып, келесі жолдарында зат есіммен тіркесіп, анықтауыштық қатынастағы тіркеске айналған [1, 17 б].

Ал енді алдыңғы ойдан келесі ойды асқақтата айтуға келсек, бұл тәсіл арқылы жасалаған айшықтау амалы екі ақынның да поэзиясында молынан кездеседі. Солардың кейбіреуіне тоқтала кетейік:

Бақытым ғой Қарасаз келіп қонған,
Кисем – киім, жесем – ас, көлік болған
Мендей ұлдың осы жер мыңын туып,

Өлі күнге мыңына жерік болған – деп жырлайды Мұқағали. Қарасаз табиғатының тамшалығы тіпті киім ғана емес, ас та бола аларлығы, ол ған емес, көлік сияқты адамға жайлы нәрсе таба аларлығы бірінен-бірі асқақтатылып айтылған, тіркестер етістік пен зат есімдерден жасалып, егер сөзінің түсіп қалуынан арларына сызықша қойылған [2, 277 б].

Келесі «Фаризаға» атты өлеңін алсақ, ақын өзінің жалғыздығын жырлай келе, өзге адамдардың өзіне қатысты әрекетін асырып, етістік арқылы сипаттаған болатын.

Бірі итеріп кеудемнен, бірі шалып,
Тастағысы келеді күресінге.
Фаризажан, сен оны білесің бе [2, 171 б]?..

Сәкеннің «Көкшетау» поэмасынан алынған бұл шумақты алсақ, мұнда да авторлық градацияны аңғаруға болады:

Аз ауыл өсіп, өнсе, ел болады,
Ұра су дами берсе, көл болады.
Жылымнан жыра болып, өзен-көл боп,
Кең арна – аққан дария сел болады [1, 114 б].

Мұнда да –са, -се шартты рай жұрнағы арқылы жасалған етістіктер (өнсе, берсе) мен ауыспалы осы шақтағы етістіктер (болады) бірінен соң бірі қолданылып, өз ішінде дамытуды құрастырады.

Ал Мұқағалидың төмендегі өлең шумақтарына назар аударсақ, кезекті анафора арқылы өлең жолдары басталып, әр «тастамаймын» болымсыз етістігі жолдың басында жазылған сайын осы сөзбен басталған ой жоғарыдағыны одан сайын асырып, дамытып жатады. Демек инверсия арқылы жасалған күрделі синтаксистік конструкция – сөйлем өзінен бұрынғы сөйлемнен семантикалық жағынан ауырлай түсіп, градация құбылысын жасаған.

Тастамайын оқуды, тері шалбар
Борбайымды қаңтарда қарығанда.
Тастамайын табаннан сыз өткенде
Үсік ұрып құлағым тыз өткенде:
Тастамайын оқуды, жесір анам
Өлі әкенің өлі орнын күзеткенде [1, 271 б].

Екі ақында да градация құбылысы көптеп қолданылып, дамытуды құрайтын доминант сөздердің барлығы дерлік етістіктерден жасалған.

Эвфемизм (грек. eu жақсы > рhemi сөйлеймін) – ауыс мағынаның ерекше бір түрі. Сөздің дәл мағынасында емес, ауыс мағынада қолданылуынан туады. Тұрпайы сөздер мен сөз тіркестерін сыпайылап айту [4, 401 б].

«Тіл тиексіз, ой түпсіз» деп халық бекер айтпаған. Бұл – адам ойы қаншалықты шексіз болса, тілдің де сол ойды соншалық икемділік немесе орамдылықпен жеткізе алатындығын мегзеп тұрған аталы сөз. Міне, сол орамдылық пен икемділікті эвфемизмдер өте айқын байқатады. Олар атауларын ашық қолдануға болмайтын белгілі бір ұғымдарды астарлы түрде дөп басып, дәл жеткізіп қана қоймай, әлгі ұғымдарға нәзік те сыпайы сипат беріп, оқушы мен тыңдаушының көңіл-күйіне жарақат салмау жағынұдайы қамтамасыз етіп, сөйлеу немесе жазу мәдениетінің, яғни тіл мәдениетінің дамуына, қалыптасуына да үздіксіз қызмет етіп отырады.

Эвфемизмдер қай тілде болмасын сөздік құрамның өзгеріске еңжиі ұшырайтын әрі үнемі қозғалыста болатын жылжымалы тобын құрайды. Бұлар басқа лексикадан өздерінің номинативтік мағыналарының сыртында тұрған этнографиялық ұғымдармен астарласып немесе ұштасып жататындығымен ерекшеленеді.

Жалпы алғанда, эвфемизмдер – тілдің сөздік құрамын лексика-семантика жағынан байытатын өнімді тәсілдердің бірі. Олар сөз мағынасын өзгертуде, дамытуда ерекше қызмет атқарады. Эвфемистік мақсатпен жұмсалған сөздер әдетте өздерінің негізгі мағыналарының аясынан шығып, соны мағынаға ие болады. Сөйтіп, эвфемизмдер синонимдік және омонимдік қатарлардың өсуіне немесе неологизмдердің қалыптасуына белгілі ықпалын тигізіп отырады [5, 7 б].

Мұқағали мен Сәкен поэзиясында эвфемизмдер баршылық. Мысалы Мұқағалидың «Жанарсыз адам» өлеңін қарастыра кетсек, жанарсыз сөзі соқыр сөзінің эвфемизмі ретінде алынып, зат есімнен сын есім тудырушы жұрнақ арқылы жасалған болатын:

Іздейді көзін басынан, іздейді көзін аяқтан,
Іздейді көзін қолынан, іздейді көзін таяқтан.
Жанарсыз адам келеді...
Жанарлы бейқам тірліктен,
Жанарын даулап,
Дүниені таяқпен түртіп оятқан [2, 189 б].

Ал Сәкеннің поэзиясындағы эвфемизмге мысал келтірсек, құлаққақ тұрпайы естілетін өлу етістігін ақын былай деп басқаша айта кеткен:

Құбылаға басын беріп шөгіп жатқан,
Көк мұнар қалың ойға шомып батқан,
Ақ бура қабақтарын қарс жауып,
Қозғалмай мәңгі жатып тас боп қатқан [1, 42 б].

Мұнда ақын қозғалмай мәңгі жатып тас боп қатқан күрделі синтаксистік конструкциясында бураның тура мағынада тас боп қатқанын және өлгендігін айта кеткен.

Мұқағали өз өлімі туралы кеудемде тыныш ұйықтап жатсын жаным эвфемистік тіркесі арқылы айта кеткен:

Жаманың да болса егер жатсынбадым,
Мен жақсы көрдім, мені жатсынғанын.
Мен сеземін жаманың, жақсы барын,
Барлығы үшін, бәрібір, ақсын қаным.
Барымды ойымдағы тапсырмадым.
Бәрін де бір өзіңе аманаттап,
Кеудемде тыныш ұйықтап жатсын жаным [2, 29 б].

Қос ақын да өлу сөзін эвфемизмдермен ауыстырып, сөз мәнерлілігін, семантика-стилистік жағынан беру тазалығын сақтап, өзіндік жеке авторлық қылқаламын танытарлық айшықтау амалын жасаған.

Шендестіру. Антитеза (грек. antithesis қарама-қайшы) – шендестіру, сөздің мәнерлілігін күшейту мақсатында ұғымдар мен бейнелерді бір-біріне қарама-қарсы қойып қолданудан туған стилистикалық құрылымдар [4, 24 б].

Қазіргі тілдік қолданыстарда қарама-қарсылықты (контрасты) айқындау, көбінесе ашық, антоним сөздер арқылы беріледі. Мұнда автор ойы қолданған сөздерден тереңде жатуы мүмкін. Антитезаның бұл түрі – антиметабола деп аталады [6, 45 б].

Антитеза кейіпкерлер тіліне ерекше бір түсінік беру үшін қолданылады. Осы кезде көмекке мағыналары, не контекстік мағыналары қарама-қарсы сөздер келеді. Бұл тәсіл психологиялық тұрғыдан да дұрыс деп саналады [7, 93 б]. Адамдар бір затты, не бір нәрсені, не құбылысты өзара қарама-қарсы қойып салыстыру тыңдаушыға ерекше әсер етеді деп ойлайды. Синонимдерді шамадан тыс қолданған кезде бос сөзбен айналысу, бекерге «көп сөздікке» баруға бой ұрған болса, керісінше антитезаның бірден-бір ерекше стилистикалық қызметін антитезалық жұптарды үстемелеп, бірінен соң бірін қатар жұмсау, үнемді боп екі бейне арасындағы параллельдікті ашып, салыстыруды нақтылау осы шендестірудің ең негізгі функцияларының бірі болып табылады [8, 42 б].

Ақ түске ғана жармасып,
Қараны неге алмайын.
Қап-қара көзді бір қыз бар,
Қашпаңдар қара бояудан!
Аспанда жарық жұлдыздар,
Қап-қара түнде ояңған [2, 21 б].

Мұқағали бұл өлеңде өмірде жиі алмасып тұратын ақ пен қара түсті айту арқылы бұл өмірдің ағы мен қарасын салыстырған. Өара түстің адамдар сезімінде аққа қарағанда жағымсыз болып қалу себебін айтады. Әрі ауыспалы, әрі салыстырмалы жазылған бұл өлең ақ-қараның қолданысы арқылы өмірдің көзге көріне бермейтін бояуларын ашып көрсетеді.

Мұнда ақын қап-қара түн – жарық таң, ақ – қара, жарық жұлдыздар – қара түн сияқты ұғымдарды бір-бірімен шендестіріп қолданған. Негізгі материал болып табылатын сөздер сапалық сын есімдерден (ақ – қара), салыстырмалы шырайдағы сын есім мен дерексіз зат есімнің (қап-қара түн) және жай шырайдағы сын есім мен дерексіз зат есімнен (жарық таң), сапалық сын есімдер және деректі мен дерексіз сын есімдерден (жарық жұлдыздар – қара түн) жасалған.

Мұқағалидың «Автограф» өлеңіне көңіл бөлсек:
Сырым да – осы,
Жырым да – осы.
Алдыңда. Байқашы бір,
Бықсыдым ба, жандым ба?
Махаңдар жоқ,
Махаңдардың сарқыты –
Мұқағали Мақатаев барп мұнда [2, 2 б]!

Шала – от (дерексіз зат есімдер), ақын – жоқ (зат есім - көмекші етістік), хан Жәңгір – Махамбет (жалқы есімдер), ез – ер (субстантивтелеген зат есімдер), артық – кем (сапалық сын есімдер), Спартак – Цезарь (жалқы есімдер), бықсыдым – жандым (жедел өткен шақтағы етістіктер) – бұл өлеңдегі антитезалар. Ақын бүкіл өміріндегі арманы мен мұратын шендестіруді шебер қолдану арқылы әрі жинақы, әрі ұтымды етіп жеткізеді.

Тұла бойы антитезамен көмкерілген Мұқағалидың мына бір өлеңіне қарайықшы:
Жоқ күндерім бар күндермен өтеліп,
Баршылыққа, таршылыққа ет өліп.
Күйігім мен қуанышым қолдасып,
Келе жатыр мені иыққа көтеріп.

Бұл өлең шумағындағы баршылық - таршылық, күйік - қуаныш, қайғы - қуаныш, жоқ - бар, шаттық - қайғыру, нұр шашқан күн – жай орнатқан бұлт, адам – аң сияқты антитезалар ақын айтар ойын оқырманды мейлінше иландырарлық етіп жазады. Нұр шашқан күн мен

жай орнатқан бұлт өлеңнің өзекті идеясын танытар мәнмәтіндік антитезалар болып табылады.

Көркемдегіш құралдар атау тұлғасындағы дерексіз және деректі зат есімдерден (қайғы, адам, аң), зат есім тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған сондай-ақ дерексіз зат есімдерден (баршылық, таршылық, күйік, қуаныш, шаттық), зат есімдермен тіркесіп анықтауыштық қатынасқа түскен есімшелі тіркестерден (нұр шашқан күн – жай орнатқан бұлт) жасалған.

Мұқағали өлеңдерінің келесі үзінділеріне келсек, бұл ақынның шендестіруді аз қолданбағанын көруге болады:

Шынымен түсінбей ме мына қасқа,
Мына – көз, мына – жүрек, мына – басқа?!
Мына қасқа шынымен түсінбей ме,
Бұлбұлдың қонбайтынын қу ағашқа?! [2, 317 б.]
Сайтанның да, күнәсіз періштенің,
Бал мен уын талғамай неге ішкемін?
Періштенің қайғысын бөліспедім,
Сайтанменен болса да, келіспедім,
Не істермін, тәңір-ау, не істермін [2, 40 б]!?

Мұнда ақын сәуірдің нұры мен ақпанның мұздағын, бұлбұл құс пенен қу ағашты, сайтан мен періштені бір-бірімен шендестіріп, сөздің мәнерлілігін күшейту мақсатында қолданған. Антитезаның барлық компоненттері есім сөздерден, әсіресе негізгі зат есімдерден жасалған.

Сәкен лирикасындағы шендестіруге келсек, бұл ақын да шендестіру тәсілін мейлінше ұтымды қолданып, сөз мәнерлілігін осы бір көркемдегіш құралы арқылы біршама арттырғанын көреміз:

Сен бір шоқ қызыл гүл.
Қонған кеп мен бұлбұл
Тарқамас құмарым
Сені иіскеп бес мың жыл [1, 7 б].

Жоғарыдағы өлең жолдарында ақынның өзін бұлбұлға жіне сүйгенін әдемі қызыл гүлге балап, бұл екі ұғымды бір-бірімен шендістіре келе, өз сезімінің тереңдігін білдіре білген.

Екі ұғым да зат есім (бұлбұл) және сын есім мен зат есімнің тіркесуінен (қызыл гүл) жасалған.

Келесі қарастыратын өлең жодарында аспан мен өнер бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар ретінде алынып, табиғаттың тылсым күштерін адам, яғни көкке енді аэроплан ұшқандығын айтқан:

Жырлады аспанды өнер жеңгендігін,
Қойнына алтын бұлттың енгендін.
Ай мен күн, сансыз сәуле жұлдыздардың,
Жетуге құшағына сенгендігін [1, 113 б].

Екі ақынның поэзиясындағы шендестіруді қарастыра келе аңғарғанымыз – антитезаның көбі есім сөздерден, әсіресе зат есімдерден, бірен-саран етістіктерден жасалғанын көріп көріп отырмыз.

Жалпы, Мұқағали мен Сәкен лирикасындағы антитеза ойды жинақы, нақты әрі ұтымды таныту үшін, мән мәтіндік шендестіріклер арқылы ойдың нанымды етіп айтылуы үшін, үлкен бір ойды шеберлікпен жиыстырып, қарама-қарсы құбылыстарды әсерлі етіп, көркем жеткізу үшін қолданылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сейфуллин С. Аққудың айрылуы. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 б.
2. Мақатаев М. Аманат. – Алматы: Атамұра, 2002. – 304 б.

3. Нұрғожина Ш. Қазақ сөйлеу тіліндегі эмоционалды-экспрессивті лексика. – Алматы, 2005. – 45 б.
4. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
5. Мұхаметжанов Ш. Сөздердің ауыспалы мағынада қоланылуы. – Алматы: 1964. – 120 б.
6. Носкова А. Мұқағали Мақатаев өлендеріндегі синонимдік қайталамалар (анафора мен эпифора) тәсілдерінің қолданылуы. // Қазақ тілі мен әдебиеті № 9, 2004. – 109 б.
7. Тұрабаева Ғ. Окказиональные преобразования пословиц и поговорок. – Алматы: 1992. – 35 б.

ӘОЖ 12.456:85

ОҚУШЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫН БАСҚАРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Рыскелдіұлы А.

*Талдықорған политехникалық колледжі, Талдықорған қ.
aslanR85@mail.ru*

Мақалада дене тәрбиесі сабағында басқару технологиясының оқушы тұлғасын қалыптастырудағы ролі қарастырылады.

Кілттік сөздер: *личность ученика, дене тәрбиесі, басқару технологиясы.*

В статье рассматривается роль технологий управления в формировании личности ученика на уроке физкультуры.

Ключевые слова: *физическое воспитание, технология управления.*

Адам өмірінде басты орын өркениет дамуында қабылдауды қамтамасыз ететін педагогикалық қызметке арналған. Бұл мағынада адамзат қызметінің технологиясында басты рөлде педагогикалық технология болуы керек.

Белгілі болғандай, оқу үдерісінің қозғаушы күші білім беру үрдісінің қозғаушылары (таным) арасындағы танымдық және практикалық мәселелер мен білім деңгейі, білімділік және оқушылардың дағдылары арасындағы қарама-қайшылықтар болып табылады, бұл мәселе жағдай мен қалыпты мотивацияның қалыптасуын таңдау есебінен шешіледі.

Оқу үдерісін құрастыратын педагог білімі танымдық қарама-қайшылықтырды модельдеуге мүмкіндік береді, ал сосын олардың мүмкіндік жобалауымен педагогикалық технологияны алу, оқушының «қажеті, керегі» оның «өзі мен жасай аламынымен» сәйкес келуі керек.

Білім берудің оптимальды нұсқасын таңдау үшін басқару субъектілерінің өзара қатынасын ескерген жан, сондай-ақ жобаны бірлікте қарастыру керек, сонымен қатар мекемені, реттеуді яғни тәртіпті, кері байланысты, коррекцияны, нәтижелі жобалау мен әдістерін қайта құру, бұл педагогикалық технологияның педагогикалық үдерістің бөлшегі ретінде қалыптасуын негіздейді. Сонымен қатар, оқу үдерісінің ырғағы белсенділіктің өзгеруімен және мұғалім мен оқушылардың бастамаларына сәйкес үнемі өзгеріп отыруы тиіс.

Ырғақты басқару мақсатты және бірізді болуы керек. Оның мәні кеңістіктегі оқушылар мен оқытушылардың координациясында және уақыт аралығында олардың қызметінің еселенуіндегі кеңістіктік және уақыт сипаттамасының оптимизациясында аяқталады. Бұл мәселенің педагогикалық- профессионалдық және толық ашылуы білім беру технологиясын жобалауда рационалдық әдістерді өңдеу идеясына алып келеді.

Қазіргі кезде «педагогикалық технология» түсінігі көптеген педагогико-психологиялық зерттеулердің құралы болып табылады.

В.Т Беспальконың Педагогикалық технологиясы оның педагогикалық жүйенің [1] жобасы ретінде қарастырылады; сондай-ақ құрамына адамдарды, ойлар, құралдар мен оқу - тәрбиелік процесс үдерісін құру әдістерін қосатын интерактивті процесс [2].

Басқа жағынан қарастырғанда, педагогикалық технология оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қабылдаулары мен әдістерінің, тәсілдері мен құрамдарының бірлігі ретінде, білім беру үдерісіне қатысушыларының қызметін сипаттаудағы нормативтік объектіленген жүйе ретінде де қарастырылады (Н.Е. Щурикова, Л.И. Богомолова, А.П Савченко, М.А. Мартынович, Е.А. Осипова, В.Ю. Битнеков, Ф.А. Фрадкин және т.б.) [3;4].

Соған сәйкес білім беру үдерісінің технологиясы өзінің алғашқыда қойылған мақсаттарды ретке келтіру үшін өзінің барысында қызмет ету мүмкіндігін, мазмұнын, қызмет субъектілерінің өзара қатынас әдістерін құруы керек (Т.М. Давыденко). Г.А.Кручинина педагогикалық үдеріс технологияларының белгілерін анықтады: [5]

педагог қызметіндегі мақсатқа негізделген, конструктивті, ұйымдастырушылық және орындаушылық қызметтерінің бірігуі;

мұғалімнің және қасиеттерінен тәуелсіз вариативтіліктің жоғары деңгейі, өзара қатынастардың жағдайы, жеке оқушылар мен топтың жеке ерекшеліктері, осылайша кез-келген білім беру технологиясының негізінде белгілі бір қызмет жүйесі жатыр.

технологияны өндеуде жобаланған әсерге қол жеткізу үшін талаптардың толық қатарын есепке алған жан, сондай-ақ шектеулерді де естен шығармау керек:

технологиялардың, оны іске асыратын білім беру үдерісіне қатысушылардың қызығушылықтарына сай болуы керек:

технологияны іске асу барысында пайда болатын жанама әсерлерді бағалау мен жобалау. оларға өзгерістер мен т.б. енгізудің мүмкіндіктерін бағалау [6].

Басқару технологиясы даму принципіне негізделуі керек, физикалық тәрбие беру процесіне үлкен сынып оқушыларының сатылай және бірізділікпен көшуіне дайындау.

Жоғарғы сынып оқушыларының дене тәрбиесі мәдениеті сабағына қатысуы тұлғаны қалыптастырудың бақылау технологиясы төмендегі теориялық негіздерге сүйенеді:

Басқару технологиясы өзінше дене тәрбиесі мәдениеті мұғалімінің педагогикалық жобасын байқатады, олармен шешілетін кәсіби қызметтер мен мәселелер жүйесі б.т., ал бұл өте қажет;

нақты жұмыс мәселелерін терең көрсету концептуальдық моделге сай келеді;

ағымдық және қорытынды нәтижелерді анықтау;

жоғарғы сынып оқушысының дене тәрбиесі мәдениеті сабағына қатысуының қалыптастыру процесін бақылау процедурасын сипаттау;

2. Жоғарғы сынып оқушыларының осы сабаққа бағытталуының жүйесі дене тәрбиесі мәдениеті сабағының кәсіби мұғалімінің қызметіне ауысу жүйесінің технологиясын бере

3. Басқару технологиясы оқушыларды сол мезеттік нәтижеге жетуге бейімдейді.

Кез келген технологиялық процестердің жобалау логикасы оның сипатынан тыс, төмендегі кезеңдерден тұрады:

- қорытынды белгілерді таңдау, оның қажетінің және талаптарының (дайын өнім сапасына) деңгейін орнату;

- процеске әсер ету құрамдары мен әдістерін таңдау;

- кеңістік пен уақыттағы технологиялық операциялардың құрылымын өндеу;

- процесс барысын бақылау және берілген жағдайда оқу процесінің өндіріс нәтижесінің сапасын анықтау.

Белгілі болғандай оқытудың нәтижесі оқушысының нақты, мақсатты психикалық жағдайының өзгеруі, белгілі бір білім деңгейінде, дағдыда, тәрбие мен дамуда өзінің жеткен жетістіктерін көрсету оқудың нәтижесі болып табылады. Егер педагогикалық үдеріске технологияның алуан түрлілігі секілді қарайтын болсақ, онда ол үдерісте оқытудың нәтижелерін одан ары анықтау мен өзгеруіне байланысты қызметтер қарастырылуы тиіс. [1]. Сонымен қатар, педагогикалық технологияны жобалаудың басты мәселелері төмендегілер болып табылады:

- оқытудың диагностикалық мақсаттарын қою;
- уақыт пен кеңістікте оқу үдерісінің технологиялық операцияларының бірізділігін жоспарлау;
- оқыту сапасының бағалық критерияларын өңдеу;
- ретке келтірілетін параметрлер арқылы, объектінің жағдайын кешенді сипаттау арқыла танымдық қызметті басқару [7].

Жекеленген блоктардың қысқаша сипаттамасын берейік:

Мәселелер блогы. Жалпы мемлекеттік білім беру мәселесін талдау негізінде және дене тәрбиесі мәдениеті сабағына қатысуға қалыпты бағыттағы жоғары сынып оқушыларын дайындаудағы жеке-дидактикалық мақсаттар іске асуы, сондай-ақ жоғары сынып оқушыларының дене тәрбиесі мәдениеті сабағына деген тұлғалық бағыттылығын қалыптастыруды бақылау үшін оқу-дайындалу мамандырылуын таңдау еркін беру.

Мазмұндық блогы: Мазмұн блогында жалпы педагогикалық және дидактикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін оқу материалын таңдау жұмыстары жүргізіледі. Оқу элементтерін таңдаған соң жұмыс бағдарламасын құру керек.

Педагогикалық технологияның мазмұны педагогикалық коммуникация құралы болып табылады, оның құрамына әдістер ұйымдастырылған формалар және жоғары сыныптағылардың тұлғалық бағытын қалыптастыру құралы кіреді.

Әдістемелік оқыту блогында оқу сабақтарында мақсаттарды байланыстыру болады, яғни мұғалім мен оқушының қатынасы аясында қарастырылады.

Педагогикалық технологияларды жобалау кезінде әдістемелік материал оқу және оқыту технологиясына бөлінеді. Оқу технологиясының мазмұнында оқушыларға мағлұматтар сақталған, яғни қайда жазылған, не істеу керек, қашан және қалай жасау керек, өзі жұмысының диагностикасын қалай жасау керек, сол жазылған.

Бақылау блогы оқушымен кері байланысты жүзеге асыруға яғни білім беру үдерісінің жүруі және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге арналған.

Бақылау нәтижелері туралы ақпараттар коррекция блогындағы жоғары сынып оқушыларының тұлғалық бағытын қалыптастыруға әсер етудің басқару шараларын өңдеу үшін қолданылады.

Осылайша, жоспарланған нәтижеге жету үшін ұйымдастырушылық процесті күшейте отырып, педагогикалық технологияның барлық блоктарын басқаруға мүмкіндік туады.

Педагогикалық технологияны жобалаудың әр көрсетілген блоктарын өзіндік логикасы мен ерекшеліктері болады. Сондай-ақ олар бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірін анықтап толықтырып отырады.

Ұтымды сабақ беру үшін және кестедегі нәтижеге қол жеткізу үшін мұғалімге жоспарланған жоғары сынып оқушыларының бағытын іске асыруда педагогикалық технологиялардың негізін иеленуі керек:

- оқушылардың тұлғалық бағыттылығын қалыптастырудың жоғарғы мәселесін анықтай білу керек.

Оқушының тұлғасын қалыптастыруда педагогикалық әсерлердің мүмкіндігін білу керек. Олар мыналар:

1. Пәнін жетік білу	
Оқушыларының денсаулық жағдайын зерттеу; <ul style="list-style-type: none"> • Оқушылардың физикалық дайындық деңгейін анықтау • Жоғары сыныптағылардың дене тәрбиесі мәдениеті сабағына қатынасын анықтау; • Қатысушылардың бейімі мен қызығушылығын анықтау • Темпераментін анықтау • Мектеп оқушыларын 	анықтау <ul style="list-style-type: none"> • Өзінің физикалық дайындық деңгейін анықтау • Дене шынықтыру сабағына өзінің қатынасын анықтау

<p>физикалық жағдай мен арадағы байланыс жайлы, оқу жетістіктер мен дене тәрбиесі мәдениеті сабағы арасындағы байланыс жайлы түсіндіру</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жоғары сыныптағылардың барлық ынта - жігерін дене шынықтыру мәдениеті сабағына қатысуға дайындалуға бағыттауға мүмкіндік беретін алдыңғы қатарлы ойларды бөліп алу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Өз темпераментін анықтау • Өзінің физикалық жағдайы мен дене шынықтыру сабағы және оқу жетістіктері арасындағы байланысты түсіну • Оқушыларға оқу - жаттығу мамандығын таңдау.
<p>2. Жобалаушылық кезең</p>	
<p>Оқу - жаттығу сабағының мазмұнын жоспарлау (ілім, ақыл, дағды және дене шынықтыру мәдениетіне деген құнды қатынас)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Өзара қатынастың жалпы принциптерін өңдеу • Сабақ кестесін анықтау • Нақты нәтижеге жету үшін барлық қызметті жоспарлау. (Жоғары сынып оқушылары бойында тұлға бағыттылығын қалыптастыру) 	<ul style="list-style-type: none"> • Өзара қатынастың жалпы принциптерін өңдеу • Сабақ кестесін анықтау • Бағалау критерийін өңдеу • Оқу - жаттығу арқылы өз қызметін жоспарлау
<p>3. Ұйымдастырушылық кезең</p>	
<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылардың оқу - жаттығу мамандығын таңдаумен байланысты дене шынықтыру мәдениеті сабағын өткізу мен ұйымдастыру • Дене тәрбиесі мәдениетінің тұлғалық тануын қалыптастыру үшін жұмыс әдістері мен формасын, мазмұнын таңдау. • Сабақтың мазмұнындағы жүйелік, қабылдаушылық және үздіксіздік • Физикалық мүмкіндіктер есебінен сабақты ұйымдастыру, қызығушылық пен жоғары сынып оқушыларының икемділігін қалыптастыру (жеке және топтық тапсырмаларды қолдану) • Оқушыларға сабақтың тек қана тақырыбын түсіндіріп қана қоймай, сондай - ақ оның қызметінің ұйымдастырылуын да айту керек. • Сабақ кезінде жұмысқа деген эмоционалдық бағытын қалыптастыру • Оқушылардың дене шынықтыру сабағында белсенді қызметін қалыптастыру • Әрбір жоғары сынып оқушысы үшін жетістіктің жағдайын қалыптастыру 	<ul style="list-style-type: none"> • Сабақ кезінде қалыпты эмоционалдық қалыпты құру.
<p>4. Бақылаушы кезең</p>	
<ul style="list-style-type: none"> • Оқушының қызмет нәтижесін бақылау 	<ul style="list-style-type: none"> • Өз қызметінің нәтижесін өзіндік бақылау

• Бағыттылықтың қалыптасуының деңгейін бағалау	• Бағыттылықтың қалыптасуының деңгейінің өзіндік бағасы • Өзара бақылау
5. Талдау кезеңі	
• Алған мағлұматтарды талдауы	• Өзіндік талдау жасау
6. Түзету кезеңі	
• Алынған мағлұматтар негізінде қызметті түзету	• Оқу - жаттықтыру режиміндегі сабақта өзінің қызметін толықтыру.

Қорытындылай келгенде, әлеуметтік факторлар жоғары сынып оқушыларының көңіл күйлеріне, әлеуметтік-психологиялық ортасына, әлеуметтік атмосфераға ықпал жасайды, сондықтан оларды дене шынықтыру сабақтарында жоғары сынып оқушы тұлғасын қалыптастыру барысында әрқашан есептеу қажет. Сонымен қатар, дене шынықтыру сабақтарында жоғары сынып оқушы тұлғасының қалыптасуына келесідей үш топқа бөлінген педагогикалық факторлар негізгі ықпал жасайды:

- факторлардың мазмұнды-мақсатты тобы жоғары сынып оқушыларды дене шынықтырумен шұғылданудың дайындығына барлық іс-әрекетін бағыттауға мүмкіндік беретін негізгі идеяларды белгілеуі, дене шынықтырудың тәрбиелік мақсаттарын анықтауымен байланысты;

- факторлардың ұйымдастыру-процессуалды тобына спорттық және денсаулықты сақтау әрекеттерді жоспарлауы, жоғары сынып оқушыларының дене шынықтырумен шұғылдануы үшін дайындық жағдайын зерттеу, дене шынықтыру сабақтарында жоғары сынып оқушы тұлғасын қалыптастыру бағалауын анықтауы кіреді;

- факторлардың операциялды-технологиялық тобы жоспарлардың, жаттықтырушының талаптарының іске асуымен, жарыстарды өткізуімен, жүйелік спорттық дайындығымен байланысты.

Сонымен, дене шынықтыру сабақтарында жоғары сынып оқушы тұлғасын қалыптастырудың әдістемелік негіздері экспериментті бастауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технология. - М.: Педагогика, 1989. - 192 с.
2. Давыденко Т.М. Рефлексивное управление школой: теория и практика. М.: 1995. - 250 с.
3. Исаев И.Ф. Теоретические основы формирования профессионально педагогической культуры преподавателя высшей школы: Дис.ра пед. наук. - М. 1993. - 468 с.
4. Гузеев В.В. От методик - к образовательной технологии. // Народное Образование. - 1988. - №7. с. 84-91.
5. Кручина Г.А. Готовность учителя к использованию новых информационных технологии обучения (теоретические основы, экспериментальные исследования). Монография. - 1996. - 85 с.
6. Чернова Ю.К. Основы проектирования педагогических технологии в Техническом ВУЗе. - Тольятти. 1992. - 121 с.
7. Щуркова Н.Е., Питюков В.Ю., Савченко А.П., и др. Новые технологии Воспитательного процесса. - М.: Новая школа. 1994. - 111 с.

ӘОЖ 894.342.950(574)

Б.МАЙЛИННИҢ «ТҰҢҒЫШ ҚҰРБАН» МАҚАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҰЛЫҚТАЛУЫ

Рысмахан А., Айтбаева А.Е

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Тәуелсіздік – сан буын бабалардың қасиетті жерлерін қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өлімі. Намысын көкпар қылып,, Арманын шоқпар қылған әрбір жас буынның жүрегіне Отан-анаға деген сүйіспеншілікті арттыратын қазақ деп аталатын ұл мен қызының ерлігі. Толғауы терең тәуелсіздікке қол жеткізу жолында Алаш қайраткерлерінің үлесі мол болатын. . Ұлт мүддесін қорғаған ардақтыларымыз Ә.Бөкейхан, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, С.Садуақасов, І.Жансүгіров, Б.Майлиндердің еңбектері қызметкер тұлғаны емес, қайраткер тұлғаны қалыптастырғаны дәлелдеуді қажет етпейді.

Кілттік сөздер: ата-бабаларымыз, қайраткер тұлға, қаны мен тер, Алашорда үкіметі.

Тарих қойнауына тереңдеп, өткен ғасырларға көз жүгіртсек, ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздік жолындағы тар жол тайғақ кешуге толы тағдырларды байқаймыз. Толғауы терең тәуелсіздікке қол жеткізу жолында Алаш қайраткерлерінің үлесі мол болатын. 1917 жылғы желтоқсанның 3-5 аралығында алаш ұлдары, ұлтымыздың жоғын жоқтап, заман ағымын дұрыс болжай білген қазақ зиялылары елдікті ұран етіп, Орынбор қаласында қазақтың алғашқы Алашорда үкіметін құрды. Осы алғашқы үкіметтің ғұмыры қысқа болса да мыңдаған адамдардың санасына ой салды, болашақ тәуелсіздіктің негізін қалады. Кейін большевиктер бұл мемлекетті құлатқанымен, оның халық мүддесіне негізделген ұстанымдарымен келісуге мәжбүр болды. Бұл қатпары қалың тарихтың қойнауында жатқан деректің бірі ғана. Ал, топтап айтқанда сонау ақтабан шұбырынды жылдардан басталған ел басына қауіп төнген ауыр кезеңдерден бастап «Елім-айлаған», орыс отаршылдығына қарсы жүргізілген ұлт-азаттық көтерілістер, ХХ ғасыр басындағы зиялыларымыздың тәуелсіздікке деген ұмтылысы, тоталитарлық жүйенің нығаю тұсындағы наразылықтар мен көтерілістер, қазақ жастарының Желтоқсан көтерілісі және 90-жылдардың басындағы қызыл империяға қарсы ұлт республикаларының саяси күресі- осылардың бәрі ғасырларға созылған отаршылдықтан тәуелсіздікке жеткен баспалдақтар еді.

ХХ ғасыр басындағы Алаш ардақтыларының тәуелсіздікке, ұлттық мүддені қорғай білуге, салтымыз мен дәстүрімізді сақтап қалуға деген ұмтылысы олардың публицистикалық мақалаларында ерекше көрініс тапты. Ұлт мүддесін қорғаған ардақтыларымыз Ә.Бөкейхан, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, С.Садуақасов, І.Жансүгіров, Б.Майлиндердің еңбектері қызметкер тұлғаны емес, қайраткер тұлғаны қалыптастырғаны дәлелдеуді қажет етпейді. С.Мұқанов: «20-30 жылдардағы әдебиетіміздің бар саласында, журналистикада, баспа жұмысы дамуында Бейімбет басты роль атқарды. Иә, Б.Майлин белсенді қоғам қайраткері бола білді. Алып та асқаралы талант иесі. Жайсаң да жұмбақ суреткер.Туған әдебиетімізде М.Әуезовпен қатар тұрған құбылыс» [1.,85] деп оның шығармашылығына жоғары баға берсе, шынында да ол ұшқыр ойлы публицист ретінде артына жүзден астам очерк, алпыстан аса фельетон, елуден тарта мақала жазып қалдырған. Бейімбеттанушы ғалымдарымыз Т.Нұртазиннің, С.Ордалиевтің, Т.Бейісқұловтардың зерттеулеріне сүйенсек: «Б.Майлин жалынды да, жігерлі журналист, ұшқыр да үздік публицист»[2.,65]. Б.Майлин әрбір мақаласында ұлт мүддесін ұлықтады. Соның бірі Б.Майлиннің 1918 жылы наурызда «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Тұңғыш құрбан» мақаласы. Мақалада жалпы қазақ-қырғыз сиезінің қаулысы негізінде Семейде атты-жаяу милиция құрылғандығы сөз болады. Атқа мініп атойлаған, жаттығу жұмыстарын жасап жүрген , Ж.Аймауытов сөзін жазған «Ғаскер

маршыны» орындаған жас милициянерлердің яғни, сақтар мен ғұндардың ұрпағынан секем алған большевиктер: «Ойындарыңды тоқтатыңдар, мылтықтарыңды беріңдер» деп талап етеді. Оған біздің милиция - қорғаушыларымыз өз жүректерінде ұлт сақтаудан (Б.М) басқа ешкімге қастық қылатын ниеті болмаған соң, қарсы келмейді де, жаттығу ойындарын тоқтатпаған. Ертесіне таңертеңгі сағат тоғыздар шамасында Алаш қаласында мылтықсыз ойнап жатқан атты қорғаушылардың жанына 10-15 солдат келіп, еш себепсіз мылтықтарынан бір-екі рет оқ жаудырады. Ешкімге оқ тимейді. Мылтық дауысы шыққан соң, бірлі-жарым жігіттер қаша бастаған соң, милиция бастығы, оқытушылар семинариясының шәкірті Қазы Нұрмұхамбетұлы жігіттерге айқайлап: «Жазықсыз өлсек өлейік. Қайда қашасыңдар?» деп орнынан қозғалмай тұрып қалады. Сол мезетте оқ үсті-үстіне атылып, Қазының жүрегінен оқ иіп, бірден жан тапсырады. Б.Майлин осы оқиғаны баяндай келе, қабір басында болып, құран оқылғаннан кейін Шәкәрім қажының сөзін түгел береді: «Әлеумет! Мына жатқан кім? Білесіңдер ме? Бұл ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демеңдер, бұл өлген жоқ. Бұл бүгінгі және мұнан соңғы «Ұлтым» деген азаматтар, мына мен сияқты болып, «Ұлтым» дендер деп, өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, ісімен көрсетті. Марқұмның аты да Қазы еді. «Қазы»- би » деген сөз. Қазы билігін айтып кетті. Қарағым, Қазы, өліміңе өкінбе! Арманың жоқ: Құдай алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек. Оқығандар! Жастар! Мыну жодастарыңды ұмыта көрмендер. Бір кішкентай қарашығы бар екен. Соны тәрбиелеп адам қылу, бәріңнің- барлық Алаштың мойнына парыз. Және өздерің де бұл оқиғаға қажымаңдар! Құдай тағала Алашқа шын ұл бергеніне бүгін ғана көзім жетті. Алпыс жасқа келгенде, мұндай ұлты үшін жанын қиып, құрбан болатын азаматты көрермін деген үмітім жоқ еді. Көрдім. Енді бүгін өлсем де арманым жоқ. Қарағым, Қазыжан! Қадіріңді біліп құрметтей алмасақ, кешу қыл, қош!» [2,21] деді.

Мен жиырмадамын. Ұлтым үшін әлі ештеңе жасадым дей алмаймын. Мақаланы оқи отырып, қалың ойға шомдым. Біраз деректерге қанықтым. Ұлты үшін күйген, өмірін арнай сүйген Қазыдай боз даланың боз үлегінде не арман бар? Ол Шәкәрім қажы айтқандай «Құдайдың алдында да, адамның алдында да орны биікте». Алаш үшін шын ұл бергеніне Тәңірісіне мың рахмет арнаған Шәкәрім де, оның қамал бұзар сөзі де мені қатты тебірентті. Қазы туралы білген үстіне білгім келе түсті. Оның өмір дерегін де көрсеткен. Семей қаласының Алаш аталғанын да осы мақаланы жазу үстінде білгендігімді жасырмаймын. Менің елім Елбасы Н.Назарбаев айтқандай «Сыр –Алаштың анасы» атанған қасиетті мекен. Қорқыттай дана абыз жатқан киелі өлке. Семей- қазақтың «шын ұлы» атанған Алаш ұлдарының тұңғышы өмірге келген Қазы Нұрмұқамбетұлының, ұлы Абай мен Шәкәрімнің, Әлихан мен Мұхтардың туған елі. «Қазы Нұрмұқамбетұлы Семей уезі, Еңірекей болысында, Сыбан деген рудан еді. Жасынан кедейлікпен алысып, өз талабымен оқыған. Семейден екі класты семинарияны бітіріп, бала оқытады. Ұлт тілегін зор көріп, бірге оқып жүрген жолдастарымен милицияға жазылады. Қыс ортасынан бері атты милицияны басқарушы еді. Марқұм ақ көңіл, талапкер, жігерлі, ұлтшыл жас еді. Ұлтшылдығын көрсетті, ұлтының жолында жанын құрбан қылды. Жасаған есесін толтырып, кейінгі жастардан орынбасар шығарсын... Алаш аман болса, бұл тұңғыш құрбан ұмытылмас, тарихта аты қалар. Біз бұдан үлгі алып, жүрегімізді соның жүрегіндей қылуымыз керек. Рухың шат болсын, шейіт болған Алаштың бір баласы! Біз сенің ізінде. Қош жолдасым!»[1.,24]. Қазы досының өмір дерегін беру тұсында Б.Майлин «ұлтым», «Алаш ұлы», «ұлтшылдығын көрсетті», «ұлтының жолында», «ұлтшыл жас», «ұлт тілегін зор көріп», «Алаш аман болса», «Алаштың бір баласы» деген тіркестерді қолдану арқылы өзі де ұлт мүддесі жолында құрбан болуға дайын Алаштың ардақтысы екендігін оқырманына ашықтан-ашық білдіреді. Бірге оқыған досы Ж.Аймауытов: «Ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің. Кеудеңде бір-ақ арманың кетті. Ешкімге оқ атып, қылыш суыра алмай, жазықсыз оққа ұштың. Тым болмаса ұлтыңның бақытының шетін көре алмай кеттің. Қош бауырым, жолдасым, қош!»[2.,26] деп қоштасқан. Мені ойландырған сұрақ: «Тым болмаса ұлтыңның бақытының шетін көре алмай кеттің». Жауабын да таптым. XX ғасырдың басында Тәуелсіздіктің жолында шейіт болғандардың бірі, тұңғыш құрбан Қ.Нұрмұхамбетовке арнау өлеңінде Міржақып ақын:

Мынау кім жатқан элеумет, // Жас қабірді жамылып
Мұнша ардақты кім еді // Тұрсындар бәрің жабығып
Бусанып жатқан жас қабір // Иесін бұның айтайын
Мақсұтты ұлттың жолына // Туын ұстап қолына,
Жас өмірін пида еткен // Жар-жолдасын күйзелткен
Алаштың адал баласы // Армансыз өлген данасы
Жүректен жалғыз оқ тиген // Жаза баспай дөп тиген
Алаштың бұл құрбаны // Аяулы жолдас, Қазы жас
Қош бауырым, жолдасым! // Армансыз сенің өз басың
Қабыл болып құрбаны // Алашты Құдай оңдасын! [3] деп жырлады.

Ақын отаршылдардың тәуелсіздікті оңай бере қоймайтындығын, бақытын бағалай білген қазаққа тәуелсіздік ұлы ұғым болғандығын түйсіндіреді. Барды бағалай білген жас ұрпаққа ұлы мұрат жолында ұлылыққа жету оңай емес екендігін ақын зор тебіреніспен жырлаған. Аты шулы оқиға жиырмадан енді асқан Қазының отбасына, ел-жұртына қаншама қасірет әкелді. Бірақ та оның өлімі кейінгі ұрпаққа мәңгі үлгі болып қалды.

Кешегі 1986 жылғы қанды қырғын есімізде. Тәуелсіздігіміз жолында қаншама боздақтарымыздың қаны судай ақты. Қаншама жас қыршын жазықсыз қуғындалды, сотталды, түрмеде қандыбалақ жауыздардың қолынан мерт болды. Өз балаларын жерлеп, арулап қоймақ, жоқтау түгіл, іздеуге тыйым салынды. Қанды оқиғаның атын естігенде халық шошып оянатын халге жетті. Әрине, бүгінгі жастарымыз осы тәуелсіздікке қалай жеткенімізді, «Желтоқсан- саяси бағасын ала алмаған ұлттық қозғалыс», «бұл тарихи оқиға» деп айтылып жүрген көтерілістің неден басталғанын, нәтижесінде не өзгеріс болғанын білуге тиіс. Қазақстанды басқаруға келген Колбиннің бірінші хатшы болып сайлануына наразылық білдіріп, шеруге шыққан аңғал қазақ жастарын аяусыз, айуандықпен жаншыған қызыл империяның қырғыны әлі күнге көз көргендердің көз алдында. Тек қарғыс пен лағынеттен басқа айтар сөз жоқ. Желтоқсанда Қазақ автономиясы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына айналды. Толықтай тәуелсіз болмаса да, көрші Түркімен, Қырғыз, Өзбек және одақ құрамына енген өзге де республикалармен иық тірестіріп тең тұрды. Тәуелсіздіктің жолында шейіт болғандардың соңғы өкілдері -1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан қазақ жастары болатын. Намыс оты жаныған жастар Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Лаззат Асанова, Сабира Мұхамбетжанова өздері мерт болғанымен, олар көтерген жалауларын ешкім құлата алған жоқ.

XX ғасырдың басы мен соңғы ширегіндегі азаттық үшін күрескен құрбандарды еске ала отырып, олардың ерлік істері тарихи оқиғалар еншісіне тиген, талай жүректерге от лаулатқан халқымыз үшін аса маңызды тарихи оқиғалар еншісіне тиген, қазақ тағдырындағы маңызды шешімдерді, сындарлы қадамдарды, ұлы оқиғаларды еншілеген тарихи сәттердің сабақтастығы деп білеміз.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіздік –сан буын бабалардың қасиетті жерлерін қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өлшемі. Намысын көкпар қылып,, Арманын шоқпар қылған әрбір жас буынның жүрегіне Отан-анаға деген сүйіспеншілікті арттыратын қазақ деп аталатын ұл мен қызының ерлігі. «Тұңғыш құрбан» - кеңес өкіметі жандайшаптарының қазақ жастарын қынадай қырғанын боямасыз көрсеткен, Тәуелсіздік толғауы ұрпақ жадында жаңғырып, тәуелсіз рухы әр қазақтың жүрегінде тербеле берсін деген ниеттен туған, тарихи мәні күн өткен сайын арта беретін Майлиннің мақаласы болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байменшин С. Тұңғыш құрбан. Б.Майлиннің белгісіз шығармалар жинағы. – Алматы: Рауан,1994.
2. Сарбалаев Б.Бейімбет Майлин.-Алматы: Мектеп,1988.
3. Дулатов М. Шығармалары. -Алматы: Жазушы,1991.-256 б.б.
4. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. А.,2009.-255б.

ӘОЖ 001.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ «ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУ» МЕМУАРЛЫҚ РОМАНЫНЫҢ БҰРМАЛАНУ СЕБЕПТЕРІ

Сабырова Б.Б., Мукашева Б.А.

«Текелі кәсіптік колледжі» МКҚК, Текелі қ.
bakytgul_71@mail.ru

«Менің кітаптарымның кемшілігін Маркс айтқандай, өзім де тым жақсы білем. Қанша кемшіліктері болғанмен еңбекші, жұмыскер таптың оқуына жараса, еңбегімнің еш болмағаны. «Дұшпанның жаны шыға жамандағанынан сөзімнің тәуір шыққандығын білдім» деп Калинин айтқандай, кейбір әуре «білімпаздардың» талақша тарсия жамандағандарынан кітабым тәуірлеу жазылған-ау деген қорытынды жасадым».

Сәкен Сейфуллин

XX ғасыр әдебиетіндегі дау-дамайлы күрделі мәселенің бірі – көрнекті қазақ-совет әдебиетінің негізін салушы, дауылпаз ақын Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романы.

1927 жылы Қызылорда қаласынан жеке кітап ретінде араб қарпімен жарық көрген алғашқы шығарылымынан кейін, 1936 жылы латын қарпімен шыққан екінші басылымы, 1960 жылы кириллица қарпімен шыққан үшінші, 1977 жылғы төртінші, 1988 жылғы бесінші нұсқаларын салыстырсақ, жер мен көктей айырмашылық бар екен. Ол қандай айырмашылықтар?

Романның әрбір нұсқасы неліктен өзгеше? Бұрмалану себебінің мәнісі қандай? Осындай сансыз ирілген сұрақ белгілерге қашан жауап береміз? Бұл роман төңірегіндегі теріс пікірлер әлі күнге дейін айтылып та, жазылып та жүр. Өткен жылдары бір әдебиеттанушының «Сәкен Сейфуллин – Алашорданың жауы болған» деген сыңайлы пікірін оқып қалғанбыз. Әсіресе, Сәкенді халыққа жеккөрінішті қылап отырған осы – тарихи мемуарлық романы сияқты. Сонда бұл роман халыққа несімен ұнамай отыр? Міне, басты сұрақ – осы.

Әуелі, роман жайында аз-маз айтып өтсем.

Бұл роман – сол кездегі қоғамдық - саяси өмірдің көркем шежіресі іспеттес тарихи тұрғыдан баяндалған мемуарлық шығарма. «Тар жол, тайғақ кешудің» жанрлық жағынан ерекшелігі де – тарихтағы өткен оқиғалардың нақты көрсетілуі, әрі оның көркем шығарма түрінде жазылуында. Басты кейіпкер – Сәкеннің өзі.

«Тар жол, тайғақ кешудің» алғашқы бөлімдері 1922 жылдан бастап «Қызыл Қазақстан» журналында жарық көрген.

Роман Омбы семинариасын бітірген Сәкен Сейфуллиннің Бұғылы еліне мұғалім болуынан, Ресейде өткен сынақ жұмысына араласуынан басталып, Әулиеатаға келіп, Шуда кеңес үкіметін құру сияқты саяси оқиғалармен аяқталады. Осы аралықта 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, төңкеріс кезеңі, ақ пен қызыл соғысы, түрлі партиялардың қызметтері, кеңес үкіметінің Ақмолада орнауы, Чехтар көтерілісі, Ақмоладағы кеңес үкіметінің құлап, өкімет мүшелерінің қолға түсуі, түрмедегі көрген азаптары т.б. суреттеледі.

Романның негізгі сюжеті – сол уақыттағы қазақ даласында болған ірі саяси оқиғалар. Мысалы, Г.Е.Львов пен А.Ф.Керенский басқарған Уақытша Үкімет, Алаш қайраткерлері құрған «Алашорда» ұлттық автономиясы, әр түрлі бағыттағы ұйымдардың құрылуы сияқты ірі тарихи оқиғалардың басы-қасында болған Сәкен Сейфуллин өзінің көргенін, білгенін тарихқа қалдыру үшін, Ұлы Қазан төңкерісінен бастап қағазға түсіріп, оны көлемді романға арқау етті. Жазушы тек тарихи оқиғаларды баяндап қоймай, сол кездегі әлеуметтік, саяси жайттарға тоқталып, тұрмыстық, этнографиялық ерекшеліктерді де көрсетеді. Роман сол мезетте-ақ, өз алдына жеке кітап болып баспадан шығып, оқырманымен қауышты. Ол уақытта барлық Алаш қайраткерлерінің көзі тірі еді.

1937 жылғы зұлматтан кейін Сәкенді, дұрысы, оның «Тар жол, тайғақ кешуін» кінәлайтындардың қатары көбейді. Себебі, НКВД-ның қызыл қырғынды тирынан Сәкеннің де, басқа Алаш қайраткерлерінің де ғұмыры келте қайырылып, қыршын кеткен еді.

Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметі, партиялық наным-сенімі мен азаматтық көзқарасы хақында әркім әр түрлі пікірде. [3, 176.]

Біздің бұл жердегі айтпағымыз – «Тар жол, тайғақ кешу» романының әр жылдары шыққан нұсқалары. Бұл романның тарихи шындығы жайында сәкентанушы ғалымдар Тұрсынбек Кәкішұлы мен Күләш Садыққызы көп ізденіп, арнайы еңбек жазды. Осы орайда профессор Т.Кәкішұлының мына пікірін мысалға алсақ: «XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалардың энциклопедиялық анықтамасы болған роман-эссенің тарих пен әдебиеттің бел қайыстырар ауыр жүгін қосарлай арқалауы, құйынды да дауылды, шапағатты да қасіретті кезеңнің шежіресін жасап беруі Сәкен үшін ғана емес, бүкіл әдебиетіміз үшін орасан олжа. Өйткені ұлтымыздың тағдыры тәлкекке түскен 1916 жыл зобалаңының, 1917 жыл елді қаңсыратқан төңкерістің басы қасында қазақтың ойы толғамды, тілі өткір, қаламы жүйрік сөз зергерлері аз болған жоқ. Алайда солардың ішінен шыңға шыққан шынардай тек Сәкеннің ғана «Тар жол тайғақ кешуді» жазуы, бірінші уақыт талабы болса, екінші автордың қаһарман батылдығын, ұрпақ алдындағы адалдығын, әлеуметтік парызын мықтап сезгенін аңғартатыны сөзсіз» дейді. Яғни, бұл сөзден шығар түйін мынау – Сәкеннің аталмыш романында «Алашорда» ұлттық-территориялық автономиясының құрылуы және оның бағыт-бағдары жайында жазылған тұңғыш тарихи дерек осы. [1, 43б.]

Т.Кәкішұлы мен К.Садыққызы «Тар жол, тайғақ кешу» жайындағы «Тар жол, тайғақ кешудің» тағдыры» атты зерттеу еңбектерінде романның түпнұсқасы мен әр жылғы шығарылымы жайында және ондағы өзгешеліктер мәселесі туралы оң пікірлерін айтқан. Мәселен, К.Ахмет: «Өмірдің талай тар жол, тайғақ кешулерінде» Сәкен Сейфуллин «Алаш» азаматтарының ешқайсысын да жамандыққа қиған емес. Сотына қатысқан емес. Бұған оның «Тар жол, тайғақ кешу» романы (1927), сәкентанушы ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері нақты дәлел бола алмақ. Қаншама жан түршігерлік азапты бастан өткерген Сәкен еш уақытта ешкімді ашық та, бұғып та көрсетпеген» деп зобалаң жылдардың ақиқатын айтады [2].

Айта кететін жайт, биылғы жылдың ақпан айында Астана қаласындағы С.Сейфуллин музейі Ғылыми кеңесінің шешімімен «Сырсандық» сериясымен шығатын екінші кітап – Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының алғашқы нұсқасы мен әр жылдары шыққан нұсқаларына текстологиялық талдау жүргізіп, осы күнге дейін бұрмаланып келген жайттардың ақ-қарасын ажыратып, қазақ оқырманына ұсынды.

Он екі томдыққа «Тар жол тайғақ кешу» романы алғаш рет 1927 жылғы басылымымен берілді. Оның не ерекшелігі бар: мынау байшыл, ұлтшыл, алашордашылар дегенді құртуға, тұқыртуға үгіттеген адам Сәкен болып отырған сияқты боп көрінеді ғой қазіргі біздерге. Ал «Тар жол, тайғақ кешудің» 1927 жылғы жарияланған нұсқасында мұндай сөздер жоқтың қасы. Келесі жарияланған нұсқаларда қызыл цензура, лито білгенін істеп, тізеге басып, Сәкеннің аузына не секілді күлдібадам әшкерелегіш сөздерді салып жіберген тәрізді. Ал мына 1927 жылғы нұсқада «қазақтың оқығандары, қазақтың төрелері» деген сөздермен алашорда қайраткерлері туралы түсініктерін тұспалдап береді. Ал 1936 жылғысында байшыл, ұлтшылдар, алашордашылар дейтін терминдерді Сәкен өзі қолданды ма, жоқ литода отырған адамдар немесе редактор қолданды ма, ол әлі анықталмады.

Бұл жайлы С.Сейфуллин музейінің директоры, белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Несіпбек Айтұлы: – «Қарашаңырақта ұлы ақын Сәкеннің рухына арналған көптеген шаралар өтіп жатыр. Бүгін үш шара өткізейік деп отырмыз. Біріншісі – Сәкеннің фарфордан жасалған мүсінінің ашылу салтанаты. Екіншісі – «Тар жол, тайғақ кешу» романына текстологиялық талдау. Биыл үшінші жыл «Сыр сандық» сериясымен кітаптар шығарып жатырмыз. Бірінші кітап «Көргендердің көзімен, Сәкеннің салған ізімен» деген атаумен жарық көрді. Екінші кітапты Сәкенді зерттеуші ұлы ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы ағамыз туралы естеліктерді жинақтап, ол кісінің өмірден өткенінің бір жылдығы қарсаңында

шығардық. Одан кейінгі үшінші кітап «Тар жол, тайғақ кешудің» текстологиялық талдау кітабының бояуы әлі кепкен жоқ, кеше ғана қолымызға алдық. «Тар жол, тайғақ кешудің» алғашқы нұсқасы мен кейін баспа бетін көрген нұсқаларының арасында көптеген өзгерістер болған. Түпнұсқа мен кейін жарияланған кітаптардың арасында айырмашылық бар. Соны саралап, біздің ұжым айырмашылығын анықтады. Бір кітап болады деп ойлаған едік. Бір кітапқа сыймай қалды. Сондықтан жартысын биыл, кітаптың жалғасы «Сыр сандықтың» төртінші кітабы болып келесі жылы шығады», [4] - деген еді.

Бұл – ғылыми маңызы зор жоба. Маңызы сол – осы күнге дейін «Сәкенді Алашорданың жауы», «сатқын», «романда өзін-өзі мадақтап, Алашты сынаған» деген сыңайлы қысыр сөздерге текстологиялық талдаудың көңілге қонымды жауабы берілді. Бұны – ұжымдық монографиялық зерттеу еңбегі деп қабылдау керекпіз. Себебі, әр жылдары шыққан нұсқалармен қатар 1922 жылдан бастап «Қызыл Қазақстан» журналында жарық көрген үзінділері де текстологиялық талдаудың негізгі нысаны болмақ.

Қорытынды:

Текстологиялық талдау жұмысы дегеніміз – асқан ыждағаттылық пен қырағылықты талап ететін, немқұрайлы, салғырт қарауға болмайтын мәселе. «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесінің бұрмалану себебі – 1927 жылдан кейінгі нұсқасына (1936 жыл, латын қарпімен жарық көрген екінші басылымы) автор өзі редакциялық жұмыс жасап, толықтырған. Ал, қалған жылдардағы нұсқаларына лито тарапынан «толықтыру» жұмыстары жүрген. Өйткені, социалистік идеологияның «қайшы» цензурасы – «Алашорда» автономиясының тарихта болмаған, құрылмаған қылып көрсетуді, қазақты надан, оқымаған халық деп ұғынған және осы жолда кейінгі қазақ буынын сауатсыз, надан етуге аянбай еңбек еткен. Бұрмаланып, өзгерудегі бар мәселе – осы.

Ақбоз атты құлатқан – жала-керме,

Магаданға мола іздеп бара берме.

Сәкен деген – халқымның рухы ғой,

Рухтарды көмбейді қара жерге! - деп Алаштың ақберен ақыны Ғалым Жайлыбай айтпақшы, Сәкен – қазақ халқының көгінде мәңгі жарқырап тұра беретін жарық жұлдыздарымыздың бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кәкішев Т. «Сәкен Сейфуллин» 1997ж.
2. Ахмет К. С. «Тар жол, тайғақ кешудегі тарихи тұлға және көркем бейне»
3. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. 1973ж.
4. Айтұлы Н. Сәкен туралы сөз

ӘОЖ 001.894.

С. СЕЙФУЛЛИННИҢ «СЫР САНДЫҚ» ӨЛЕҢІНДЕГІ НАҒЫЗ ДОСҚА ТӘН ҚАСИЕТТЕР

Сағынған Н.Б., Жанбершиева Ұ.Н.

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.,
nazerke.berikkyzy@mail.ru*

Сәкеннің асқан дарындылығын, ақындығын Ғабит Мүсірепов: «Тұла бойы тұнып тұрған ақындық еді, қара тырнағына шейін ақындық үшін жаратылған. Сәкен қазақ совет әдебиетінің негізін бірден-бір қалаушы, көшбасшысы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атқарған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді», - деп бағалаған. Қазақ поэзиясының дүлдүлі Сәкен атамыздың ғасырға бергісіз асыл мұралары адам баласына қуат беріп, ізгілікке, жақсылыққа шақырып, содан сая табуға үндейді. Сәкен Сейфуллин мұрасы –

бүкіл қазақ мақтанышы. Мұхтар Әуезов сөзімен айтсақ: «Сәкеннің ақындық асуларында әр жотадан атой бергендей тәкәппар сөз үндері «жабы емеспіз, тұлпармыз», «құлады емес, сұңқармыз» деп бұрынғы өткен тарихқа, бүгінгі ояңған табына дабыл ұрады.» - дегендей оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын ашық. Тұтас бітімді жоталы тұлғадан туатын көрнекті бүтіндігі бар сезімдер. Оның шыншылдығы қозып, жанып отыратын, буы білініп тұрған барынша нық сезім. Шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан мұның жолы әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдиды бар, өрі бар шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақын жолы. Тегінде мағыналы, өрісті, көш бастар, белге шығар үлкен еңбек туса, осындай қайнар көзден шығуға лайық». Бұл пікірден Сәкен Сейфуллиннің ақындық қасиетін ерекшелігін аңғарамыз.

Біз сөз еткелі отырған Сәкен Сейфуллиннің көңіл-күй лирикасына жататын «Сыр сандық» өлеңі - достық пен ар тазалығы жырлаған өлең. Қазақ поэзиясында достық, сырластық, адамгершілік ізгі қасиеттерді жырлаған өлеңдер баршылық. Десек те, С.Сейфуллин «сыр сандық» өлеңінде ешкімді қайталамай, өзінше тапқырлық танытқан. Өзінге ой-тұжырым жасап, ұрпаққа өнеге берген. «Жаман дос –көлеңке, басыңа бақ қонса, қашып құтыла алмайсың, Басыңа бұлт төнсе, іздеп таба алмайсың», - деп халық даналығында айтқандай ақын өлеңде, басынан өткен бір жайдан хабар беретіні анық. Өлеңнің негізгі идеясы адамдар арасындағы жарастық, достықты көрсету. Адал дос қана сырды ашып, кілтін табады. Сыр сандық – күй сандық, оның пенесін басу тек адам жанын түсіне білетін достар деп ой түйген.

Әр адамның рухани дүниесі сыр сандықта жатады. Оны тек терең ұғынған адал достар ғана аша алады деп тұжырым жасайды.

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым,
Сым пернені басып қара,
Басып қара, жырласын, -

деп адал дос іздейді. Сол адал дос пен жалған достың бейнесін көзге елестетеді.

Қолыңда дүние болса, қасыңнан шықпайтын, жоқ болса жалт беретін достарды өлеңде:

Шырқ айналар шіркін, тауық,
Жемің болса қолыңда.
Қайдағысы сені тауып,
Топырлайды жолыңда, -
деп шынайы суреттейді.

Адам өмірінде әр түрлі жағдайлар болады десек, Сәкен тұрақсыз досқа қарама-қарсы үлгі тұтатын, идеал етіп ұсынатын адамды көрсетеді. Ақын өлеңде сырға берік, айнамс, сертке тұрақты шын дос болатын адамды суреттейді. Өлеңді оқып отырып нағыз дос жан сырыңа үңіліп, сол сырдың кілтін табабын болса ғой деп армандадым. Кім болса да сырласарлық дос іздейді емес пе?

Достық, сырластық – адамгершілік ізгі қасиет. Олай болса, достың жан сырын терең ұғынатын кіршіксіз адал достар әркәмге де керек. Кейбір дос болып жүріп, сыртыңнан өсекке таңатын, реті келсе дұшпандық әрекетке баратындардан басқаларды алшақтатып, сақтандыру қажет сияқты. Адам шын дос пен жалған достық ажырата білсе, жан сырыңды сол ғана ұғып, сырыңды ашып, сандық кілтін табады деп ойлаймын. Менің пайымдауымша, Сәкен ақынның «Сыр сандық» өлеңінде тұрақсыз, жалған досқа қарсы үлгі боларлық сертке берік, сырға табанды шын достарды іздегені көрініп тұр. Іздеп қана қоймай сыр шертетін достық қасиетін де көрсетіп береді.

Академик С.Қирабаев: «Өлең – көркемдігі жағынан да сәкен поэзиясындағы елеулі туынды. Өлеңнің қайталанып келетін жолдары мен сөз тізбектері ақын ойын нақтылап, анықтай тусумен бірге, шығармаға көркемдік, ойнақылық береді».

«Сыр сандық» - сезімтал, сұлу да сырбаз, ізгілікті сүйген, серт-мұратқа берік, адал ақын жанының айнасы іспетті өлең. Сеніскен досқа жазған хат үлгісіндегі сыр ашу өлеңінде

ақын адам жанын берік қоймаға балайды. Ол қойманың кілті құз-қияда, оны ашу адал достың ғана қолынан келмек. Ақын жан сырынды түсінер, сен үшін отқа да, суға да түсер нағыз дос пен бейне жем іздеген тауықтай керегінде сені шырқ айналып төңіректтейтін, ал басына бұлт үйірілсе жалт бертін жалған досты салыстыра қат ар алып, осы арқылы ізгілік пен пасықтықтың ара салмағын пайымдаған. Шіркін, осындай достарым болса ғой деп мен де арман жетегіне еріп, қиялдың тұлпарын міндім.

Нағыз достар сыр ақтарып,
Бірақ қалып, шыңдап барып сүйіскен,
Сол қойманың бір түкпірін,
Достың досы ақтарған, -

деген жолдардан ақынның ішкі сыры аңғарылып тұр. Сыр ақтатар досты «Сыр сандықтың» ішінен тап деуінің өзі өмір шындығынан алынған демекпін. Ақын тұдырымды ойларын өзінің жан сыры арқылы береді. Сол сырдың кілтін табуға көбірек үңілген сияқты.

Күй шертуге анда-санда,
Сырласарлық дос керек.
Кейде ашуға сол түкпірді,
Сыр түйіскен жан керек, -

деп ақын көңіл-күйін шертетін, ішкі сырынды ашатын, түсінетін адал досты аңсағаны байқалады.

Шынында да:

Сарыарқаның бір тауы бар,
Бір тауы бар сымбатты.
Сол таудан сен сыр тауып ал,
Сыр тауып ал, қымбаттым, –

деп ырғағы мен ұйқасы бірдей қайталанып, үндесіп те, үйлесіп те тұрған ойнақы тармақтарда бір оқығанда-ақ жадында жатталып қалар ғажайып сикыр, көркемдік келісім бар. Бұл, әрине, ақынның шеберлігі.

Өлеңнің түйіні іспетті мына жолдарда ақынның келер ұрпаққа өнегелік тағылымы жатыр.

Сөзім сыла, тыңда досым,
Тыңда досым, тыңдап ал.
Бір сандық бар ол сандықта
Ол сандықта бір сандық
Сырдың кілті қол сандықта
Сол сандықта сыр сандық.
С.Сейфуллин бұл тақырыпқа неліктен қызықты?

Бұл жерде ақынды қызықтырған нәрсе өзінің ақындық мақсатын неғұрлым тиімді жеткізу деп қараған. Міне, С.Сейфуллиннің өлеңді жасаудағы суреткерлік мақсаты осы болатын. Ақынның «Сыр сандық» туындысын оқу арқылы, кім болса да өзінің жүрегіне терең бойлап, көңілінен сыр сандық іздері анық. Кез-келген адамның сыр сандығы болады. Бірақ, сыр сандықты кез-келген адамға ашуға болмайтынын да ескерте кеткен жөн. Өлең жолдары арқылы адамның жан-дүниесінің ішкі астарын, сезімінің, көңілінің нәзік қылын шерте білгенін байқаймыз.

Достық деген кең ұғым болса, соның сырын жарқырата ашу, оның мәнін айқындай түсу үшін керек болған. Атыңнан айналайын, Сәкен аға, осыншама адал досты табу, сырласар жанды іздеуде сіз айтқан ойлар сірә естен шықпайды!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сейфуллин С. Аққудың айырылуы. Өлеңдер мен поэма, әңгімелер мен повесть. – Алматы: Атамұра, 2003.-224 бет.
2. Сейфуллин С. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Мектеп, 1983.- 198 бет.
3. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. – Алматы, Жазушы, 1974.-432 бет.

4. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин (семинарий). – Алматы, Мектеп, 1982.-123 бет.
5. Сейфуллин С. Шығармалар. 6 томдық. 1-том. – Алматы. 1986.-88 бет.
6. Кәкішов Т. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы : Қазығұрт, 2010

ӘОЖ 001.894

СӘКЕН – ӘДЕБИЕТШІ ҒАЛЫМ

Самбаева Ә.Н., Тәжіғалиева С.О.

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.,
assem.sambaeva@mail.ru*

Сәкен Сейфуллин ғылыми қайраткерлігі ауыз әдебиетінің үлгілері мен жекелеген ақындардың мұраларын жазып алып, жариялауынан бастау алады. Ол жастайынан талай тарланға шабыт сыйлаған Көкшені аралап, ақын-әншілеріне, өнер саңлақтарына қатысты деректерді жинай жүріп, зерттеп насихаттау үшін ел арасында айтылып жүрген аңыз-әңгімелерді, ертегілерді көптеп жазып алып отырған.

Кілттік сөздер: *тамаша туындылар, жаңашыл жазушы, табиғи талант, ақыл – парасат, жазушы, драматург, зерттеуші ғалым.*

Научная деятельность Сакена Сейфуллина начинается с написания и публикации устной литературы и наследия отдельных поэтов. Он был вдохновлен множественностью историй и сказок, которые он выставил по всей стране, чтобы исследовать, исследовать и собирать информацию о его поэте и певце.

Ключевые слова: *отличные произведения, роман писателя, естественный талант, интеллект, писатель, драматург, исследователь.*

Өнерпаздың дарын қуаты мол, алымы кең болуы, табиғи талант терең біліммен, телегей теңіз ақыл – парасатпен толысып, заманның эстетикалық, ғылыми талап-тілектеріне жауап беріп отырса, қалам қайраткерлеріне одан артық бақыт жоқ. Міне, осының барлығы ақын, жазушы, драматург, зерттеуші ғалым Сәкен Сейфуллиннің өн бойына өрілген қасиеттер.

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті негізін салушылардың бірі Сәкен Сейфуллин аз ғана ғұмырында артына өлшенбейтін мол мұра қалдырды. Қазақ әдебиетінің барлық жанрында тамаша туындылар жазған жаңашыл жазушы қаламынан туған шығармалар халық өмірінен ең көркем образдар жасап, эстетикалық игіліктер мен ғылыми зерттеулер жасады. Ұлттық әдебиетке төңкерістік мазмұн, жаңа нысан, асқан идея әкелген жазушы туындылары халқымыздың рухани қазынасын қорландыра түсті. Сәкен Сейфуллин кеңестік кезеңде туған қазақ әдебиетінің тұңғыш қаламгері болып, поэзия, проза, драматургия сияқты жанрлармен әдебиетіміздің әр саласында көрнекті қызметтер атқарды.

Сәкеннің жанкешті еңбегінің бір саласы қазақ әдебиетіндегі сын жанрының өркендеуімен, әсіресе әдебиеттану ғылымының қанат қағып, даму кезеңімен тұстас келетіндігін ұмытпаған абзал. Сондықтан сол кезеңнің үстем ой – пікірінің ақынға ықпал жасағанын, екінші жағынан автор өзінің сыни – ғылыми еңбектерімен сол ой – пікірлерге серке болғанын аңғармасқа тағы да болмайды. Өйткені әдеби – ғылыми шығармашылықтың бірде бір саласы Сәкенсіз өтпегенін С.Мұқанов [1] пен М.Ғабдуллин [2] айрықша атап көрсеткен. Ғалым көтерген мақалаларында, сөйлеген сөздерінде, жасаған баяндамаларында әдеби мұраны жинауды, зерттеуді басты міндет етіп көрсетіп, осы игілікті іске көпшіліктің де ат салысуын, жұмыла кірісуін қалады. Бұған Қазақстан жазушыларының I құрылтайында әдеби мұраларды жинап, бастырып, зерттеу кезек күттірмейтін іс деген сөзі, Орынбордағы қазақ жастырына оқыған «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» деген тақырыптағы лекциясында фольклор тақырыбын негіз еткендігі дәлел болады.

Сәкен Сейфуллин ғылыми қайраткерлігі ауыз әдебиетінің үлгілері мен жекелеген ақындардың мұраларын жазып алып, жариялауынан бастау алады. Ол жастайынан талай тарланға шабыт сыйлаған Көкшені аралап, ақын-әншілеріне, өнер саңлақтарына қатысты деректерді жинай жүріп, зерттеп насихаттау үшін ел арасында айтылып жүрген аңыз-әңгімелерді, ертегілерді көптеп жазып алып отырған. Сал-серілікті биікке көтерген Біржан сал мен Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың, сөз өрнегімен халық жүрегіне жол тапқан Балуан Шолақтың ұрпақтарымен кездесіп, оларды білетін, өнеріне тамсанған азаматтардан мол мағлұматтар жинауы – Сәкеннің бұл игі іске шындай кіріскендігін көрсетеді. Ақан сері, Біржан сал, Майра, Қартқожа т.б. өнер қайраткерлерінің мұраларын ел аралап жүріп жазып алса, Жамбыл, Кенен сынды халық ақындарымен жүзбе – жүз кездесіп, Жетісуға аты мәшһүр жыршылардың сөздеріне назар аударады. Зерттеуші ғалым ауыз әдебиетінің мұраларын, жеке ақындардың шығармаларын, айтыстарын жинағанда өзіне үлгі болар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, В.Радлов, Г.Потанин, Ә.Диваев, М.Ж.Көпеев сынды ғұламалардың жәдігерлерін естен шығармаған.

Сәкен алғаш рет «Жаңа мектеп» журналында Құлмамбет пен Майкөт, тама Мұсайын Байтілеуұлы мен үйсін Қарақожаның айтысын, «Жанқожа жайындағы өлеңдерді» жариялады [3]. Осыдан кейін 20-жылдардан басталған үздіксіз ізденудің нәтижесінде «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары», «Көркем әдебиет», «Әдебиеттану оқу құралы» сынды қазақ фольклортану ғылымына қомақты үлес қосар көлемді еңбектер жазып, бастырып шығара бастады. Негізгі зерттеу еңбегі 1932 жылы «Қазақ әдебиеті» деген атпен жарық көрді.

«Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» деген жинақта Бұқар, Балқы Базар, Шортанбай, Досқожа, Сүйінбай, Шөже, Орынбай, Құлмамбет, Жамбыл, Кемпірбай секілді жыр дүлдүлдерінің өлеңдерін, айтыстарын бастырып шығарды. Кей жыраулардың шығармалары алғаш рет осы жинақ арқылы баспа бетін көрді. Сәкен осы жинағында Бұқар жыраудың шығармашылығына мол орын беріп, оның тек жырау ғана емес, өз тұсында үлкен мәселелерге араласып отырған ірі мемлекет қайраткері, Абылай ханның данагөй ақылшысы болғанын жазады. Бұқардың ханға арнап айтқан бір топ өлеңдерін, ел аузындағы аңыздарды, әңгімелерді енгізу арқылы Абылайдың қазақ тарихындағы ірі қайраткер болғанын аңғартады. Сондай-ақ, бұл жинақта Шортанбай шығармалары алғаш рет топтастырыла жарияланды. Сәкен Сейфуллиннің бұл еңбегі – ауызекі әдебиет өкілдері шығармаларының басын біріктіріп, құрастырған алғашқы жинақтардың бірі болуымен айрықша құнды.

«Көркем әдебиет» атты оқулық (Ө.Тұрманжановпен бірлесіп жазған) қазақ оқырмандарына Абай, Сұлтанмахмұтпен қатар Қазан төңкерісіне дейін бірнеше жинақ жариялап, қазақ әдебиетіне сүбелі үлес қосқан белгілі дарындар жайында кең ой толғайды. Абай, Ғұмардың шығармалары, көркемдігі, тіл ерекшеліктері жоғары бағаланады. Әдебиетімізге қосқан үлестері орынды, ұстамды пікірлермен баяндалады. Оқулық туралы Тұрсынбек Кәкішұлы: «Автор қазақ әдебиетінің асыл тұлғаларын кейінгі ұрпаққа таныстырып, өнегелеу мақсатында көп күш жұмсады және келешекте қазақтың жазба әдебиетінің тарихын жасаудың алдын ала жасалған барлауы болып та көрінеді. Өйткені ол кезде мектеп оқулығын бірден әдебиет тарихына айналдырып жіберу мақсаты әлі күн тәртібіне қойыла қоймаған-ды.» деген пікір айтады.

Сондай-ақ, Ыбырайдың, Ақан серінің, Ақмолланың өлеңдерін, Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын жеке-жеке жинақ етіп, алғы сөз жазып, халыққа ұсынған да Сәкен. Әсіресе, Сәкеннің Ақмолланы тануға қосқан үлесі зор. «Ақмолла – қазақ әдебиеті тарихынан да, татар әдебиет тарихынан да зор орын алуға тиіс ақын екені рас» - деп ұлт әдебиеттеріне ортақ құбылыс екенін алғаш айтты.[4] Қазақ әдебиетінен де лайықты орын беріп, шығармаларын жинап, зерттеу керектігіне баса назар аударды.

Шәкәрім аударған «Ләйлі-Мәжнүнді» бастыруын да үлкен ризашылықпен айтуымыз тиіс. «Дастанды қазақшаға аударған белгілі ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы» - деп ашық жазуы, Шәкәрімнің атын атап, тәуекелге баруы – сол кезең үшін ерлікпен пара-пар еді.[5] Сөйтіп, Сәкен қазақ ақындарының мұрасын тануға өзінің зор үлесін қосып қана қоймай, әдебиет тарихын жасауға қажетті істердің үлгісін де көрсетті.

Сәкен ауыз әдебиетін үлкен екі бөлімге бөліп қарастырады. Бірінші бөліміне: 1)Ертектер, 2)Салт өлең жырлары, 3)Ескіліктегі дін салтынан туған өлең жырлар, 4) Мал туралы, «қадірлі жануарлар» жайлы әңгіме, өлең, күй, жырлар, 5)Жастық ойын, күлкі өлеңдері, 6)Билер сөздері тәрізді ауыз әдебиетінің түрлерін енгізді. Екінші бөлімін батырлар мен лиро-эпостық жырлардың шығу тарихына, көркемдік ерекшелігіне, жырдың құрылысын зерттеуге арнайды

Қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы адымдары мен қолы жеткен табыстарын айтқанда Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» 1-кітап ойымызға оралады. «Билер дәуірінің әдебиеті» деген ғылыми зерттеуі алдымен ауызға алынатын күрделі еңбектердің бірі. Бұл еңбегінде Сәкен қазақтың бай ауыз әдебиетінің ең көрнекті де ғылыми нұсқаларын ғылыми жүйеге салып, оның ішкі жанрларын саралау, көне тарихты көркем туындылармен сабақтастыру негізінде жоғары оқу орындарына арналған оқу құралын жасаған. Автор Халқымыздың тарихына шолу жасап, елдің тұрмысы, басынан өткерген дәуірлері, көшіп қонып жүрген жерлері, кәсібі, шаруашылығы, батырлары, билері, діні, тілі, өнері, әдебиеті т.б. туралы өз ойларын ортаға салады.

«Қазақ әдебиеті» кітабының екінші бөлімін «Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары» деп атап, бұл бөлімге батырлар жырлары мен әңгімелерді кіргізеді. «Едіге», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ерсайын», «Нәрік ұлы Шора батыр», «Қамбар», «Алпамыс батыр», лиро-эпостық жырлардан «Қозы Көрпеш –Баян сұлу», «Қыз Жібек» секілді жырлардың мазмұндарын баяндап, халық арасына таралуы, басты қаһармандарының тарихқа қатысы, кейбірінің өзге халықтар әдебиетінде кездесетіндігі, нұсқаларының молдығы, әр жырдың құрылысы, көркемдік ерекшелігі т.б. қасиеттеріне ерекше назар аударады. Өзіне дейін айтылған пікірлермен кейде келісе, кейде таласа отырып, өзінің шешімі, келісімді пікірін айтады. Сәкен батырлар жырында, сонымен қатар қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларында әйелдің азаматтық ары жайындағы мәселеге назар аударады. «Қобыланды батыр» жырындағы батырлығы Қобыландыдан кем емес, «туған әкесін өлімге қиып, сондарынан ерген Қарлыға қызды біресе Қараман, біресе Қобланды «олжа қылып» алып жүргендеріндей, Ақ Жүніс те ханның қызы болса да, жұрттан асқан сұлу және ақылды болса да, ханның баласына бармай, Тарғынға ғашық болып соңынан ерсе де, батырдың жетегіндегі олжадай ғана болып, қуып кеткен қарт Қожаққа қала береді»[6] деп теңсіздік пен зорлық – зомбылықтың саяси – әлеуметтік астарын аша баяндайды.

«Қазақ әдебиеті» кітабында Сәкен Қазан революциясына дейінгі қазақ әдебиетінің жалпы тарихын екі үлкен дәуірге: 1)билер дәуірі, 2)патша дәуірі, яғни қазақ елі орыс патшасына бағынған дәуірге бөлген, демек бұл еңбекте ең алдымен қазақ ауыз әдебиетін дәуірлеу мәселесі және оны зерттеу проблемасы өзек болады. Кітаптың маңызы - қазақ ауыз әдебиетін ғылыми жүйемен талдауы деп ашық айту керек.

Қазақ әдебиеттану ғылымының ірге тасының қалай қаланып, қалыптаса бастағанының бір көрсеткіші Сәкен Сейфуллиннің ғылыми зерттеулерінде, әсіресе фольклорлық еңбектерінде көрініс табады. Аталған саланың негізін қалаған зерттеушілердің бірі емес, бірегейі ретінде білім, ғылым, тарих беттерінде Сәкен аты алтын әріппен жазылмақ!!!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұқанов С. «Қазақ әдебиетінде жаңа эра». Кітапта, С.Сейфуллин. Шығармалар. 6-том, 5-6 беттер.
2. Ғабдуллин М. Тыңнан түскен жол. «Қазақ әдебиеті» газеті, 22.01.1965.
3. Жаңа мектеп, 1929,№4.
4. Ақмолла. Өлеңдер жинағы. А., 1935, 7-бет.
5. «Ләйлі - Мәжнүн» дастаны.// Құрастырушы Сейфоллаұлы Сәкен, А., 1935.
6. Сейфоллаұлы С. «Қазақ әдебиеті», 1932, 197-198-беттер.

ӘОЖ 001.894.

АЛАШТЫҢ АЛЫП АСЫЛДАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТ РУХАНИЯТЫ

Себепова Ж.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Бұл мақалада «Алаш ұраны» – Алашорданың гимні. «Алаш ұраны» – «Алаш» партиясының, адамзат баласының көзі көріп, құлағы естімеген өзгерістерді басынан өткеріп жатқан ісі қазақтың ұраны екені баяндалған.

Кілттік сөздер: *Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі, Алаш идеясы, Арыстары алаштың.*

В этой статье «лозунг Алаша» - это гимн Алашорды. «Лозунг Алаша» - партия «Алаш» - девиз казахского народа, который испытывает неожиданные изменения в глазах человечества.

Алаш қозғалысы «Алаш» партиясы, Алашорда үкіметі, Алаш идеясы бүгінгі таңда қазақ тарихының күрделі әрі көкейкесті мәселелері болып саналады. Жоғарыда аталған күні кешеге дейін лайықты бағасын ала алмай келген ұғымдар қазақ қоғамындағы ұлттық оянудың, ұлттық сана қалыптасуының өзінше бір көрсеткіші іспетті. «Алаш» партиясын құру мен Алашорда үкіметін қалыптастыру жолындағы жанқиярлық еңбегі нәтижесінде «Алаш арыстары» ардақты есімін иеленген зиялы қауым тарих сахнасына көтерілді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүз жылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық нәміс адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес», - деп ерекше бөліп көрсеткен еді. Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің тарихы дәл бүгін де жан-жақты зерттеліп, тиянақталған жоқ. Өткен ғасырдың аяқ шенінде өмірге келген К.Нұрпейіс, М.Қойгелдиев, Д.Аманжолова, Т.Омарбеков, Ш.Омарбеков, Р.Нұрмағамбетова және басқа да тарихшылардың зерттеулері Алаш қозғалысының мән-жайын жаңа сапада пайымдауға мүмкіндік бергенін бөліп айту жөн. Алаш қозғалысы және әдебиет – аса ауқымды тақырып. Бір баяндама аясында сыйғызу өте ауыр міндет. Мәселені түбегейлі шешуді міндетімізге алған жоқпыз. Осы жерде екі жәйтті ескерген абзал. Біріншіден, тақырыпқа қатысты Ғ.Ахмедовтың «Алаш «Алаш» болғанда», Р.Нұрғалидың «Әуезов және алаш», Д.Қамзабекұлының «Алаш және әдебиет», С.Өзбекұлының «Арыстары алаштың», конференция материалдарын жинақтаған «Алаш және Әуезов» еңбектерінің болуы ізденісімізге зор қолғабыс. Сондай-ақ, Алаш арыстарының соңғы жылдар бедерінде жарық көрген бір томдық және көп томдық жинақтары оқырман қолында. Екіншіден, Алаш қайраткерлері және әдебиет мәселелерін тұтастай қамту мүмкін еместігін ескеріп Ш.Құдайбердіұлы мен С.Торайғыров шығармашылығы төңірегінде әңгімені өрбітуді дұрыс көрдік.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің басты нысынасы «зар заман» идеясы, XX ғасырдың бас кезіндегі көркемдік дамуда өзгеше сипатқа иеленді. Бұл ретте М.Әуезовтің 1925 жылы жазған «Әдебиет тарихы» оқулығындағы ордалы ойларға құлақ асқан абзал: «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті. «Қазақ» газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық, ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп талап қыла бастаған уақытына келеді. Бұл кез – ұлттық сананың сергектік танытып, халықтың жан дүниесіндегі алай-дүлей бұрқаныстың шиыршық атқан шағы еді. Әдеби дамуға қосылған М.Дулатовтың «Оян, қазақ!», А.Байтұрсыновтың «Маса», Е.Бұйринның «Ызың», Б.Ержановтың «Тұр қазақ», М.Ж.Көпеевтің «Сарыарқаның кімдікі екендігі»

кітаптары ұлттық оярудың шырқау шыңы – күллі алаштық идеяға апарар баспалдақ басқыштары санатында.

Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт шығармалары жалпыұлттық идеяның жарасымды көрінісі іспетті зиялы ұрпақтың шөліркеген мезгілінде қазақ халқына қанатымен су сепкен қарлығаштай қызмет жасады. Шәкәрім – Абайдың туысы, інісі бас шәкірті. Ол – ақын, сазгер, жазушы, философ, тарихшы, аудармашы, көсем сөздің шебері, Алаш ұранды әдебиеттің ірі өкілі. Мен жетелеп өлемін, Өрге қарай қазақты. Өлсем де ойын бөлемін, Сөзбен салып азапты, - деп алдына биік мақсат қоя ұмтылған ақын төңкерістен соң іле-шала Алашорда үкіметінің жұмысына араласқан. 1917 жылғы желтоқсанда Орынборда өткен екінші жалпықазақ сиезіне арнайы шақырылған. Шәкәрім Алашорда үкіметінің қазысы, яғни биі болып сайланған. Білімі терең, ақылы кәміл, табиғатынан әділ, парасаты биік Шәкәрімге көрсетілген құрмет деп ұғыңыз. Алашорда үкіметіне сіңірген еңбектерінің бірін мысалға келтірейік. 1918 жылғы «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінде «Алаш құрбандары» атты мақала жарияланды. Онда Семейдегі оқытушылар семинариясының шәкірті, Алаш милициясының бастығы Қазы Нұрмұхамбетұлының қайғылы қазаға ұшырауы, жазықсыз оққа ұшуы жөнінде хабар берілген. Алаш жолындағы тұңғыш құрбан Қазының өліміне халық көп жиналған. Жерлеу рәсіміне Шәкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатұлы, Райымжан Мәрсеқұлы, Мұстақым Малдыбайұлы, Жүсіпбек Аймауытов сөз сөйлеген, өлең оқыған.

XX ғасыр – қауырт қоғамдық құбылыстар мен метаморфозалар ғасыры. Тарихи ұлттық сана түлеп, жаңғырықты. Алаш тұлғаларының қоғамдық сананы біржолата жаңа белеске көтеріп кетуі әдебиеттің түбегейлі мүдделерін айқындап бергендей еді. Жаңа қаламгерлер, жаңа қоғам, ел қайраткерлері шықты. Саяси күрестің маңызы артты. Сонымен бірге, қоғамдық қарым-қатынастардың жеделдеуі, баспагерлік істің қанат жаюы, әдебиеттегі әртүрлі көркемдік-жанрлық терең түлеулер эстетикалық танымның жаңашылдығына бастады. Осы тұста кәсіби әдебиетке тән басты жанрлардың бәрі де әртүрлі деңгейде көрінді. Әдеби сын да, әдебиеттану, прозаның кесек жанрлары, аударма, драматургия тосын жаңалық болуымен бірге жедел даму үрдісін танытты. Алаштың ардақты ардагерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар қазақтың бас ақынының мұрасы жөніндегі терең танымдық шығармаларын жариялатты. XIX ғасырдың соңында қазақ әдебиетінің бұрын-соңды болмаған асқар билігіне көтерілген Абай дәстүрі, реалистік көркемдік таным дүниесі осыдан кейінгі ұлттық сөз өнерінің мұратын, мақсатын, бітім-пішінін біржолата айқындап, бекітіп кетті. Абайдың соңғы әдебиеті реалистік сипатын тапты, жаңа бағытта өріс кеңейтті. XX ғасырдың алғашқы он – жиырма жылындағы қазақ әдебиетінде Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов шығармалары жоталанып көзге түседі. Міржақыповтың «Оян, қазақ!» кітабы «Қалың елім, қазағым» деп тебіренген, іші қанжылай еміренген Абайдың өзекжардымұнының жалғасы сынды, ұлт жігерін одан әрі қарай қайрау іспетті шықты. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Мұхамеджан Сералин, Бернияз Күлеев, Спандияр Көбеев сынды тұлғалы таланттардың ақындық шабытты шаттары мен қоғамдық қайраткерлерінің белсенді күндері осы кезеңге тұспа-тұс келді.

Ұлт мұраты мен тарихын, мәдениеті мен әдебиетін танымаған ұрпақты ертең өз Отаны үшін күресіп, қолына қару алып қорғайды деп айта алмаймыз. Бүгінгі ұрпақтың кешегіні білуі, бағалауы ұлтымыздың болашағы үшін қажет. Соның ішінде, халқымыздың рухани өміріндегі ең қасиетті мол қазына алаш арыстарының мұралары. Алаш зиялыларының еңбектері туралы бүгінгі күнде жазылып та айтылып та жатыр. Олар насихатталып, бүгінгі ұрпаққа пайдасы тиюі керек. Бізге қойылар негізгі міндет – ғалым Д.Қамзабекұлы атап көрсеткен: «алаш рухын насихаттау сол зиялылар секілді тәуелсіз ойлауға, кез-келген нәрсені салмақтап, оған ұлт мүддесі тұрғысынан баға беруге үйрену». Дәл қазіргі күні ана тіліміздің көсегесі көгермей тұрғаны, дініміздің мүшкіл халі, рухани құндылықтар мен адами қасиеттеріміздің биіктен көріне алмай жатқаны ұлттық рухтың оянбай, жетіспегендігінен деп түсінеміз. Сондықтан біз сөз еткелі отырған бүгінгі күні ең өзекті мәселе – ұлттық рухты оятуға, туған халқын өрге сүйреуге бар күш жігерін жұмсаған Алаш ақындарының бізге артқан аманаты еді.

Алаш азаматтарының басым көпшілігі ұлт мүддесі үшін аянбай күрескен, сол жолда жандарын қиған ерлер. Олар қоғамдағы маңызды жұмыстармен айналыса жүріп, қуғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, журналистика, сын, ғылым, аударма салаларында бай мұра қалдырды. Алаш арыстары – табиғатынан асыл туған, айрықша дарынды жандар. Бұл буын өкілдері қазақтың әдет-салтымен тәрбиеленген, мұсылманша хат танып, исламның иманды бұлағынан нәр алып, одан кейін жәдидше, орысша оқып, бірнеше тілді меңгерген жандар. Олар үлкен мәдени қалаларда білім алған өз заманының көзі ашық зиялылары, сондай-ақ сан салалы мамандық иелері екенін де ерекше айтуымыз керек.

XX ғасыр басындағы ұлттың ояну кезеңінің жалынды жаршысы, Сұлтанмахмұт Торайғыров Алаштың ардақты азаматтарына жан даусымен Алаш деп ұран салады. Ол барлық ерлерді бостандық, еркіндік, ел қамы үшін күресуге, бірігіп тізе қосуға, бір тудың астына бірігуге шақырады.

Алаш туы астында,
Біз – алаштың баласы. Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған, Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған.
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.
Жасасын, алаш, жасасын!

Ақынның бұрыннан бері ішінде қайнап жүрген бүкіл арманы осылай ұран болып шығады. Ол Алаш партиясының ұранын құптап, бостандық жолындағы алдағы күнге жасаған жоспарына шаттана қосылады. «Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, бірлікке, ел тұтастығы үшін күреске шақырады».

Аталған кезең әдебиетін «Алаш ұранды әдебиет» деп анықтаған ғалым академик Р.Нұрғали Алаш азаматтарының көздеген мақсаты мен ұстаған бағытын былай деп түсіндіреді: «Алаш қозғалысына қатысып, «Алаш» партиясын құрысып, Алашорда үкіметін жасаған қайраткерлер ішінен қазақ әдебиетінің алтын діңгек, сом тұғырлары шықты. Отаршылдықпен шайқас, артта қалушылыққа қарсылық, надандықты мансұқ ету, азат, тәуелсіз, демократиялық, дербес мемлекет құруды биік нысана ету, белгілі бір тап мүддесі емес, жалпы ұлт мақсаты үшін күресу, өркениетті нысана тұту – бұл Алаш ұранының астына жиылған ұлылы-кішілі азаматтардың баршасының дүниетанымына ортақ, етене қасиет, сапалар еді».

Елінің ұлттық мүддесін көксеген, ұлтының өркениетке жетуіне бар күш-жігерін жұмсаған халқымыздың қайратты қамқор азаматы А.Байтұрсынов биік пафостағы азатшыл рухты қазақ әдебиетіне алғаш болып алып келді. Ахметтің өлеңдеріндегі ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – «Маса» жинағындағы басты сарын. «Ақын елін маса болып шағып, оның намысы, жігерін оятуға бет алған. Сондықтан болар, азаматтық сарыны басым бұл өлеңдер сол кездегі зиялыларға ерекше әсер еткені белгілі». Жан-жақтан қысқан қайғыны ұлғайтып, уытын жайып, елдің басына қара бұлт торлап отырғанын жүрегі ауыра отырып толғайды.

Қазағым, елім, Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзінді оянып!

Маған атақ — ұлтым үшін өлгенім! Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер, Істей берсін қолдарынан келгенім! Ұлты үшін күйінген ақын бұдан артық не десін?! ХХІ

ғасырға дейін тірі жеткен — бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның азат азаматтары ұлы ақынның ер де қайсар рухына, көреген данышпандығына бас иіп тағзым етпеуге хақы бар ма? Мағжан Жұмабаев:

Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

Алаш қайраткерлері ұлт тағдыры жастардың қолында екенін ескертіп, сол жолда аянбай еңбек етуге шақырады.

Халқының қамын ойлаған ірі қоғам қайраткері, Алаштың ардақты азаматы, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, педагогикасы, мәдениеті, саясаты өміріндегі аса ірі тұлға Міржақып Дулатов ұлтына жұртына «Оян, қазақ!» деп жар салды. Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты – Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп, Қазағым, енді жату жарамас-ты — деп Міржақып Алаш азаматтарын бір тудың астына бірігуге шақырады. Алаштың өршіл, азаткер ақыны Мағжан өзінің алған бетінен, халқына берген уәдесінен еш айнымайды. Не көрсем де Алаш үшін көргенім, Маған атақ — ұлтым үшін өлгенім! Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер, Істей берсін қолдарынан келгенін! Ұлты үшін күйінген ақын бұдан артық не десін?! ХХІ ғасырға дейін тірі жеткен — бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның азат азаматтары ұлы ақынның ер де қайсар рухына, көреген данышпандығына бас иіп тағзым етпеуге хақы бар ма? Мағжан Жұмабаев: Алаш айбынды ұраны, Қасиетті құраны, Алаштың олар құрбаны, Мен жастарға сенемін! Алаш атын аспанға Шығарар олар бір таңда, Мен жастарға сенемін! Алаш қайраткерлері ұлт тағдыры жастардың қолында екенін ескертіп, сол жолда аянбай еңбек етуге шақырады.

«Алаш ұраны» – Алашорданың гимні. «Алаш ұраны» – «Алаш» партиясының, адамзат баласының көзі көріп, құлағы естімеген өзгерістерді басынан өткеріп жатқан исі қазақтың ұраны еді. Сұлтанмахмұт – елін емірене, жұртын тебірене сүйген ұлтжанды азамат. Атар таң, батар күнде тек қана ел қамын ойлап еңіреген, ұлтына жан-тәнімен қызмет жасауды мұрат еткен Торайғыровтай перзенттің аласапыран уақытта бұлқынып тарих сахнасына көтерілуі заңды құбылыс. «Алаш ұраны» – 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін іле шала жазылған шығарма. Рухы биік, мақсаты ізгі, бітімі оқшау туынды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаева Н.Ә. Тарих толқынында – А. : Атамұра, 1999ж.
2. Нұрпейіс Қ. Алаш һәм Алашорда. – А. : Ататек, 1995ж.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – А. : Санат, 1995ж.
4. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда. – А. : Жалын, 1996ж.

ӘОЖ 001.894.342

АМОФТЫ КРЕМНИЙДІҢ ЭЛЕКТРЛІК ЖӘНЕ ОПТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Смагулов Р., Тауасаров Қ.Ә.

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы қ-сы.

Бұл мақалада аморфты кремнийдің электрлік және оптикалық қасиеттері сипатталады.

В этой статье описываются электрические и оптические свойства аморфного кремния.

This article describes the electrical and optical properties of amorphous silicon.

Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдыру экономикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады. Осы салада аморфты кремнийдің қоспаларын пайдаланып жарықты түрлендіретін аспаптар жасалудың орны ерекше. Әсіресе аморфты кремнийден жасалған күн элементтерін кіші энергетика саласында пайдалану көптеген дамыған мемлекеттерде жақсы жолға қойылған. Тұрмыстық техникада, радиоэлектроникада, радиофизикада, оптикалық жазу қондырғыларында, газ сараптағыштарында, бейнелерді көшіріп басуда аморфты кремнийден жасалған аспаптарды қолдану мөлшері арту үстінде.

Аморфты кремний термодинамикалық тұрғыдан тепе-теңдіктегі қатты дене, кристалдағыдай мұнда да белгілі бір тепе-теңдік жағдайдағы жиынтық маңайында атомдар тербелісте болады. Бірақ аморфты кремнийдің кристалды кремниймен салыстырғанда симметриясы жоқ, яғни жақын реттерінде кристалдық қасиеттер сақталады да, ал алыс реттерінде ол қасиеттер сақталмайды.

Аморфты кремнийден жасалатын жарықты түрлендіруші аспаптарды, сол сияқты күн элементтерін жасау үшін көптеген тәсілдер қолданылады. Силан қоспасының газдың фазасынан химиялық жолмен алу тәсілі, қатты кремний нысанасынан реактивті тозаңдату арқылы, кремний ұнтақтарын реактивті балқытып ұшырып сутегін қосу әдісімен және құрамында силан бар газдарды плазма-химиялық әдіспен ыдыратып төсенішке орналастыру арқылы қажетті а-Si:H қабықшалары алынды. Соңғы әдіспен алынған кремний қабықшаларының: рұқсат етілмеген өңіріндегі бекітілген күйлерінің тығыздығының аздығы, спектрдің көрінетін аумағында фотондарды жұту коэффициентінің үлкендігі, қабықшаларды орналастыру температурасының төмендігі ерекшеліктері болып табылады. Қабықшаларды плазма-химиялық әдіспен ыдыратып төсенішке орналастыру кезіндегі жұмсалатын электр қуаты да басқа әдістермен салыстырғанда аз болады. Құрамында силан және басқа қоспалар бар газдарды тұрақты токтың күлгін разрядында ыдыратып, төсенішке қажетті босқыл кремний қабықшалары орналастырылды. Аморфты кремний негізінде жасалған күн элементтерін құрайтын қабықшалардың орналастырылу реті және олардың қасиеттерінің технологиямен байланыстылығы келтірілді. Күн элементтерінің сипаттамаларына қабықшалардың электрофизикалық қасиеттерінің әсері салыстырмалы түрде қарастырылды.

Аморфты кремнийге әдеби шолу а-Si:H солғын разрядында тұндыру процесі негізінде дайындау элементтер технологиясын (плазмалық тұндыру), автоматты ағынды өндірісте қымбат емес үлкен ауданды күн батареяларын жасау үшін сәтті қолдануға болады. Қолданылатын материалға кететін ақша шығыны онша көп болмайды, өйткені жарамды элементтердің сипаттамаларын өте жұқа кремний үлдірлерінен жасалған элементтер (қалыңдығы~1мкм) қанағаттандырады. Оларды қабықшалары бастапқы шикізат материалынан біріккен немесе ұнтақ тәріздес кремний түріне айналуы аралық құбылыссыз болады. Табиғатта кремний өте кең таралғандықтан оны керекті мөлшерде өндіру қиындық туғызбайды. 1969 жылы Читтик және тағы басқалары сутегі ендірілген аморфты кремниді тұндырып, оның қатты ерітінді алуға қолданылатын фосформен легіренуі зерттеулері жобаланған нәтижесін жариялады. 1976 жылы Спир әртүрлі қоспалармен легіренген а-Si:H

қасиетін толық зерттеп, ең алғаш a-Si:H-ғы p-n ауысуын ойлап тапты. a-Si:H негізінде жасалған күн элементтері RCA компаниясының ғылыми лабораторияларында алғаш рет жасалынды.

Жалпы аморф сутегі ендірілген кремний (a-Si:H) және соның негізіндегі құймаларды ғалымдар жетпісінші жылдардың екінші жартысын бастап дамыған елдерде зерттеулер жүргізуде. Бұл оның практикада қолдануының келешегімен байланысты. a-Si:H ты қолдану мүмкіндігі және оның негізінде жасалатын қондырғылар тізімі үздіксіз кеңеюде, дәл қазір аморфты кремний негізіндегі 60 құймаларды қолданатын қырыққа жуық кешендерді атап өтуге болады.

Аморфты кремний термодинамикалық тұрғыдан тепе-теңдіктегі қатты дене, кристалдағыдай мұнда да белгілі бір тепе-теңдік жағдайдағы жиынтық маңайында атомдар тербелісте болады. Бірақ аморфты кремнийдің кристалды кремниймен салыстырғанда симметриясы жоқ, яғни жақын реттерінде кристалдық қасиеттер сақталады да, ал алыс реттерінде ол қасиеттер сақталмайды.

Аморфты кремнийдің екі түрі бар:

1. Тығыздық күйі $5 \cdot 10^{19} \text{ см}^{-3} \cdot \text{эВ}$ тең таза кремний үзілген байланыс түрінің аймақталған күй негізінде көрсетіледі.

2. Күй тығыздығы үш рет төмен рұқсат етілмеген өңірдің парамагнитті аймақтық күйі жоқ сутегі қоспалы кремний.

Аморфты кремнийдің кристалды кремнийге қарағанда рұқсат етілмеген өңірінің ұзындығы күн сәулелерін түрлендіру үшін өте қолайлы. Оптикалық түзу өткелді жартылай өткізгіш бола отырып, ол өте жоғары жарық жұту коэффициентіне ие. 1мкм қалыңдығы бар аморфты кремний үлдірі 1.6эВ энергиясы бар 70%(AM1 шартындағы) түскен жарықты жұтады. Теориялық бағалауға сәйкес, a-Si:H негізінде күн элементтерінің ПӘК-і 15% құрайды.

Аморфты кремний қабықшаларының кейбір қасиеттері монокристалдар қасиетімен жұқа поликристалды үлдірлер қасиеттеріне ұқсастығына қарамастан, аморфты кремний мен жай материалдардан жасалатын күн элементтерінің сипаты бәрі бір қағидадан шыққан.

Оптикалық қасиеттері a-Si:H қабықшасындағы α -жұтылу коэффициентін, кристалдық кремний жұтылу коэффициентін, (көрінетін күн спекторының өлшемінде) жарық электрлік эмиссия әдісі зерттейтінін байқаймыз. Аморфты кремнийге сутегі еніргенде валенттік бекітілген аймақтарға сәйкес келетін энергиясы азаяды, нәтижесінде шектелген оптикалық ені өседі. Жарықты жұту коэффициенті орналастыру процессінің басқада өлшемдеріне тәуелді. Бұл өлшемдер қабықшалардағы сутегі концентрациясына әсер етеді. Энергия өлшемінде a-Si:H-та тыйым салынған аймақтың ені, оптикалық жарықтың жұтылуы сутегіге қатысы жоқ, бірақ тыйым салынған аймақтағы энергияның жағдайын туғызатын кемтіктер әсерінен болады. Бұл эффект қабықшалар орналастырғандағы төсеніш температурасы $\sim 300^\circ\text{C}$.

a-Si:H қабықшалардың n сыну көрсеткіші жуықтағанда кристалл түрдегі кремний сыну көрсеткішке тең. Температураның 195°C -тан 420°C -қа көтерілгенде n мәні 5%-ке өзгереді, ол тыйым салынған аймақтың енінің азаюына әкеп соғады. Меншікті кедергі және жарық өткізгіштік орналастырудың басқа да өлшемдеріне тәуелді, өйткені қабықшалар өсіру тыйым салынған аймақтағы тығыздық жағдайына әсер етеді. Бродский мен Лиори күлгін разрядта орналастырылған қабықшаларда өздік және легіріленген a-Si:H арқылы қабықшалардың сыну көрсеткішіне температураның әсер етуін зерттеп, мынандай шешімге келді: легірлейтін қоспаны ендіргенде "n" температура тәуелділігі білінер-білінбес өзгереді, және онда аморфты және кристалдық кремнийде сәйкес келеді. Күлгін разрядта алынатын a-Si:Fe:H қабықшаның тыйым салынған аймақтың оптикалық ені SiF₄ пен H₂ бастапқы газдағы концентрация қатынасы үлкейгенде азаяды, қабықшалардағы F және H атомдары көбейеді. Фтор мен сутегі кремниймен Si-F және Si-H байланыстарын құрайды, олар өте мықты Si-Si байланысына қарағанда. Осының нәтижесінде тыйым салынған аймақтың ені өседі.

Электрлік қасиеттері. Құрылығы негізінде жасалатын α -Si:H қабықшалар электр қасиеттері мен жарық-электрлік қасиеттерінің арасында тура байланыс бар. Сутегі ендірілген аморфты кремнийдің толық зерттеулері бірнеше жұмыстарда орындалған. α -Si:H қабықшалар айтарлықтай құрылымды өзгерістер, ол жылу мен жарық әсерінен болады. Біз қабықшаның тек электрлік қасиетін қарастырамыз, олар жақсы, әрі жарық әсерінен өз қасиеттерін өзгертпейді.

α -Si:H қабықшасы тұрақты токтың күлгін разрядында силан (SiH_4) газын жіктеп орналастыру арқылы, ВУП-5 эмбебап камерасында жасалынды.

Қабықшаларды орналастыру температурасы 1000С-3500С аралығында болды. Орналастыру процесіне қажетті қуат 0,5 Вт/см² тұрақты токтың коректендіру көзінен алынды. Процесс нәтижесінде ыдыраған газдардың радикалдары ($\text{Si}_2\text{-H}_2, \text{Si-H}, \text{Si-H}_2, \text{Si-H}_3$.) пештегі қыздырылған кварцтық төсенішке орналастырылады. Тәжірибеден алынған қабықшаларды СФ-26 спектрофотометрінде ақ жарықтың қабықшадан өтуінің толқын ұзындығына тәуелділігі өлшеніп, графиктер тұрғызылды. Алынған графиктен жарық интенсивтілігінің $T_{\text{max}}, T_{\text{min}}$ анықталды. Сонан соң дайын программаға салынып, қабықшалардың рұқсат етілмеген өңірінің ені- E_g , қалыңдығы- d , сыну көрсеткішінің коэффициенті- n анықталды. Ван-дер-пау әдісін пайдаланып қабықшаның электр өткізгіштігі анықталды. Алдымен 1 мен 4 түйіспелер арқылы токты жіберіп, 2 мен 3 түйіспе арасындағы кернеуді өлшейді және $R_1=U_{23}/I_{14}$ кедергісі есептелді. Осы өлшеулер қабықшаның меншікті кедергісін есептеуге мүмкіндік береді. $R=\rho L/s$; $R=\rho L / L*d$; $\rho=R*d$; - меншікті кедергісі анықталады. $\sigma=1/\rho=1/R*d$; - аморфты қабықшаның электр өткізгіштігі анықталады.

Зерттелген қабықшалардың негізгі оптикалық қасиеті, рұқсат етілмеген өңірінің ені $E_g=1,75$ эВ, қараңғыдағы өткізгіштігі $\sigma =10^{-9}$ (Ом·см) -1, жарық берген кезіндегі өткізгіштігі $\sigma = 10^{-4}$ (Ом·см)-1, тең болып табылады.

Температура жоғарылаған сайын оттегі және тағы басқада қоспалардың қабықша қабатына енуі қиындайды. Сонымен қатар жоғары температураларда қабықшадағы сутегінің пайыздық мөлшері азаяды. Осы құбылыс әсерінен қабықшаның құрамында микрокристаллиттер пайда болады. Кварц төсенішке орналастырылған аморфты кремний қабықшаларының электрофизикалық (σ - электр өткізгіштігі, ρ -меншікті кедергісі) және оптикалық (E_g -рұқсат етілмеген өңірінің ені, n -сыну коэффициенті) қасиеттері артады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Р.М.Айтмамбетов, С.М.Манаков, Ф.А.Мукашев, Б.М.Кабланбеков, К.Тауасаров, Т.И.Таурбаев, Ю.В.Францев. “Свойства проводящих пленок α -Si:H, полученных с использованием нетрадиционных источников легирования”. Труды международной конференции "Некристаллические полупроводники" Санкт-Петербург, 2004г.

2. Aldabergenoba S.B., Albreht M., Tauacarov K., Taurbaev T.I., Stenkamp D., DietrichB. and Strunk H.P. On the Nanostructure of Hydrogenated Silicon. –Solid State Phenomena, v.51-52, p.167-172, 1996г.

ӘОЖ 001.894.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сыдыкова Б.Т, Медеубаева Д.М.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
Med.diana.man@mail.ru

В статье рассматриваются вопросы профессионального обучения, подготовки, переподготовки и повышения квалификации во всех видах и уровнях образовательных учреждений, предметных и отраслевых областях, включая вопросы управления и организации учебно-воспитательного процесса, прогнозирования и определения структуры подготовки кадров с учетом потребностей личности и рынка труда, общества и государства, а также значимые результаты и достижения фундаментальных прикладных исследований в области педагогики и инновационных технологий в образовании. Авторами статей являются ведущие специалисты в области педагогической науки, а также исследователи, работающие над диссертациями.

Ключевые слова: *Казахстан, наука, инновации, новое, образование, школа, технология, образование, преподаватель.*

In the article the questions of the vocational training, preparation, retraining and in-plant training are examined in all kinds and levels of educational establishments, subject and branch domains, including the questions of management and organization of educational educator process, prognostication and determination of structure of training of personnels taking into account the necessities of personality and labour-market, society and state, and also meaningful results and achievements of fundamental and applied researches in area of pedagogics and innovative technologies.

«Қазақстан-2030» бағдарламасында көрсетілген «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» сияқты ұзақ мерзімдік стратегиясын үшінші мыңжылдықта жүзеге асыруы міндеті тұр. Демек, бұл қоғамдық саладағы өзгерістерге сай жоғары талаптар қоя отырып, экономикалық бәсекелестік жағдайында сапалы мамандар даярлау қажеттігін алға тартады.

Қазіргі ғылым мен техниканың кең қанат жайған кезеңінде ғылымтаным әдіснамасы өте зор маңызға ие. Оқытудың мәңгілік сауалы: «Нені оқыту, қалай оқыту» күн өткен сайын күрделеніп келеді. Білім ауқымы адам айтқысыз кеңейді, технология дамып, ақпаратты таңдай білу мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Ендеше «мұғалімге жаңа технологияны ғылыми негізде меңгерту және терең білімді, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу» мәселесін өз жұмысына арқау еткен мұғалімнің мақсаты мына төмендегідей болуы тиіс:

- озық тәжірибелерді, түрлі педагогикалық әдістерді, жаңа педагогикалық технологияны ұтымды енгізу және оларды пайдаланудың соңғы нәтижелерін дамыту;
- білімін жетілдіру негізінде студенттің жеке тұлға болуына ықпал ету;
- студенттердің маңызды мәселелерді өздері талдап қорытындылауына жол ашу;
- студент өзінің ғылыми-таным әдістерін саралай отырып, диалектикалық, ойлауын дамыту және бүгінгі көзқрастың қалыптасуына негіз салу, т.б.

Қазіргі оқыту жүйесіндегі басты қарама-қайшылықтың бірі өмірдегі білімнің, жаңалықтың тұрақты молаюы мен оның индивидтің қабылдау мүмкіншілігінің шектеулігі арасында болып отыр. Бұл соңғы уақыттарға дейін білімділіктің идеалы болып келген жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеуден бас тартуға әкеледі. Педагогикалық теория енді адамның өзін-өзі мүмкін деңгейге дейін дамытуға көмектесетін оның қарым-қабілеттерін жетілдіруді мақсат етуде. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқаудағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар.

Қазақстан мектебі әлемдік білім беру кеңістігіне ену педагогика теория мен оқу тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге ұшырады: білім беру тәсілі өзгерді, білім берудің мазмұны өзгеріп, жаңа көзқарас қалыптасты. Өзгеше менталитет пайда болуда және педагогикалық технологияның кеңінен қолдануда.

Жаңа педагогикалық технологияларды оқытудың мазмұны және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Бүгінде білім беру саласында оқытудың озық технологияларын қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамыту, оқу тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі кезде заман талабына сай білім берудің дамуы бағыты мен тенденцияларын қамтитын 50-ден астам педагогикалық технологияны қолданып жүр.

Педагогикалық технологияларды таңдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

- алынып отырған технологияның мектептің мүмкіндігі мен нақты жағдайына сай болуы;

- тиімділігі, жүйелілігі;

- Педагогикалық ұжымдар өздерінің қалауына сәйкес әртүрлі үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алуы.

Инновациялық технологиялардың маңыздылығы мұғалім мен оқушының арасындағы тығыз байланысы, оқушылардың, білім сапасын арттыруда оқушы тарапынан белсенді түрде менгерілген білім ғана маңызды әрі тиімді екенін айта келе төмендегі мәселелерге мән берген дұрыс :

— оқуда білімді өз бетінше іздеу;

— білімді терең ұғыну;

— теория мен практиканы біріктіру;

— бір-біріне құрметпен қарау, мәдениетті қарым-қатынас болу;

— өз пікірін жақтай, дәлелдей білу;

— ізденіс, еркін тандай, жеке пікір, топпен талқылау;

— қажет жағдай көзқарасын өзгерту т.б.

Қазіргі таңда кез келген мектептерде тәрбие үрдісін жетілдіру үшін жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Мұның өзі аталған мәселенің теориялық негіздемесін жасау қажеттілігін туындатты.

«Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы саналуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технологиясы, білім беру технологиясы, қалыптастыру технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы және т.б. Бұл технологиялардың қайсы түрі болсын анықтаманы қажет етеді. Сондықтан да әрбір автор «технология дегеніміз не?» деген сұраққа немесе технологиямен байланысты жеке ұғымға өз анықтамасын беруге тырысады. Өйткені, дәл қазіргі кезде білім беру жүйесінде жүріп жатқан үрдістің технологиясын түсіндіретін жалпы анықтамасы жоқ. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, қазіргі мектептегі тәрбие үрдісіндегі жаңа технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Білім мекемелерінің педагогтеріне өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай таңдап алуы үлкен шеберлікті талап етеді. Заман талабына сай тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Тәрбие үрдісінде әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескеру керек.

Мұғалім бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек.

Оқушы субъект ретінде қарастырып, оның өзін - өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау - бүгінгі таңдағы мұғалімнің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті. Мұғалім жеке тұлғаға көтерілмей, мұндай зор мақсатқа жету екіталай. Оқу - тәрбие үрдісін ізгілендіру, технологияландыру әр мұғалімнен ғылыми еңбекті талап етеді. Педагогика,

технология әлеміндегі жаңалықтарға үнілу, оны зерделей, зерттей отырып іс - тәжірибеге пайдалану, өзінің технологиясын қалыптастыру - заман талабы, заман ағымына ілесу де оңай емес. Кәсіби біліктілігі жоғары өзіндік позициялы, бағалы бейімділігі бар сапалы маман даярлау - бүгінгі өмір талабы.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде: «Жаңа формацияға жаңа педагог қажет»- деп атап көрсетті. Жаңа формацияның жаңа педагогын қалыптастыру үшін жаңа кәсіби мазмұн, жаңа кәсіби даярлық технологиясы қажет, әрі даярлық сапасын арттыруға бірден - бір қызмет етуі керек.

Жалпы орта білім беруде міндетті мемлекеттік стандарт жаңа тұрпатты мектеп моделін ғана анықтап қоймай, сонымен қатар мектеп бітірушінің жеке тұлғалық шарттарын ескерте келе оған мұғалімді анықтайды.

Жаңа педагогикалық технологиялардың ғылыми- теориялық мазмұны оқушылардың білімдерін жетілдіріп қана қоймайды, ол кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың жетекші құралы блояп табылады, өйткені, ол оқу- тәрбие үрдісінің тиімділігін арттырып білікті, шығармашыл, белсенді оқытушыларды тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Мен жаңа формация мұғалімі яғни мұғалімнің жаңашыл іс-әрекеті дегеніміз - «рухани - шығармашылық тұрғыдан дамыған, кәсіптік біліктілігімен, педагогикалық дарындылығымен және жаңалыққа ұмтылысымен танылатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары тұлға» деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мақатаев М. Аманат. –Алматы: Атамұра, 2002. – 304 б.
2. Нұрғожина Ш. Қазақ сөйлеу тіліндегі эмоционалды-экспрессивті лексика. – Алматы, 2005. – 45 б.
3. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.

ӘОЖ 821.512.122

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ КӨРКЕМ АУДАРМАЛАРЫ

Тәшімбаева С.Ж., Қарасай М.Е.

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.
Mero.98inbox.ru*

Бір мазмұнды, көп тілді кеңес әдебиетінің ерекше қарқынмен дамуына ерік беріп отырған объективтік жағдайға қысқаша тоқтала келіп, І.Жансүгіров бұл идеяны ұстанып қана қойған жоқ, өзі де бұл аудармамен шұғыл айналысты .

Кілттік сөздер: *жазушылар, халық әдебиеті, үздік жазба әдебиеті, дәстүрлерін үйрену.*

В статье говоря кратко о объективной ситуации, которая способствовала быстрому развитию многоязычной советской литературы, И. Жансугуров не просто придерживался этой идеи, но сам был занят этим переводом.

Ключевые слова: *писатели, народная литература, лучшая письменная литература, традиции.*

Әдебиеттің көкейкесті мәселелері жөнінде көп ойланып, көп толғанған жазушылардың бірі Ілияс Жансүгіров. Өзінің қоғамдық қызметінде ғана емес, ол әр уақытта ақын, азаматтық борышы ретінде туған әдебиетінің тағдырын, оның болашағын үнемі ойлап, пікір айтып отырды. Газет – журналдарда басылған мақалаларында болсын, әдебиет мәселелеріне арналған

баяндамаларында болсын Ілияс үлкен бір проблеманы көтереді. Ол- халықтар әдебиетінің интернационалдық байланысы. Бұл байланыс тек мазмұн жағынан емес, түр жағынан болып келуі шарт. Кеңестік дәуірде халықтар достығы нығайып, экономикалық байланыс күшейген кезде әдеби байланыс та соның өзекті бір арнасы ретінде жүріп жатады. Бұл байланыстың түрлері әр алуан. Алдымен, бір халық жазушылары екінші халық әдебиетінің озық дәстүрлерінен үйрену, оны меңгеру арқылы жүргізілмек. Революцияға дейінгі дәуірде Абайды, Ыбырайды атамағанда, қазақ әдебиеті орыс әдебиетінің, басқа да үздік жазба әдебиеті бар халықтардың озық дәстүрлерін игеруге мүмкіндігі болмай келсе, Ұлы Қазан төңкерісінен кейін оған толық жағдай жасалды, негіз туды.

Бұл байланыстың бірден-бірден төте жолы әр ұлт жазушылығының озық туындылары өз ана тілінде ғана басылып қалмай, басқа да ұлт тілдеріне аударылып тұру керек. «Бұл әдебиеттің қорын молайтады. Қазақ оқушысын өсіреді, қазақ жазушыларын оқытады» яғни әдеби байланыс халықтар әдебиетінің жедел дамуының басты бір шарты дегенді Ілияс Жансүгіров баса айтады. «Қазақ оқушылары жалғыз өзінің Бейімбет, Қалмақадны ғана оқып, қамалып отыруға қанағаттанбайды. Горькийден бастап, татардың Ғалымжанын, өзбек, қырғыз, түркімендердің, жан-жақтың әдебиетінің барлығын оқығысы келеді. Біз осы тілекті орындауымыз керек», - дейді.

Бір мазмұнды, көп тілді кеңес әдебиетінің ерекше қарқынмен дамуына ерік беріп отырған объективтік жағдайға қысқаша тоқтала келіп, І.Жансүгіров бұл идеяны ұстанып қана қойған жоқ, өзі де бұл аудармамен шұғыл айналысты.

30 – жылдары аударма мәселесіндегі жетістік туралы сөз болса, осы жолда өздері еңбек еткен Ілияс Жансүгіров атын атамай кете алмаймыз. І.Жансүгіров орыс тілін кешірек үйренуіне қарамастан, орыс ақындарының, орыс тіліне аударылған шетел ақындарының өлеңдерін шөліркене оқып, өз көңіліне қонған, өзін сүйсіндірген шығармаларының кейбірін ана тіліне аударып бастады.

В.Маяковскийдің «Лениншілдер» атты өлеңін 1929жылы аударып «Жаңа әдебиет» журналына 1930жылғы 1- санында, алғаш рет жариялайды, содан былай қарайғы аудармалары күнделікті баспа беттерінде, жинақтарда басылып тұрды. Орыс жазушыларынан А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.Крылов, Н.Некрасов, Г.Державин, М.Горький, Д.Бедный, В.Маяковский, И.Уткин, А.Жаров, Н.Тихонов, А.Крайский, А.Безыменский, В.Рождественский, М.Зоценко т.б., туысқан ұлт ақындарынан А.Тоқай, А.Лахути т.б. өлеңдерін аударды. Бұлардың ішінде әсіресе көбірек аударған ақындары А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.Некрасовтар болды.

Ілияс Жансүгіров орыс тілін ептеп біле бастасымен М.Горький шығармаларын ерекше зейін қойып оқиды. «Оның кітаптарының, - деп жазады ақынның өзі, - бірінен соң бірін таңырқап, іздеп оқыдым. Горький кітаптары жазуға жігерлендірді. Көзімді ашып, сарайымды тазалап, ілгері қарай сүйрейді, әсіресе маған ерекше әсер еткен оның асқан ақындықпен жазылған «Сұңқар жыры», «Дауылпаз жыры» сияқты өлеңдері болды. Ұлы дауылға шақырған, күреске үндеген бұл шығарманы Ілияс Жансүгіров қазақ тіліне аударды.

«Әрине, Горькийдің кітабын оқып, сөзіне сусындап жүрген шәкіртіне өзінің ұлы ұстазынан гөрі арманы аз ғана болмайды. Мен көптен Горькийдің көруді көксеуші едім. Ондай бақытты күн маған 1933 жылдың қысында Мәскеуде ұлы республика жазушыларының мәжілісі өтіп, сол мәжіліске қатысқан жазушыларды А.М.Горький қонаққа шақырады. Осы қонақтардың ішінде І.Жансүгіров те болды. Сол кездесудегі әңгімені қысқаша түйіндей келіп, ақын былай деп жазады:

«...Әсіресе Алексей Максимович қазақ халқының тарихы мен қазақ даласын жаулап алған патша үкіметінің тарихы туралы сұрастырып отырады. Сол заманда ойрат саясатымен түскен Еділ, Ертіс бойындағы қалалардың тарихы бай, қызықты материал деп сөйледі...».

А.М.Горький мен І. Жансүгіров одан кейін де бірнеше рет кездесіп, әңгімелескен, әсіресе СССР жазушыларының съезі үстінде Алексей Максимович үнемі жазушылар арасында болды.

«Мен бір жолыққанда, - дейді І. Жансүгіров,- Алексей Максимовичке қазақ жазушыларының кітабын беріп отырып, өзім аударған «Дауылпаздың» қазақшасын оқып бердім. Ол өте ықыласпен тыңдады. Мен оқып болған соң қолымды қысып тұрып:

- Мен сіздің тіліңізді білмесем де нені ұққаныңызды сеземін,- деді. Мен өте өркештеніп қалдым.

Міне, пролетариаттың ұлы жазушысы А.М.Горькиймен жүздесіп, дидарласуы, ұлы ақындардың шығармаларын оқып, одан өзіне нәр алуы І. Жансүгіровті, ұлы аударма шығармашылығына белсене араласуға себепші болды. І. Жансүгіров, бір жағынан, ұлы жазушылардың асқақ туындыларын қазақ оқушыларына жеткізуді өзінің ақындық парызы деп санаса, екінші жағынан, қазақ әдебиетінің даму, өсу процесі – осындай озық шығармалардың аударылуы арқылы да жүзеге асатынын ол жақсы түсінді.[1.256]

1937-жылы А.С.Пушкиннің өлгеніне жүз жыл толуын бүкіл Одақ бойынша атап өтуге қаулы алынды. Бұл күнге барлық республикаларда үлкен дайындықтар жүргізілді. Осы датаға байланысты Пушкин өлеңдерін бұрынан аударып жүрген Ілияс Жансүгіровке енді «Евгений Онегин» романын аудару жұмысы жүктелді. Романды ақын түгел аударды(Ілияс Жансүгіровтің аудармашылығы арнайы зерттеуді қажет етеді).

Ақын творчестволық қайнар бұлақ көзінің бірі – орыс әдебиеті. Пушкин шығармалары бұдан талай жылдар бұрын, ақынның өлгеніне

Любви, надежды, тихой славы
Недолго нежал нас обман,-
Как ждет любовник молодой,
Минуты верного свидания,
деген А.С.Пушкин мәтінін І.Жансүгіров:

Үміт, сүю, паң, атак
Алдаумен аз тұрғандай
Бітті біздің жас ойнақ
Түтін, таңғы тұмандай.

деп көңіл қамыққыш албырт ақынның романтикалық сарында жазылған.

Әдебиеттің интернационалдық байланысын күшейту туралы мәселе көтерген І. Жансүгіров қазақ кеңес әдебиетінің, қайнар бұлақ көзі болған қазақтың дәстүрлі әдебиетінің, яғни ауыз әдебиетінің бай мұрасын зерттеп, оны шығармашылық жолмен игеру керектігін де үнемі қадағалап отырып, әдебиетші, сол халық әдебиетін мол жинап, оны өзінің шығармашылығына пайдалануда да Ілияс Жансүгіров басқаларға үлгі көрсеткен ақындардың бірі бола білді.

Заман шындығын терең ашып дәуірдің қат – қабат шытырманды оқиғаларын геройдың психологиялық сезім күйлері арқылы бейнелеу Ілиястың өнер тақырыбына арналған поэмаларының көркемдік сапасын белгілейді. «Күйші» поэмасындағы Қаракөз бен күйші жігіттің өнерге еліктеген адамдық сезім осалдығы қоғамдық жіктің екі басында тұрған геройларды үлкен арпалысқа салады. Біріне – бірі бір ауыз сөз қатпастан күй тілімен түсінісіп отырған геройлар сезімін суреттеуде ақын үлкен шеберлікке көтеріледі. Сонымен бірге Ілияс Жансүгіров герой мен заманның ара қатынасын белгілеуде де тың түсінік, жаңа көзқарас аңғартады. «Құлагер» поэмасындағы Ақан арқылы Ілияс Жансүгіров беймезгіл заманда туған өнер адамының ескілікке деген өктем наразылығын көреді. Оны орыс ойыншыларын қазақ қоғамына түскен ұшқыны ретінде («Лермонтов, Пушкин көктен атылған құс, түскен бе Көкшетауға көлеңкесін»)таниды. Сондықтан да Ақанның қанша қуғын мен азап көрсе де, мойып, ешкімге бас имеген кейіпінен ол үлкен романтикалық бейне табады. Ақан өлімінің өзіне ол романтик геройдың дүниеге табынбай, өрлікпен өтуі ретінде қарайды («Тұсында пері болсын, сері болсын, ұнайды өлімімен Ақан маған»).

Ілияс Жансүгіров А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.Крылов, Н.Некрасов, Г.Гейнеден, В. Маяковскийлерден жасаған талантты аудармалары, бір жағынан, ол үшін үлкен шеберлік мектебі болғаны даусыз. Ілияс Жансүгіров эпика да, лирикада да ойдың, үлкен сезімнің, ұшқыр қиялдың ақыны болды. Ол әрқашан ақын жүрегін жарып шығатын шын сезімді жырлады. Ал, ақын сезімі үнемі заман құбылыстарымен, ондағы өзгеріспен байланыста көрінеді. Оның поэзиясының халықтық, партиялық әдебиеттің алдыңғы шебінде тұруы да осыдан. Мұны мен ақынның аудармаларынан көремін. Дәуір талабының дәрежесінде болуы, ол үшін жалықпай

ізденіс, шеберлікке жетілген үстіне жетіле беруі – ұлттық поэзиямызға Ілияс Жансүгіровті қалдырған үлгі. Сондықтан да қазақ жазушылары Ілияс Жансүгіров өзіне ұстаз тұтады. Оның ақындық өнеріне әр қашан табына қарайды және менің ойымша Оқырман қауым ұлы жазушының ерекшелігінің алдында бас иеді[2.150].

Сол заманда ел әдебиеті үшін өлшеусіз еңбек етіп, артына үлкен мұра қалдырған І.Жансүгіров еңбегі әлі де болса зерттеуді қажет ететін тақырып. Мақалада аударма саласына сіңірген еңбегін ғана көрсетуді мақсат еткен болатынмын. І.Жансүгіров шығармалары қазыналы мұра болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдебиеті.Энциклопедиялық анықтама. Алматы-2010.
2. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегіұлт-азаттық идея. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 325б.

ӘОЖ 398.5

С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР

Тәшімбаева С.Ж., Убайдуллаева Ж.Қ.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Ақтөбе қ.

Халық ауыз әдебиеті - халық тарихы. Ал, фольклорда сол халықтың тарихы өзінше қырынан беріледі. Әдебиеттің қай тұсы болмасын фольклордан өрбидіф. Оқиғаларды, олардың мекен-мезгілін, тарихи тұстары мен онда кездесетін тарихи тұлғаларды жалаң түрде суреттемей, халықтың сана-сезімі, ой-қиялы, армандары арқылы жүзеге асырып, оқырманға көркем түрде жеткізетін фольклорды халықтану деп атауға болады.

Кілттік сөздер: *халық ауыз әдебиеті, фольклор, халықтану, ақыл-ойының, парасаттың жемісі, халық эстетикасының айнасы.*

Народная устная литература - народная сказка. И в фольклоре порядок тех же людей дается по-разному. Какая бы литература ни была, это зависит от фольклора. Можно назвать фольклорный талант, который невозможно описать неизгладимо событиями, их безвременностью, тарихами и трюками людей, но через сознание, воображение и мечты о людях.

Ключевые слова: *фольклор, фольклор, фольклор, плоды интеллекта, восприятие, эстетика людей.*

Фольклор – халық эстетикасының айнасы, нормасы. Сол себепті ол әдеби шығармаға енгенде бірнеше рөл атқарады, бірде кейіпкердің образын күшейтуге, енді бірде шығарманың идеясын кеңейтуге, кейде автордың позициясын айқындауға, ал, кейбір жағдайда сюжет құруға мол ықпал етеді, тіпті, бүкіл шығармаға негіз болады.

Халық ауыз әдебиеті - халық тарихы. Ал, фольклорда сол халықтың тарихы өзінше қырынан беріледі. Әдебиеттің қай тұсы болмасын фольклордан өрбидіф. Оқиғаларды, олардың мекен-мезгілін, тарихи тұстары мен онда кездесетін тарихи тұлғаларды жалаң түрде суреттемей, халықтың сана-сезімі, ой-қиялы, армандары арқылы жүзеге асырып, оқырманға көркем түрде жеткізетін фольклорды халықтану деп атауға болады. Яғни, халықтың жазу-сызу білмеген кездегі көркемдік тұрғыдан ақыл-ойының, парасатының жемісі болып қалыптасқан. Тарихи еңбектерде айтылмаған кей жағдайлар осы фольклорда жатыр. «Нағыз әдебиетіміз әлі жазылған жоқ» деген пікір зерттеушілер тарапынан сөз болып жүр.. Әрбір есейген, кемеліне келген жазба әдебиеттің өткен тарихы оның ауыз әдебиеті дәстүрінен де тыс емесі анық. «Адамзаттың көркемдік дамуында фольклор мен әдебиеттің алатын орны үлкен. Өзара күрделі ұқсастықтары да бар бұл құбылыстардың мәні мен өзгешелігін нақтылы

біліп отыру – рухани жолдарын түсіну үшін де аса қажет. Фольклор мен әдебиеттің жалпы заңдылықтары мен шарттылықтарын саралап ажырату – ауыз әдебиеті қоры мен дәстүрі күшті халықтар үшін өте-мөте керек»,– дейді Р. Бердібаев.

Осы мәселе төңірегінде көптеген ғалымдар еңбек етті. Қазақ халқының мерейін үстем етіп, жастарды ғылымға жетелеген азаматтар ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен айналысып қана қоймай, ғылымға негіздеп, оның өлмес руханилығын өз шығармаларына арқау етті. Дәл осы тұста әдебиетіміз үшін елеулі еңбек сіңірген әрі әдебиет жолындағы күресті көрсете білген тұлғалардың бірі – С.Сейфуллиннің рөлі ерекше екенін байқауға болады. Өз қатарындағы ақындардан Сәкеннің ерекшелігі фольклорлық мұраның өшпес ізін шығармашылығына арқау ете отырып, тарихты сүюге, халықтың арман – мұңын жырлаудағы халықтық идеяны ұстады.

Бұдан Сәкеннің фольклорлық тарихты өте жақсы білгенін, оның мәнді жағына өз көзқарасы мен шығармашылығын жаңа әдеби белеске көтергендігін байқауға болады. С.Сейфуллин шығармалары фольклорлық негізде жасалған. Себебі, дәуірдің, өзі өмір сүрген қоғамның, жаңа әдебиеттің талабы. Және сол арқылы рухани өмірдегі әдебиеттің маңызы артқан. Сонымен қатар С.Сейфуллин қоғамда болып жатқан жағдайларды біліп, халықпен сырласып, арман – тілегіне ортақтасып, мұң – мұқтажын тындап, мәдениет мен фольклорын терең зерттеп, жаңаша көзқарас тудырған. Туған халқының фольклорын тамаша білгендіктен олар өз шығармаларына фольклордың қандай түрін, сюжетін арқау ету керектігін өте жақсы білді, тіпті, интуиция арқылы сезді деуге болатын шығар. Жалпы, әдебиеттің фольклорға иек артуы оның, яғни әдебиеттің дамымағандығы емес, әдебиет өзінің даму тарихында фольклорға мезет-мезет соғып отырған.

С.Сейфуллин поэмаларындағы фольклорлық дәстүрлер туралы сөз болғанда, ең алдымен, «Көкшетау» поэмасы еске түседі. Шығармашылығының құндылығы мазмұнға сай пішін тапқан актуальды туындыларымен ғана емес, қазақ халқының өткен заманы, әр алуан аңыз, әңгімелеріне негізделген шығармаларынан да аңғарылады.

Туған халқының фольклорын тамаша білгендіктен олар өз шығармаларына фольклордың қандай түрін, сюжетін арқау ету керектігін өте жақсы білді, тіпті, интуиция арқылы сезді деуге болатын шығар. Жалпы, әдебиеттің фольклорға иек артуы оның, яғни әдебиеттің дамымағандығы емес, әдебиет өзінің даму тарихында фольклорға мезет-мезет соғып отырған.

Халық ертеден-ақ өзінің армандарының тілекшісі болған, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарын, табиғат құбылыстарын, елінің әсем жерлерін жырға қосып, мадақтаған. Мұндай жырларда мадақтаулар жалаң күйде емес, халық тарихының аса маңыздылығымен жарқын көрінісі ретінде суреттеліп отырған. С.Сейфуллин осындай ерекшелікті сақтап, табиғаттың сұлу көркін барынша бейнелеп әрі ел ішіндегі аңыздарды да тыс қалдырмай, шығармасын әсерлі еткен.

С.Сейфуллин шығармасындағы халықтың ауыз әдебиетінде көп ұшырасатын тағы бір ерекшелік - дәстүрлі жұмбақ. Яғни, шығармасындағы өз басынан кешкен жай-күйді жұмбақтайды. Сонымен қатар С.Сейфуллин шығармаларында сақталған ең бір ерекше дүние - қыздың сертке беріктігі болып табылады. Қыз жұмбағының дәстүрлі, халықтың ауыз әдебиетінде жиі кездесетіндігі туралы Бекет Өтетілеуовтың "Данышпан қыз" атты шығармасында айтылған екен. 1914 жылы Орынборда басылған өзінің "Жиған-терген" деген кітабына кірген бұл аңыз өлеңінде Бекет те адамгершілік, сертке берік болу идеясын жырлайды.

Сондай-ақ ақынның "Ақсақ киік", "Аққудың айрылуы" шығармаларында туған даланың табиғатын, адамның ішкі сезім күйлері суреттеледі. Жанашылдықты сүйетін ақын поэзия мен драматургияға көп жаңалықтар енгізді. Өлеңнің түрі мен мазмұнында түбегейлі өзгеріс жасап, қазақ халқының поэтикалық дәстүрін дамыта түсті.

Сәкен шығармаларының идеялық нысанасы жаңа дәуірдің, кеңестік заманның көкейтесті мәселелерімен тығыз ұштасып жатады. Мұның өзі – социалистік реализм әдебиетінің негізі, ең басты бағыты, айрықша қадір-қасиеті. Қазақ даласында осы әдебиеттің

туын бірінші көтерген Сәкен туындылары – бүгінгі жаңа өмірдің жалынды жаршысы болған тарихи мәңгі құбылыс. Ленин партиясының ұлы идеяларынан таусылмас нә алған Сәкен өзінің бар өнерін халық мақсатына, туған елінің жарқын болашағына арнап, жаңа заманның дауылпазы болды. Абайдан кейін қазақ поэзиясына жаңалық қосқандардың ішінде оның орны бөлек.

Сыршыл да ойшыл ақын, сұлулық жыршысы табиғатты онда мекендеген адамның көңіл күйімен, жасампаз еңбегімен байланыстыра жан бітіре суреттейді. Сәкеннің күрес жолындағы кейіпкерлерінің елге, туыс-өскен жерге деген сезім күйлері табиғатқа ынтықтығы арқылы ашылады.

Сонымен, Сәкеннің қай поэмасын алсақ та, онда революциялық күрес тақырыбы сөз болатындығын және жаңа өмірге деген негізгі талап пен қадам, жарқын өмірді бейнелейтін суреттер басым болатынын білдік. Әдебиетіміздің көрнекті өкілі С. Сейфуллин шығармаларында қазақ салтына, өшпес тарихына, халық ауыз әдебиеті мен үлгілеріне, байырғы замандағы қазақ халқының өміріне баса назар аударылған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 том. 1967 жыл
2. Қирабаев С., Сәкен Сейфуллин, 1962
3. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ – Алматы: Жазушы, 1989.
4. Қасқабасов С. Ойөріс (фольклор туралы зерттеулер) – Астана: Астана полиграфия, 2009.

ӘОЖ 001.894.342

ІЛИЯСТЫҢ ЖУРНАЛИСТІК ҚЫЗМЕТІ

Х. Ұлжан

Мәншүк Мәметова атындағы орта мектеп, Ескелді ауд., Шымыр а.

Жазушының «Жарыс», «Төменнен толқын» деген очерктері Екібастұз көмір кені Риддер шахталарындағы социалистік жарысты, жұмысшылардың олқылықты жою жолындағы күресін, шаруашылыққа жанашырлық сезімін өзек еткен әкелі-балалы екі шахтердің (Жауатар мен оның баласы Рахымжан) өзара социалистік жарысын көрсету арқылы Ілияс шахта өмірінің сырын шерттеді.

Кілттік сөздер: көркем шығармалар, журналистер институты, өмірінің сыры.

Эскизы из «Гонки» писателя «Волна из волны» показывают социалистический конкурс Экибастузского угольного разреза с социалистическим соревнованием на шахтах Риддер, борьбу за ликвидацию рабочих проблем и социалистическое соперничество двух шахтеров (Жаватар и его сын Рахимжан) Нажмите на секреты.

Ключевые слова: произведения искусства, Институт журналистики, секрет жизни.

1925 жылға дейін публицистикалық мақалалармен қоса көркем шығармалар жазып талпынып көреді. Онысы нәтижесіз емес еді. Бұл жылдары жап-жақсы өлеңдер жазып танылып қалса да, І. Жансүгіров өзіне-өзі көңілі толмай, табиғат берген дарынмен ғана ұзап кете алмайтынын түсініп, білімін көтеру үшін 1925 жылдың күзінде Мәскеудегі журналистер институтына түсіп, оны 1928 жылдың жазында бітіреді. Оқуын бітіріп келген соң 1928 жылы газет жұмысына кірісіп, әдебиетке белсене араласады.

«Ілияс Жансүгіровтің очерк жазу қызметі ертерек жиырмасыншы жылдардың аяғында басталды», - деп жазады белгілі журналист ғалым Төлеубай Ыдырысов өзінің «Шеберлік бастауы» деген зерттеу еңбегінде. 1927 жылы Түркістан—Сібір темір жолының құрылысы қолға алынған кезде Ілияс Түркісіб тақырыбына бірнеше очерктер арнайды. 1929 жылы жарыққа

шыққан «Жол аузында», «Шоқпардың шоқтығында», «Төрт жолдың торабы» деген очерктерінде І. Жансүгіров бүкіл халықтық құрылыстың барысын, жапан түзге желі тартқан болат жолдың қиыншылықтарын, Түрксіб құрылысының ерлерін суреттейді.

Әйтсе де, Ілиястың очеркпен көбірек қалам сілтеген дәуірі-отызыншы жылдар. Осы тұста сөз зергері газет, журнал тапсырмасымен өнеркәсіп орындарынан, колхоз, совхоздардан бірталай очерк берді. 1931-1934 жылдары оның қаламынан «Октябрьдің «Октябрі»», «Сталин колхозы», «Жарыс», «Төменнен толқын», «Бейсетай бригадасы», «Соқашылар», «Бір күн ішінде», «Қоян-құс» деген очерктер туды. Бұлардың бәрінің түп қазығы—колхоздастыру кезеңіндегі қауырт істер, жаңа совхоз өркендері, ауыл тұрмысына енген жаңалықтар, социалистік жарыс.

Мәселен, «Октябрьдің «Октябрі» очеркі – Ертіс өңіріндегі жаңадан қоныс тепкен бір совхоздың қарбалас күндерінен елес. Жазушының суреттеуінде дала – бейне бір еңбек майданы. Қаптаған техника – тракторлар мен комбайндар. Қырдың қыртысы қопарылып, айнала егін теңізі болып кеткен. Кешегі құла тұз – бүгін көшесінде автомобилі жүйткіген, телеграф бағаналары тізілген. Бұл – дүлей табиғатты бағындырған совет адамдарының қаһармандық қимылының жемісі, социализмнің құдіретті күші. Міне, осы көріністерді Ілияс публицистика тілімен сөйлетеді.

Жазушының «Жарыс», «Төменнен толқын» деген очерктері Екібастұз көмір кені Риддер шахталарындағы социалистік жарысты, жұмысшылардың олқылықты жою жолындағы күресін, шаруашылыққа жанашырлық сезімін өзек еткен әкелі-балалы екі шахтердің (Жауатар мен оның баласы Рахымжан) өзара социалистік жарысын көрсету арқылы Ілияс шахта өмірінің сырын шертеді.

Ал «Бейсетай бригадасы», «Соқашылар», «Бір күн ішінде» деген очерктерінде Ілияс шығарма желісін бір күннің оқиғаларына құрып, адам мінездерін аша түседі. Бұларда кейіпкерлердің бейнесі өзіндік кескін-келбетімен, мінезімен оқшау. Алғашқы екі очерк Қаскелең ауданының «Еңбекші талап» колхозынан жазылған. Бұл – ертерек ұйымдасқан, шаруашылығы өрге басқан колхоз еді. Міне, осы колхоздың бірде озат бригадасын, бірде екпінді соқашыларын, олардың ізгі мақсат – мүдделерін жан сүйінер жақсы істерін үлгілі комсомолецтердің, Бәтiш, Мәскуре сияқты еңбек екпінділерінің бейнесін жасайды.

Ілиястың «Бір күн ішінде» очеркі де тәуір. Ең алдымен оның тілі көркем, композициясы ширақ, сондықтан оны оқу жеңіл. Мұнда отызыншы жылдардың басындағы ауыл өмірінің суреті табиғи. Адамдардың портретін де, пейзажды да автор жақсы береді. Очерктегі басты тұлға – Маров. Ол – МТС – тің саяси бөлімінің бастығы. Очеркті оқып шыққанда Маровтың байсалды мінезі, іскерлігі жадында қалады.

Жазушы Маров образы арқылы тәжірибелі білгір басшының тұлғасын мүсіндейді. Маров қарауындағы колхоздарды аралауға шыққанда істің байыбына барып, орын алған кемшіліктерді тез жою шараларын қарастырады. Ол ауыл азаматтарының көбін таниды, олармен сырласып, шешіле сөйлеседі. Мысалы, қырман күзетшісі шалмен, ұсталармен әңгімесіндегі қарапайымдылық, қамқоршылық қасиеті Маровтың мәртебесін көтеріп тұр.

«Әдебиет майданы» өзінің 1937 жылғы бірінші санында І.Жансүгіровтің «Қазақстан астанасы - Алматы» деген публицистикалық очеркін басады. Онда ғылыми - танымдық, тарихи деректер мол. «Алматының жері жақсы», «Алматының тарихынан», «Алматы 1916 жылы», «Бүлік», «Қала сонда қандай еді?», «Ескі басшылықтың Алматысы», «Қала қалай өсіп келді?», «Қаламыз – мәдениет ордасы», «Алматы жолдары», «Үлкен Алматы», «Бақша мен курорт», «Одақтас республиканың астанасы» деген тараулар оқушыны астанамыздың тарихын, күрес жолын, өсу белестерін, соңғы жетістіктерін білуге бірден қызықтырады. Ілияс, әсіресе, Алматының әсем табиғатын суреттеуге ұста. Жазушы Алматының келешегіне көз жіберіп, алдағы уақытта оның мәдениетті үлкен қала болатын айтады. Сол көрегендік сөздері бүгінгі өмірде нақты орындалғанын айтпасқа болмайды. Алматы кешегі Ілияс көргендей емес, бірақ публицистің «Қаламыз – мәдениет ордасы» деген бір ауыз сөзі бүгін 68 жыл астана болған қалаға лайықты теңеу екені талассыз. «Ілияс Жансүгіровтің бір топ очерктері бүгінгі күннің еңбек адамдары жайында»-дейді, белгілі Ілияс мұрасын зерттеуші ғалым Мырзабек

Дүйсенов. «Хабар ретінде жазылған жалаң очеркке ден қоймай, көркем очерк жазуға талаптанған. Бұл талабы жеміссіз болмаған. Әңгіме – очерктерінің сәтті шыққандарының композициялық тұтастығы берік, сюжеттік желісі тұтас, суреттеу, бейнелеу жағынан да кәдімгі көркем шығармаларға қойылатын талптарға жауап бере алады» - дей келе, Ілиястің әңгіме – очерк жазудағы аз-кем олқылықтарына да ден қояды. «...Композициялық тұтастығын сақтай алмай, көрген – білгендерін жинақтап, қорытындылай алмай, соның салдарынан әңгіме – очерктерінің етек – жеңі жиналмай шұбалаң шығып, нақты адам бейнесі ашылмай қалған кездері де жиі ұшырасады. Мысалы «Нұрша», «Баулыған балапан» және т.б.әңгімелері көркем шығармадан гөрі, жай баяндама тіліне ұқсас» – дейді, М.Дүйсенов.

Мұндай кемшіліктер атаулылар - әр творчество адамына тән құбылыс. Қазақ баспасөзінің алғашқы баспалдақтарында жаңа туындаған жанрлардың қанат жайып, бұғанасы қатпаған тұста, оның қалыптасуы мен даму процестерінде ондай кем-кетіктің кетуі – заңды нәрсе. Мәдениет пен өнер саласы – Ілияс Жансүгіровтың газетке сүйіп жазатын тақырыптарының бірі. Ілияс еліміздің әдебиетін, музыкасын, әні мен күйін жинау мен, оларды өзінің творчествосына ұқыпты пайдаланумен ғана шектелмей, газет журналдарға жазған мақала, очерктерінде, жасаған баяндамаларында халқымыздың ауыз-әдебиетін, әні мен күйін жинау, үйрену қажеттігін ақындарға, жазушыларға жалпы зиялы қауымға үнемі ескертіп, баспасөз беттерінде үн көтеріп отырады.

Жазушының 1920 жылдар басындағы әйелдер тақырыбына жазған тағы да бірқатар әңгіме, повестері бар. Бұл жөнінде М.Дүйсеновтің «Ілияс Жансүгіров 1920 жылдардың бас кезінде қысқа-қысқа әңгімелер, очерктер, фельетондар жазып газет, журнал беттеріне бастырады. Алғашқы әңгімелерінің дені кедейліктің тауқыметін тартқан жалшылар, патриархалдық қоғамның қазақ әйелдерінің басына салған күндік ноқтасы, надандық, қазақ ауылында ескілікті етек алған түрлі көріністерін бейнелеу, сынау, әшкерелеу тенденциясы ақынның соңғы жылдары жазған шағын көлемді прозасының да арқауы болып отырады» деген пікіріне негіз болып отырған – «Нұрша», «Жедел жәрдем», «Қуыршақ» атты шығармалары.

Совет өкіметі орнасымен қазақ ауылында әйелдер айналасындағы толғақты мәселелердің бірі – олардың біртіндеп сауат ашуы, сана-сезімдерінің оянуы, әлеуметтік істерге араласулары жөніне жан-жақты айтылып, қажеті заң, қаулылар шығып жатқан еді. Бұған қазақтың ақын - жазушылары да өз тарапынан кеңінен ат салысқан. Сол тұста бұл жөнінде өлең-поэмалар, қысқа әңгіме мен нақанды тақырыптан шет қалмай жоғарыда сөз болған «Нұрша» әңгімесін жарыққа шығарды.

«Нұрша» әңгімесі Сәбит Мұқановтың «Ақбөпе сыры», Елжас Бекеновтың «Жәмила қалай сауатты болды» Бейімбет Майлиннің «Раушан - коммунист» повестерімен бір мезгілде шыққан. Бұл туындылар жөнінде Әмен Әзиев: «көркемдік дәрежелері түрліше келген шығармалар да әйел образдарын жасау проблемасы жаңаша қойылады»-деп атап өтті. «Бәрінің де көтерген мәселелері, идеялық нысанасы бар арнаға саяды»-деуіне қарағанда шығармада көп ұқсастықтар бар.

Ақбөпенің, Жәмиләнің, Раушанның, Нұршаның сырт қарағанда мазмұндары ұқсас. Бәрі де оқуға, өнер білімге, болып жатқан түрлі жаңалықтарға ұмтылады, қоғам жұмысына араласады. Балаларын құшақтап жазу дәптеріне, оқу кітаптарына үңіледі. Ерлермен қатар атқа мініп, ел билеген әйелдер қай ауылдан болсын жиі кездеседі. Мұның барлығы да мазмұндық ұқсастықтар өмірдің нақты тарихи жағдайын, дамуына әкеліп шығады.

«Нұрша» әңгімесіндегі басты кейіпкер ретінде қазақ ауылындағы бетінен ешкім қақпай бұлаң өскен қыздың өжет, өткір болып бойжетіп келе жатқандығы туралы айтылады. Нұрша Алпысбайдың жалғыз қызы болғандықтан әйелі Күлжан екеуі оның айтқанын бұлжытпай орындайтын. Ауылда алғаш мектеп ашылғанда ең бірінші болып оқуға жазылған Нұршаға әкешесі қарсы шықпайды. «Барсын, оқысын деп – ақ тілеулерін береді. «Арты қалай болар екен?» деген дүдәмалдары болғанымен, көп ұзамай қызығын көре бастайды. Өйткені, ол кезде совет өкіметі енді құрыла бастаған кез болатын, газет- журналдар елге үлестіріп бергенімен, оның суретін көріп маз болып, ал не жазылағаны туралы көпшілік жұрт оқи алмайтын. Ал, Нұрша болса, бірден-бір газет-журналдарды қалдырмай, әке-шешесіне

дауыстап оқып беретін. Алпысбай мен Күлжан соған мәз. Қыздарын оқуға бергендеріне дән риза.

Бір күні «Жетісу әйелі» журналын оқып отырып мынандай қызық әңгімеге кез болады. Бейімбет Майлин «Раушан-коммунист» деген әңгіме жазыпты. Онда ауылдың қарапайым әйелі болыс болып сайланыпты. Ел басқарып, кейін коммунист болып, көзі ашық, көкірегі ояу адам болып, үлкен лауазым-шенге көтеріліпті деген жайды оқығанда әке-шешесі, өзі таң-тамаша болады. Ол аздай қазақ жерінде жүздеген әйелдің оқу оқып, үлкен қалаларға қызмет істеп, қоғамға үлкен пайда келтіріп жүргендігі туралы жолдарды оқығанда Нұршаның дегбірі кетіп, оны талай ойға салады.

Енді өзінің күнделікті күйбің тірлігін тастап, тағы да «оқысам» деген ниет пайда болады. Арман қуалап алыстарға көз тастайды.

Айталық, С.Мұқановтың Ақбөпесін жетімдіктің зардабы, Байқұттыдан көрген зорлығы ширықтырса, Е.Бекеновтың Жәмиласты отбасындағылармен арпалысады, өзінің оққылығын сезініп, оқуға талпынып, жер бөлімінің меңгерушілігіне дейін көтерілді. Ал Б.Майлиннің Раушаны өзінің күйеуі Бәкеннің қараңғылығына ауылдағы бай-болыстың зіліне төтеп беріп, көрші-қоланның өсегіне мән бермей, аулынайлығын абыроймен атқарылғандығы суреттеледі.

Ілияс халықтың поэтикалық творчествосы болсын немесе сол тұстағы жазушылардың творчествосы болсын, әйтеуір өзіне дейінгі әдебиетте кездесетін әдеби категориялардың түр-сипатын, өзгешелігін жақсы түсіне сезіне біліп, одан мүмкін өзіндік үлгі, азық, жаңаша түр-түс әкелгенін қазіргі әдебиеттану ғылымы жоққа шығармайды.

Ілияс Жансүгіров әр әңгіме, повесін жазардан бұрын оған тыңғылықты дайындықпен келетіндігін шығармалардан айқын аңғаруға болады. Ол үшін қай жерде болмасын қолы қалт еткенде, қасындағы серіктеріне әңгіме айтқызып өзі де соған қызу қатыса отырады. Қай жазушы болмасын шығармасының айшықты, көркем, сонымен қатар шындыққа жанасатындай реалды түрде шығуы үшін оған негіз боларлықтай түйін, идея, сюжет іздейтіні белгілі. Онсыз әңгімесінің не повесінің көркемдік аясы, мазмұны композициялық желісі жұтаң тартары, әлсірейтіні заңды. Бұл жайсыздықтың болмауы үшін қай елдің жазушысы болмасын әр түрлі тәсілді пайдаланып, өз дегендей етіп шығарманы жарыққа шығарады.

Мәселен, А.П.Чехов қайбір қолайсыздықтарды жеңе отырып, қай орта болмасын соның ішінде болып, соны өз көзімен көріп, сезіп, ой-елегінен өткізіп шығармаға беттейді. Ілияспен тұстас, замандас, оның тағдырына тағдыры ұқсас М.Кольцов әңгімесін жазардан бұрын оны кеңінен пысықтап әр адаммен ерінбей –жалықпай әңгімелесіп, ақиқатына жетіп жазатыны, тіпті, таксист өмірін танып-білу үшін оншақты күн таксист болғандығын өз замандастары растайды.

Оның әр әңгіме, повесін жазардан бұрын оған тыңғылықты дайындықпен келетіндігін шығармаларынан айқын аңғаруға болады. Жай айта салу емес, оған үлкен мән беріп, майын тамыза көріктендіре айтқанды жөн көреді, ал өзімен әңгімелескен адамдардан естігендерінің ішінен қызықтысын, шұрайлысын әр деталіне дейін анықтап сұрап, өзінің жазар әңгімесінен де повесіне арқау етеді. Бұл жөнінде елге атақты артист Қ.Байсейітов Ілиястың шығармашылық машығын айтқан уақытта әр адамның бал арасындай шырын жинайтынына дәлел етіп былай деп әңгімелейді: «Әркім өзі білетін қызықты әңгімесін айтсын, ал әңгіме, білмейтіндер өзінен басынан өткен ең қызықты оқиғасын айтып берсін...» деген ұсынысын еске алады да, өзі айтып берген бір қады оқиға «Ілиясты да қатты түршіктіріпті. Кейін сол менің айтқандарымның негізінде «Қожабек нәшәндік» деген әңгіме жазды, ол басылып шықты да, бірақ соңғы томдық шығармалар жинағына кірген жоқ. Ол кісінің жазуына қарағанда менің айтқандарымның біразы өмір шындығына ұқсастау да шыққан—ау деп ойлап қалам», -деп шығарма арқауына айналған әшейінгі әңгіме—дүкенді еске алады. Академик М.Қаратаев - Ілиястың өмірі мен творчествосын көп зерттеген адамдардың бірі. Өзінің бір естелігінде Ілиястың әңгімешілдігі туралы: «Сырт көзге Ілиястың тұйық адам көрінуі әншейін білместік. Ол барлық асылын, әдемісін ішке жинайтын, тереңге сақтайтын ардагер екеніне сол жолда анық көзім жетті. Шынында ақынның сырттай «тұйықтығы» оның ішкі бай рухани дүниесінің қақпағы ғана беріктік пен бекемдік екен. Бір сенген, бір шешілген адамның алдында Ілекең ғажап, сыршыл,

әңгімешіл, сөз тапқыш, әзілдегіш адам екен», - деп жоғарыда айтылған қасиеттерді растай түседі. Ілияс-тек шебер айтушы ғана емес сонымен бірге көрген – білгенін, естігенін шебер жазып жеткіз білетін талантты прозаик жазушы.

Алғашқы әңгімелері – «Күң өлімі», «Шешілмеген жұмбақ», «Саудагердің тамашасы», «Мерген бөкен», «Ташкендікке тарт»-1920 жыл мен 1928 жылдардың ортасында жазылды. Бұл еңбектерің ішінде соғыс коммунизмі кезі, сол дәуірдегі қазақ елінің басынан кешкен жағдайларының өзгешелігі бейнеленгендігі бар. Солардың бір сыпырасы өзі көрген – білген белгілі дәрежеде өзі сүйетін, өзі ардақтайтын мазмұндар. Сонда да болса болашақ жазушы бірден жазушылық жолға түспейді. Әлі де байқап көрейінші дегендей өмірден де кітаптан да көп қазынаны ойға түйе береді.

«Білім мөлшерім, өмір соқпағым, шет жұрттың әдеби қазынасымен танысуға әлі мүмкіндік бермей келеді» деуіне қарағанда, әлі де болса өзіне қанағаттанбағандығын байқаймыз. Дегенмен, Ілиястың сол тұста өзінің хал- қадірінше әлемдік әдебиеттен хабардар болған төмендегі деректер жоққа шығармайды.

Ол кітаптар ХІХ ғасырда жарық көрген озық ойлы авторлары Л.Н.Толстойдың «Семья», «Бақыт неде?», Салтыков–Щедринның он екі томдық жинағы, сол сияқты И.А. Гончаровтың, А.П. Чеховтың, И.С. Тургеневтің, К.С. Григоровичтың, М.А. Лесковтың, В.А. Жуковскийдің, А.К. Шиллер-Михайловтың, Ф.М. Достоевскийдің, В.Г.Белинскийдің т.б. ақын – жазушылардың шығармаларының толық жинақтары болған. Сонымен қатар ХІХ ғасырдың аяғына дейін және ХХ ғасырдың алғашқы он жылы ішінде орыс тіліне аударылып үлгерген әлемдік әдебиет өкілдерінің де шығармалары көп кездескен. Мысалы, Г. Гейненың алты томдық жинағы, сол сияқты Вальтер Скоттың он төрт томдық жинағы, М.Сервантестың «Дон-Кихоты», Фердоусидың «Сохрабтың тарихы», А.Доденнің повестері мен әңгімелері, бір ғана Ж.Вернның шығармаларынан жиырма төрт кітап болған .

Сөйтіп мұсылман дінін уағыздауға арналған Қайнар құмындағы мешіт әлемдік әдебиеттің асыл қоймасы болып шыққан. Мұны судан сүзіп ішкен тума талант Ілияс әлемдік әдебиеттің түрлі әсем үлгілерін өз қолына ұстап, өнегесінен үйренген, еркінше оқып, еміне сусындаған.

Қысқасы, Ілиястың көсемсөзші ретінде тұңғыш шыққан жыр жинағының жайы солай болса, бұл оқиға оқу бітіріп келген жастың кейінгі қалам сілтесіне ешбір нұқсан келтірген жоқ. Керісінше, қайта өршеленіп, поэзия өлкесіне батыл қадам жасауына ықпал етеді. Сағат санап өскен жаңа өмірдің әр қадам қарқынынан қалмай, қарымды, жақсы жыршысы болу үшін өлең топтамаларын үдете жаза түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

3. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А.,1965.
4. Әбдірахманова Т. Ақын арманы. А., Жазушы. 1965.
5. Әдеби мұра және оны зерттеу.- А.,1961.
6. Әуезов М.Әдебиет тарихы.- А.,1991.
7. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А.,1959.
8. Иманғазин М. Жан қайығын жарға ұрдым. А.,1994.
9. Иманғазин М.Ілияс прозасындағы дәуір дидары. Т.,2000ж.
10. Иманғазин М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А., ҚазҰУ.2004.

ӘОЖ 001.8947342

КӨМІРТЕКПЕН ЛЕГІРЛЕНГЕН АМОΡФТЫ КРЕМНИЙ ҚАБЫҚШАЛАРЫНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Шаншарбаев М.А., Тауасаров Қ.Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Бұл мақалада көміртекпен легіріленген аморфты кремний қабықшаларының қасиеттерін алу әдістері туралы сипатталған.


В этой статье описаны получение свойства пленок аморфного кремния легированного углеродом.

This article describes the properties of films of amorphous silicon doped with carbon.

Күн энергиясын электр энергиясына айналдыру экономикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады. Әсіресе көміртек легіріленген аморфты кремнийден жасалған күн элементтерін энергетика саласында пайдалану жақсы жолға қойылған. Көміртекпен легіріленген аморфты кремний қабықшаларының қасиеттерін алу әдістері. Әлемдегі дамыған мемлекеттердің алдыңғы қатарлы ғылыми және технологиялық орталықтарындағы зерттеушілер аморфты көміртекті легіріленген аморфты кремний негізінде алынатын арзан фотоқұрылымдар, жарық сезгіш экрандар, электрофотографиялық құрылғылар, фотодиодтар, түс датчиктері, сканистирлер алуда қолданылуы үлкен қызығушылық тудырады. α -Si:C:H және оның қоспаларын орналастыру үшін әр түрлі әдістер қолданылды: магнетрондық әдіс, силан және метанды буландыру фазасында химиялық орналастыру әдісі, иондық реактивті тозаңдату, күлгін жоғары жиілікті разрядты және тұрақты токтың күлгін разрядында силан және метанды ыдыратып орналастыру әдісі. Көміртегі легіріленген аморфты кремний (α -Si:C:H) қабықшалары кремний және көміртек қоспасынан жасалған нысананы магнетрондық әдіспен соққылай отырып орналастырумен алынған.

Магнетрондық әдіс. Тоzaңдату процесі – нысананы жоғарғы энергиялы иондармен атқылағанда, нысана материалдың бетінен атомдардың ұшып шығу процесі болып келеді. Сонымен қатар, жоғарыдағы анықтамаға сәйкес, тозаңдату процесі ретінде қарастырылып, бетті тазалау және оны профильдеу үшін қолданылады. Тоzaңдату кезінде нысана материалдың жойылуы және орын ауыстыруы болатындықтан, бұл әдіс жұқа қабықшаларды алу әдісі ретінде де қолданылады. Қазіргі кезде осы әдіс әр түрлі материалдардан қабықшаларды алудың алдыңғы қатарында. 1-суретте ВУП-5 вакуумдық қондырғының вакуумдық камерасына орналастырылған тұрақты токтағы магнетрондық тозаңдату жүйесінің сұлбесі көрсетілген. Қондырғыда вакуумдық камера алдын ала форвакуумдық және диффузиялық насоспен $p=5 \cdot 10^{-3}$ Па қысымға дейін сорып алынады, кейін камераға жұмыстық $\text{SiH}_4 + \text{CH}_4 + \text{Ar}$ газдары беріледі.

Нысана тұрақты магнитке орнатылып, қалыңдығы 2 мм және диаметрі 10 см пиролизтік поликристалдық графиттен құралған. Қабықшаларды алу үшін тазалығы 99,99% графит қолданылады. Анод тотықпайтын болаттан шеңбер пішінде жасалған және тұрақты кернеу көзіне қосылған. Төсенішті ұстағыштың конструкциясы төсеніштің температурасын сақтап және 100-3500 С интервалында өзгертеді. Тоzaңдату анодта тұрақты оң кернеу бергенде жүзеге асады.




Сурет 1 – Тұрақты токта магнетрондық жіктеу жүйесінің сұлбесі.


1 – тозаңдату камерасы, 2 – төсенішті ұстағыш, 3 – төсеніш, 4 – анод, 5 – нысана, 6 – анодтың тефлондық ұстағышы, 7 – магнит, 8 – газ жіберілетін түтікше, 9 – тұрақты ток көзі, 10 – сору түтікшесі.

Күн энергиясын электр энергиясына айналдыру экономикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады. Әсіресе көміртек легіріленген аморфты кремнийден жасалған күн элементтерін энергетика саласында пайдалану жақсы жолға қойылған. Тәжірибеден алынып, зерттелетін a-Si:C:H қабықшасы күн элементінің бір қабаты болып табылады, сондықтан осы қабықшаны зерттеудің маңызы зор. a-Si:C:H қабықшасы тұрақты токтың күлгін разрядында кремний және көміртекпен жасалған нысананы аргон және сутегі қоспасымен магнетрондық әдіс арқылы соқылай отырып алынатын атомдарды араластырып қыздырылған төсенішке орналастырылады. Тәжірибе ВУП-5 әмбебап камерасында орналасқан үш электродты магнетрондық жүйеде жасалынды.


Кремний, шыны, кварц төсеніштерінің температурасы 1000С-3000С аралығында өзгертілді. Температура хромель-алюмель термопарасы арқылы өлшенді. Орналастыру процесіне қажетті қуат тұрақты токтың коректендіру көзінен берілді. Оның кернеуі 400-600 В тогы 20- 30 мА шамасына тең. Осының нәтижесінде күлгін разрядта алынған радикалдар (C, H, C-H, C-H₂, C-H₃), (Si₂-H₂, Si-H, Si-H₂, Si-H₃) плазмада қосылып қыздырылған төсенішке орналастырылады. Қабықшалардың беттік құрылымы атомдық - күштік электрондық микроскопия арқылы зерттелді. Жоғары температурада орналастырылған a-Si:C:H қабықшаларының беті тегіс, ал төменгі температурада алынған қабықшаларда тік өскен дінгекті кеуек құрылым байқалады (1-сурет) a-Si:C:H қабықшалардың негізгі құрылымдық және оптикалық қасиеттері рамандық спектрлік әдіспен зерттелді. a-Si:C:H қабықшасының комбинациялық шашырау спектрі 2-суретте көрсетілген. Бұл суреттегі 1100 см⁻¹ шыңы (Si-C) кремний мен көміртек байланысын сипаттаса, 1400 см⁻¹ и 1600 см⁻¹ сәйкес шыңдар (C-C) көміртек пен көміртек байланысын көрсетеді, 2100 см⁻¹ әлсіз шың (Si-H) кремний мен сутек байланысын, 3000 см⁻¹ маңындағы жалпақ шың C-H көміртек пен сутек байланысын анықтайды. Соңғы екі шың a-Si:C:H қабықшасының аморфты екендігіне дәлел.



1-сурет



2-сурет



3-сурет

4-сурет

Қабықшаның элементтік талдауы және қалыңдығы SEM Quanta 3D 200i EDAX analysis электрондық микроскопында жасалды. Қабықша қалыңдығы 350нм (3-сурет), қабықша құрамында 65%Si және 35%С (4-сурет). Спектр бойынша кремний мен көміртек Si-C байланысының басым екендігін рентген сәулелерінің өте кіші бұрышта $\theta=180301$ шашырауынан көреміз.

Көміртек легіріленген аморфты кремний қоспаларының қаншасы қабықша құрамына кіретіндігі жөнінде мәлімет алу зерттеудің негізгі мәселесі болып табылады. Белгілі шамада көміртек легіріленген аморфты кремний қабықшаларын алу көміртегінің концентрациясының шектелген аумақтарында іске асады. Сонымен қатар, қабықшалардың қасиеттері оларды алуда қолданылатын камералардың құрылысына, төсеніштің температурасы мен орналасу орнына, ыдырайтын газдардың ағынына, камерадағы қысымға тікелей байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тауасаров Қ. Легирование аморфного кремния из газовой фазы. «Современные достижения физики и фундаментальное физическое образование», 1-3 октября КазНУ им.аль-Фараби, 2011г, Алматы, стр. 92.
2. О.Ю. Приходько, Н.К. Манабаев К. Даутхан Оптические и структурные свойства пленок a-Si:C:H, «Актуальные проблемы современной физики» 15-16 марта 2013г. Алматы, стр. 13.

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

Баймырзаев Қ.М. АЛҒЫ СӨЗ.....	3
A. Vaubekova, A. Boranbay, Zh. Tastanova THE EFFECTIVENESS OF THE PUBLIC SECTOR ORGANIZATION AND PUBLIC SERVICE QUALITY THROUGH THE COMPETITIVENESS OF CIVIL SERVANTS.....	4
R. Pak ILIYAS ZHANSUGUROV'S CONTRIBUTION TO LITERATURE AND LINGUISTICS AND ITS INFLUENCE.....	9
Ағзамбеков Ә., Оразалиева Т.Н. ЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ-ПРОЗАИК.....	11
Аманбаева А.С, Батырбекова І.Н., Сейсембай Г.А. ЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ – ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ «ҚҰЛАГЕРІ».....	15
Арсалан А. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАНЫҢ КЕЙІПКЕРГЕ ҚАТЫСЫ.....	18
Байдыбекова С.К., Нұрланқызы А. ДЕБИТОРЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТИҢ МӘНІ.....	22
Бекболатұлы Б. ЖЕТІМДЕРГЕ ПАНА БОЛҒАН МӘКЕЙ ЕДІ.....	29
Дармишева Н.Е., Асылова Р.О. І.ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН СИРЕК ҚОЛДАНЫЛАТЫН СӨЗДЕР.....	32
Есетқызы Ж. ТЕСТЫ И ЗАДАЧИ В ЭЛЕКТРОННОМ УЧЕБНИКЕ ПО ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ МЕХАНИКЕ.....	35
Есетқызы Ж. ПРИМЕНЕНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ СРЕДСТВ ОБУЧЕНИЯ В ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ МЕХАНИКЕ.....	40
Әбдіқадырова К.С., Нуртаева Г. ОРТА МЕКТЕПТЕ ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫ.....	45
Әбутәліпова Г., Оралова Г. ЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	49
Әбутәліп А.Ж., Абдиханова А.Н., Қадыров Ж.Т. СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ.....	52

Жаппар Л.С., Талипова С.С. АЛАШТЫҢ АЛЫП АСЫЛДАРЫ ЖӘНЕ РУХАНИЯТЫ.....	56
Жолан А.Б., Талипова С.С. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ МҰРАСЫ.....	59
Изтаева Б., Касенов Е.С. І.ЖАНСҮГІРОВТИҢ «ЖОЛДАСТАР» РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ.....	62
Имангазинов М. М. БАРЛЫБЕК СЫРТАНОВ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ.....	65
Исламжанова Г.Б. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В РАБОТЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ.....	68
Көбей Р. О.НҰРМАҒАМБЕТОВА - «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫН ЗЕРТТЕУШІ.....	74
Қайырғалиева А. Б., Болатова Г.Ж. АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПОЗИЦИЯСЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫ.....	77
Қуанышқызы Н., Талипова С.С. ІЛИЯС ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ.....	81
Мизамбаева Т., Кияхметова А. ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ.....	84
Молжигитова Д.Н. МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП БАЛАЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ.....	89
Мухамедьярова А.С., Оразбекұлы Б. БУХГАЛТЕРСКИЙ УЧЕТ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ВЛОЖЕНИЙ.....	93
Мұратбекқызы А.М., Сарышова К.С. І.ЖАНСҮГІРОВ ПОЗИЯСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚОЛДАНЫСЫ.....	99
Мырзахмет Р.С. ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	103
Нышанбек А.Н., Талипова С.С. БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ.....	106
Оразбаева Э.Б. Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «МӘРТӨБЕ» ТОПОНИМІНІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СИПАТЫ.....	109

Оразханқызы Н. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-БЕЙНЕЛІК ТАБИҒАТЫ.....	113
Орынбасарқызы Т., Жанбершиева Ұ.Н. І.ЖАНСҮГРОВТИҢ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ АҚЫН ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІГІ.....	116
Оспанова Г.К., Туякбаева Ж.Б., Қадыров Ж.Т. СӘКЕН МЕН МҰҚАҒАЛИ ПОЭЗИЯСЫННЫҢ КӨРКЕМДІГІ.....	120
Рыскелдіұлы А. ОҚУШЫ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫН БАСҚАРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	126
Рысмахан А., Айтбаева А.Е Б.МАЙЛИННИҢ «ТҰҢҒЫШ ҚҰРБАН» МАҚАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҰЛЫҚТАЛУЫ.....	131
Сабырова Б.Б., Мукашева Б.А. СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ «ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУ» МЕМУАРЛЫҚ РОМАНЫНЫҢ БҰРМАЛАНУ СЕБЕПТЕРІ.....	134
Сағынған Н.Б., Жанбершиева Ұ.Н. С. СЕЙФУЛЛИННИҢ «СЫР САНДЫҚ» ӨЛЕҢІНДЕГІ НАҒЫЗ ДОСҚА ТӘН ҚАСИЕТТЕР.....	136
Самбаева Ә.Н., Тәжіғалиева С.О. СӘКЕН – ӘДЕБИЕТШІ ҒАЛЫМ.....	139
Себепова Ж. АЛАШТЫҢ АЛЫП АСЫЛДАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТ РУХАНИЯТЫ.....	142
Смагулов Р., Тауасаров Қ.Ә. АМОФТЫ КРЕМНИЙДІҢ ЭЛЕКТРЛІК ЖӘНЕ ОПТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ.....	146
Сыдыкова Б.Т, Медеубаева Д.М. БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	149
Тәшімбаева С.Ж., Қарасай М.Е. ЛИЯС ЖАНСҮГРОВТИҢ КӨРКЕМ АУДАРМАЛАРЫ.....	151
Тәшімбаева С.Ж., Убайдуллаева Ж.Қ. С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР.....	154
Х. Ұлжан ЛИЯСТЫҢ ЖУРНАЛИСТИК ҚЫЗМЕТІ.....	156
Шаншарбаев М.А., Тауасаров Қ.Ә. КӨМІРТЕКПЕН ЛЕГІРЛЕНГЕН АМОФТЫ КРЕМНИЙ ҚАБЫҚШАЛАРЫНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ.....	161

«ІЛИЯС МҰРАСЫ ЖӘНЕ АЛАШТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

2 наурыз

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
«НАСЛЕДИЕ ИЛЬЯСА И ВОПРОСЫ АЛАШОВЕДЕНИЯ»

2 марта

Компьютерлік қалыптаушы – Абильмажинова А.К.
Мұқабының дизайнері – Айдарбеков Р.А.

Басуға қол қойылды 22.02.2018 ж.
Әріп түрі «Times New Roman». Қалыбы 60x84/8. Sveto Copy қағазы
Таралымы 46 дана. Ш.т.б.20.8. Тапсырыс № 00101
Баспа бөлімі
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
040009, Талдықорған, Жансүгіров көшесі, 187а